

Тәжібаев оқулары
Тажибаевские чтения
Tazhibaev readings

«БІЛІМ БЕРУ МЕН ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ, БОЛАШАҒЫ»

Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции

«РАЗВИТИЕ ОБРАЗОВАНИЯ И ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ: ПРОШЛОЕ, НАСТОЯЩЕЕ, БУДУЩЕЕ»

MATERIALS

International Scientific and Practical Conference

«DEVELOPMENT OF EDUCATION AND PSYCHOLOGICAL SCIENCE: PAST, PRESENT, FUTURE»

Алматы, 2025

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ
БАСПА ҮЙІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ПСИХОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ

Т. ТӘЖІБАЕВ ОҚУЛАРЫ

«БІЛІМ БЕРУ МЕН ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ:
ӨТКЕНІ, БҮГІНІ, БОЛАШАҒЫ» атты
Халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

ТАЖИБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ
Международной научно-практической конференции
«РАЗВИТИЕ ОБРАЗОВАНИЯ И ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ:
ПРОШЛОЕ, НАСТОЯЩЕЕ, БУДУЩЕЕ»

TAZHIBAEV READINGS

MATERIALS
International Scientific and Practical Conference
«DEVELOPMENT OF EDUCATION AND PSYCHOLOGICAL
SCIENCE: PAST, PRESENT, FUTURE»

Алматы
«Қазақ университеті»
2025

ӘОЖ 37
КБЖ 74
Б 94

Бас редакторы:
Түймебаев Ж.Қ. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма төрағасы – Ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор;
Дүйсенов Е.Е. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма төрағасының орынбасары – Бірінші проректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор;
Мейрбаев Б.Б. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультетінің деканы, философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;
Мыңбаева Ә.Қ. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор.
Редакциялық ұжым:
Осербаев Е.Н.– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті деканының ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары, педагогика ғылымдарының кандидаты;
Садвакасова З.М. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасы меңгерушісінің ғылыми-инновациялық қызмет пен халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары, педагогика ғылымдарының кандидаты;
Кабакова М.П. – – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры Әл-Фараби, психология ғылымдарының кандидаты;
Мәуленов А.А. – Жамбыл атындағы Филология ғылыми орталығының директоры, Қазақ ұлттық университетінің қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы;
Жұбаназарова Н.С. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, психология ғылымдарының кандидаты;
Адилова Э.Т. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының доцент міндетін атқарушы, PhD доктор;
Баймолдина Л.О. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының аға оқытушысы, PhD доктор;
Закарьянова Ш.Н. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының аға оқытушысы, психология ғылымдарының кандидаты;
Дуйсенбаева А.О. - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының докторанты;
Нурмаханбетов А.Л. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының профессоры, психология ғылымдарының докторы;
Садықова Н.М. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының аға оқытушысы, психология ғылымдарының кандидаты,
Сейтнұр Ж.С. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының аға оқытушысы, психология ғылымдарының кандидаты;
Қонысбай Т.Е. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының докторанты;
Гумерова А.А. – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының докторанты;
Оразгулова А.О.– Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының докторанты.

Б 94 **«Білім** және психологиялық-педагогикалық ғылым: жүйелілік, сабақтастық, инновация» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Т. Тәжібаев оқулары. – Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 507 б.

ISBN 978-601-04-7082-8

Жинақта академик Т.Тәжібаев (1910-1964) негізін салған психология-педагогика ғылымдары дамуының өзекті мәселелері қарастырылған. 24-ші Тәжібаев оқулары келесі секциялар бойынша өтті: 1-секция. Білім және психологиялық ғылым тарихы, ғылыми идеялар және академик Т. Тәжібаевтың басқарушылық қызметі. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардағы инновациялар: әлемдік практика және оны шешудің тәсілдері. 2-секция. Жеке тұлғаның психологиялық денсаулығы мен әл-ауқаты. Практикалық психология мәселелері. 3-секция. Тұлға дамуы мен кәсіби өсудің әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық тәсілдері. Басылым психологтарға, педагогтарға, білім беру саласының мамандарына, психология мен педагогика дамуының заманауи мәселелеріне қызығушылық танытатындардың барлығына арналған..
В сборнике рассмотрены актуальные вопросы развития психологической и педагогической науки, родоначальником становления которой был академик Т.Тажибаев (1910-1964). 24-е Тажибаевские чтения проходили по секциям: **1)** История образования и психологической науки, научные идеи и управленческая деятельность академика Т.Т. Тажибаева. Инновации в социально-гуманитарных науках: мировая практика и подходы к ее решению; 2) Психологическое здоровье и благополучие личности. Вопросы практической психологии; 3) Социально-психологические и педагогические подходы к развитию личности и профессионального роста. Издание адресовано психологам, преподавателям, специалистам в области образования, и всем тем, кто интересуется современными проблемами развития психологии и педагогики.

ӘОЖ 37
КБЖ 74

ISBN **978-601-04-7082-8**

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2025

АЛҒЫ СӨЗ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ
ДОКЛАДЫ ПЛЕНАРНОГО ЗАСЕДАНИЯ
PLENARY SESSION REPORTS

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма төрағасы-Ректоры ***Түймебаев Жансейіт Қансейітұлының*** *мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат, педагогика ғылымының докторы, профессор Төлеген Тәжібаевтың 115 жылдығына арналған «Білім беру мен психология ғылымының дамуы: өткені, бүгіні, болашағы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының пленарлық мәжілісінде сөйлейтін алғысөзінің жобасы*

ҚАДІРЛІ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ! ҚҰРМЕТТІ ҚОНАҚТАР, БІЛІМ АЛУШЫ ЖАСТАР!

Қазақ білімінің, руханиятының қарашаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне қош келдіңіздер!

Сіздерді мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат, педагогика ғылымының докторы, профессор Төлеген Тәжібаевтың 115 жылдығына арналған «Білім беру мен психология ғылымының дамуы: өткені, бүгіні, болашағы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының басталуымен құттықтаймын.

Былтыр әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойын атап өттік. Бұл – тек біздің оқу орнының ғана емес, бүкіл қазақ елінің білім мен ғылым саласындағы маңызды белесі. Білім ордасының іргесі қаланғаннан бері еліміздің интеллектуалдық және мәдени дамуына өлшеусіз үлес қосып, нағыз ұлттық университет дәрежесіне жетті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – еліміздегі тарихы терең, ерекше мәртебеге ие жоғары оқу орны. QS WUR бойынша әлемнің ең үздік 200 университетінің тобына кіреді. Аталған рейтингте әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 163-орында тұр. ҚазҰУ – QS Stars Rating System халықаралық рейтингінде «Бес жұлдыз» басымдық белгісіне ие болған Орталық Азиядағы тұңғыш және жалғыз жоғары оқу орны.

Университетімізде 16 факультет, 67 кафедра, 8 ғылыми-зерттеу институты, 29 ғылыми орталық жұмыс істейді. 3000-ға жуық профессор-оқытушы дәріс береді. Оқу ордамызда 27 мыңнан астам студент, магистрант, докоранттар білім алуда, олардың 10%-ынан астамы – әлемнің 42 елінен келген шетелдік азаматтар. Бүгінгі күні бірқатар шет мемлекеттерде, атап айтсақ, Түркия, Қырғызстан, Ресейде ҚазҰУ-дың филиалдары ашылды. Алда ҚазҰУ-дың филиалдарын өзге елдерде де ашу мақсатында жұмыс жүргізіліп жатыр.

Шын мәнінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті сындарлы тарихы, терең тәжірибесі, әлемге әйгілі ғалымдары мен түлектері бар көп салалы іргелі, үздік жоғары оқу орны. Университеттің қабырғасында мыңдаған қазақстандықтар мен шетелдік студенттер білім алды, оның ішінде адами рухани тәлім-тәрбие қабылдады! Менің ойымша бұл бүкіл әлемдегі өркениетте қалыптасқан философия, ғылым және сенімнің сабақтастығының белгісі және нәтижесі! Бүгінгі конференциямыз Екінші дүниежүзілік соғыс пен одан кейінгі қиын-қыстау заманда Еліміздің сыртқы істер, Оқу-ағарту саласында талай биік қызметтерді атқарған, университетіміздің ректоры болған, Қазақ білімінің қарашаңырағының өркендеуіне, отандық психология, педагогика ғылымдарының қалыптасуына зор үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткері Төлеген Тәжібаевтың 115 жылдық мерейтойына арналып отыр. Біздің

университетіміздің ғасырға жуық тарихында, жеткен жетістіктерінде Төлеген Тәжібайұлының да қолтаңбасы бар деп мақтанышпен айта аламыз.

Халқымыздың біртуар, аяулы перзенттерінің бірі көрнекті ғалым-педагог, психолог Төлеген Тәжібаев ұлт тарихындағы орны бөлек тұлға.

Төлеген Тәжібаевты шын мәнінде халқымыздың зиялы тұлғасы, кемел ойшыл, ұлт қайраткері деп таниды.

Төлеген Тәжібаев (1910-1964) – қазақтың тұңғыш ғалым-психологы, қоғам және мемлекет қайраткері, ҚазКСР Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары (1941-1944), ҚазКСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары (1953-1957), ҚазКСР бірінші сыртқы істер министрі (1944-1948), Ағарту Наркомы (1940), С.Киров атындағы ҚазММУ ректоры (1948-1953), педагогика ғылымының докторы, профессор, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі.

Төлеген Тәжібаев 1947 жылдан 1953 жылға дейін С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры қызметін абыроймен атқарды. Төлеген Тәжібайұлының университетімізді басқарған жылдары аса жемісті жылдар болды. Ғылыми-зерттеудің жаңа бағыттары қолға алынып, сапалы мамандар құрамымен толықтырылды, ғылыми мектептердің қатары молайып, оқу орындарының материалдық-техникалық базасы күшейе түсті. Қайраткердің білім мен ғылым саласына сіңірген орасан зор еңбегінде де азаматтық болмысы, терең білімі, талғам биігі, іскерлігі жарқырай көрінді. Осы кезеңде университетте философия, экономика факультеттері ашылды. Кешкі және сырттай оқу жүйелері енгізілді. Шоқан Уәлиханов атындагы студенттік ғылыми қауымдастық құрылды. Студенттік көркемөнерпаздар үйірмесі мен спорттық секциялар ашылды. Университеттік ғылымның дамуына көңіл бөлініп, жұмысқа тәжірибелі мамандар шақырылды.

Төлеген Тәжібайұлының білімі, ойшыл ғалымдығы психология ғылымын зерттеуде де нақты көрініс тапты. Ғалым елімізде алғашқылардың бірі болып психология ғылымының қалыптасуына зор үлес қосты, аталған саланың теориялық мәселелерін зерделеген көптеген еңбек, соның ішінде тұңғыш рет қазақ тілінде «Жалпы психология» оқулығын жазды. Алаш ардақтысы Жүсіпбек Аймауытұлының ізін жалғастырып, ана тілінде психология ғылымы терминдерінің тұтас шоғырын негіздеп, қазақ тілінің ғылыми әлеуетін көтерді.

Ғалым биік парасат иесі, ұлттық мәдениет пен психологияның қыры-мен сырын терең меңгерген жан болуымен қоса төл руханияттың даналық маржандарын терген тереің ойшыл еді. Қазақ педагогикасы мен психологиясының тарихын, кезеңдерін, өзіндік арнасын електен өткізіп, төлтума болмысымыз бен бен ділімізді тереңінен саралады. Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абайдың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастарын жан-жақты зерттеп, ғылыми негіздемесін жасады.

Төлеген Тәжібаевтың өмір жолы, еңбектері, сындарлы қызметі ғалымдарымызға да, мемлекеттік қызметте жүрген азаматтарымызға да үлгі-өнеге. Еліміздің дамуына белсенді араласып, мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым ретінде дипломатия, білім мен ғылым, әлеумет өміріндегі игі бастамаларға үн қосты. Мемлекеттік, Оқу-ағарту саласы, дипломатиялық қызметтерін жоғары деңгейде атқарды. Университетімізде студенттерге дәріс оқыды, ғылыми зерттеулермен айналысты. Әрдайым жастардың жанашыр тәлімгері болып, шәкірттеріне өнегелі білім беріп, ел алдындағы мәртебесі одан әрі биіктей берді. Мұны оқу ордамыз, университет ғалымдары ешқашан ұмытпақ емес. Төлеген Тәжібаевтың есімі университетіміздің тарихында мәңгілік алтын әріптермен жазылып қалды. Бүгінгі айтулы ғылыми іс-шара да осының жарқын мысалы бол алады.

Саналы ғұмырын ұлтын ағарту ісіне, ғылымға арнаған Ұлт алыбының есімі мәңгі есімізде сақталады.

Бүгінгі конференция жұмысына Қазақстан, Эстония, Ресей, Өзбекстан,

Қырғызстан және басқа елдердің ғалымдары, оқытушы-профессорлары қатысуда. Жиында жаңа идеялар, ұтымды ұсыныстар айтылады деген ойдамын.

Бүгінгі «Білім беру мен психология ғылымының дамуы: өткені, бүгіні, болашағы» атты халықаралық ғылыми конференция педагогика ғылымының дамуына, педагогтардың зерттеу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған тың идеялар мен серпілістер береді, баршамыз үшін тәжірибе алмасудың үлкен диалог алаңы болады деп сенемін.

Конференция жұмысына табыс тілеймін!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма төрағасы - Ректор, филология ғылымдарының докторы, профессор
Қ. Ж. Түймебаев

ҚАРА ШАҢЫРАҚ ҚАЗҰУ -ДЫҢ АҢЫЗ РЕКТОРЫ ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВ

Мауленов А.А.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Мақалада автор Төлеған Тәжібаевтың Қазақстандағы жоғары білімнің дамуына қосқан үлесін талдайды.
Түйін сөздер: *жоғары білім, білім тарихы, ғалым тұлғасы.*

В статье проанализирован вклад Толегана Тажибаева в развитие высшего образования Казахстана.
Ключевые слова: *высшая школа, история образования, личность ученого.*

In the article, the author analyzes the contribution of Tolegan Tazhibaev to the development of higher education in Kazakhstan.
Keywords*: higher education, history of education, personality of the scientist.*



Университет-қасиетті атау. Елдің екпінді дамуын, мәдениеті мен өркениетін көрсететін ерекше белгісі. Тоқсан жылдық тарихы бар қара шаңырақ ҚазҰУ- бүгінде алдыңғы қатарлы білім ордасының біріне айналып отыр. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті егеменді еліміздің ғылымын дамытуда, білікті кадрларды даярлауда еркін бәсекелестікте үнемі алдыңғы орында. Өйткені ол еліміздің бас оқу орны ретінде оған үлкен жауапкершілік пен талаптар жүктелетіні белгілі.

1934 жылдың 15 қаңтарынан бастау алатын университет тарихында қаншама тұлғалардың есімдері тарих беттерінде хатталып, кейінге ұрпаққа өшпес үлгі-өнеге болып жетіп отыр. Сондай ірі тұлғалардың бірі немесе бірегей мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат, академик 1948-1953 жылдары С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың ректоры болған Төлеген Тәжібаев.

1948 жылғы 15 наурызда КСРО Жоғары білім министрінің бұйрығымен Төлеген Тәжібаев С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дің ректоры болып тағайындалады. Бұған дейін еліміздегі жалғыз университетте жергілікті ұлт өкілінен ректор тағайындалмапты.1934-1940 жылдары Ф.Т. Оликов, ал 1940-1947 жылдар аралығында И.К. Лукьянец басқарған екен. Тұңғыш қазақ ұлтының өкілі еліміздің Бас жоғары оқу орнының ректорлық қызметіне тағайындалуы үлкен сенім мен жауапкершілік жүктейтіні түсінікті.

Екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі экономикалық-әлеуметтік ауыр қиыншылық жағдай республиканың бас оқу орнында да бар еді. Профессорлық-оқытушылық құрамның тапшылығы, университеттің материалдық-техникалық жағдайының төмендігі мен жетіспеушілігі, сондай-ақ оқу-тәрбие жұмысының ойдағыдай жүзеге аспай жатуы бәрі де - жаңа бір серпінді, жаңа бір қуатты күшті талап еткендей болатын. Оған бірден бір лайықты тұлға деп Т.Тәжібаевтың аты аталды. Ол кезде Т.Тәжібаев не бары 38 жаста еді. Бірақ өмірлік тәжірбиесі қалыптасқан, соғыс кезінде Д.А. Қонаевпен бірге елдің экономикасы мен мәдениетін көтерудегі азаматтық және елдік істері ел жадында еді.1940-1945 жылдары ҚазКСР ХКК төрағасының орынбасары (мәдениет және идеология бойынша) ретінде жауапты істердің үдесінен шыға білген азамат болатын.

1944 жылы тұңғыш рет еліміздің Сыртқы істер халық комиссариатын құрып, жолға қояды. Осындай ұйымдастырушылық қабілеті жетілген, тәжірбиесі мол азаматқа елдің бас оқу орнының ректорлық қызметі қоса тапсырылады. Бұл кезде Т. Тәжібаев Сыртқы істер министірі болатын. Университеттегі жиналып, қордаланып қалған күрмеуі қиын мәселелерді шешу Т.Тәжібаевтан үлкен іскерлік пен жауапкершілікті және рухани адамгершілік пен азаматтықты талап етті. Жаңадан келген басшы университеттің қалыптасқан ахуал-жағдайын зерттеуден бастады. Не себептен кадр жетіспеушілігі туындап отыр, не себептен жергілікті

ұлт өкілдері балаларының саны төмен, материалдық- техникалық оқу базасының жабдықталуы неге нашар деген және тағы да басқа сансыз сұрақтар жаңа басшының алдынан шыққаны белгілі? Мұның шешу жолдары қандай? Қысқа уақытта, тез арада қалай жүзеге асыруға болады деген мазасыз ойлар ректорды әділетті және байсалды бастамаларды тудыруға себепші болған құралдардың бірі болды.

Университеттің әлуметтік-экономикалық жағдайын түземейінше, оған жан-жақты қолдау көрсетпейінше белгілі бір нәтижеге қол жеткізу бос әурешілік болатынын жаңа басшы бірден-ақ түсінді. Алдыменен, ішкі резервтерді дұрыс жолға қойып, олардың барынша тиімділігін арттыру мәселесі. Екінші сырттан келетін бүгінгі түсінікпен айтқанда (инвестиция) тарту мәселесі, үшінші бөлінген қаржыларды тиімді пайдалана білу тәртібін жолға қою мәселесі. Осыларды ретке келтіре білген ректор Т.Тәжібаев бір жылдан кейін-ақ университет өз нәтижесін бере бастағанын өз баяндамасында атап өтеді.

Ректор Т.Тәжібаев өмірдің тепіреші мен тар жол тайғақ кешуін өз басынан өткерген жан болатын. Жастайынан жетімдіктің зардабын, ащы дәмін тартқан Төлеген Тәжібаев алдыменен университетте оқитын студенттердің жағдайын барынша қадағалап, назарында ұстап отырды. Алдына жағдайын айтып келген студенттерді әкелік мейіріммен, ағалық қамқорлықпен қабылдап, барынша әділетті шешімдер шығаратын еді. Ол туралы студенттер арасында ақиқатпен астасқан аңыздар тарап, ҚазМУ-дің ректор туралы жақсы пікірлер қалыптасты.

Ректор Т. Тәжібаевтың «Менің рұқсатымсыз студенттер жатақханасына бөтен адамдар мен университет қызметкерлері орналастырылмасын» деп басталатын бұйрығы болатын. Осыдан кейін-ақ бұрын бір бөлмеде он адамнан тұратын болса, енді алты студент емін-еркін жата бастады. Жатақханада сабаққа дайындалатын бөлмелер пайда болып, үстел, орындықтар қойылып, біршама жағдай тұрақталып, қалыпқа келтірілді. Бұл студенттердің елдің ертеңіне деген сенімдіктілерін оятып, жаңа бір лептің келгендігін сездірткендей еді.

Студенттік асханада да жағдай реттеліп, бұрын ашқұрсақ боп жүретін студенттердің бойларына қуат кіріп,өзектері талмайтын болды. Университеттің беделі мен студенттердің қамы үшін ректор барлық жерде қатаң тәртіп орнатты.Ол өз нәтижесін беріп те жатты. Ректор Т. Тәжібаев негізгі үш саланы қатар дамытты: алдымен оқу орнының материалдық-техникалық базасын дамыту, екінші, оқу-тәрбиелік жұмыстың сапасын арттыру, үшінші профессорлық-оқытушылар құрамы мен студенттердің әлеуметтік жағдайларын жақсарту мәселелерін қатар алып дамытты.

1 суретте 1945-1950 жылдары ҚазМУ-дың филология факультетін бітірген түлектердің суретін қазақ әдебиеті тарихы және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к,. Нұрлан Сағындық мырзаның жеке архив құжаттарынан алынды (сурет 1). Нүрекеңе осындай тарихы танымы терең суретті сақтап, бізге жариялауға бергені үшін үлкен рахметімізді айтамыз.

Іскер басшы, қабілетті ұйымдастырушы университетке септігі тиетін тетіктерді үнемі назарда ұстайтын. Ол өзіне тиісті мінберлерді орынды іске асыра білетін. Оның бір мысалы ретінде: Қазақстан Компартиясының IV сьезінде « Жоғары оқу орындарының материалдық базаларын кеңейтіп, ұлғайту ісіне көңіл бөлінбей келеді. Қазақ ССР Министрлер Советі мен ҚК (б) П Орталық Комитеті жыл сайын жаңа оқушылар алу алдында жоғары оқу орындарына көмек көрсетуді көздеген қаулылар қабылдайды. Ал бұл қаулылардың құрылыс жөніндегі, оқу-шаруашылық жабдықтармен қамтамасыз ету жөніндегі тармақтары орындалмай қалады» деп университеттің болашағы үшін биік мінберден осылайша сыни-пікірлерін жеткізе білетін.

Ол кезде мұндай айтылған сын-пікірлер аяқсыз қалмайтын. Университет ректоры Т. Тәжібаевтың сөзінің де, сынының да салмағы бар болатын. Оның барлық мақсаты университетті ірі ғылыми және жоғары оқу орнының орталығына айналдыру болатын. Оған оның жеке басының беделі мен адамгершілік қасиеттері де қызмет етті. Университетке атақты ғалымдар мен беделді оқымыстылар шақыртылып дәрістер оқытылды. Ректор Т.Тәжібаев университеттің ішкі потенциалын дұрыс жолға қойып, өз ғалымдарын даярлай бастады. Аспирантура мен доктарантураға қабылданғандардың саны күрт арта бастады. Оқытушылар сабақ берумен шектелмей, өз тақырыптары боыйынша ғылыми-ізденіс жұмыстарымен

айналыса бастады. Мұның өзі күтпеген үздік нәтижелерге қол жеткізді. Университеттің барлық факультеттері мен кафедраларында ғылыми-шығармашылық ахуал қалыптасты.



Сурет 1 - 1945-1950 жылдары ҚазМУ-дың филология факультетін бітірген түлектер

Төлеген Тәжібаев ҚазМУ-ді бес жыл басқарды. Осы бес жылда университеттің беделі мен абыройы асқақтап көкке көтерілді. Бұрын мүлде болмаған спорттық комплекстер ашылып, студенттердің физикалық-денсаулық сақтау шараларын ұйымдастыру орталығына айналды. Қалалық және Республикалық жарыстарда жүлделі орындарға қол жеткізе бастады. Ректордың айналысатын сүйікті спорт түрі – шаңғы тебу болатын. Қалалық жаппай спорт сүйер қауымымен бұл спорт түрі - бұқаралық сипат алды. Қашанда ерік-жігері мол, ашық-жарқын Т.Тәжібаев өзі бастамашыл болып студенттердің оқумен, ғылыммен, спортпен және көркем өнерпаздар үйірмелерінде шығармашылықпен айналысуына мүмкіндіктер аша білген білікті басшы бола білді.

1949 жылы университетте 10 спорт секциясы жұмыс істеп тұрды. Ректордың құптауымен 1949 жылы ҚазМУ-дің 15 студенті мен оқытушылары Алматыдағы атақты «Комсомол шыңын» бағындырып, альпинизмнің дамуына бағыт сілтеді. Өзі педагогика мен психология ғылымын терең меңгерген Т.Тәжібаев саламатты өмір сүрудің мәнінде не жатқанын терең ұғындыра білді. Адамның жан-жақты дамуына күш беретін спорт пен өнер екенін жастарға насихаттай білген көреген Ректор бола білді.Университет ұжымы да ректордың бастамасын қолдап, әрмен қарай жалғастырып алып кетті. Студент жастардың оқу, біліммен қатар осындай іс-шараларға қатысуы оларға болашақта дұрыс өмір сүру мен қызметте үлкен табыстарға қол жеткізуіне алғы шарттар еді. Мұның бәрін көре білген ректор Т.Тәжібаевты олар мәңгі естерінде қалғаны естеліктері сыр шертеді.

Бүгінде университетімізде « Қазақ университеті» деген газетіміз бар. Оның да негізін қалап кеткен Т.Тәжібаев болатын. Алдыменен бұл газет « Үздіксіз оқу үшін» деген атпен 300 данамен шыққан еді. Ректор Т.Тәжібаев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне бұл газеттің тиражын мыңға дейін көтеріп, атын «Қазақ университеті» деп өзгертіп қою туралы хатта жазған болатын. Оның бұл идеясы қазір жүзеге асқанымен, бастамашыл болған Т.

Тәжібаев екенін ұмытпауымыз керек деп есептеймін. Қазақ университеті дейтін киелі қара шаңырақта Т.Тәжібаевтың бастамасымен дүниеге келген, немесе жаңа өрісін ашқан қаншама игі істерді санамалап шығудың өзі оңай дүние емес.

Бір жылдың ішінде ғана ректордың қолдауымен 13 кафедра ашылыпты. Әр бір кафедраның жасақталуына, оның жұмыс істеп кетуіне қаншама қаржы,қаншама кадрлық қызметкерлер даярлау керек. Міне осының барлығы ғылым үшін, елдің игілігі үшін, ҚазҰУ-дің болашағы үшін жасалған қыруар дүниелер болатын. Т. Тәжібаевтың кезінде философия және экономика факультеті ашылып, тарих факультеті жеке отау боп бөлініп шықты.

Ректор Т.Тәіжібаевтың осы жылдар ішіндегі қызметін айтқанда алдыменен еске алатын жайт- қазақ жастарына және қазақ тіліне деген айрықша қамқорлығы.Университет қабырғасына келген қазақ жастарын барынша демеп, олардың техникалық мамандықтарды игеруге деген ұмтылыстарымен талаптарына үнемі қолдау көрсетіп отырды. Ректор университеттің жаратылыстану пәніне қазақ жастарының не себептен аз келуінің себептерін анықтап, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің Ivсиезінде баяндамасында атап өтеді.


Университет ашылғалы бері тек 17 пайыз ғана қазақтар бітірген. Бұлардың көбі гуманитарлық саладағы мамандар. Сондықтан бұл мәселенің бірден-бір шешу жолы мектептермен байланысты екендігіне баса назар аудару керектігін айтады. Ол жоғары оқу орындарында химия, физика, математика және биология факультеттерінен қазақ бөлімдерін ашу қажеттілігі күн тәртібіндегі өткір мәселесіне тоқталады. Айтқандай-ақ ректордың бастамасымен биология факультетінде қазақ бөлімі ашылады. Ректордың арманы барлық жаратылыстану факультеттерінде қазақ бөлімдерін ашу болатын. Бірақ оның бұл арманы ол кезде орындалмады. Оған сол кездегі тоталитарлық жүйе де, уақытта сай келмеді.


Тәуелсіздіккке қол жеткізген соң ғана Т.Тәжібаевтың армандары орындала бастады. Бұған да тәуба дейміз. Ал оның жекелей қазақ жастарына жасаған әкелік қамқорлығы туралы айтылған аңыз-әңгімелер көзі тірісінде-ақ айтылып жүретін. Айтылған аңыз-әңгімелердің негізінде ақиқатпен астасқан шындық жатары белгілі. «Ұлық болсаң кішік бол»,- деген қағиданы жақсы білетін ҚазМУ-дің ректоры Т.Тәжібаев алдына қиналып келген студент жастардың мәселелерін бір ауыз сөзбен шешіп жіберетін. Ректорға кіріп-шыққан студенттер ол кісі туралы айтқанда ауыздарынан суы құрып баяндайтын. Бүгіндері атақты жазушы, мемлекеттік сыйлықтың иегері Қалихан Ысқақ ағамыз өзінің естеліктерінде былайша баяндайды. Емтиханның бәрін ойдағыдай тапсырып шыққан ағамыздың жолына бір жапырақ мінездеме қағазы кедергі болады. Журналистика факультеті деканының орынбасары мінездеме қағазы жоқ деген сылтаумен оқуға қабылдатпай тастайды. Не істерін білмеген ағамыз жанында жатқан студенттерден ректорға кіріп, мән жайды баяндау керектігін ұғады.

Ректордың қабылдауында отырған жас Қалихан шынында да қатты сасады. Үлкен кісі, қаурыт шаруалары бастан асады. Мен сияқты ауылдан келген қарапайым қазақтың баласын қабылдай ма екен деген көкейінде қорқынышта бар екенін жасырмайды. Міне ғажап ректордың хатшысы кезек ағамызға келіп, ректорға кіруін сұрайды. Болған мән-жәйді ұққан ректор дереу деканның орынбасарын шақыртып, мынандай жас баладан мінездеме қағазының жоғына бола оқуға қабылдамауы ақылға қонымсыз деп шешеді. Бірден оқуға алдыртып, степендия мен жатақханадан орын бергізеді. Ректордың осындай асыл қасиеті болмаса, бүгіндері Қалихан Ысқақтай жазушы болар ма еді, болмас па еді? Кім білсін? Бүгінде көзі тірі куәгер тоқсанның біріне кеп отырған Т. Тәжібаевтың төл шәкірті профессор Жолмұқан Түрікпенұлы ағамызда талай естеліктер айтып, сағынышпен еске алып, абзал азаматтың арда істерін ұлғі ететін. Өзінің ұстазы жайында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, бүгінгі ұрпаққа шынайы қалпында жеткізіп отыр.

Жоғарыдағы суретте 1945-1950 жылдары ҚазМУ-дың филология факультетін бітірген түлектердің суретін беріп отырмыз. Ректор Т. Тәжібаев ғылыми-зерттеу жұмыстарымен терең де шынайы айналысқан ғалым-ұстаздарға үлкен қамқорлық танытып отырған тұлға болатын. Кейде оларды шын мәнінде адал бағалап, жұрттың көзінше көтермелеп те отыратын. Сондай ұлы тұлғалардың бірі - Мұқтар Омарханұлы Әуезов болатын. 1948 жылғы Орталық Комитеттің « Космополитизммен күрес» атты қаулысы шыққаннан кейін қазақ зиялыларына

қарсы екінші бір науқан басталғаны тарихтан белгілі. Т. Тәжібаевтың құдай қосқан жары Әзиза апайдың мына бір естелігін бүгінде шөбересі болып келетін Лайла Еркежанқызы Тәжібаева былай деп әжесінің әңгімесін айтып берген еді. Сол Қаулы шыққаннан кейін М. Әуезовке қарсы қайтадан қаралау шаралары үлкен әзірлікпен ұйымдастырыла бастады. Оның бір ұшы шәкірті Қ. Мұхаметқановқа тиіп жатты. Осындай қайта қуғындау әрекеттері басталғанда ректор Т. Тәжібаев жазушыны өз үйінде 3-4 күн жасырын ұстап, аман-есен Мәскеуге шығарып салады. Мұның қаншама батылдықты, қайсарлықты талап ететіні айтпаса да түсінікті. Соның айғақ белгісі ретінде, шын дос, адал көңілмен өз кітабының алғашқы шыққан данасын Төлегенге сыйға тартқан екен.Ұлыларды ұлылар ғана танитынына осы бір Мұқаңның шын жүректен жазған авторлық қолтаңбасы куәгер боп тарихта таңбаланып тұр.





Сурет 2

Төлеген Тәжібаевтың жанын сала қорғаған азаматтарының-бірі Ермахан Бекмаханов болатын. Ол қазақ арасынан шыққан тарих ғылымдарының тұңғыш докторы, ҚР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, профессоры еді. Оның 1946 жылғы «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» деген монографиясы сынға түсіп, авторы қудалауға ұшырады. Оның бүкіл ғылыми еңбектері қайшыға түсіп, қырқылып тасталды. Т. Тәжібаев Академиядан шеттетілген Е. Бекмахановты университетке шақырып, оқытушылық қызмет беріп қолдау көрсеткен еді. Өзіне де қара күйе жағылатынын біле тұра шын ғалымға араша түсті. Қаншама дау-жанжалдардан Е.Бекмахановқа қана емес Т. Тәжібаевты да қаралап «Правда» газетіне мақалалар ұйымдастырылды. Мұндай арызқойлардың шағымына келіспеген жалғыз адам болды - ректор Т. Тәжібаев еді. Тотаритарлық жүйенің тепкіні темірдей қатқыл болатын. Оған шыдас бергендер ғана аман қалатын. Т.Тәжібаев тағдырдың бұл қатқыл сынағынан да арына дақ түсірмей шыққан бірегей тұлғалардың қатарынан орын алған арда азаматтың-бірі боп тарихта қалды.

ВКЛАД Т.ТАЖИБАЕВА И А.И. СЕМБАЕВА В РАЗВИТИЕ ИСТОРИИ ПЕДАГОГИКИ И ПСИХОЛОГИИ КАЗАХСТАНА

(к 115-летию Т.Тажибаева и 120-летию А.И. Сембаева)

Мынбаева А.К.
Казахский национальный университет им.аль-Фараби
Алматы, Казахстан

Мақалада академик Т.Тәжібаев пен А.И. Сембаевтың өмірбаяндық деректері мен психологиялық-педагогикалық зерттеулерінің дамуына қосқан ғылыми үлесі талқыланады.
Түйін сөздер: ғалым тұлғасы, педагогика тарихы, білім тарихы.

В статье рассмотрены биографические данные и научный вклад в развитие психолого-педагогических исследований академика Т.Тажибаева и А.И. Сембаева.
Ключевые слова: личность ученого, история педагогики, история образования.

The article examines the biographical data and scientific contribution to the development of psychological and pedagogical research of academician T. Tazhibaev and A. I. Sembaev.
Keywords: personality of the scientist, history of pedagogy, history of education.

Легендарная личность для Казахстана – академик Тулеген Тажибаев активно сотрудничал и работал в академической среде интеллегенции того времени, с известными общественными и государственными деятелями: Жумабаем Шаяхметовым (1902-1966), Нуртасом Ондасыновым (1904-1989), Динмухаммедом Кунаевым (1912-1993), Канышем Сатпаевым (1899-1964), Ермуханом Бекмахановым (1915-1966), Абдихамитом Сембаевым (1905-1989) и другими выдающимися учеными и государственными деятелями. В условиях независимости нашей страны необходимо уделять большое внимание изучению и пропаганде вклада ученых и общественных, государственных деятелей середины XX века для развития государственности и дальнейшему развитию нашей республики. Сам академик Т.Тажибаев посвятил научные исследования сбору исторических данных по становлению системы школьного образования в XVIII-XIX веках. Г.Ж. Менлибекова продемонстрировала на рисунке несколько собранных изданий академика (рис.1).



Рисунок 1 – Труды Т.Тажибаева

В области истории образование можно наблюдать преемственность трудов Т.Тажибаева и А.И. Сембаева: от истории XVIII-XIX вв. к истории школ XX века. Символично, что два ученых работали продолжительное время наркомами в правительстве Казахской ССР; в разное время работали наркомами просвещения Казахстана.

В 2025 году обоим ученым историкам образования исполняются юбилеи: 115-лет Т.Тажибаеву и 120-лет А.И. Сембаеву. В данной статье подробнее остановимся на вкладе А.И. Сембаева в развитие отечественного образования и психолого-педагогической науки.

1 января 2025 года – исполнилось 120 лет со дня рождения Абдихамита Ибнеевича Сембаева (1.01.1905–06.06.1989), государственного и общественного деятеля, педагога, доктора педагогических наук, профессора, члена–корреспондента Академии педагогических наук СССР.

В 1955-1963 гг. А.И. Сембаев работал проректором по учебной работе и в 1956-1961 гг. заведующим кафедрой педагогики и психологии Казахского государственного университета им. С.Кирова (сейчас КазНУ им.аль-Фараби).

Абдихамит Ибнеевич Сембаев – легендарная личность, выдающийся ученый и организатор системы образования Казахстана, почти 15 лет (с 1941 до 1955 года - 5 лет нарком просвещения + 9 лет министр просвещения КазССР) возглавлял министерство просвещения КазССР. Участник Великой Отечественной войны и министр, возглавлявшей государственный образовательный орган в тяжелые **военные** и послевоенные годы.

Краткая биография

Абдихамит Ибнеевич Сембаев родился в 1905 году; учился в Каркаралинском и Семипалатинском педагогических техникумах. В 1927 году закончил Каркаралинский педагогический техникум. С 1926 года работал учителем в школе. В 1928-1931 году учился и закончил химический факультет КазГУ-КазПИ. После окончания работал в Наркомпросе КазССР методистом, инспектором управления школ. В 1940-41 гг. он работает ассистентом, преподавателем, зам.директора, директором Казахского сельскохозяйственного института. В военном 1941 году директор Казахского сельскохозяйственного института уходит на фронт в составе «химических войск». Однако, вскоре его отзывают и в декабре 1941 г. назначают наркомом просвещения КазССР. Он руководит министерством до 1955 г. В 1954 году защищает кандидатскую диссертацию «Казахская советская школа от Великого октября до начального всеобуча (1917 – 1950 гг.)».

После работы в министерстве около 8 лет был проректором и заведующим кафедрой педагогики и психологии КазГУ. За время заведования кафедрой и руководства учебной работой КазГУ способствовал росту научного потенциала в области дидактики и частных методик, занимался внедрением научных достижений в практику работы образовательных учреждений. Инициировал создание оригинальных учебников и пособий на казахском языке.

В 1963-1974 гг. – директор научно-исследовательского института педагогических наук им. И. Алтынсарина. В 1965 г. по совокупности работ ему присуждается ученая степень доктора педагогических наук. С 1967 г. – профессор, член-корреспондент Академии педагогических наук СССР. С 1974 г. – старший научный сотрудник НИИ педагогических наук им. Алтынсарина, с 1975 г. – профессор кафедры педагогики КазПИ им.Абая. Умер профессор А.И. Сембаев в 1989 году (06.06.1989).

Научно-педагогический вклад

Как историк педагогики и образования Абдихамит Ибнеевич Сембаев провел масштабные исследования и систематизировал данные о развитии системы школьного образования с дореволюционного времени до 1957 года. В работах А.И. Сембаева «Очерки по истории казахской советской школы» (Алма-Ата: Каз.гос.уч.пед.изд., 1958. = 327 с.), «История развития советской школы в Казахстане» (Алма-Ата: Казучпедгиз, 1962. – 367 с.) последовательно и скрупулезно зафиксированы исторические данные и примеры развития сети школ Казахстана, проведена периодизация развития школьного образования, систематизированы и охарактеризованы учебно-методические и дидактические материалы, оснащение школ, показано мощное развитие инфраструктуры школьного образования

Казахстана. В его работе можно найти учебные планы школ (в т.ч. городских и сельских), трансформацию названий и количества предметов, которые изучались в школе, фотографии обложек-титулов школьных учебников, схемы детского самоуправления в школе и др. (рисунок)



Первый столбик показывает хронологию времени – начальную периодизацию развития школьного образования в XX веке, предложенную А.И.Сембаевым. Второй столбик – название разделов книги. Далее включены подзаголовки. Части, не имеющие подзаголовков, содержащие общее описание были названы «История событий. Директивы, основные направления развития и др.» (название наше). Названия, повторяющиеся в подзаголовках, выделены нами для понимания системности построения монографии, а также возможности определения для исследователей критериев и показателей развития системы школьного образования в образовательной политике.

Рисунок – Инфограмма содержания монографии А.И. Сембаева «Очерки по истории казахской советской школы» (Алма-Ата, 1958)

Через его работы, а также труды других историков образования, мы можем оценить исторический вклад А.И. Сембаева в развитие советского образования, государственную политику образования в 40-60-е годы XX века. Именно глубина знания вопросов изнутри, биографические события его жизни (учеба в школе, техникуме, первом университете, работа методистом наркомпроса, вузовская работа), опыт управления образованиям на разных уровнях позволили ему обобщить развитие школьного образования Казахстана, создать столь важные системные научные труды по истории образования. Труды А.И. Сембаева выстроены на основе принципов историчности, периодизации, статистического комплексного подхода, системности, объективности.

Профессор Абдихамит Ибнеевич Сембаев - автор более 80 научных работ. Под его руководством защитились 15 кандидатов наук.

Имя Абдихамита Ибнеевича Сембаева золотыми буквами вписано в историю нашего государства и народа. Его имя стоит в одном ряду с учеными, государственными и общественными деятелями К.И. Сатпаевым, Т.Т. Тажибаевым, А.Х. Маргуланом, Е.Букетовым и другими. Для начинающих исследователей и менеджеров образования он является примером самоотверженной работы и преданности делу просвещения Казахстана.

Литература

Сембаев А.И. Очерки по истории казахской советской школы. - Алма-Ата: Каз.гос.уч.пед.изд., 1958. - 327 с.

Сембаев А.И. История развития советской школы в Казахстане. – Алма-Ата: Казучпедгиз, 1962. – 367 с.

Сембаев А.И. Научно-педагогические вопросы народного образования в Казахстане. – Алма-Ата, 1976. – 97 с.

Касымбекова Н.С. Общественно-педагогическое и научное наследие А.И. Сембаева: автореф. … канд.пед.наук 13.00.01. – Астана, 2008. – 32 с.

ИССЛЕДОВАНИЕ АУТОДЕСТРУКТИВНЫХ МЫСЛЕЙ У МОЛОДЕЖИ

Мамбеталина А.С., Абдыкаликова М.Н., Сисенова А.Т.
Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева
Астана, Казахстан

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің психология кафедрасында BR24993083 «Суицидке дейінгі көзқарастар кешенді көрсеткіш және мониторинг объектісі ретінде: Қазақстандағы жасөспірімдер мен жасөспірімдерді популяциялық зерттеу» бағдарламалық-мақсаттық қаржыландыру жобасын іске асыру шеңберінде. Л.Н. Гумилев «Жастардағы аутодеструктивті ойлар және олардың өзара байланыстары» атты сауалнама әзірледі. Бұл мақала сауалнама мен зерттеу базасын ұсынады.

Түйін сөздер: *аутодеструктивті ойлар, жастық шақ, суицид, сауалнама, зерттеу.*

В рамках реализации проекта программно-целевого финансирования BR24993083 «Пресуицидальные установки как комплексный индикатор и объект мониторинга: популяционное исследование юношества и молодых взрослых в Казахстане» на кафедре психологии Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева разработан опросник «Аутодеструктивные мысли у молодежи и их корреляты». В данной статье представлены опросник и база исследования.

Ключевые слова: *аутодеструктивные мысли, молодежь, суицид, опросник, исследование.*

Within the framework of the programme-targeted funding project BR24993083 "Pre-suicidal attitudes as a complex indicator and monitoring object: a population study of youth and young adults in Kazakhstan" a questionnaire "Autodestructive thoughts in youth and their correlates" was developed at the Department of Psychology of the L.N. Gumilev Eurasian National University. This article presents the questionnaire and the research base.

Keywords: *autodestructive thoughts, youth, suicide, questionnaire, research.*

Введение. Проблема самоубийств среди молодежи Казахстан является одной из самых острых социальных и психологических проблем современного общества. Согласно данным Всемирной организации здравоохранения, самоубийство является второй по распространенности причиной смерти среди людей в возрасте от 15 до 29 лет и Казахстан входит в число стран с самым высоким уровнем суицидов в мире. Количество суицидальных исходов не снижается, принося человеческое горе близким и накладывая бремя на социально-экономическое развитие страны. Считается, что большая часть самоубийств могла бы и не произойти, если бы были предприняты надлежащие вмешательства.

Увеличение числа самоубийств и попыток суицида среди молодежи подчеркивает необходимость разработки и внедрения эффективных психологических инструментов выявления аутодеструктивных мыслей и проведения интервенций, направленных на предотвращение пресуицидальных установок и снижение риска самоубийств.

Основная часть.

В рамках диссертационного исследования на тему «Психологическая интервенция пресуицидальных установок у молодежи», были поставлены следующие задачи: идентификация целевой выборки - выявление выборки среди молодежи, подверженной суицидальному риску, диагностика аутодеструктивных мыслей и проведение исследования, направленного на выявление и анализ аутодеструктивных мыслей у молодежи с последующим выделением суицидальных установок и разработки программы интервенции на основе полученных данных.

Для решения поставленных задач была разработана методика «Аутодеструктивные мысли у молодежи и их корреляты», состоящая из двух разделов. Первый раздел включал инструкцию и подтверждение согласия участия в исследовании, представленные ниже:

«Уважаемый респондент!

Просим Вас принять участие в опроснике в рамках нашего исследования.

Цель опроса - исследовать аутодеструктивные мысли у молодежи в Казахстане, изучение текущего состояния и проблем послужат основой для разработки практических рекомендации по тематике исследования.

Опрос займёт в среднем от 20 до 30 мин.

Ваше участие является добровольным. Вы можете отказаться от участия в любое время без каких-либо последствий.

Опрос носит сугубо конфиденциальный характер, гарантируется полная приватность Ваших ответов.»

Единственный вопрос данного раздела «Пожалуйста, подтвердите своё согласие на участие, выбрав один из вариантов ниже: да, нет».

Раздел второй, собственно опросник включает 36 вопросов открытого и закрытого характера. Первые пять вопросов включены в опросник для выявления демографических характеристик, таких как гражданство, пол, возраст, род занятий и родительский статус. На рисунке 1 ниже, представлена диаграмма ответов на вопрос о гражданстве:




Рис. 1 - Ваше гражданство

Следующие вопросы закрытого типа предполагают четкий и короткий ответ. К примеру, вопрос «Считаете ли вы себя социально ущемленным/исключенным/обделенным?» предполагаемые выборы ответов «да» или «нет» и представлен на рисунке 2.




Рис. 2 - Считаете ли вы себя социально ущемленным/исключенным/обделенным?

В опроснике имеется группа вопросов, где пункты опросника представляют собой простые утверждения, которые испытуемому нужно оценить, исходя из своего личного представления. Представлено 5 градаций:

полностью согласен (на)
согласен (на)
не уверен (на)
не согласен (на)
полностью не согласен(на).

Примером данного варианта вопроса является рисунок 3 с утверждением «Насколько Вы согласны со следующими утверждениями?»




Рис. 3 - Насколько Вы согласны со следующими утверждениями?

Вопросы открытого типа предполагают наличие развернутого ответа, например «Что вас больше всего беспокоит в жизни?», «Если в вашем близком окружении были преждевременные уходы из жизни, то каким образом?» и представлены на рисунке 4.




Рис. 4 - Что вас больше всего беспокоит в жизни?

Наше исследование проводится на базе Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева среди обучающихся бакалавриата и магистратуры. Опросник проводится на государственном и русском языках и планируется участие более 300 респондентов. На сегодняшний день опросник прошли 188 респондентов с русским языком обучения и 100 респондентов с казахским.

Заключение. Таким образом, разработанная методика позволит выявить аутодеструктивные мысли у молодёжи и их корреляты. Использование закрытых вопросов в опроснике позволит собрать важную информацию о респондентах, открытые вопросы, в свою очередь, помогут выявить суть проблемы и позволят в поиске решения проблемы. По завершении исследования будет подготовлена научная публикация в журнале международной базы, а результаты представлены на международной конвенции исследователей в области психологии в США.

Однако, при определении выборки, мы столкнулись с проблемой, что основной выборкой могут быть только обучающиеся вуза, старших курсов бакалавриата и магистратуры. Возможности проведения данного исследования в старших классах школы затруднены отсутствием доступа исследователей в школьную среду, несмотря, на то, что выделяются гранты на проведение исследований, на протяжении многих лет к нам обращаются представители школ и Министерства просвещения с просьбой оказать содействие в профилактике буллинга и аутодеструктивного поведения подростков и юношей.

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ПРОБЛЕМЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО СТАНОВЛЕНИЯ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ

Болтаева Б.Х., Холбоева К.
Ташкентский фармацевтический институт
Ташкент, Узбекистан

Бұл мақалада қоғамдағы өзгерістерге және білім беру жүйесіндегі инновацияларға байланысты негұрлым қарқынды талқыланатын кәсіби даму және қалыптасу мәселелерінің қазіргі заманғы жағдайлары кеңінен қамтылған.
Түйін сөздер: *кәсібилік, тұлға, когнитивтік, мотивация.*

В данной статье широко освещаются современные условия проблем профессионального становления, наиболее интенсивно обсуждаемых в связи с изменениями в обществе, инновациями в системе образования.
Ключевые слова: *профессионализм, личность, когнитивный процесс, мотивация.*

This article broadly highlights the current conditions of the problems of professional formation, most intensively discussed in connection with changes in society, innovations in the education system.
Keywords: *professionalism, personality, cognitive, motivation.*

Введение

В современных условиях проблема профессионального становления стала одной из наиболее интенсивно обсуждаемых в связи с изменениями в обществе, инновациями в системе образования. Эти изменения требуют преподавателей, обладающих высоким уровнем профессиональной компетентности, что в свою очередь предполагает выявление условий и средств, способствующих становлению профессионализма преподавателей высшей школы.

Остановимся более подробно на самом понятии «становление». Вот некоторые подходы к его пониманию. «Становление, по словарю русского языка Ожегова, - это возникновение, образование чего-то в процессе развития». Е. М. Борисова считает, что в большинстве случаев становление понимается как то, что уже возникло, но далеко от своего завершения, «как развернутый во времени процесс овладения профессией». В.И.Слободчиков рассматривает становление как составляющую процесса развития и как формирование, и как преобразование, «переход от одного определенного состояния к другому - более высокого уровня». С.В.Попов считает, что более действенен термин становление, чем развитие, так как процесс становления, который проявляется посредством смены ситуаций, вызывается естественными и искусственными процессами. Таким образом, учитывая вышесказанные трактовки, становление можно рассматривать как образование в процессе развития личности.

Проблема личности рассматривалась в трудах К.А.Абульхановой-Славской, Г.Айзенка, Б.Г.Ананьева, Б.С.Братуся, В.П.Зинченко, А.Маслоу, Р.Мэя, Р.Кеттелла, А.Н. Леонтьева, В.С. Мерлина, В.С. Мухиной, А.В. Петровского, К.К. Платонова, К. Роджерса, С.Л. Рубинштейна, В.В. Слободчикова и др.

По мнению С.Л.Рубинштейна, мотивы и мотивация составляют фундамент становления и развития: "проблема направленности - это прежде всего вопрос о динамических тенденциях, которые в качестве мотивов определяют деятельность, сами, в свою очередь, определяясь ее целями и задачами".

Становление личности для С.И.Гессена - это работа над осуществлением целей и заданий, но для достижения своей индивидуальности личность должна задаваться «сверхличными задачами». Не отбрасывая других, он отдавал приоритет в образовании самой личности, ее мотивационно-деятельностному началу, саморазвитию. У В.С. Леднева становление личности заключается «в прогрессивном изменении качеств человека, то есть включает в себя: развитие

функциональных механизмов психики; усвоение опыта личности; воспитание типологических свойств личности».

В процессе общего становления личности важное место занимает ее профессиональное становление, которое можно рассматривать как процесс овладения профессией. Самой популярной за рубежом теорией профессионального развития является концепция Д.Сьюпера, где профессиональное становление понимается как длительный, целостный процесс развития личности. Д.Сьюпер подчеркивает, что в процессе профессионального развития основное внимание должно быть перенесено на изменение поведения человека, «на эволюцию поведения человека в плане профессионального развития и способов постановки, уяснения, изменения и реализации им своих решений. Развитие человека в профессиональном отношении продолжается в течение всей его жизни. Оно является одним из активов его общего развития...».

Профессиональное становление личности рассматривается в работах многих авторов (И.С.Алексеева, Е.М.Борисова, С.Б.Елканов, Э.Ф.Зеер, Е.А.Климов, Т.В.Кудрявцев, Н.В.Кузьмина, Л.М.Митина, Ю.П.Поваренков, И.С.Алексеева, К.В.Сергеева, Л.А.Новоселова, Л.Ф.Обухов, У.Ордон, В. Д.Щадриков, А.И.Щербаков и др.), а многие стороны формирования личности преподавателя в процессе профессионального становления в вузовской педагогике стали предметом исследования таких ученых, как А.В.Барабанщиков, В.А.Беляева, Л.Ф.Бенидито-ва, Н.В.Бордовская, Л.Е.Варфоломеева, С.Г.Годник, В.И.Горова, Л.И.Гурье, А.В.Дмитриев, С.Б.Елканов, С.Ф.Есарева, С.П.Желтобрюх, В.Г.Иванов, С.Г.Измайлов, В.Е.Иноземцева, С.В.Кабачова, А.А.Кирсанов, М.И.Кряхтунов, Н.В.Кузьмина, Е.А.Леванова, Т.В.Лисовский, А.К.Маркова, Г.У.Матушанский, А.В.Никитин, М.И.Плугина, В.Г.Пряникова, А.А.Реан, Л.И.Романкова, В.А.Сластенин, Ю.Н.Сопильняк, О.Ю.Тришина, А.Н.Ходусов, Р.Х.Шакуров и т.д.

Другой подход к анализу жизнестойкости студентов представлен в работе М.В. Логиновой, которая рассматривает данный феномен как сложную психологическую систему. Автор выявила, что жизнестойкость включает убеждения о наличии внутренних ресурсов, навыки конструктивного поведения в сложных ситуациях и способность эффективно справляться с эмоциональными перегрузками. Логинова отмечает, что жизнестойкость способствует личностному развитию и помогает использовать негативный опыт для последующего роста [1].

В своем исследовании Логинова выделяет жизнестойкость как сложное психологическое образование, связанное с экстраверсией, пластичностью, активностью и интернальной локализацией контроля. Автор отмечает, что уровень жизнестойкости изменяется в зависимости от курса обучения и его формы, а также выявляет корреляции с темпераментом студентов. В результате была предложена типология жизнестойкости, включающая три группы:

- Активные и высоко жизнестойкие студенты, ориентированные на решение проблем.
- Активные студенты со средним уровнем жизнестойкости, также предпочитающие проблемно-ориентированные копинг-стратегии.
- Пассивные студенты с низким уровнем жизнестойкости, склонные к эмоциональному реагированию на стресс.

Логинова также отмечает, что жизнестойкость коррелирует с личностными характеристиками: высокую жизнестойкость демонстрируют студенты, обладающие экстраверсией, активностью, самодостаточностью, гибкостью и высокой мотивацией к решению проблем. Напротив, низкую жизнестойкость проявляют интроверты, люди с повышенной тревожностью и эмоциональной ригидностью [2].

Одним из аспектов, влияющих на жизнестойкость студентов, является переживание кризисов профессионального становления. Г. Ю. Любимова проводила исследование среди студентов-психологов и выделила несколько этапов кризисов, связанных с процессом учебно-профессиональной деятельности:

- Кризис ожиданий (1 курс) – связан с разочарованием в выбранной профессии, когда студенты сталкиваются с реальными учебными требованиями, которые могут не совпадать с их первоначальными представлениями.
- Кризис самоопределения (3 курс) – обусловлен осознанием необходимости применения теоретических знаний на практике и формированием профессиональной идентичности.
- Кризис трудоустройства (4–5 курсы) – включает в себя вопросы карьерного выбора, поиска работы и подготовки к профессиональной деятельности.
- Кризис профессиональной адаптации (после окончания вуза) – проявляется в трудностях интеграции в профессиональную среду, необходимости адаптации к рабочим

условиям или даже смене профессии [3].

Эмпирическое исследование А. Яро, Г.Г. Гореловой и Г.В. Мануйлова было направлено на изучение жизнестойкости как ресурса адаптации иностранных студентов в российских вузах. В ходе исследования анализировались уровни жизнестойкости и их связь с разными типами адаптации. Было выявлено, что студенты, обладающие высоким уровнем жизнестойкости, демонстрируют более успешные стратегии адаптации, такие как вовлеченность в учебный процесс, уверенность в своих силах и готовность к преодолению трудностей. Они быстрее устанавливают социальные связи, чувствуют себя комфортнее в новой среде и менее подвержены стрессу. Напротив, студенты с низким уровнем жизнестойкости чаще сталкиваются с трудностями в социальной и академической адаптации. Они испытывают чувство изоляции, неуверенность, тревожность и эмоциональную нестабильность, что затрудняет их интеграцию. Среди них преобладают негативные стратегии адаптации, включая ностальгию по родной стране, уход в себя и избегание новых социальных [4].

Эмпирическое исследование Е.В. Ярославкиной было направлено на изучение динамики жизнестойкости студентов вуза в процессе их обучения. В исследовании приняли участие студенты первого и пятого курсов. Результаты исследования показали, что жизнестойкость студентов возрастает по мере обучения. Особенно выраженные изменения были отмечены по шкалам вовлеченности и контроля: первокурсники реже проявляют инициативу и ощущают меньшую способность контролировать свою жизнь, в то время как у выпускников наблюдается более высокая уверенность в своих силах, способность к саморегуляции и устойчивость к стрессу. Кроме того, исследование подтвердило, что жизнестойкость тесно связана с интернальностью, то есть ощущением контроля над событиями собственной жизни. Студенты с более высокими показателями вовлеченности и контроля лучше адаптируются к стрессовым ситуациям и воспринимают жизненные трудности как возможность для личностного роста. Напротив, низкая жизнестойкость часто сопровождается пассивностью, тревожностью и неуверенностью, что делает студентов более уязвимыми перед негативными внешними факторами [5].

Таким образом, жизнестойкость играет важную роль в адаптации студентов к учебной и профессиональной деятельности, влияя на их способность справляться со стрессом, преодолевать кризисы и эффективно строить свое будущее. Исследования подтверждают, что жизнестойкость связана с такими характеристиками, как вовлеченность, саморегуляция, контроль над ситуацией и способность извлекать пользу из сложных жизненных обстоятельств.

Анализ динамики жизнестойкости показывает, что она повышается по мере обучения в вузе, что особенно заметно у студентов старших курсов. Это связано с развитием профессиональной идентичности, ростом уверенности в своих силах и приобретением опыта преодоления трудностей. Однако различия в уровне жизнестойкости зависят от индивидуальных особенностей студентов, их темперамента, уровня экстраверсии, мотивации и стратегии адаптации.

Особую значимость жизнестойкость приобретает в контексте адаптации иностранных студентов, для которых процесс обучения в новой социокультурной среде сопровождается дополнительными стрессовыми факторами. Исследования показывают, что высокий уровень жизнестойкости способствует успешному освоению новой среды, снижает тревожность и способствует социальной интеграции. Напротив, низкая жизнестойкость увеличивает риск академической неуспешности, социальной изоляции и эмоциональной нестабильности.

Результаты исследований подчеркивают значимость программ психологической поддержки студентов, направленных на укрепление жизнестойкости, развитие стратегий совладания со стрессом и формирование внутренней мотивации. Создание благоприятной образовательной среды, поддержка личностного роста и обучение эффективным стратегиям адаптации могут значительно повысить жизнестойкость студентов.

Исследования в рамках нашей выпускной работы позволят нам в дальнейшем разработать и внедрить программу по формированию психологической поддержки и устойчивости у студентов в период адаптации в вузе.

Литература

1. Ярощук, И. В. Психология жизнестойкости: обзор теоретических концепций, эмпирических исследований и методик диагностики / И. В. Ярощук // Ученые записки СПбГИПСР. – 2020. – Вып. 1, Т. 33. – 51 с.
2. Луговская, М. Ю. Особенности жизнестойкости студентов в трудах российских исследователей // Психология. Историко-критические обзоры и современные исследования. – 2024. – Т. 13, № 4А. – С. 185-196.
3. Логинова, М. В. Жизнестойкость личности студента как фактор её успешной адаптации к условиям обучения в вузе / М. В. Логинова // Гуманитарные и социально-экономические науки. – 2009. – № 6(49). – С. 77-80. – EDN MJBHRN.
4. Яро, А., Горелова, Г. Г., Мануйлов, Г. В. Жизнестойкость как один из ресурсов адаптации иностранных студентов // Психология. Психофизиология. – 2023. – № 1.
5. Ярославкина, Е. В. Динамика жизнестойкости студентов вуза / Е. В. Ярославкина // Психология обучения. – 2011. – № 3. – С. 60-67. – EDN ODRZVJ.

БАЛАЛАРДЫҢ КОГНИТИВТІ ДАМУЫНА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Садыкова Н.М., Аскарова Ж.К.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Қазіргі уақытта балалар ақпараттық технологияларды жиі қолданады, алайда олардың балалардың когнитивті дамуына әсерінің ерекшеліктері әлі де жеткілікті түрде зерттелмеген. Балалардың когнитивті функцияларына ақпараттық технологиялардың ықпалы ақпараттың мазмұнына, баланың жас ерекшеліктеріне және әлеуметтік ортасына байланысты елеулі түрде өзгереді. Бұл мақалада балалардың видеоконтентті қабылдау ерекшеліктері мен бейнематериалдарды тұрақты қараудың үшөлшемді қабылдауға, моторлық және атқарушы функциялардың дамуына әсері талданады. Екі жасқа дейінгі балаларда бейнематериалдарды жиі қарау сөйлеу мен жоғары психикалық функциялардың дамуын тежейтіні анықталған. Сондай-ақ, мақалада компьютерлік ойындардың когнитивті қабілеттерге ықпалы қарастырылады. Зерттеулер көрсеткендей, компьютерлік ойындар көз-моторлық координацияны және күрделі мінез-құлық стратегияларын жоспарлау дағдыларын жетілдіреді. Алайда, оларды шамадан тыс пайдалану сенсорлық жүйелердің гиперстимуляциясын тудырып, зейіннің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Түйін сөздер*: *ақпараттық технологиялар, когнитивті даму, зейін, видеомазмұн, компьютерлік ойындар.

В настоящее время дети часто используют информационные технологии, однако их влияние на когнитивное развитие детей все еще недостаточно изучено. Воздействие информационных технологий на когнитивные функции детей значительно варьируется в зависимости от содержания информации, возрастных особенностей ребенка и социального окружения. В статье рассматриваются особенности восприятия видеоконтента детьми, а также влияние регулярного просмотра видеоматериалов на развитие трехмерного восприятия, моторных и исполнительных функций. Установлено, что у детей младше двух лет частый просмотр видеоматериалов замедляет развитие речи и высших психических функций. Кроме того, в статье анализируется влияние компьютерных игр на когнитивные способности. Исследования показывают, что компьютерные игры улучшают глазо-моторную координацию и навыки планирования сложных поведенческих стратегий. Однако их чрезмерное использование может привести к гиперстимуляции сенсорных систем и снижению концентрации внимания.

Ключевые слова: *информационные технологии, когнитивное развитие, внимание, видеоконтент, компьютерные игры.*

Currently, children frequently use information technologies; however, the specific features of their impact on children's cognitive development have not yet been sufficiently studied. The influence of information technologies on children's cognitive functions varies significantly depending on the type of content, the child's age characteristics, and the social environment. This article examines the peculiarities of children's perception of video content and the effects of regular video material viewing on three-dimensional perception, motor skills, and executive function development. It has been found that frequent viewing of video materials in children under the age of two inhibits speech development and higher mental functions. Additionally, the article explores the impact of computer games on cognitive abilities. Research indicates that computer games enhance eye-motor coordination and the ability to plan complex behavioral strategies.

However, excessive use of computer games may lead to sensory system hyperstimulation and a decline in attention.

Keywords: *information technologies, cognitive development, attention, video content, computer games.*

Кіріспе. Қазіргі кезде гаджеттер мен ақпараттық технологияларды қолдану қарқынды өсіп, күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналуда. Смартфондар тұрмыстық мәселелерді жеңілдетіп, маршрут құру, сауда жасау, ақша аудару және ақпарат іздеу сияқты тапсырмаларды орындауға көмектеседі. Дегенмен, смартфондарды тек ересектер ғана емес, балалар да белсенді қолданады, әрі олардың пайдалану ерекшеліктері айтарлықтай өзгеше. Соған қарамастан, гаджеттердің балалардың дамуына тигізетін әсері толық зерттелмеген күйде қалып отыр.

Негізгі бөлім. 2013 жылы жүргізілген "Нөлден сегізге дейін: АҚШ балаларының ақпараттық технологияларды пайдалануы" атты ауқымды зерттеу деректеріне сәйкес, 8 жасқа дейінгі балалардың 73%-ы смартфонды ойын ойнау мен видео көру үшін пайдаланған. Ал 2011 жылы бұл көрсеткіш 32% ғана болған. Жасөспірімдер арасында смартфон қолдану деңгейі одан да жоғары – шамамен 90%, оның ішінде 24%-ы үнемі желіде отыратындар қатарында болған [1].

Социомәдениеттік көзқарасқа сәйкес, баланың әлеуметтік және мәдени іс-әрекеті оның негізгі когнитивті құрылымдарының қалыптасуына ықпал етеді. Осы бағыттың негізгі теоретигі Л.С. Выготский дамуды әлеуметтік әрекеттердің интернализацияланған процестерге айналуы ретінде қарастырған. Ол барлық жоғары психикалық функциялардың әлеуметтік процестерден туындайтынын және оларды тек мәдениеттегі құралдық рөлдері тұрғысынан түсіну қажет екенін атап өткен. Мысалы, егер балаға сандарды көрсету үшін тек рим цифрлары ұсынылса, көптеген есептерді шешу мүмкіндігі шектеледі. Осыған байланысты мәдени құралдарды пайдалану когнитивті дамуға ғана емес, сонымен қатар баланың ойлау қабілеті мен проблемаларды шешу тәсілдерін қалыптастыруға да ықпал етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, заманауи ақпараттық технологиялар мен гаджеттер – шынайылықты игерудің жаңа мәдени құралы. Гаджеттердің балалардың когнитивті дамуына оң немесе теріс әсері туралы зерттеулер тұрақты түрде жүргізіліп келеді, алайда олардың нәтижелері біркелкі емес. Бұл қарама-қайшылық көбінесе гаджеттерді қолдану аясындағы әртүрліліктің кеңдігімен байланысты. Бұл құбылыс әлеуметтік желілерді пайдалану, видеоконтент іздеу және қарау, компьютерлік ойындар ойнау сияқты әртүрлі сценарийлерді қамтиды.

Бұл мақалада ақпараттық технологиялардың, әсіресе видео көру мен компьютерлік ойындар ойнаудың, балалар мен жасөспірімдердің когнитивті дамуына әсері туралы қазіргі зерттеулердің нәтижелері қарастырылады.

Балалардың видеоконтентке қызығушылығы күмәнсіз факт болып табылады – олар теледидар, планшет немесе компьютердегі бейнероликтерді тамашалауды ұнатады. Көптеген ата-аналар мен білім беру мекемелері видеоны пайдаланудың басты себебі ретінде оның жаңа дағдылар мен мінез-құлық үлгілерін үйретуге көмектесетінін атап өтеді. Бұл дағдылардың кейіннен шынайы өмірде қолданылатынына сенім бар. Зерттеулердің басым бөлігі контенттің мазмұны мен оның танымдық белсенділікке ықпалын талдайды, алайда балалардың бұл ақпаратты нақты қалай қабылдайтынына аз көңіл бөлінеді.

Қазіргі таңда видео көрудің балалардың дамуы мен білім алуына тиімділігі туралы сенімді дәлелдер жоқ. Кейбір ғалымдар бұны видеоматериалдардың мазмұны мен дизайны балалардың жас ерекшеліктерін толық ескермеуімен байланыстырады.

Мысалы, Д. Андерсеннің зерттеуінде 3 жасқа дейінгі балалардың қарапайым дағдыларды меңгеру тиімділігі мұғаліммен тікелей қарым-қатынас кезінде және білім беру видеосын қарау барысында салыстырылды [2]. Нәтижесінде, балалар видеоны көру арқылы білім алған жағдайда оқу уақыты ұзарып, қателіктер саны артатыны анықталды.

Бұл "трансфер проблемасы" деп аталады және ол баланың екіөлшемді ортадан үшөлшемді шынайылыққа тәжірибені тасымалдаудағы қиындықтарымен түсіндіріледі. Видеобейнелер көрнекілік тұрғысынан шектеулі, өйткені олар баладан екіөлшемді ортадан үшөлшемді бейнені қабылдауды талап етеді. Мысалы, дәстүрлі видеокадрларда тереңдік белгілері бар:

жақын нысандар алыстағыларға қарағанда ірі болып көрінеді. Алайда, баланың онтогенездік дамуы барысында перспективаны қабылдау заңдылықтарын түсіну белгілі бір уақытты қажет етеді.

Бұл құбылыс балалардың суреттерін талдау кезінде айқын байқалады: шамамен 9–10 жасқа дейін перспективалық бейнелерді белсенді қалыптастыру қабілеті жеткілікті деңгейде дамымайды. Осылайша, 10 жасқа дейінгі балаларда перспективаны құру ережелерін меңгерудің толық қалыптаспауы екіөлшемді бейнематериалдардағы тәжірибені шынайы өмірге тасымалдауды қиындатады. Сонымен қатар, перспективаны қабылдау қабілеті баланың қозғалыс координациясы, жоспарлау және мақсат қою дағдыларының негізін құрайды.

Зерттеулер көрсеткендей, үш жасқа дейінгі балалардың видеоны тұрақты қарауы атқарушы функциялардың дамуын баяулатады, ал бұл функциялар мақсат қою және жоспарлау процестерімен тікелей байланысты [2]. Бірқатар ғалымдар ерте балалық шақтағы видеоконтентті шамадан тыс тұтыну когнитивті және нейрофизиологиялық дамуда өзгерістер тудыратынын атап өтеді. Қоршаған ортамен моторлық өзара әрекеттесудің шектелуі объектілердің қозғалыс траекторияларын, күрделі пішіндер мен перспективаны қабылдауда бұрмалануларға әкеледі [3, 4].

Объектілердің қозғалыс модельдері туралы жеткіліксіз түсінік баланың қозғалыс дағдыларының және қоршаған ортамен өзара әрекеттесуінің кедейленуіне ықпал етеді. Ж. Пиаже теориясына сәйкес, бала интеллектісін қоршаған ортамен тікелей әрекеттесу арқылы дамытады. Ерте даму кезеңдерінде (1–3 жас) видеоны жүйелі түрде қарау назар аудару қабілетінің қалыптасуына да айтарлықтай әсер етеді.

Бұл құбылысты түсіндіру үшін "сканерлеу және өзгеріс" гипотезасы (scan and shift hypothesis) ұсынылған. Бұл гипотезаға сәйкес, видеодағы кадрлардың жиі ауысуы балада ерекше зейін үлгісін қалыптастырады, ол үнемі жаңа перцептивті стимулдарды іздеуге негізделген. Мұндай стиль гаджеттер болмаған жағдайда да зейіннің тұрақсыздығын тудырады [5, 6]. Видеоконтентті үздіксіз қарау бағдарлы рефлекстің іске қосылуымен байланысты жүйелерді тұрақты түрде белсендіреді, нәтижесінде атқарушы зейін функцияларының дамуы тежеледі, атап айтқанда, шоғырлану мен маңызды стимулдарды іріктеу қабілеті әлсірейді [7, 8].

Қазіргі зерттеулер бұл нәтижелерді растайды, атап айтқанда, видеоларды шамадан тыс қарау зейіннің бұзылуына әкеледі, ал бұл өз кезегінде атқарушы функцияларға, соның ішінде жоспарлау мен өзін-өзі бақылау қабілеттеріне кері әсер етеді. Бұл процестер префронтальды қабық қызметімен байланысты [9].

Сонымен қатар, видеоны қараудың баланың тілдік дамуына ықпалы ерекше назар аударуды қажет етеді. Зерттеулер көрсеткендей, 2–3 жас аралығында күн сайын 30 минут бойы видеоконтент көру тілдің дамуында кідіріс туындау ықтималдығын 49%-ға арттырады [1].

Осылайша, қазіргі зерттеулер 5 жасқа дейінгі балалар үшін оқу және дамытуға арналған видеолардың толыққанды білім беру құралы бола алмайтынын көрсетеді. Себебі, бұл жастағы балаларда виртуалды ортада алынған тәжірибені нақты өмірге жеткізуге мүмкіндік беретін когнитивті дағдылар әлі жеткілікті түрде қалыптаспаған.

Сонымен қатар, видеоконтенттің ұзақтығы мен мазмұнын, сондай-ақ отбасының әлеуметтік-мәдени және білім беру жағдайларын ескеру қажеттілігіне назар аудару маңызды. Себебі, бұл факторлар баланың когнитивті дамуына айтарлықтай әсер етеді, ал зерттеулерде олардың ескерілмеуі нәтижелердің әртүрлілігіне әкелуі мүмкін.

Компьютерлік ойындарға келер болсақ, олар мақсат қою дағдылары мен күрделі мінез-құлық стратегияларын дамытуға оң әсер етуі мүмкін. Дегенмен, компьютерлік және дәстүрлі ойындардың балалардың когнитивті дамуына ықпалын салыстыратын зерттеулер әлі де жүйесіз және толық емес.

Компьютерлік ойындардың когнитивті дамуға бірқатар жағымды ықпалы болғанымен, олардың теріс әсерлері де анықталған. Мысалы, ойындардағы жарқын және қарқынды визуалды ағын сенсорлық жүйелерді шамадан тыс ынталандырып, оның болмауы сенсорлық депривация сезімін тудыруы мүмкін. Бұл, өз кезегінде, баланың ашуланшақ болуына және

зейін тұрақсыздығының артуына алып келеді. Сонымен қатар, қазіргі зерттеулерді талдау нәтижесінде компьютерлік ойындардың балалардың когнитивті дамуына әсерін тереңірек қарастыратын зерттеулердің өте аз екені байқалады.

Қорытынды. Қорытындылай келе, қазіргі виртуалды орта мен ақпараттық технологиялар әлеуметтік өзара әрекеттесу, білім алу және бос уақытты өткізу үшін кең мүмкіндіктер ұсынады. Бұл технологиялар ересектермен қатар балалардың дамуына да ықпал етуде. Алайда, мектеп жасына дейінгі балалардың видеоконтентті толыққанды қабылдауға дайын еместігі және оның когнитивті дамуға теріс әсер етуі ерекше назар аударуды талап етеді. Ақпараттық технологиялардың тек жағымсыз жағы бар деп айтуға болмайды, алайда балалар үшін гаджеттерді қолданудың қауіпсіз әрі тиімді үлгілерін анықтау үшін қосымша зерттеулер қажет.

Әдебиеттер

1. Zero to Eight: Children's media use in America. Common Sense Media. – 2011.
2. Anderson, D.R., Pempek, T.A. Television and very young children. // American Behavioral Scientist, 2005. - vol. 48. -№5. - P. 505–522.
3. Shonkoff, J., Phillips, D. From neurons to neighborhoods. Washington: National Academy Press, 2000. - 612 p.
4. Terlecki, M.S., Newcombe, N.S., Little, M. Durable and generalized effects of spatial experience on mental rotation: Gender differences in growth patterns. // Applied Cognitive Psychology, 2008. - vol. 22. - №7, P. 996–1013.
5. Christakis, D.A., Zimmerman, F.J., DiGiuseppe, D.L., McCarty, C.A. Early television exposure and subsequent attentional problems in children // Pediatrics, 2004. - vol. 113, №4.- P. 708–713.
6. Christakis, D.A., Ramirez, J.S.B., Ramirez, J.M. Overstimulation of newborn mice leads to behavioral differences and deficits in cognitive performance. Scientific Reports, 2012. - vol. 2, article 546.
7. Nikkelen, S.C., Valkenburg, P. M., Huizinga, M., Bushman, B.J. Media use and ADHD-related behaviors in children and adolescents: A meta-analysis. // Developmental Psychology, 2014. - vol. 50, № 9, P. 2228–2241.
8. Zelazo, P.D., Müller, U. Executive function in typical and atypical development. In: U. Goswami, U. Goswami (eds.). Blackwell handbook of childhood cognitive development. // Malden: Blackwell Publishing, 2002. P. 445–469.
9. Zimmerman, F.J., Christakis, D.A. Children's television viewing and cognitive outcomes. // Archives of Pediatrics and Adolescent Medicine, 2005. - vol. 159. - №7, P. 619–625.

КОПИНГ-СТРАТЕГИИ У СПЕЦИАЛИСТОВ, РАБОТАЮЩИХ В ЭКСТРЕМАЛЬНЫХ УСЛОВИЯХ: ОТ МЕДИЦИНСКИХ РАБОТНИКОВ ДО ВОЕННОСЛУЖАЩИХ

Женисова А.А., Ахтаева Н.С.
Казахский национальный университет им.аль-Фараби
Алматы, Казахстан

Мақалада экстремалды жағдайларда жұмыс істейтін мамандардың (медбикелер, өрт сөндірушілер, әскери қызметшілер) копинг-стратегиялары бойынша ғылыми зерттеулерге талдау жасалады. Күресу мінез-құлқы жайлы негізгі теориялық тәсілдері, сондай-ақ жіктелуі талқыланады. Әр мамандықтың кәсіби қызметінің ерекшеліктері күресу механизмдеріне қалай әсер ететіні қарастырылады.

Түйін сөздер: *экстремалды жағдай мамандары, күресу мінез-құлық, күресу стратегиялары.*

В статье представлен анализ научных исследований копинг-стратегий специалистов, работающих в экстремальных условиях (медицинские сестры, пожарные, военнослужащие). Обсуждаются основные теоретические подходы совладающего поведения, а также классификации. Рассматривается, как особенности профессиональной деятельности каждой специализации влияют на механизмы копинга.

Ключевые слова: *специалисты экстремального профиля, совладающее поведение, копинг-стратегии.*

The article presents an analysis of scientific research on coping strategies of specialists working in extreme conditions (nurses, firefighters, military personnel). The main theoretical approaches to coping behavior, as well as classifications, are discussed. It examines how the features of the professional activity of each specialization affect the coping mechanisms.

Keywords: *extreme specialists, coping behavior, coping strategies.*

Введение. Ежедневно специалисты экстремального профиля (медицинские работники, пожарные, спасатели, военнослужащие) трудятся во благо общества. Профессиональная деятельность таких специалистов часто протекает в условиях, где они подверженны разным стрессогенным воздействиям. Данные профессии требуют быстрого принятия решения в условиях высокого стресса, где иногда обстоятельства могут быть жизненно угрожающими.

Постоянное эмоциональное напряжение может приводить к профессиональному выгоранию, повышенной тревожности и снижению когнитивных функций. [1]. Такие условия предъявляют важность личностных и профессиональных качеств, обеспечивающих совладающее поведение.

Совладающее поведение и копинг механизмы все чаще изучаются в разных направлениях психологии, психологии-педагогики, а также в медико-психологическом направлении. Тем не менее, обнаруживается недостаточная изученность копинга в различных специализациях, где человек выступает как субъект своей профессиональной деятельности.

Целью статьи является теоретический анализ исследований совладающего поведения, а также особенности выбора копинг-стратегий у специалистов работающих в экстремальных условиях.

Основная часть. Отталкиваясь от определений Р. Лазаруса, стрессом является некий дискомфорт, который испытывает человек для эффективного реагирования на окружающие вызовы, при недостаточности нужных ему ресурсов. При этом восприятие недостаточности ресурсов является индивидуальным. Отдельный индивид сам решает считать ли ему вызовы окружающей среды стрессом или нет. Вместе с этим он также сам оценивает степень воздействия стрессора на него, сопоставляя с субъективным восприятием собственных возможностей. [2] Копинг – это действие человека (поведенческие, когнитивные, эмоциональные усилия), предпринимаемые для того, чтобы справиться со стрессом. Стратегиями же выступают чувства, мысли, поведение. Эти реакции также могут быть как и произвольными, так и непроизвольными, в зависимости от индивидуальных особенностей отдельной личности. [3]

Единой классификации стратегиям совладания нет. Много различных авторов предложили свои подходы. Одной из первых и классических классификаций является дихотомическое деление Лазаруса и Фолкман на эмоционально- ориентированные и проблемно-ориентированные копинг-стратегии. Данный подход является ситуационным. Мосс и Шефер же делят стратегии на сфокусированные на оценке, сфокусированные на эмоциях и сфокусированные на проблеме. Диспозиционный подход же делит все на эффективные и неэффективные стратегии. [4]

Копинг-стратегии играют ключевое значение для специалистов экстремального профиля помогая им справляться со стрессом, поддерживать психическое здоровье, а также эффективно выполнять свою деятельность. Структура копинг-стратегий зависит от специфики работы, частоты и степени выраженности воздействия стрессогенных факторов. [5] В недавнем отечественном исследовании Утеуловой А.А., Асимова М.М. и Пико Б.Ф., где выборкой выступали медсестры онкологического профиля. Авторами был использован классический опросник Лазаруса и Фолкман «Способы совладающего поведения», адаптированный Т.Л. Крюковой. Выяснялось, что чаще всего медсестры онкологического профиля используют самоконтроль как способ совладания, а также время от времени дистанцирование, где они отдаляются от источника стресса эмоционально, а также социальная поддержка. [6]

В другом же исследовании медицинских сестер, но уже теперь работающих в экстремальных условиях в секторе Египта, методом интервьюирования авторы выявили следующие основные стратегии копинга: подтверждение профессионализма (проблемно-ориентированный), подчинение-фатализм (эмоционально-ориентированный). То есть здесь медсестры находят смысл своей деятельности в сохранение преданности своей работе, несмотря на внешние сложности, а также воспринимают сложившиеся обстоятельства неизбежными, смирившись и полагаясь на власть и судьбу. [7]

Деятельность военнослужащих же отличается от других профессий экстремального профиля тем, что она имеет сильно выраженный боевой характер, вместе с этим требует как и физической, так и морально-психологической нагрузки. Нечасто военнослужащие страдают от физического и психического перенапряжения. Исследуя копинг-стратегии военнослужащих авторы Татьянченко Н., Аксенова О., Станина И. пришли к следующим результатам, где большинство испытуемых военных используют эмоциональные адаптивные копинг-стратегии и когнитивные неадаптивные копинг-стратегии. Вместе с этим авторы сделали выводы, что стратегии совладания также влияют на жизнестойкость военнослужащих. [8]

У сотрудников МЧС с разным опытом работы тушения пожаров были выражены следующие копинг-стратегии: решение проблем (проблемно-ориентированный копинг), поиск социальной поддержки (эмоционально-ориентированный копинг) и отрицание. Последнее характеризуется отрицанием у себя наличия профессионального стресса и сильным «уходом в работу». Данные результаты получили В.Ю.Рыбников и Е.Н. Ашанина в своей авторской монографии. [9]

Приведенные эмпирические исследования могут говорить о том, что в зависимости от профессиональной деятельности специалистов экстремального профиля, от условий, обстоятельств, восприятия воздействия стрессора, а также других психологических факторов разные специалисты могут использовать разные копинг-стратегии. Однако, выбранные стратегии (самоконтроль, решение проблемы, подтверждение профессионализма, избежание в работу) могут свидетельствовать о сильном погружении в работу, что чаще всего приводит к эмоциональному выгоранию. Вместе с этим такие специалисты обращаются и к эмоционально-ориентированным копингам, где поддержка со стороны социума также играет большую роль.

Заключение. Профессиональная деятельность специалистов работающих в экстремальных условиях, требует от них сильных психологических ресурсов и увиливает нагрузку на такое интегративное образование психики, как механизмы защиты и совладания. Структура копинга в различных специализациях экстремального профиля зависит от специфики работы, частоты, уровня выраженности стрессогенных факторов, если рассматривать его как субъекта профессиональной деятельности, а также от индивидуальных различий, как личности в социуме. Такие специалисты больше всего используют проблемно-ориентированные стратегии, погружаясь в работу. Также, время от времени обращаются к социуму и к эмоциональному дистанцированию.

Литература

1. Акшулакова СР. Паллиативтік көмек мейірбикелерінің жұмысындағы эмоционалды күйіп қалу. West Kazakhstan Medical Journal. 2022;63(4):182-189 с.

2. Berg C.A., Meegan S.P., Deviney P.P. A social-contextual model of coping with everyday problems across the lifespan. // International journal of Behavioral Development, 1998. — №22(2). 231-237 с.

3. Compas B.E. An agenda for coping research and theory: basic and applied developmental issues. // International journal of Behavioral Development, 1998. — №22(2). 233-235 с.

4. Moos R. H., Schaefer J.A. Life transitions and crisis. – 1986. 3-28 с.

5. В.Ю. Рыбников, Е.Н. Ашанина. Психологические механизмы копинг-механизмов специалистов экстремальных специалистов. Психопедагогика в правоохранительных органах. – 2009 №2(37) 46-49 с.

6. Утеулов А.А., Асылов М.М., Пико Б.Ф. Применение методов самосовладания (копинг-стратегий) в борьбе с эмоциональным выгоранием медсестрами онкологического профиля // Вестник КазНПУ. Серия «Психология». -2024 №3(80) 90-98 с.

7. Mohamed Mousa & Shlomo Tarba & Ahmad Arslan & Sir Cary Cooper, 2025. "When the extreme work becomes the norm: an exploration of coping strategies of public sector nurses," Public Management Review, Taylor & Francis Journals, vol. 27(1), pages 297-316

8. Татьянченко Н. П. Копинг-стратегии в системе организации жизнестойкого поведения личности военнослужащих / Н. П. Татьянченко, О. Н. Аксенова, И. Г. Санина // Личность, семья и общество: вопросы педагогики и психологии. 2013. № 29. 78-84 с.

9. Рыбников В.Ю., Ашанина Е.Н. Психология копинг поведения специалистов опасных профессий: монография. – СПб.: ВЦЭРМ, 2011. – 92-96 с.

ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ

Садыкова Н.М., Кенеспаева Д.Т.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Мақалада ерлі-зайыптылардың қарым-қатынастарына қатысты психологиялық аспекттер, олардың негізгі сипаттамалары және некенің сапасына әсер ететін факторлар қарастырылады. Эмоционалдық жақындық, қақтығыстар, байланыс және серіктестердің коммуникативтік ерекшеліктері, сондай-ақ когнитивтік және мінез-құлық аспекттеріне ерекше назар аударылады.
Түйін сөздер: *ерлі-зайыптылардың қарым-қатынастары, эмоционалдық жақындық, байланыс, қақтығыстар, коммуникативтік ерекшеліктер.*

В статье рассматриваются психологические аспекты супружеских отношений, их основные характеристики и факторы, влияющие на качество брака. Особое внимание уделяется эмоциональной близости, конфликтам, общению и коммуникативным особенностям партнеров, а также когнитивным и поведенческим аспектам.
Ключевые слова: *супружеские отношения, эмоциональная близость, общение, конфликты, коммуникативные особенности.*

The article deals with psychological aspects of marital relations, their main characteristics and factors affecting the quality of marriage.Special attention is paid to emotional intimacy, conflicts, communication and communicative features of partners, as well as cognitive and behavioral aspects.
Key words: *marital relations, emotional intimacy, communication, conflicts, communicative features.*

Кіріспе. Ерлі-зайыптылардың қарым-қатынастары адамның өмірінде маңызды рөл атқарады, өйткені олар әл-ауқат пен өмірге қанағаттанушылықтың басты факторларының бірі болып табылады. Ерлі-зайыптылардың қарым-қатынастарын үйлесімді дамыту мәселелері зерттеушілердің назарын аударады, себебі мықты және тұрақты отбасылық одақтар психологиялық жайлылықты қамтамасыз етіп, адамның әлеуметтік мінез-құлқына әсер етеді. Осы мақаланың мақсаты – ерлі-зайыптылардың қарым-қатынастарының психологиялық негіздерін талдау және олардың негізгі сипаттамаларын анықтау. Мақала гипотезасы бойынша, ерлі-зайыптылардың қарым-қатынастарының сапасы эмоционалдық жақындық деңгейімен, бауыр басу стилімен және серіктестердің коммуникативтік ерекшеліктерімен анықталады. Осы ретте, сенімді бауыр басу стилі және жоғары эмоционалдық интеллект неке қанағаттануын арттырып, некедегі қақтығыстарды азайтуға ықпал етеді.

Ерлі-зайыптылардың қарым-қатынастардың негізі ретіндегі бауыр басу теориясы. XX ғасырдың ортасына дейін отбасы мәселелерін негізінен әлеуметтану ғылымы зерттеді. Отбасылық психологияның дамуына қазіргі отбасы құрылымындағы дағдарыс себеп болды. Отбасы қазіргі адамның өміріндегі ең дағдарысты салалардың бірі болып табылады. Бір жағынан, көптеген зерттеулердің нәтижелері отбасының өмірдегі маңызды құндылықтардың бірі екенін, қызықты жұмыстан, материалдық жағдайдан және кәсіби жетістіктерден әлдеқайда маңызды екенін көрсетеді. Екінші жағынан, отбасы – өмірдегі ең проблемалы және дағдарысты салалардың бірі [1].

Соңғы жылдары қоғамда дағдарыстық әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың күшеюі байқалады (соның ішінде COVID-19 пандемиясының салдарынан), бұл қазақстандық отбасыларға да кері әсерін тигізді: ажырасу санының өсуі, азаматтық некелердің танымалдылығы [2].

Ерлі-зайыптылардың қарым-қатынастар жас отбасының ата-аналарынан ажырап, өз алдына дербес өмір бастаған сәтте пайда болады, және сол кезде отбасының қалыптасу кезеңдері басталады. Ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынастар мен олардың бала-ата-ана қарым-қатынастарына өмір бойы әсер ететін айырмашылықтарда бар. Әрбір жұбайдың отбасылық

ережелері мен дәстүрлері айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін: тәрбиелеу стилі, білім деңгейі, құндылықтар, ұлт, әлеуметтік тап, жас, жеке қызығушылықтар (Захарова Г.И., 2009) [3]. М. Боуэннің пікірінше, жұптың жақын және тәуелсіз қарым-қатынас орнату қабілеті көбінесе әр жұбайдың ата-аналық отбасында дербес тұлға бола алуына байланысты [4].

Джон Боулби әзірлеген бауыр басу теориясы ерлі-зайыптылардың қарым-қатынастарды түсінуде маңызды рөл атқарады. Боулбидің айтуынша, бауыр басу бала кезден қалыптасады және адамның ересек жаста жақын қарым-қатынас орната алу қабілетіне әсер етеді. Бірнеше бауыр басу стильдері (сенімді, қашқақтайтын, мазасыз т.б.) ерекшеленеді, олар эмоционалдық жақындыққа және ерлі-зайыптылардың қатынастардың тұрақтылығына ықпал етеді [5, 6]. Бұл модельдер адамның серіктестерімен қаншалықты ыңғайлы екенін, қарым қатынас стрессіне қалай жауап беретінін және басқасына сене алатынын анықтайды. Бауыр басу стильдерін балалық шақта қалыптасқанымен, олар өзгермейді. Уақыт өте келе, саналы түрде жұмыс жасау арқылы өзара әрекеттесудің қауіпсіз және үйлесімді тәсілдерін дамытуға болады. Эмоцияны білдіруді, қорқынышты талқылауды және серіктеске сенуді үйрену маңызды. Екі адам да түсінуге ұмтылған кезде, тіпті ең күрделі бауыр басу стилі де біртіндеп өзгеріп, некені берік және бақытты ете алады. Бауыр басу стилі отбасылық қарым-қатынасқа үлкен әсер етеді, өйткені ол адамдардың бір-біріне деген сенімін, ашық қарым-қатынас жасауын және жанжалдарға қалай әрекет ететінін анықтайды. Егер екі серіктес те қауіпсіз бауыр басу стиліне ие болса, олардың қарым-қатынасы тұрақты болады: олар мәселелерді ашық талқылайды, бір-бірін қолдайды және жақындықта өздерін жайлы сезінеді. Мұндай некенің негізінде сенім мен сыйластық жатыр. Егер біреуі мазасыз, ал екіншісі қашқақтайтын болса, қиындықтар туындайды. Мазасыз серіктес үнемі назар мен сүйіспеншілік талап етеді, ал қашқақтаушы серіктес өзіне тым көп эмоция керек емес деп, алшақтап кетеді. Нәтижесінде, біреуі өзін қажетсіз сезінеді, ал екіншісі – қысым астында қалғандай болады. Егер екі серіктес те тұрақсыз-үйлесімсіз бауыр басу стиліне ие болса, бәрі одан да қиын. Мұндай адамдар жақын болуды да қалайды, бірақ сонымен бірге одан қорқады. Бұл қарым-қатынаста тұрақсыздыққа әкеледі – бірде құштарлық, бірде суықтық, үнемі күдік, реніш пен ажырасулар. Бірақ ең бастысы – бауыр басу стилін өзгертуге болады. Егер адам өз реакцияларын түсініп, серіктесімен келісімге келуге тырысса, тіпті ең күрделі қарым-қатынасты жылы әрі сенімді етуге болады.

Отбасылық өмірдегі амандық әлеуметтік-психологиялық бейімделу процесіне, ерлі-зайыптылардың бір-бірімен және қоршаған ортамен өзара әрекеттесу деңгейі мен түріне байланысты. Отбасылық өмір барысында жұбайлар үнемі өздерінің үміттерін, түсініктерін, әрекеттерін, өзін-өзі бағалауын және талаптарын әлеуметтік ортаға бейімдей отырып реттеп отырады. Өздерінің әлеуметтік мәртебесін қоғамдағы өзгерістерге сәйкес таба білген және өздерінің даралығын жоғалтпай, ортаға сәйкес бейімделе алған жұбайлар ғана шынымен де бақытты әрі тұрақты отбасын құрады [7].

Сенімді бауыр басу стилі үйлесімді қарым-қатынастарды қалыптастыруға ықпал етеді, ал мазасыз және қашқақтайтын стильдер қарым-қатынастағы қиындықтарға және қақтығыстарды шешуде қиындықтарға әкелуі мүмкін.

Қарым-қатынастағы маңызды фактор ретіндегі коммуникативтік ерекшеліктер. Тиімді қарым-қатынас – табысты жұбайлық қарым-қатынастың негізі. Зерттеулер көрсеткендей, сезімдерін еркін білдіре алатын, бір-бірін тыңдай білетін және серіктесінің пікірін құрметтейтін жұптардың қарым-қатынастары берік және үйлесімді болады. Бұл практикада белсенді тыңдау, қолдау көрсету және мойындау қабілеті арқылы көрініс табады.

Вербалды емес қарым-қатынас түрлері де маңызды рөл атқарады: көзқарас, ым-ишара және дауыс ырғағы. Қарым-қатынастағы түсініспеушіліктер серіктестер арасында эмоциялық шиеленіс тудырып, қақтығыстарды қоздыруы мүмкін.

Эмоционалдық жақындық – берік жұбайлық қарым-қатынастың негізгі сипаттамасы. Бұл серәктестер арасындағы терең түсініктікте, сенімде және қолдауда көрінеді. Ерлі-зайыптылар бір-бірімен қауіпсіз сезініп, эмоцияларын ашық білдіре алатын болса, бұл өмірлік қиындықтарды жеңуге көмектесетін берік байланыс жасайды. Ол сенімнің, өзара түсіністіктің

және қолдаудың болуын, сондай-ақ өзін-өзі ашу қабілетін білдіреді. Эмоционалдық жақындықтың жоғары деңгейі күйзеліс деңгейін төмендетуге және некеге қанағаттанушылық деңгейін арттыруға ықпал етеді. Өз сезімдерімен ашық бөлісе алатын серіктестер қарым-қатынаста үлкен сенім мен қауіпсіздік сезіміне ие болады.

Эмоционалды жақындықтың маңызды аспектілерінің бірі - өзін-өзі ашу қабілеті. Бұл серіктестер өз сезімдерімен, ойларымен, тәжірибелерімен және тіпті осалдықтарымен бөлісуден қорықпайтынын білдіреді. Қарым қатынастағы ашықтық сенімді нығайтуға ғана емес, сонымен бірге эмоционалды қолдау сезімін қалыптастыруға да ықпал етеді. Егер адам өзінің сезімдері серіктес үшін маңызды екенін білсе және олар үкімсіз түсінуді күте алса, бұл қарым қатынасқа қанағаттануды арттырады.

Стрессті төмендетуде эмоционалды жақындықтың жоғары деңгейі де маңызды рөл атқарады. Егер ерлі зайыптылар өздерінің қорқыныштарын, уайымдарын ашық талқылай алса, олар өз тәжірибелерінде өздерін жалғыз сезінбейді. Бұл оларға қиын жағдайларда жалғыз емес, жақын жерде әрқашан қолдайтын сенімді адам бар екеніне ішкі сенімділік береді. Сонымен қатар, эмоционалды жақындықты некеде сүйіспеншілік сезімін арттырады. Серістестер өздерінің сезімдері мен тәжірибелерімен қаншалықты көп бөліссе, олардың байланысы соғұрлым күшті болады. Олар бір-бірін жақсырақ түсіне бастайды, эмоцияларды сөзсіз болжай бастайды және оларға қамқорлық пен назар аудара отырып жауап береді. Мұндай қарым-қатынаста ерлі зайыптылар бірге өмір сүріп қана қоймай, өздерін біртұатас сезінеді. Алайда эмоционалды жақындық үнемі назар аударуды және дамуды қажет етеді. Оны қолдау үшін үнемі бірге уақыт өткізу, тұрмыстық мәселелерді ғана емес, терең тәжірибені талқылау, серіктестің ішкі әлеміне ризашылық пен қызығушылық білдіру маңызды. Сонда ғана қарым-қатынас шынымен берік және мағыналы бола алады.

Қақтығыстар кез келген жақын қарым-қатынастың ажырамас бөлігі болып табылады. Дегенмен, қақтығыстың өзі емес, серіктестердің оны қалай шешетіні маңызды. Қақтығысты шешу стратегияларына қашқақтау, ымыраға келу, ынтымақтастық және бәсекелестік жатады. Ымыраға келу және мәселелерді талқылау қабілеті жұбайлық қарым-қатынасты нығайтады, ал мәселелерді айналып өту керісінше, жағымсыз эмоциялардың жиналуына әкелуі мүмкін.

Серіктестердің жеке тұлғалық қасиеттері некенің тұрақтылығына әсер етеді. Зерттеулер көрсеткендей, эмоционалдық тұрақтылық және экстраверсия сияқты ұқсас қасиеттері бар жұптар некеге жоғары қанағаттанушылық деңгейін сезінеді. Бір-бірінің жеке ерекшеліктерін түсіну және қабылдау қарым-қатынасты нығайтуға ықпал етеді.

Ерлі-зайыптылардың қарым-қатынастың сапасына әсер ететін факторлар. Әлеуметтік күтулер мен мәдени нормалар жұбайлық рөлдерді қабылдау және отбасындағы міндеттерді бөлуге айтарлықтай әсер етеді. Дәстүрлі құндылықтары бар мәдениеттерде рөлдердің нақты бөлінуі байқалса, заманауи қоғамдарда теңдік моделі жиі кездеседі. Күтулердегі айырмашылықтар қарым-қатынаста қақтығыстар мен түсініспеушіліктердің себебі болуы мүмкін.

Серіктестердің эмоционалдық интеллекті (EQ) де некеге қанағаттанушылыққа маңызды әсер етеді. Жоғары EQ деңгейі серіктестерге өз эмоцияларын түсінуге және басқаруға, сондай-ақ серіктесіне жанашырлық танытуға көмектеседі, бұл қақтығыстарды шешуге және қарым-қатынас сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Ата-ана қарым-қатынастары және алдыңғы романтикалық қарым-қатынастар жұбайлық мінез-құлыққа әсер етеді. Мысалы, теріс тәжірибе алаңдаушылық пен сенімсіздікті күшейтіп, сенімді қарым-қатынас орнатуды қиындатуы мүмкін. Керісінше, жағымды отбасы үлгілері берік жұбайлық байланыстарды құруға ықпал етеді.

Қорытынды. Ерлі-зайыптылардың қарым-қатынастары – көптеген психологиялық, әлеуметтік және мәдени факторларға тәуелді күрделі өзара әрекеттесу жүйесі. Сенімді бауыр басу стилін дамыту, жоғары эмоционалдық интеллект және тиімді коммуникативтік дағдылар некенің тұрақтылығы мен сапасын арттырады.

Үйлесімді жұбайлық қарым-қатынастар өз-өзімен жұмыс жасауды, серіктесті түсінуге және қолдауға дайын болуды талап етеді. Болашақ зерттеулерде жұбайлық қарым-қатынастардың психологиялық ерекшеліктеріне жас және гендерлік айырмашылықтардың әсерін қарастыруға болады.

Әдебиеттер

1. Карвасарский Б. Д. Психотерапевтическая энциклопедия. – СПб.: Питер Ком, 1998. – 743 с.
2. Кабакова М.П., Плотников М.М., Муса К.М., Аксакалова Ж.К., Сахиева Ф.А. Социально-психологические представления о браке и семье у современной казахстанской студенческой молодежи. // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, «Психология» сериясы. – №2(75), 2023. С. 45-52.
3. Захарова Г.И. Психология семейных отношений: Учебное пособие. – Челябинск: Изд во ЮУрГУ, 2009 – 47 с.
4. Теория семейных систем Мюррея Боуэна. Основные понятия, методы и клиническая практика/ https://www.litres.ru/book/raznoe-65383/teoriya-semeynyh-sistem-murreya-bouena-osnovnye-ponyatiya-met-9370803/chitat-onlayn/?ysclid=m33bre84r9226465230
5. Боулби Джон. Создание и разрушение эмоциональных связей. - М.: Академический проект, 2004. – 232 с. ISBN 5-8291-0738-4
6. Боулби, Д. Теория привязанности и потеря. М.: Академический проект, 2019. – 230 с.
7. Султанова А.В. Социально-психологические особенности супружеской совместимости и благополучия в брачных отношениях. Автореферат диссертации по ВАК РФ 19.00.05, на соискание степени кандидата психологических наук. М., 2008. - 34 с.

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИАНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ПЕН ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУҒА ӘСЕРІ

Адилова Э.Т., Жусупекова Ә.Ж.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Мақала әлеуметтік желілердің пайдаланушылардың психологиялық әл-ауқатына және өзін-өзі бағалауына әсерін талдауға арналған. Қазіргі әлемде әлеуметтік желілер жеке имиджді қалыптастыруда және қоғаммен өзара әрекеттесуде маңызды рөл атқарады. Жұмыста әлеуметтік желілерді қолданудың оң және теріс аспектілері қарастырылады. Әлеуметтік желілердің эмоционалды күйге, өз-өзіне деген бағалауға және виртуалды өзара әрекеттесу арқылы өзімізді қабылдауға әсері ерекше назарға алынады. Қорытындыда цифрлық сауаттылықты дамыту және әлеуметтік желілерді тым көп немесе саналы түрде пайдаланудың теріс салдарын алдын алу стратегияларын әзірлеудің маңызы атап өтіледі.

Түйін сөздер: *әлеуметтік желілер, психологиялық әл-ауқат, өзін-өзі бағалау, цифрлық сауаттылық, әлеуметтік салыстыру.*

Статья посвящена анализу влияния социальных сетей на психологическое благополучие и самооценку пользователей. В современном мире социальные сети играют значительную роль в формировании представлений о себе и взаимодействии с окружающим миром. В работе рассматриваются как положительные, так и отрицательные аспекты использования социальных платформ. Особое внимание уделяется влиянию социальных сетей на эмоциональное состояние, самооценку и восприятие себя через призму виртуальных взаимодействий. В заключении подчеркивается важность разработки стратегий цифровой грамотности и профилактики негативных последствий, связанных с чрезмерным или неосознанным использованием социальных сетей.

Ключевые слова: *социальные сети, психологическое благополучие, самооценка, цифровая грамотность, социальное сравнение.*

The article is dedicated to analyzing the impact of social media on users' psychological well-being and self-esteem. In the modern world, social media plays a significant role in shaping self-perceptions and interactions with society. The paper discusses both positive and negative aspects of using social media platforms. Particular attention is given to the influence of social media on emotional state, self-esteem, and self-perception through virtual interactions. The conclusion emphasizes the importance of developing strategies for digital literacy and preventing the negative consequences associated with excessive or unconscious use of social media.

Keywords: *social networks, psychological well-being, self-esteem, digital literacy, social comparison.*

Кіріспе

Әлеуметтік медиа біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Әлеуметтік желілер миллиондаған адамдардың өмірінің маңызды бөлігіне айналды, әсіресе жастар арасында. Facebook, Instagram, Twitter, TikTok, YouTube және басқа платформалар

пайдаланушыларға қарым-қатынас жасау, мазмұнмен бөлісу, басқалардың өмірін бақылау және лүпіл, пікірлер түрінде мақұлдау алу мүмкіндігін ұсынады. Әлеуметтік медиа 2000-шы жылдардың басынан бастап қарым-қатынас мүмкіндіктерін кеңейте отырып, әлеуметтік тәжірибеге жаңа жол ашты. Соңғы зерттеулерге сәйкес адамдар күн сайын әлеуметтік желілерде 2,3 сағат жұмсайды. YouTube, TikTok, Instagram және Snapchat 2022 жылы жастар арасында барған сайын танымал бола бастады және жастардың үштен бірі бұл платформаларда тым көп уақыт өткізеді. Дүние жүзіндегі адамдардың әлеуметтік желілерде өткізетін көп уақыты зерттеушілердің назарын ықтимал артықшылықтар мен тәуекелдерге аударды. Зерттеулер көрсеткендей, шамадан тыс пайдалану негізінен психологиялық әл-ауқаттың төмендеуімен байланысты. Дегенмен, нәтижелер сонымен қатар әлеуметтік медианы пайдалану бұл пайдаланушының психикалық денсаулығын жақсартатынын немесе нашарлататынын анықтай алатынын көрсетеді [1, 2].

Негізгі бөлім

Әлеуметтік медиа әлеуметтік байланыстар мен құрдастарының қолдауын жеңілдету арқылы пайдаланушылардың психикалық денсаулығын жақсартуға мүмкіндік береді. Шынында да, онлайн қауымдастықтар стигматизация сезімін төмендететін және тиесілілік пен қабылданған эмоционалды қолдауды арттыратын денсаулық жағдайлары, жағымсыз өмірлік оқиғалар немесе күнделікті мәселелер туралы пікірталас кеңістігін қамтамасыз ете алады. Өзара достық, әлеуметтік қарым-қатынасты марапаттау және әлеуметтік желілердегі әзіл, сонымен қатар Covid-19 пандемиясы кезіндегі стрессті азайтты.

Екінші жағынан, бірнеше зерттеулер әлеуметтік медианы пайдаланудың психикалық денсаулыққа ықтимал зиянды әсерін көрсетті. Әлеуметтік медиа дене имиджінің қанағаттанбауына әкелуі мүмкін деген алаңдаушылық туды, тәуелділік пен кибербуллингке қатысу қаупін арттырады, фаббинг мінез-құлқына ықпал етеді және көңіл-күйге теріс әсер етеді. Шамадан тыс пайдалану жалғыздықтың жоғарылауына, бір нәрсені жіберіп алудан қорқуға, субъективті әл-ауқат пен өмірге қанағаттанудың төмендеуіне әкелді. Әлеуметтік медиаға тәуелділік қаупі бар пайдаланушылар депрессиялық белгілер мен өзін-өзі бағалаудың төмендігі туралы жиі хабарлайды.

Психологиялық әл-ауқатты адамның өміріне қанағаттануы, бақыт деңгейі, эмоциялық тұрақтылық пен гармонияның болуы ретінде анықтауға болады. Әлеуметтік желілердің бұл жағдайға әсері екіұшты. Бір жағынан, олар адамдарға қарым-қатынас, қолдау көрсету және эмоцияларды білдіру үшін алаң ұсына отырып, әл-ауқаттың жақсаруына ықпал етуі мүмкін. Егер байланыс пен өзара қолдау болса, әлеуметтік желілер өзін-өзі бағалауды, өзін-өзі жүзеге асыруды және жеке қарым-қатынастарды нығайтуда қуатты құралға айналуы мүмкін.

Екінші жағынан, әлеуметтік желілерде тұрақты белсенділік жалғыздық, қызғаныш, мазасыздық және депрессия сезімдеріне байланысты болуы мүмкін. Пайдаланушылар көбінесе «идеализация эффектісіне» тап болады, онда олар басқа адамдардың өмірінің тек жақсы жақтарын ғана көреді, бұл олардың өздерін дұрыс емес сезінуіне және өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Шетелдік зерттеушілердің кейбір ғылыми еңбектерінде ассертивтілік эмоционалды интеллекттің бір бөлігі ретінде де қарастырылады. Ассертивті тұлға өзінің жеке сезімдерін нақты анықтауға мүмкіндік беретін эмоционалды интроспекция қабілетіне ғана емес, сонымен қатар жеке импульстарды тиісті формада көрсетуге жеткілікті күшке ие деп саналады.

Өзін-өзі бағалау - ассертивті мінез-құлықтың маңызды құрылымдық құрамдастарының бірі. Іс-әрекеттегі өзін-өзі бағалау – адамның белгілі бір әрекетті орындаудағы табысын, осы қызметте табысқа жету үшін қажетті қасиеттерін, білімі мен дағдыларын бағалау.Жасөспірімнің өзін-өзі бағалауының қалыптасуына көптеген факторлар әсер етеді: ата-аналардың қарым-қатынасы, олардың құрдастар арасындағы орны, мұғалімдердің қарым-қатынасы. Шамамен 14-15 жаста жасөспірім өзін-өзі талдау, өзін-өзі бақылау және рефлексия дағдыларын игереді, өзінің қол жеткізген нәтижелерін талдайды және сол арқылы өзін бағалайды[4].

Өзін-өзі бағалаудағы өзгерістер жасөспірім тұлғасының дамуының маңызды бөлігі болып келеді. Бұл жаста өзін-өзі бағалау жасөспірімнің құрдастарымен тұлғааралық қарым-қатынасын дамыту факторы және өз кезегінде жасөспірімнің өзін-өзі бағалауын анықтайды. Жасөспірімдік шақ құрдастарымен және ересектермен тиімді қарым-қатынас жасауға ықпал ететін әлеуметтік маңызды дағдыларды дамытудағы анықтаушы жас болғандықтан, қазіргі уақытта жасөспірімдерде ассертивтіліктің өзін-өзі бағалауға әсерінің психологиялық ерекшеліктеріне ерекше назар аударылу қажет.

Жасөспірімнің өзін-өзі бағалауы әлеуметтік-психологиялық аспектіде қалыптасады және дамиды - құрдастарымен, ата-аналарымен, басқа маңызды ересектермен қарым-қатынасы, олармен қарым-қатынас сипаты өзін-өзі бағалаудың қалыптасуына шешуші әсер етеді. Дәл жасөспірімнің тұлғааралық қарым-қатынас жүйесі өзін-өзі бағалауды дамытудың анықтаушысы болып табылады.

З.С. Курбанованың зерттеулерінде қарым-қатынасты дұрыс құру туралы идеяларды дамыту, басқа адамдармен өзара әрекеттесу дағдыларын меңгеру, басқалармен адекватты қарым-қатынас құруға ықпал ететін жеке қасиеттерді дамыту оң нәтиже беретіні көрсетілген. Жасөспірімнің өзін-өзі бағалауы өз кезегінде оның құрдастарына қатынасын және олармен топтық қарым-қатынастағы мәртебесін анықтайды. Сонымен қатар, жасөспірімдік кезеңде өзін-өзі бағалаудың жеткіліксіздігі жасөспірімнің айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жүйесінің бұзылуына әкелуі мүмкін, соның нәтижесінде оның жеке және әлеуметтік сәйкестендіру процестері кешіктіріледі немесе жүзеге аспайды[1].Бұл өз кезегінде ассертивтілікпен тығыз байланысты, себебі жасөспірім шақ өте сензетивті, критикалық болады және мұнда қарым-қатынас маңызды рөл атқарады. Ал, ассертивтілік агрессивті

немесе пассивті реакцияға қарағанда ең тиімді, конструктивті қарым-қатынас жасау жолы болып келеді. Сондықтан, жасөспірімнің өзін-өзі бағалауына әсері айтарлықтай мол.

В.П. Шейнов қоғамдағы ассертивті мінез-құлықтың артықшылығын көрсетеді [2, б. 118]:

1. Адамдар арасындағы қарым-қатынастағы теңдік, өз құқықтарын қорғау;
2. Жеке дәрменсіздіктің алдын алу, адамның мүмкіндіктерін кеңейту;
3. Ассертивті адамдар табындық инстинктке аз ұшырайды;
4. Жеке тұлғаның талапшылдығы оның әлеуметтік жағдайлардағы табысын анықтайды (Р. Альберти мен М. Эммонстың тұжырымдары негізінде);
5. Ассертивті адамдар өз мақсаттарына үлкен табыспен жетеді;
6. Сыни жағдайларда ассертивтілік артықшылық береді.

В.П. Шейнов ассертивтілік адамға өз көзқарасын ұстануға, қоғамда өзінің жеке даралығын көрсетуге, белсенді позицияны ұстануға және өз көзқарасын қорғауға мүмкіндік береді деп тұжырымдайды. Оның үстіне осының бәрі адамды әлеуметтік табыстың шыңына жеткізеді. Ассертивті тұлға гуманистік психология тұрғысынан өзін-өзі жүзеге асыратын тұлға. А.Маслоудың пікірінше, өзін-өзі танытатын тұлға үшін орталық сапа – өмірді қабылдау, яғни өз-өзімен келісу және қоршаған әлеммен оның барлық кемшіліктерімен келісу [3, б. 28]. Сондай-ақ, өзін-өзі танытатын тұлға стереотиптік мінез-құлыққа бейім емес екенін атап өткен жөн. Біз атап өткендей, ассертивті тұлға заттарға сыни көзқараспен қарайды және сәйкесінше, табындық инстинктке бағынбайды.

Ассертивті адам оқуда табысқа жетуге деген жоғары мотивациямен, белгісіздік жағдайында шешім қабылдауға дайындығымен, мәселелерді шешуге сындарлы көзқарасымен, бір нәрсені тез және жақсы жасауға ұмтылуымен, жоғары деңгейге жетумен сипатталады. Ассертивті тұлға қызметінің бағыты көбінесе оның құндылық бағдарларымен анықталады.

Ассертивті деп басқалардан және жағдайлардан тәуелсіздікте, өз құқықтары мен пікірлерін өзін-өзі құрметтейтін және басқаларды құрметтей отырып қорғай білуінде көрінетін өзін-өзі растайтын мінез-құлық түсініледі. Бұнда маңызды критерийді өзін-өзі бағалау болып келеді. Сонымен, «ассертивтіліктің тұлғалық қасиет ретінде қалыптасуы ең алдымен адамнан оның мінез-құлқының қаншалықты өзінің бейімділігі мен импульстарымен анықталатынын және оның қаншалықты басқа біреу жүктеген көзқарастарымен анықталатынын білуді талап етеді»[5]. Сондықтан, жасөспірім ассертивті болуына өзін-өзі жоғары бағалауы тікелей әсер етеді.

«Өзін-өзі бағалау» және «ассертивтілік» ұғымдарының арасында өзара тығыз байланыс бар. Бұны төмендегі зерттеу нәтижелері көрсетеді. Өзін-өзі жоғары бағалау ассертивтілікке ықпал етеді, ал ассертивтілік өзін-өзі бағалауға оң әсер етеді. Олар бір-бірімен байланысты [7]. Ассертивті мінез-құлық өзіне және басқаларға деген сенімділік пен құрметті көрсетеді. Э. Онурдың пікірі бойынша [6], өзін-өзі төмен бағалау агрессивті және пассивті жеке қасиеттерді қалыптастырады, ал өзін-өзі жоғары бағалау жеке тұлғалық ерекшеліктерді қалыптастырады. М. Брух өзінің зерттеуінде жоғары ассертивті қатысушылар төмен ассертивті қатысушыларға қарағанда өздерін жоғары бағалайтындығын көрсетті. Осылайша, бұл автор өзінің алдындағы Р.Шварц пен Дж. Готтманның зертеулерін растады. Ассертивті мінез-құлқы жоғары адамдар күйзеліске қарсы тұра алады және өзін-өзі жоғары бағалауды сақтай алады [8]. Ассертивті мінез құлқы бар адамдар өзін-өзі жоғары бағалайды, сонымен қатар өмірде табысты болады . Олар өздерін және басқаларды құрметтейді, бәріне бірдей қарайды. Осының арқасында олар өз мүдделері үшін әрекет ете алады және артық алаңдаусыз өз құқықтарын талап ете алады; егер олар өздері жасағысы келмеген әрекетке "жоқ" деп айта алады; мақтауды қабылдайды және өз сезімдері туралы еш қиындықсыз айта алады. Мұның бәрі осындай адамдардың өмірін жеңілдетеді, ал айналасындағылар өздерін жайлы сезінеді; мазасыздық деңгейі төмендейді және тұлғааралық қатынастарда сенім деңгейі артады [9].

Қорытынды. Демек, жасөспірімдік шақ - бұл өзін-өзі бағалауды қалыптастыруға қолайлы баланың психикалық дамуының кезеңі, ол өзін-өзі бағалауды, өзінің қызметін, топтағы позициясын және басқа мүшелерге деген көзқарасын қамтиды. Жасөспірімнің өзін-өзі бағалауын қалыптастыру үшін әлеуетті ресурстарға ішкі ұстаным, құрдастарымен және

ересектермен қарым-қатынас, мектептегі оқу іс-әрекетін ұйымдастыру ерекшеліктері және педагогикалық бағалау, сондай-ақ тәрбие стилі мен отбасылық құндылықтар жатады. Ол өмірдің әртүрлі салаларын қамтуда үлкен тұрақтылық пен жан-жақтылыққа ие болады; өзін-өзі бағалаудың мазмұндық аспектісі білім беру іс-әрекетінен құрдастарымен қарым-қатынасқа және адамның физикалық қасиеттеріне қарай тереңдейді және қайта бағдарланады. Бұл өзін-өзі бағалау іс-әрекеттің табысты болуына, топтағы жасөспірімнің мәртебесіне және оның басқа адамдармен қарым-қатынасы мен қарым-қатынас процесіне тікелей әсер етеді.

Ассертивті мінез-құлық дағдыларын дамыту мәселесін зерттеу әсіресе жасөспірімдік кезеңде маңызды, өйткені бұл сәт тұлғаның дамуы мен дүниетанымының қалыптасуында іргелі болып табылады. Бұл кезеңде одан әрі өзін-өзі анықтау, мамандық пен жалпы өмір жолын таңдау, өзіне және таңдауына жауапкершілікті ала білу, отбасы мен қоғамда жаңа ұстанымды қабылдау сияқты маңызды мәселелер шешіледі.

Ассертивті мінез-құлықтың жоғары деңгейі жасөспірімдердің мектеп жағдайында бейімделу процестерін айтарлықтай жақсартады, олардың әлеуметтенуіне жақсы әсер етеді және олардың әлеуметтік табысқа жетуінің, өзін-өзі іске асыруының және өзін-өзі жүзеге асыруының векторын белгілейді.

Әдебиеттер

1. Курбанова З. С. Проблема развития самооценки личности подростка под влиянием взаимоотношений со сверстниками // Изв. Юж. федер. ун-та. Технические науки. 2006. - № 13. - С. 91–94.

2. Шейнов В.П. Ассертивное поведение: оценки и свойства // Российский психологический журнал. – 2014. – № 11. – С. 55-64.

3. Шейнов В.П. Детерминанты ассертивного поведения // Психологический журнал. – М.: Наука, 2015. – Т. 36. – № 3. – С. 28-37.

4. Попова И.В. Особенности ассертивного поведения в подростковом возрасте. Дисс. Канд.психол. наук. СПб. 2011 г. 236 с.

5. Степанов С.С. Популярная психологическая энциклопедия. – М.: Эксмо, 2005.

6. Blanka M., Ma A., Raul C. Niveles de asertividal, perfil sociodemografico, dependencia a la nicotina y motivos para fumar en una poblacion de fumadores que acude a un tratamiento para dejar de fumar (Spanish) // Salud Mental. 2010. Vol. 33. - No. 6. - P. 489-497.

7. Holroyd B., Rowley J., Edwards P. Assertiveness in nursing practice: an action research and reflection project //Contemporary Nurse: A Journal for the Australian Nursing Profession. 2005. - Vol. 20. - No. 2. - P. 234–247.

8. Maier K. J., Goble L. A., Neumann S. A. Dimensions across measures of dispositional hostility, expressive style, and depression show some variation by race/ethnicity and gender in young adults // Journal of Social and Clinical Psychology. 2009. - Vol. 28. - No. 10. - P. 1199–1225.

9. Alberti R., Emmons M. Stand up, speak out, talk back: The key to assertive behavior. San Louis Obispo, California: Impact Publishers, 1975

ҚАРЖЫЛЫҚ СТРЕСС ПЕН ТҰЛҒАНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫНЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫН ЗЕРТТЕУ

Тлеубай А.О., Бердібаева С.Қ., Есекина Н.Т.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Бұл мақалада түрлі өмірлік ситуацияларға байланысты пайда болатын стресс және қаржының жетіспеушілігінен туындайтын қаржылық стресс мәселесі қарастырылады. Қаржылық стресс адамдарға әртүрлі жолдармен әсер етеді. Ақшаның үнемі жетіспеушілігі когнитивті қабілеттерге теріс әсер етеді, шоғырлануды нашарлатады. Сонымен қатар, тұлғаның өзін-өзі бағалауының төмендеуіне, жұмыс белсенділігінің және мотивацияның төмендеуіне тікелей теріс әсер етеді. Қаржылық стресті бастан кешіріп жатқан адам жұмыста көбірек қателіктер жібере бастайды, дұрыс емес шешімдер қабылдайды немесе оларды қабылдаудан мүлдем бас тартады. Стресс, соның ішінде ақшалай қиындықтардан туындаған, адамның шамадан тыс жұмыс істеуін, ұйқысыздықты тудырады, есте сақтау қабілетін нашарлатады — мұның бәрі өнімділік пен ұтымды әрекет ете алмауға әсер етеді.

Түйін сөздер: *стресс, қаржылық стресс, өзіндік бағалау, мазасыздық, күйзеліс.*

В статье рассматриваются проблемы стресса, возникающие в различных жизненных ситуациях, а также финансовый стресс, который возникает вследствие нехватки денег. Финансовый стресс оказывает различное влияние на людей. Постоянная нехватка денег негативно сказывается на когнитивных способностях, снижает концентрацию внимания. Также это оказывает прямое негативное влияние на снижение самооценки личности, снижение трудовой активности и мотивации. Человек, переживающий финансовый стресс, начинает совершать больше ошибок на работе, принимает неправильные решения или вообще отказывается их принимать. Стресс, включая вызванный финансовыми трудностями, может привести к переутомлению, бессоннице, ухудшению памяти — всё это сказывается на продуктивности и способности к рациональному действию.

Ключевые слова: *стресс, финансовый стресс, самооценка, тревожность, напряжение.*

This article addresses stress that arises in various life situations, as well as financial stress caused by the lack of money. Financial stress affects people in different ways. The constant shortage of money negatively impacts cognitive abilities and reduces concentration. Additionally, it directly affects the decline in self-esteem, work activity, and motivation. A person experiencing financial stress begins to make more mistakes at work, makes wrong decisions, or completely refrains from making decisions. Stress, including that caused by financial difficulties, leads to overwork, insomnia, and worsens memory, all of which affect productivity and the ability to act rationally.

Keywords: *stress, financial stress, self-esteem, anxiety, strain.*

Қаржылық стресс - бұл қаржы себеп болатын адамның стресстік-ыңғайсыз жағдайы. Ол ақшаға қатысты үнемі алаңдаушылықпен сипатталады, мұнда кез - келген ақша сұрақтары жағымсыз эмоцияларды тудырады. Атап айтқанда - ашулану, реніш, көңілсіздік, қызғаныш, қорқыныш [1].

Қаржылық стресс - бұл қаражаттың жетіспеушілігі туралы үнемі алаңдаушылықпен бірге жүретін ыңғайсыз жағдай. Адам ақша мәселелеріне әуестенеді және өзінің қаржылық жағдайына тоқтаусыз алаңдайды. Психикалық және эмоционалдық шиеленіс ашу немесе қорқыныш сияқты жағымсыз эмоцияларды тудырады.

Қаржылық мәселелер бәріне таныс және адамдардың көпшілігі кейде ақшаның жетіспеушілігінен мазасызданады. Алайда, көптеген адамдар үшін ақша күйзелісі өмірді бұзатын күрделі мәселеге айналуы мүмкін: ақша туралы үнемі алаңдаушылық жұмысқа, оқуға, қарым-қатынасқа назар аударуға мүмкіндік бермейді, жеке жетістіктерден ләззат алуды төмендетеді, Өмірдің кішкентай қуаныштарын сезінуге кедергі келтіреді.

Қаржының жетіспеушілігінен туындаған ұзаққа созылған стресс жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін, мысалы:

Психологиялық - ұйқы проблемалары, созылмалы шаршау, дүрбелең шабуылдары, апатия, депрессия;

Әлеуметтік - достармен және отбасы мүшелерімен қақтығыстар, әріптестермен қарым-қатынастағы қиындықтар, адамдармен байланысын жоғалту;

физиологиялық - жүрек және қан тамырлары аурулары, жоғары қан қысымы, созылмалы аурулардың өршуі [2].

К. Роджерстің көзқарасы бойынша, тұлғалық «Мен» — бұл ішкі механизм, ол рефлексиялық ойлау негізінде, сыртқы әсерлердің ықпалымен қалыптасады. Оның қалыптасуының бастапқы кезеңінде айналасында бағалаушы және аффективті ұстанымдар топталып, оған «жақсы» немесе «жаман» сапалары беріледі, яғни, «жақсы» немесе «жаман» сапа арқылы тұлға өзін бағалайды [3]. Бұл бағалаушы сәттерді ішке сіңіру (интериоризация) мәдениет арқылы, басқа адамдар және өзіндік «меннің» өзі арқылы жүзеге асады [4].

Ресейлік психологиялық «Мен-концепциясына» арналған зерттеулерге Т. Шибутани, А.А. Налчаджян, В.С. Агеев және басқалардың жұмыстары арналады. Олар өзіндік бағалау мен өзіндік «меннің» арақатынасын салыстыру арқылы ажыратып көрсетті. Өзін-өзі тану және оның жеке аспектілеріне арналған зерттеулерді В.В. Столин, И.С. Кон, С.Р. Пантелеев және басқалар жүргізген [5].

К. Хорни адамның нақты «менін» жүзеге асырудың маңыздылығына үлкен көңіл бөлді. Оның түсіндіруі бойынша бұл жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асырудың негізгі процесі болып табылады. Ал өзін идеалды, қорғаныштық «Менмен» сәйкестендіру, идеалды өзіндік

бейнемен сәйкестену ішкі қақтығыстарды, невроздарды, яғни, түрлі өзі туралы жағымсыз пікірлер және өзін-өзі жек көруді тудырады, нәтижесінде адам үнемі «өзін жоғары және барлық нәрседен күшті сезіну мен өзінің абсолютті мағынасыздығын» сезіну арасында теңгерімсіздікке ұшырайды. Өзінің жасаған әрекеттерін өзгелердің жасаған іс-әрекеттерімен салыстыра бастайды. Психоаналитикалық бағыттың алдыңғы қатарлы өкілдерінің көзқарастарын қорытындылай отырып, Р. Уайт өзін-өзі бағалаудың феноменін былайша сипаттады, ол осы теориялардан алынған тұжырымдарды қорытындылай келе: «Психоаналитикалық теориялардағы ең кең таралған принципке сәйкес, өзін-өзі бағалау эго мен жоғарғы эго арасындағы қарым-қатынастарға негізделеді. Жоғарағы эго - нағыз нарциссистік бәрін қамтитын күштің сақтаушысы болып табылады, яғни, барлығын жасауға міндетті және ең жоғарғысы болу керек деген ұстанымды қалыптастырады. Ал Эго өзін-өзі бағалауды шындықта идеалдың ұсынылған деңгейіне сәйкес қанағаттандырады.

Егде жастағы адамдар, еңбекке қабілетті халықтың басқа мүшелерімен салыстырғанда, физикалық және ақыл-ой қабілеттерінің төмендеуіне байланысты қаржылық қиындықтардың айтарлықтай жоғары қаупіне ұшырайды. Егде жастағы кедейлік жиі кездеседі және оның денсаулық пен әл-ауқатқа теріс әсер етіп, стресстік жағдай мен өзіндік бағалауға кері әсерін тигізуі мүмкін [6].

Шетелдік және отандық психологиялық жұмыстардағы зерттеу объектісі ретінде өзін-өзі бағалау ұзақ уақыт бойы артықшылықты жағдайға ие болды, бұл өзін-өзі бағалау проблемаларымен тікелей байланысты басылымдардың жалпы көлемінің үздіксіз өсуі фактісімен дәлелденді [7].

Алдымен өзін-өзі бағалау теориясын 1890 жылы американдық психолог **Уильям Джеймс** ұсынды. Ол өзін-өзі бағалауды анықтау үшін қарапайым формуланы қолданып, өзін-өзі бағалау біздің мақсаттарымызға, құндылықтарымызға және өз әлеуетіміз туралы не ойлайтынымызға бөлінген жетістікке тең деп тұжырымдады. Яғни, егер біздің нақты жетістіктеріміз аз болса және біздің болжамды әлеуетіміз бен мақсаттарымыз жоғары болса, біз өзімізді сәтсіздікке ұшыраймыз деп санаймыз. Керісінше, егер біздің жетістігіміз күткеннен асып кетсе, біз өзімізді керемет сезінеміз және өзімізді бағалауымыз артады [8].

Психологиялық зерттеулерден өзін-өзі бағалауы төмен адамдарда мазасыздық, депрессия, сенімсіздік, тәуелділік сияқты жеке қасиеттер бар екендігі белгілі; олар тұлғааралық қарым-қатынаста үлкен қиындықтарға тап болады, олар көбінесе басқалар олар туралы жаман ойлайды, оларды жақсы көрмейді; олар аз әлеуметтік, жалғыздықты жиі сезінеді; бастамашылық пен табандылықтың жоқтығымен ерекшеленеді; олардың мақұлдау қажеттілігі анағұрлым айқын; олар стресстік жағдайларда немесе сәтсіздіктерде аз тиімді жұмыс істейді, ал стресстен кейінгі кезеңде олар бастапқы орындау деңгейіне баяу оралады; олардың кәсіби болашағы қауіпті және қараңғы болып табылады және шынымен де жұмысқа қанағаттанбау, сондай-ақ өмірінің барлық аспектілеріне қанағаттанбау ықтималдығы жоғары.

С. Эпштейннің пікірінше, өзін-өзі бағалаудың иерархиялық құрылымы бар және үш өзара әрекеттесетін деңгейден тұрады. Бұл иерархияны пирамиданың түрінде көрсетуге болады, оның негізінде даму процесінде орныққан және әсер етуші ең тұрақты және маңызды деңгей — базалық өзін-өзі бағалау орналасады. Одан кейін өмірдің әртүрлі салаларындағы өзін-өзі бағалау деңгейін көрсететін аралық деңгей келеді. Үшінші деңгей — бұл ең айқын және жағдайлық ерекшеліктерді көрсетеді: күнделікті өзгеріп отыратын, әртүрлі параметрлер бойынша өзін-өзі бағалаудың шешімдері. Психоанализ, бихевиоральды және когнитивті психология бағыттарында өзін-өзі бағалау феномені зерттелуінен бөлек, гуманистік бағыт тұрғысынан да қызығушылық тудырады. Өзінің гуманистік бағыты аясында өзін-өзі бағалауды зерттеген танымал және кеңінен оқылатын авторлардың бірі Натаниэль Бранден болып табылады. Ол өзін-өзі бағалауды экзистенциалды қажеттілік ретінде анықтап, өзін-өзі бағалауды қалыптастырудың сыртқы және ішкі факторлар әсерін зерттеген. Өзін-өзі бағалау — бұл ішкі жұмыс нәтижесі, және Н. Бранденнің пікірінше, онымен тікелей жұмыс жасау мүмкін емес, ни өзіміздің, ни басқа адамдардың өзін-өзі бағалауымен. Теориялық талдау мен психотерапевтік тәжірибеде ол өзін-өзі бағалауды қалыптастыруға көмектесетін алты негізгі

практикалық бағытты анықтады. Н. Бранден бұл бағыттарды «өзін-өзі бағалаудың бағандары» деп атады. Ол өзін-өзі бағалауды қалыптастыруға арналған белгілі бір жаттығулар мен апталық бағдарлама ұсынды.

Н. Бранден С. Куперсмиттің еңбектерінде өзін-өзі бағалау мәселесін зерттеуде үздіктердің бірі ретінде танылады. Мысалы, С. Куперсмит бойынша өзін-өзі бағалау өз маңыздылығына, табыстылығына, құндылығына және қабілеттілігіне сену арқылы байланыстырылған. Н. Бранден орташа типтегі өзін-өзі бағалау құндылық және біліктілік сияқты оң мәндермен сәйкес келеді, бірақ жоғары өзін-өзі бағалауы бар адамдарға қарағанда ол салыстырмалы түрде соншалықты жоғары емес. К. Мрук бұл типтің өзін-өзі бағалауы аутентикалық өзін-өзі бағалаумен салыстырғанда әлдеқайда жиі кездесетінін айтады. Осы типтегі адамдар, әдетте, өздеріне сенімді және өз құндылықтарын сезінеді, бірақ оларды жоғары өзін-өзі бағалауы бар адамдар сияқты жаңа тәжірибеге дайын немесе тәуелсіз деп сипаттауға болмайды. Уақытша болатын алаңдаушылық, сенімсіздік немесе қорғаныссыздық сезімі жалпы өмір сапасына айтарлықтай әсер етпейді, сонымен қатар осы типтегі адамдарды қоршаған ортаға сезімтал болуға мүмкіндік береді. Төмен өзін-өзі бағалау типі өзін-өзі бағалаудың негізгі факторларының, яғни өз құндылығын және біліктілігін сезінудің төмен дәрежесімен сипатталады. Зерттеулерге сәйкес, теріс өзін-өзі бағалауы бар адамдар жоғары өзін-өзі бағалауы бар адамдарға тән қасиеттерге қарама-қарсы қасиеттерге ие болады. Мысалы, қалаған нәрсеге қол жеткізу үшін тәуекелге барудың орнына олар сәтсіздікке ұшыраудан қорқып, оны болдырмау стратегияларын таңдайды. Өзін-өзі бағалаудың төмен деңгейін сезіну адамның автономиясын жоғалтуына және тәуелді мінез-құлықтың жоғарылауына әкелуі мүмкін [9].

Қаржылық қиындықтардың екі негізгі түрі бар. Біріншісі - ағымдағы қажеттіліктерге және несиелерге ақша тапшылығы. Екіншісі - әртүрлі объективті (ауру, жұмысынан айырылу) немесе субъективті (ұтымсыз шығындар, сәтсіз инвестициялар) себептерге байланысты әдеттегі өмір сүру деңгейі тез төмендеген кезде қаржылық жағдайдың күрт нашарлауы.

Нәтижесінде шығындардың мәжбүрлі шектелуі, өмір сапасының нашарлауы басталады. Адам өзіне және ертеңге деген сенімін жоғалтады. Отбасылық проблемалар мен келіспеушіліктердің өршу қаупі артады. Тұрақты кірістер мен жинақтардың болуы психологиялық тұрақтылықтың, адамның өз қабілеттері мен қабілеттеріне деген сенімділігінің маңызды факторы болып табылады.

Қаржылық қиындықтар мен ақшаның үнемі жетіспеушілігінен туындаған күйзелісте адамның интеллектуалды және физикалық мүмкіндіктері кірісті ұлғайту, жұмыс орнын ауыстыру және қаржылық мінез-құлықтың ақылға қонымды стратегиясын таңдау үшін азаяды.

Қорытындылай келе, стресс адамдарға әртүрлі жолдармен әсер етеді. Біреудің қысқа дүрбелеңі бар, ол тез өтеді және қиын қаржылық жағдайдан ұтымды жол іздеуге қайта оралуға мүмкіндік береді. Ақшаның үнемі жетіспеушілігі когнитивті қабілеттерге теріс әсер етеді, шоғырлануды нашарлатады. Адам жұмыста көбірек қателіктер жібере бастайды, дұрыс емес шешімдер қабылдайды немесе оларды қабылдаудан мүлдем бас тартады. Стресс, соның ішінде ақшалай қиындықтардан туындаған, адамның шамадан тыс жұмыс істеуін, ұйқысыздықты тудырады, есте сақтау қабілетін нашарлатады — мұның бәрі өнімділік пен ұтымды ойлауға әсер етеді.

Әдебиеттер

1. Максим Темченко. Лекарство от финансового стресса. 2017. 5-6 с.
2. Канер А., Вольф Э.Н. Бедность по доходам в Соединенных Штатах, 1984-99 годы: данные группового исследования динамики доходов. Обзор доходов и богатства. 2004; 50:493-518 с.
3. Роджерс К. Клиент - центрированная психотерапия. Становление личности. / Искусство консультирования и терапии. М. - 2002. – С.23-27.
4. Роджерс К.Р. Становление личности: Взгляд на психотерапию. М.: Эксмо-Пресс, 2001. – С.18-21.
5. Налчаджян А. А. Социально-психологическая адаптация личности. Ереван: АН Армянской ССР, 1988. – С. 32-34.
6. Троицкий М.С. Стресс и психопатология (обзор литературы) // Вестник новых медицинских технологий. Электронное издание. 2016. – С. 14-15.

7. Молчанова О.Н.. Низкая самооценка: восемь проблем/ психологический журнал.
8. Виктория Саитова. Статья. Как воспитать в себе адекватную самооценку
9. Тепл и др., 1989; Brecht, 1996; Emler, 2001; Rosenberg, 1965.

ДІНИ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР МЕН РӘСІМДЕРДІҢ ТҰЛҒАНЫҢ СТРЕССКЕ ТӨЗІМДІЛІГІН АРТТЫРУҒА ӘСЕРІ

Қаймұханова Ж.Ж., Тленчиева Н.С.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Мақалада діни психологияның маңызды аспектісі, атап айтқанда, стресс пен стрессқе төзімділікті діни тұрғыдан зерттеу қарастырылады. Дін мен психологияның арақатынасы, адамның ішкі жан дүниесін тыныштандыру, эмоционалдық және психикалық тепе-теңдікті сақтаудағы діннің маңызы ерекше болып келеді. Онда діни ғұрыптар мен рәсімдердің адамдарға қалай әсер етіп, стресс кезінде психологиялық жағдайын өзгертуге болатыны түсіндіріледі. Діни әдет-ғұрыптар мен рәсімдер стрессті азайтуда, ақыл-ойды тыныштандыруда және төзімділікті арттыруда маңызды рөл атқарады деп саналады. Бұл мақалада діннің адам санасына әсер ету механизмі түсіндіріліп, діни ғұрыптар мен рәсімдердің стрессқе төзімділікті арттыратын әсері бар екені негізделеді.

Түйін сөздер: *дін психологиясы, стресс, стрессқе төзімділік, діни рәсімдер мен ғұрыптар.*

В статье рассматривается важный аспект религиозной психологии, а именно исследование стресса и стрессоустойчивости с религиозной точки зрения. Особенна связь религии и психологии, значение религии в успокоении внутренней души человека, сохранении эмоционального и душевного равновесия. В ней объясняется, как религиозные обряды и ритуалы могут влиять на людей и изменять их психологическое состояние во время стресса. Считается, что религиозные практики и ритуалы играют важную роль в снижении стресса, успокоении ума и повышении устойчивости. В данной статье объясняется механизм влияния религии на сознание человека и доказывается, что религиозные обряды и ритуалы обладают эффектом повышения стрессоустойчивости.

Ключевые слова: *психология религии, стресс, стрессоустойчивость, религиозные обряды и ритуалы.*

The article examines an important aspect of religious psychology, namely the study of stress and stress resistance from a religious point of view. The connection between religion and psychology is special, the importance of religion in calming the inner soul of a person, maintaining emotional and mental balance. It explains how religious rites and rituals can influence people and change their psychological state during stress. It is believed that religious practices and rituals play an important role in reducing stress, calming the mind and increasing resistance. This article explains the mechanism of the influence of religion on human consciousness and proves that religious rites and rituals have the effect of increasing stress resistance.

Keywords: *psychology of religion, stress, stress resistance, religious ceremonies and rituals.*

Қазіргі уақытта қоғам депрессия, стресс сияқты көптеген психологиялық қиындықтарға тап болған кезде, тұлғаның эмоционалды қиындықтарға төзімділігі мәселесі әсіресе өзекті бола бастайды. Діни тұлға, осы тұрғыда, эмоционалды қолдау мен психологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ете алатын нанымдар мен рәсімдерге негізделген осындай жағдайларды тиімдірек басқара алатындығымен ғалымдардың назарын аударады. Діни көзқарастың эмоционалды әл-ауқатқа қалай әсер ететінін зерттеу діни тәжірибелер мен нанымдардың жағымсыз эмоционалды жағдайларға қарсы қорғаныс тосқауылы бола алатынын түсінуге көмектеседі. Бұл мақала діни нанымдар мен тәжірибелер стресстік күйлермен жақсы күресуге ықпал ететін, осылайша діни тұлғалардың өмір сапасы мен психологиялық денсаулығын жақсартатын механизмдерді анықтау мақсатында діндарлық пен эмоционалды тұрақтылықтың өзара байланысы туралы бар деректерді жүйелеуге және талдауға тырысады.

Стрессқе төзімділік - адамға қолайсыз жағдайларға сәтті бейімделуге және стресстік жағдайлардан шығуға мүмкіндік беретін маңызды қабілет. Қазіргі ғылыми зерттеулер діни рәсімдердің адамның психологиялық тұрақтылығын арттыруда маңызды рөл атқаратынын растайды. Салттық тәжірибелер адамның тұрақты эмоционалдық күйге жетуіне көмектесе отырып, психика мен физиологияға күрделі әсер етеді.

Діни ғұрыптарға қайталанбас қасиеттері бар ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлер жатады. Атап айтқанда, олар күнделікті өмірде тұрақты құрылымды жасайды, бақылау сезімін арттырады және қауымдастық сезімін ұсынады. Бұл адамның стресстің эмоционалдық және физиологиялық көріністерін жеңуге мүмкіндік беретін бейімделу қабілетіне оң әсер етеді.

Психология мен әлеуметтануды зерттеуде діндарлық адамның эмоционалды күйіне және жалпы әл-ауқатына терең әсер етуі мүмкін екендігі бұрыннан анықталған. Бұл қатынастың теориялық негіздері психоанализден бастап когнитивті психологияға дейінгі ойлаудың әртүрлі бағыттарынан бастау алады. Бұл қарым-қатынастың негізгі аспектілерінің бірі-дін адамға өмірлік оқиғаларға, әсіресе қиын кезеңдерге мән беруге көмектесетін сенім жүйесін ұсынады. Діни ілімдер көбінесе қайғы-қасірет, оның мәні және оны жеңу жолдары туралы түсініктерді қамтиды, бұл діни адамдарға эмоционалды дағдарыстармен күресу үшін ресурстар береді [1].

Тәжірибе деңгейінде көптеген діндер эмоцияларды реттеуге және стресс деңгейін төмендетуге көмектесетін рәсімдер мен дұғаларды ұсынады. Мысалы, медитация мен дұға сенушілерге ойлау, өзін-өзі тану және ішкі үйлесімділік үшін уақыт пен кеңістік бере отырып, психологиялық тепе-теңдікке жетудің тетіктері бола алады. Мұндай тәжірибелер мазасыздық деңгейін төмендетуге және көңіл-күйді жақсартуға көмектеседі, өзіңізді күнделікті мәселелерден бөліп, рухани өсу мен жеке дамуға назар аударудың жолын ұсынады. Зерттеулер діни рәсімдерге үнемі қатысу психикалық денсаулықтың жақсаруымен және өмірлік қанағаттану деңгейінің жоғарылауымен байланысты екенін растайды.

М.Е. Райан және А.Дж. Фрэнсис Құдайға сену психикалық әл-ауқатқа әсер етуі мүмкін деп көрсетті. Олар бақылау локусының үш түрін анықтады: ішкі, сыртқы және трансценденттік. Бірінші жағдайда, адам болып жатқан нәрсе өзіне, екіншісінде - Құдайға, үшіншіде - адамның Құдайды түсінуіне байланысты деп санайды. Зерттеу ішкі бақылау локусында және адам "Құдайды түсініп, онымен ынтымақтасатын" жағдайда - қалпына келтіру тезірек және сәтті болады, бірақ адам Құдайға толық үміттенген кезде - нәтижелер нашар болады деген қорытындыға келді [2]. К.Пергамент те осыған ұқсас мәлімдемелер жасайды. Ол стрессті жеңудің үш стратегиясын анықтайды: 1) "бірлескен", онда адамдар стресстік оқиғаларды жеңу үшін Құдаймен ынтымақтасады; 2)" күту", бұл жағдайда адамдар Құдайға үміттеніп, олар үшін барлық нәрсені шешуге мүмкіндік береді; 3) «өзіндік», бұл жағдайда адамдар Құдайға сенім артпайды, тек өз күш-жігерімен проблемаларды шешуге тырысады. Автор стресс кезінде сенім жағдайды жақсартуға үміт береді, бірақ сонымен бірге адам әрекет етуді жалғастыруы керек дейді. Оның пікірінше, ең табыстысы «бірлескен» күресу стратегиясы [3].

Ясин М.И. діни адамдардың стресске қарсы тұруының маңызды факторлары: біріншіден, діни топтың психологиялық қолдауы деген қорытындыға келеді. Діндар қауымында адамдар арасындағы жұмсақ қарым-қатынас және өзара қолдау мен көмек қабылданады, бұл психологиялық тұрғыдан да, практикалық көмек деңгейінде де стресс қаупіне көмектеседі. Екінші фактор – «мейірімді Құдайға» сену, ол діни адамдардың бір бөлігіне ғана қатысты, бірақ Құдайдың кешірімді және мейірімді бейнесі стресстің төмендеуімен анық сәйкес келеді. Үшіншіден, белсенді өмірлік ұстаным және ішкі бақылау локусы қажет. Егер адам «Құдаймен ынтымақтасу» стратегиясын таңдаса, оған сенсе және Құдайдың жақын екенін сезінсе – оның стресс факторларымен күресу мүмкіндігі артады [4].

Веттер дұғаға егжей-тегжейлі талдау жасайды. Әдетте адам мінез-құлықтың бұл түріне бала кезінен үйренеді, бұл әрекет тек тақуалық көрінісі ғана емес, сонымен бірге интеллектуалды жетістік болып табылады. Қалай болғанда да, баланың сеніміне мақтау арқылы қол жеткізіледі. Сондықтан әлеуметтік мақұлдау кондициялау процесінің алғашқы қадамын қамтамасыз етеді. Әрбір тамақ алдында айтылатын дұға бірте-бірте аштықты қанағаттандыру сезімімен және одан кейінгі релаксациямен байланысты бола бастайды. Ұйықтар алдында дұға ету уайым мен алаңдаушылықты жеңілдететін болса керек. Мазасыздық немесе кез келген қажеттілік жағдайында дұғаның сансыз қайталануы әрқашан жағымсыз жағдайдың аяқталуына әкеледі және бірте-бірте дұға стресстік жағдайға болжамды жауапқа айналады.

«Эмоционалды стресстен құтылу дұға әлі оқылып жатқанда болады... Дұға қайғыда айтылғандықтан әдет болып сақталады. Дұғаның қабылданатын, сол арқылы оны күшейтетін көптеген жағдайлары бар. Ал ресейлік экспериментаторлар «жоғары реттелген кондиция» деп аталатын процестерге негізделген (немесе оны «сыйақы» деп атаған теоретиктердің «екінші реттік күшейту», ол соған әкелетін мінез-құлық тізбегін бекітеді) дұға ететін адамның белсенділігінің өзі бұрын тек органикалық процестердің реттелуіне байланысты болған тепе-теңдіктің жеделдеуіне әкеледі. Бұл жағдайда дұғалар оларды қолданатындар үшін эмоционалды әсерге ие болады. Бір кездері оқиғаларды оңтайлы өзгертуге немесе қайғы-қасірет пен фрустрация күйін азайтуға қызмет еткен кондициялау процесі арқылы дұға оқу эмоционалдық күйді немесе бойсұнуды тез тудыруы мүмкін. Бұл, қажет болған жағдайда, дұғадан басқа салттық әрекеттерге де қатысты» [5].

Эндорфиндердің ашылуы психологиялық антропологияда жанды жауап алды. Ұйымдастыру тұрғысынан бұл 1980 жылы Монреалда өткен «Шаманизм және эндорфиндер» конференциясында айтылды, онда антропологтар нейрохимиктермен бірге осы күрделі мәселені талқылады. Эндорфиндердің ашылуымен шаманистік типтегі рәсімдер кезінде және өзгеру кезінде адаммен болатын бірқатар процестердің нейрохимиялық корреляциясы табылды. Адамның ішкі энергия қорларын белсендіруге мүмкіндік беретін процестерді түсінуде тағы бір қадам жасалды. Конференцияны ұйымдастырушылардың бірі Р.Принс «Шамандар және эндорфиндер: синтез гипотезалары» атты мақаласында шамандық типтегі барлық емдік рәсімдердің әмбебап сипаттамасының болуын ұсынды. Бұл гиперстресстегі адам уақыт өте келе төтенше жағдайларда күтпеген жерден ерекше тыныштық пен тіпті бақытты сезінеді. Көбінесе діни тұрғыда мұндай өзгеріс "құдіретті қорғаушы", Құдайдың араласуы ретінде бағаланады. Бұл құбылыс тек дәстүрлі емес, қазіргі қоғамға да тән. Социологиялық зерттеулерге сәйкес, АҚШ пен Англияда респонденттердің 30% -ы өмірінде кем дегенде бір рет осындай сезімдерді бастан өткерген (суперстресстен бақытқа көшу), ал 5% -ы жиі кездеседі. Р. Принс барлық осы құбылыстарды эндорфиндердің критикалық деңгейімен байланыстырады. Бір қызығы, бұл бейімделу жүйесі өмірлік дағдарыстар кезінде ғана емес, сонымен қатар ритуал жағдайында, сондай-ақ ұйқы кезіндегі гиперстрессті жағдайларда да жұмыс істейді. Канадалық ғалым бұл құбылыс психологиялық тұрақтылық пен жағымды эмоционалды тонусты қорғайтын АНС гомеостатикалық физиологиялық механизмінің психологиялық аналогы деп санайды [6].

Діни ғұрыптар мен рәсімдер адамның психофизиологиялық күйіне жан-жақты әсер етіп, оның стресске төзімділігін арттырады. Олар алаңдаушылықты жеңілдететін және эмоционалды әл-ауқатты жақсартатын болжамды құрылымды жасауға көмектеседі. Рәсімдер сонымен қатар қоғамдастық пен қауіпсіздік сезімін тудыру арқылы әлеуметтік қолдауды қамтамасыз етеді, бұл зерттеулер адамның стрессті жеңу қабілетін арттыратынын көрсетеді.

Қорытындылай келе, бұл зерттеу діндарлық адамның эмоционалдық әл-ауқатында, әсіресе стресс сияқты қиын жағдайлармен күресу контекстінде маңызды рөл атқаратынын атап өтуге болады. Теориялық негіздерді, күресу тетіктерін және эмпирикалық дәлелдерді талдау діни сенімдер мен тәжірибелер психикалық денсаулықты жақсартудың тиімді стратегияларын қамтамасыз ететінін көрсетеді. Бұл әсіресе үміт, мағына, әлеуметтік қолдау және дұға және медитация сияқты жеке өзін-өзі рефлексиялау тәжірибесін қамтамасыз ету салаларында байқалады. Сонымен қатар, діндарлықтың барлық аспектілері психикалық денсаулыққа оң әсер етпейтінін атап өту маңызды, бұл діни белсенділіктің ең қолайлы түрлерін анықтауға көмектесетін тәсілдерді әрі қарай зерттеу және әзірлеу қажеттілігін көрсетеді. Бұған қоса, діни қауымдастықтар мен көшбасшылардың рөлі қиыншылықтар арқылы сенушілерді қолдау және бағыттау процесінде маңызды болып табылады. Қорытындылай келе, діндарлық пен психикалық денсаулық арасындағы байланысты түсіну психологиялық көмек пен әлеуметтік жұмыста неғұрлым мақсатты және мәдени бейімделген тәсілдерді дамытуға негіз бола алады, бұл сайып келгенде халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсартуға ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Эллисон А., Сандерс К. «Психология и религия: теория и практика». М.: Академический Проект, 2020. - 320 с.
2. Ryan M.E., Francis A.J.P. Locus of control beliefs mediate the relationship between religious functioning and psychological health // Journal of Religion and Health. 2012. - Vol. 51 (3). - P. 774-785.
3. Pargament K.I. The Psychology of Religion and Coping: Theory, Research, Practice // New York, Guilford Press. 2001. - 548 p.
4. Ясин М. И., Гусева Е. С. Религиозность, дистресс и здоровье // Вестник Удмуртского Университета. Серия Философия. Психология. Педагогика. – 2017. – Т. 27. № 1. – с.46-51.
5. Аринин, Е. И. Психология религии: учеб. пособие для студентов специальности «Религиоведение» / Е. И. Аринин, И. Д. Нефедова; Владим. гос. ун-т. – Владимир: Ред.-издат. комплекс ВлГУ, 2005. - 108 с. - ISBN 5-89368-572-5.
6. Белик А. А., Культура и личность. Психологическая антропология. Этнопсихология. Психология религии; Российский государственный гуманитарный университет, 2001. ISBN 5-7281-0315-4

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ МУЛЬТФИЛЬМДЕРДІҢ БАЛАЛАРҒА ӘСЕРІ

Нұржау Г. [1], Бердібаева С.Қ.[1], Айткулова Ж.Б.[2]
[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
[2]Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
Алматы, Қазақстан

Мақалада әлеуметтік желілердегі мультфильмдердің балалардың эмоциялық мінез-құлқына әсері баяндалады. Даму барысындағы,мультфильмдердің мазмұны мен кейіпкерлердің іс-әрекеті,балалардың психоэмоцииионалдық дамуында және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.Бұл бала үшінде,отбасы үшінде,қоғам үшінде маңызды рөлге ие.

Түйін сөздер: *мультфильм,іс-әрекет,балалар,эмоция*

В статье рассматривается влияние мультфильмов на эмоциональное поведение детей в контексте социальных сетей. В процессе развития дети сталкиваются с мультсериалами, содержание которых и действия их персонажей играют важную роль в психоэмоциональном развитии детей, а также в формировании социальных навыков. Это оказывает значительное влияние не только на самого ребенка, но и на его семью, а также на общество в целом.

Ключевые слова: *мультфильм,поведение,эмоция,дети*

The article discusses the impact of cartoons on children's emotional behavior within the context of social media. During their development, children are exposed to cartoons whose content and the actions of their characters play a significant role in their psycho-emotional development and the formation of social skills. This has a considerable influence not only on the child but also on their family and society as a whole.

Keywords*: Cartoon, behavior, emotion, children*

Кіріспе

Соңғы жылдары, әлеуметтік желілердегі әртүрлі мазмұндағы мультфильмдер мен фантастикалық кейіпкерлердің көбеюі, балаларға деструктивті әсер етуде.Балалардың алғашқы даму кезеңдерінде, цифрлы контенттер мен электронды гаджетке тәуелділігі күн сайын артып келеді.Сонымен қатар,арнайы балаларға мультфильмдік қосымшалардың пайда болуыда, ақпараттық кезеңдегі ең үлкен қауіп екенін атап өткен жөн.Халықаралық зерттеулерге сүйенсек,жылдан-жылға балалардың электронды гаджеттерге тәуелділігі артып келеді.Бұл,ендігі кезектегі "сандық аутизмнің" немесе "виртуальды аутизмнің" дамуына алып келеді.

Мультипликация (латынның multiplication – көбейту) немесе анимация (латынның anima – жан, жан бітіру)– экранда «тіріліп», арнайы жасалған суретті қозғалысқа келтіру, әртүрлі жарқын кескіндемелік бейнелердің рет-ретімен орналасуына негізделген өнер түрі[1].

Мультфильмдер-негізінен балаларға арналған өнер түрі екені бәрімізге белгілі.Соған қарамастан, жас ерекшеліктеріне, дамуына байланысты әртүрлі жаста,әртүрлі

мультфильмдерді қарау керек екенін, көбіміз білмей жатамыз.Өз кезегінде, бұл балалардың тұлғалық дамуына,эмоциялық мінез-құлқына әсер етеді.

Негізгі бөлім

Мультфильмдердің мазмұны мен фантастикалық кейіпкерлердің характері, мимикасы, сөйлеу мәнері,музыкалық сүйемелдеуі,видео эффектілер, түстер палитрасы нақты бір эмоцияны көрсете алуы тиіс.Үйлесім болған жағдайда, балалардың эмоцияны түсініп,қабылдауына көмектеседі. Мультфильмдердің жалпы эмоциялық фонының модальдігі, жас ерекшеліктеріне сәйкестігін бағалауда маңызды рөл атқарады.

Соңғы уақыттарда,балаларға арналған мультфильмдердің сюжеті күрделі, әрі сатира,ирония,ересектерге арналған әзілдер мен стереотиптік көзқарастар және эмоциялық когнитивті дисонанс тудыратын жағдайларды жиі кездестіруімізге болады.Бұл,өз кезегінде эмоциялық деструктивті модельдердің қалыптасуына алып келеді.

А.В. Шариковтың «Мектепке дейінгі жастағы балалардың өміріндегі анимациялардың рөлі» атты мақаласында балалардың мультфильмдерге ерте жастан қызығушылық танытатыны қарастырылды. Зерттеу нәтижелері аясында, сауалнамаға қатысқан ата-аналардың 95%-ы балаларының мультфильмдерді екі жасқа дейін көре бастағанын, ал 23%-ы тіпті бір жасқа толмай жатып,қарап бастағанын атап өтті.Балалардың ерте жастан қызығушылық танытуының негізгі себептері: 1. Ата-аналардың жұмыспен қолы тимеуі;

2. Мазасызданған,жылаған баланы тыныштандыру мақсатында. Зерттеу барысында шетелдік мультфильмдердің балалардың назарын ұстап тұра алатындығыны анықталды.Сондай-ақ, ата-аналардың 63%-ы балаларының көретін контентіне қанағаттанбайтынын жеткізсе, 12%-ы қанағаттанаты анықталды. Ал 25%-ы бұл сұраққа нақты жауап бере алмайтынын жеткізді [2].

Адам болмысы диалог пен қарым-қатынастан тұрады, және бұл диалог ата-ананың баламен эмоциялық байланысынан басталады.Яғни,ата-ана баламен эмоциялық қарым-қатынасқа түсе отыра, әлемді танып,көруге ең алғашқы есік болады.

«Мектепке дейінгі жастағы баланың әдеби шығарманы қабылдау психологиясы» докладында А.В. Запорожец , «баланың көркем шығарманы түсіну кезіндегі алғашқы қадамдары оның тұлғасының қалыптасуына, моральдық дамуына маңызды әсер етуі мүмкін»-дейді [3]. Сол сияқты, әрбір мультфильмдер баланың тұлға ретінде қалыптасуында өзіндік әсерін тигізеді.Ата-ана,мультфильмдерді балаларға саналы түрде бағыттап, эмоциялық рефлексия жасап отыруы маңызды. Мультфильмдегі күрделі оқиғаларды талдап,түсіндіруі деструктивті эмоциялық модельдердің қалыптасуының алдын алады.

Қазақстандағы балаларға арналған мультимедиалық контент-талдау барысында,әлеуметтік желелерден Instagram, TikTok және YouTube қосымшалары,балалар арасында ең жиі қолданылатыны анықталды. Талаптарға сәйкес, қосымша пайдаланушылар 13 жастан жоғары болуы керек.Алайда,қолданушы кез-келген жасты көрсете алады.Бұл дегеніміз,ата-аналар балаларының қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмағанымен қоймай,эмоциялық мінез-құлқындағы өзгерістермен қатар,тұлғалық дамуына әсер ететіні айдан анық[4].

Қазіргі ақпараттық қоғамда, мультимедиалық өнімдердің мазмұнын талдауда халықаралық кешенді зерттеулер жүргізіліп жатыр.Зерттеулерге сәйкес,балалардың әрбір көрген мультфильм кейіпкерлерін қайталауға тырысатыны анықталды.Яғни, идентификациясының объектісіне айналады. Кейіпкердің рөлін сомдау арқылы, эмоцияларын,іс-әрекеттерін қайталау арқылы,бала еліктей бастайды.

Мектепке дейінгі жаста,балада моральд мен этикалық бағалаудың негізң қалана бастайды.Әрбір қоршаған ортадағы әрекеттер мен адамдарды “жақсы” мен “жаман” деп жіктеу осы кезден басталады.Мультфильмдер,моральдық өлшем,құндылықтардың тасымалдаушысына айналады.Осы кезеңде ата-ана балаға түсіндіру,талдау арқылы оларды бағыттай алады. Рефлексиялық сұрақтар қою арқылы,баладағы дихотомиялық ойлаудың алдын алады [5].

Цифрлық контенттердің кезеңінде,балаларды тұтынушы ретінде қабылдап, арнайы балаларға арналған әртүрлі мультфильмдік қосымшалар бар.Олардың қатарына Youtube

Kids,Netflix Kids, Cartoon TV-Funny, Peppa Pig:Oofificial App, Clifford the Big Red Dog т.б және Қазақстандағы жаңа қосымшалардың бірі Multiplaneta KZ.Арнайы балалар үшін қосымшалардың пайда болуы,оны балалардың қолдануы ата-аналардың балалар алдындағы жауапкершіліктерінің жоқ екенін білдіреді.

Қорытынды

Kcell сарапшыларының 2021 жылғы зерттеулеріндегі деректері бойынша қазақстандықтар арасында әлеуметтік медиа қосымшаларының танымалдығы рейтингінде YouTube қосымшасы (26,3%) бірінші орынды алды, екінші орында – Instagram (20,9%), TikTok (7,8%) үшінші орында [6].

Қазақстандық қоғамдық пікір және нарықты кәсіби зерттеушілер одақтастығың 2023 жылғы сауалнамасының нәтижелері де ұқсас деректерді көрсетті.Қазіргі уақытта Қазақстанда әлеуметтік желілерге қойылатын талаптар мен ата-аналарға қойылатын талаптардың болмауы,қазіргі уақытта балалар арасында әртүрлі тұлғалық және когнитивті дамуында әлдеқайда әсер етеді.

Қортындылай келе,қазіргі уақыттағы цифрлық контенттердің балалардың дамуына айтарлықтай әсер ететіні бәрімізге белгілі.Бірақ, саналы ата-аналар мен саналы деген қоғамның өзі үнсіз отыруы қынжылтады.Әлеуметтік желілердің балаларға әсерін зерттеген ғалымдардың еңбектерін қарастыра отырып,түйінгенім,осы уақытқа дейін белгілі бір шаралардың болмауы.Тек зерттеу күйінде ғана қалып қою,мені алаңдатады.

Әдебиеттер

1. Иткин В. Что делает мультипликационный фильм интересным // Искусство в школе. – 2006. – № 1. – С. 50–54
2. Шариков А. В. Место анимации в жизни младших дошкольников. // Культурно-историческая психология. – 2014. – Т. 10. – № 4. – С. 72–79
3. Запорожец А. В. Психология восприятия ребенком дошкольником литературного произведения: Тезисы докладов. — М., 1948.– С. 73–76
4. Қазақстандағы балаларға арналған контентті зерттеу. – Астана: «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ, 2023. – 182 б.
5. Собкин В.С. Мультфильм как средство социально психологического анализа моральнонравственного разви тия ребенка (по материалам исследования 1985 и 2006 гг.) // Социология дошкольного воспитания: Труды по социологии образования. Т. XI. Вып. XIX. М.: Центр социологии образования РАО, 2006. С. 73—101.
6. Самые популярные соцсети среди казахстанцев в 2021 году // Центр деловой информации Kapital.kz. 2021. [Электронды ресурс]. Қол жеткізу тәртібі: https://kapital.kz/ tehnology/101612/samyye-populyarnyye-sotsseti-sredi-kazakhstantsev-v-2021-godu.html (өтініш берілген күн: 21.11.2023)

СТУДЕНТТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Азизова А.Ф., Баймолдина Л.О.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Мақалада студенттердің психологиялық денсаулығының қазіргі жағдайы мен даму тенденциялары зерттеледі. Студенттік өмірдегі стресстік жағдайлар, академиялық қысым, әлеуметтік бейімделу мәселелері мен психологиялық қолдау қызметтерінің рөлі талқыланған. Студенттердің психологиялық әл-ауқатын сақтау және жақсарту үшін түрлі зерттеулер мен бағдарламалар ұсынылған. Психологиялық денсаулықты сақтау маңызды және жалпы білім беру жүйесінің тиімділігін арттыратын фактор ретінде қарастырылған.

Түйін сөздер: *студенттердің психологиялық денсаулығы, академиялық қысым, психологиялық қолдау, стресс, әлеуметтік бейімделу.*

В статье рассматривается текущее состояние и тенденции развития психического здоровья студентов. Анализируются стрессовые факторы студенческой жизни, академическое давление, проблемы социальной адаптации и роль психологической поддержки. Рассматриваются различные исследования и программы, направленные на сохранение и улучшение психоэмоционального благополучия студентов. Психологическое

здоровье студентов рассматривается как важный фактор для повышения эффективности образовательной системы в целом.

Ключевые слова: *психическое здоровье студентов, академическое давление, психологическая поддержка, стресс, социальная адаптация.*

This article explores the current state and development trends of students' psychological health. It analyzes stress factors in student life, academic pressure, social adaptation issues, and the role of psychological support services. Various research and programs aimed at preserving and improving students' mental well-being are discussed. Students' psychological health is considered a key factor in enhancing the overall effectiveness of the education system.

Keywords: *students' psychological health, academic pressure, psychological support, stress, social adaptation*.

Кіріспе. Жоғары білім алу - тұлғаның дамуындағы маңызды кезеңдердің бірі. Мектепті бітірген соң, адам өз өмірін түсінудің жаңа кезеңіне қадам басады. Жоғары оқу орнына түсуге дайындық және өзін-өзі оқыту процесі барысында студентте өзін-өзі дамытудың жеке жоспары қалыптасып, ойлау бағыты айқындалады. Бұл кезеңде эмоциялық бақылау күшейіп, адам шын мәнінде не қалайтынын және қандай мақсатқа ұмтылу керектігін түсінеді. Жеке тұлғаның осы қасиеттері дене, психологиялық және рухани денсаулықты нығайтуға маңызды үлес қосады.

Бүгінгі таңда студенттердің психологиялық денсаулығы қоғамның өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Жоғары оқу орындары - жас адамдардың білім алып, кәсіби дағдыларды меңгеретін орындар ғана емес, сонымен қатар олардың психологиялық дамуы мен жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін маңызды кезең болып табылады. Студенттік өмірдің стресс пен ауыртпалықтарға толы кезеңі, қоғам мен оқу орындарының талаптары, әлеуметтік және академиялық қысымдар студенттердің психологиялық әл-ауқатына теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан студенттердің психологиялық денсаулығын зерттеу қазіргі кезде маңызды ғылыми бағыт болып табылады.

Психологиялық денсаулық - тұлғаның ішкі және сыртқы әлеммен үйлесімді қарым-қатынас орнатуға қабілеттілігі, эмоционалдық және ақыл-ой дамуының жоғары деңгейі, қиындықтар мен стресске төзімділік таныта білуі және өзінің мүмкіндіктері мен шектеулерін дұрыс бағалауы. Сондықтан, білім беру процесінде психологиялық денсаулықты сақтау және дамыту, оның маңызды аспектісі болып табылады.

Тұлғаның психологиялық денсаулығы оның оқу жетістіктеріне, әлеуметтік қатынастарына және жеке өмірінде қанағаттануына тікелей әсер етеді. Бұл тұрғыда білім беру жүйесі студенттердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың психологиялық саулығын сақтап, дамытуға бағытталған бағдарламаларды қамтуы керек.

Студенттердің психологиялық денсаулығының жағдайы әртүрлі факторларға байланысты. Бүгінгі таңда жүргізілген зерттеулер студенттердің психикалық әл-ауқатының күрделілігін және ол студенттердің оқу процесіне, өмір сапасына және жалпы денсаулыққа қалай әсер ететінін көрсетеді.

Студенттер арасында күйзеліс, депрессия, мазасыздық және басқа да психологиялық бұзылулардың жиі кездесетіндігі анықталған. Әсіресе, емтихан кезеңдерінде, академиялық міндеттемелер мен әлеуметтік қысымдар студенттерде психологиялық ауыртпалықтарды туғызады. Адамдардың жеке ерекшеліктері мен бейімделу қабілеттері психологиялық денсаулыққа әсер етеді.

Әлеуметтік қолдау мен қарым-қатынас деңгейі де студенттердің психологиялық әл-ауқатына әсер етеді. Жеке басының құнды әрі маңызды екенін сезіну студенттің өзін-өзі бағалауына ықпал етіп, стресске төзімділігін арттырады. Ал жалғыздық, әлеуметтік оқшаулану немесе қарым-қатынас дағдарыстары психологиялық бұзылулардың пайда болуына себеп болуы мүмкін.

Өкінішке орай, психологиялық қолдау қызметтерінің әр оқу орнында бірдей деңгейде жұмыс істемейтіндігі байқалады. Кейбір оқу орындарында психологиялық қолдау қызметтері жеткілікті дамыған болса да, кейбіреулерінде ол жоқ немесе өте шектеулі.

Студенттердің психологиялық денсаулығына әсер ететін негізгі факторлар:

1. Академиялық қысым
2. Отбасылық және әлеуметтік қысым
3. Дистанциялық оқыту

Студенттердің психологиялық денсаулығының қазіргі жай-күйі қазіргі білім беру жүйесінің және әлеуметтік ортадағы өзгерістерге байланысты бірнеше маңызды үрдістермен сипатталады. Бұл үрдістер студенттердің психологиялық жағдайына әсер етіп, олардың білім алу, жеке өмірі және кәсіби дамуына ықпал етеді.

Студенттер арасында стресс деңгейі айтарлықтай жоғары. Бұл олардың академиялық жүктемесінің артуы, болашаққа деген белгісіздік, әлеуметтік қысым, жеке өмір мен оқу арасындағы теңгерімсіздік, сондай-ақ қаржылық қиындықтармен байланысты. Студенттер өздерінің оқуларына және болашаққа қатысты үлкен үміттер мен талаптарға жауап беру үшін психологиялық қысым сезінеді. Бұл күйзеліс оларды эмоционалдық жағынан әлсіретіп, психологиялық денсаулыққа кері әсерін тигізеді.

Студенттер арасында әлеуметтік оқшаулану мен жалғыздық сезімі көбейіп келеді. Бұл әсіресе қашықтықтан оқыту жағдайында байқалады, өйткені студенттер әлеуметтену мүмкіндігінен айырылады. Әлеуметтік байланыстардың бұзылуы және жеке қарым-қатынас дағдыларының жетіспеушілігі студенттердің психологиялық жағдайын нашарлатады, бұл оларды депрессия, күйзеліс және мазасыздыққа әкелуі мүмкін. Көптеген студенттер өздерінің болашағына қатысты алаңдаушылықтар мен қорқыныштарға ұшырайды, сонымен қатар академиялық жетістіктерге қол жеткізу бойынша психологиялық қысымға ұшырайды.

Студенттердің көбінде өзіне деген сенімділік пен өзін-өзі бағалау деңгейі төмендеген. Бұл әлеуметтік желілердің ықпалы мен сыртқы келбетке қатысты қысымдардан туындауы мүмкін. Өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі қабылдау проблемалары студенттердің психологиялық жағдайына әсер етеді, әсіресе олардың өз мақсаттарына қол жеткізу жолындағы қиындықтармен байланысты.

Қазіргі таңда студенттердің психологиялық денсаулығына цифрлық технологиялар мен әлеуметтік желілер ықпал етеді. Студенттердің психоэмоционалдық жағдайын көп уақытты әлеуметтік желілерге жұмсауы және виртуалды ортада әлеуметтік байланыс орнатуы нашарлатуы мүмкін. Әлеуметтік желілерде үздіксіз ақпарат ағыны мен сымсыз қарым-қатынас, сондай-ақ интернеттегі бейнелер күйзеліс пен ішкі қысым тудыруы мүмкін.

Студенттердің арасында психологиялық көмекке сұраныс артып келеді. Олар стрессті жеңуге, эмоцияларын басқаруға, өмірлік қиындықтарды жеңуге көмек алу үшін психологтар мен кеңесшілерге жүгінеді. Психологиялық қызметтерді белсенді пайдалану студенттердің өз психологиялық денсаулығына жауапкершілікпен қарауының белгісі болып табылады.

Психологиялық денсаулыққа көбірек көңіл бөлінуінің нәтижесінде студенттер психоәлеуметтік дағдыларды дамытуға бағытталған бағдарламалар мен тренингтерге қатысуда. Бұл дағдылар өз-өзіне қамқор болуға, эмоцияларды басқаруға және әлеуметтік қарым-қатынасты жақсартуға көмектеседі.

Студенттер психологиялық денсаулығын қорғауға және дамытуға деген қызығушылықтың өсуі - маңызды тенденциялардың бірі болып табылады. Университеттер мен колледждерде психологиялық қолдау бағдарламаларын енгізу белсенді түрде жүзеге асырылуда, мысалы, стресс-менеджмент бойынша тренингтер, кеңес беру қызметтері, психологиялық консультациялар және топтық терапевтік сессиялар. Психологиялық кеңес беру білім беру процесінің маңызды бөлігіне айналды, ол студенттердің психоэмоционалдық тұрақтылығын арттыруда маңызды рөл атқарады.

Сонымен қатар, эмоционалды интеллектіні дамыту, стресс басқару және қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге бағытталған бағдарламалар үлкен сұранысқа ие. Мұндай бағдарламалар студенттерге тек оқу процесінде ғана емес, әлеуметтік бейімделуде, психоэмоционалдық жағдайын жақсартуда және олардың қарым-қатынастарын нығайтудың маңызды аспектілерін дамытуға көмектеседі.

Технологиялық прогресс те студенттердің психологиялық денсаулығын дамытуға ықпал етеді. Медитация мен релаксацияға арналған заманауи қосымшалар, психология бойынша

онлайн курстар мен виртуалды психологиялық консультациялар студенттерге үйден шықпай-ақ көмек алуға мүмкіндік береді, бұл қашықтан оқу және жұмыспен қамтылу жағдайында үлкен артықшылық болып табылады.

Студенттердің психологиялық денсаулығын сақтау мен дамыту мақсатында бірнеше негізгі бағытта жұмыс жүргізілуде. Бұл бағыттар келесі түрде дамып келеді:

1. Психологиялық қолдау жүйелерін дамыту

Студенттерге психологиялық көмек көрсету жүйелерін дамыту маңызды. Қазіргі уақытта көптеген оқу орындарында студенттерге арналған психологиялық кеңес беру орталықтары ашылып, олар психологиялық күйзелістерді жеңу жолдары мен эмоционалдық қолдау көрсетуде. Бұл орталықтар студенттер арасында психологиялық сауаттылықты арттыруды мақсат етіп отыр.

2. Психологиялық сауаттылықты арттыру

Студенттерге психологиялық сауаттылықты арттыру бағдарламалары мен тренингтері кең тарала бастады. Бұл бағдарламалар студенттерге стресс пен эмоциялық күйзелістермен күресудің әдістерін үйретуді мақсат етеді. Сонымен қатар, психологиялық тренингтер мен сауықтыру жұмыстарын оқу процесіне енгізу студенттердің денсаулығына оң әсер етуі мүмкін.

3. Ақпараттық технологияларды қолдану

Онлайн платформалар мен мобильді қосымшалар арқылы психологиялық қолдау қызметтері мен тренингтерді ұйымдастырудың танымалдылығы артуда. Бұл студенттерге уақытты үнемдей отырып, психологиялық көмек алу мүмкіндігін береді. Сонымен қатар, интернеттегі психологиялық қолдау жүйелері студенттердің өздерін қауіпсіз сезінуіне ықпал етеді.

4. Денсаулық сақтау және психология арасындағы ынтымақтастық

Денсаулық сақтау және психология саласындағы мамандардың бірігуі студенттердің психологиялық және физикалық денсаулығын сақтау үшін маңызды рөл атқарады. Бұл салалар арасындағы ынтымақтастық студенттердің жалпы әл-ауқатын жақсартуға көмектеседі.

Қорытынды

Студенттердің психологиялық денсаулығы - қоғамның болашағына үлкен әсер ететін маңызды мәселе. Әлеуметтік және академиялық қысымдар, стресстік жағдайлар мен жалғыздық студенттер арасында психологиялық бұзылулардың өсуіне ықпал етеді. Сондықтан жоғары оқу орындары студенттердің психикалық денсаулығына ерекше көңіл бөлуі тиіс. Психологиялық қолдау қызметтерін дамыту, психологиялық сауаттылықты арттыру және жаңа технологияларды қолдану студенттердің психологиялық әл-ауқатын жақсартуға ықпал етеді. Студенттердің психологиялық денсаулығын қорғау - бұл жалпы қоғамның сау әрі табысты болашағын қамтамасыз етудің кепілі.

Әдебиеттер

1. Барабаш Ю.Ю., Мамедова Р.К. Исследование психологического здоровья студентов //Материалы Общероссийской студенческой электронной научной конференции «Студенческий научный форум» 15-20 февраля 2011 г.http/ rae.ru/forum 2011 /75/1016. – С. 73-80.

2. Дубровина И.В. Психологическое здоровье личности в контексте возрастного развития // Развитие личности. - 2015. - № 2. - С. 67-95.

3. Федоренко, Е. Ю. Психологическое здоровье: учеб.-метод. пособие / Сиб. федерал. ун-т; сост. Е.Ю.Федоренко.- Красноярск: СФУ, 2013. - 47 с. - Изд. № 2013-644.

4. Писарев Д.В., Фильштинская А.А. Проблема сохранения здоровья студенческой молодежи // Молодой ученый. - 2021 - № 49 (391). - С. 335-337.

5. Кувичкин Н.М., Криницин Н.Н., Кулигина Н.Н. Психологическое здоровье студентов в условиях высшего образования // Гуманитарный вестник Донского государственного аграрного университета. - 2022 - № 4 - С. 208-212. – EDN KMJWSC.

ЖАСӨСПІРІМДІК ОРТАДАҒЫ БУЛЛИНГ МӘСЕЛЕСІН ТЕОРИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Аманжанқызы Ж.[1], Токсанбаева Н.Б.[2]
[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[2]І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан

Соңғы жылдары мектептегі зорлық-зомбылық(буллинг) қоғамда алаңдаушылық тудыратын маңызды әлеуметтік психологиялық мәселеге айналды. Жасөспірімдер арасындағы буллинг — бұл қоғамда жиі кездесетін және көпшілікке көрінбейтін проблема. Буллинг, яғни зорлық-зомбылық пен қорлаудың бір түрі, жасөспірімдер арасында физикалық, психологиялық немесе әлеуметтік түрде көрінуі мүмкін. Бұл құбылыс оқушылардың жеке дамуына, олардың өзіне деген сеніміне, сондай-ақ психологиялық және эмоционалды денсаулығына теріс әсер етеді.Бұл мәсееле тек білім беру саласында ғана емес,жалпы қоғамның назарында.Мектепте болып жатқан зорлық-зомбылық оқушылардың психологиялық және эмоционалдық жағдайына теріс әсер етіп, олардың оқу процесіне, жеке дамуына, сондай-ақ әлеуметтік бейімделуіне кедергі келтіреді. Булингтің басты себебі – басқа адамның тұлғасына деген құрметтің болмауы, бұл болса,бұзылған қарым-қатынастар мен агрессияға әкеледі.

Мақалада буллинг түсінігі,себептері мен оның салдары,көрініс табуы және күресу жолдары туралы сөз қозғалады.Буллинг мәселесі қарым-қатынас аясында қарастырылады.

Түйін сөздер: *буллинг,зорлық-зомбылық,жасөспірім,мектептегі буллинг,агресссия.*

В последние годы буллинг в школах стал важной социальной и психологической проблемой, вызывающей общественное беспокойство. Буллинг среди подростков — это проблема, которая часто встречается в обществе, но остается малозаметной для большинства. Буллинг, то есть насилие и унижение, может проявляться среди подростков в физической, психологической или социальной формах. Это явление оказывает негативное влияние на личностное развитие учащихся, их уверенность в себе, а также на психологическое и эмоциональное здоровье. Эта проблема волнует не только сферу образования, но и общество в целом. Насилие в школе негативно сказывается на психоэмоциональном состоянии учащихся, мешает их учебному процессу, личностному развитию и социальной адаптации. Основной причиной буллинга является отсутствие уважения к личности другого человека, что, в свою очередь, приводит к разрушению отношений и агрессии.

В статье рассматривается понятие буллинга, его причины и последствия, формы проявления и способы борьбы с ним. Проблема буллинга рассматривается в контексте межличностных отношений.

Ключевые слова: *буллинг, насилие, подростковый возраст,буллинг в школе, агрессия.*

In recent years, school violence (bullying) has become an important social and psychological issue, causing public concern. Bullying among adolescents is a problem that is often present in society but remains largely invisible to the public. Bullying, which involves violence and humiliation, can manifest in physical, psychological, or social forms among adolescents. This phenomenon negatively impacts students' personal development, their self-confidence, as well as their psychological and emotional health. This issue is not only a concern in the field of education but also in society as a whole. Violence in schools negatively affects students' psychological and emotional well-being, hinders their learning process, personal development, and social adaptation. The main cause of bullying is the lack of respect for another person's individuality, which, in turn, leads to broken relationships and aggression.

The article discusses the concept of bullying, its causes and consequences, its forms of manifestation, and ways to address it. The issue of bullying is considered within the context of interpersonal relationships.

Keywords*: bullying, violence, adolescence, bullying at school, aggression.*

Кіріспе

Мақаланың мақсаты: Жасөспірімдер арасындағы буллингтің себептерін анықтау және оның салдарын зерттеу. Буллингтің оқушылардың психоэмоционалды жағдайына, оқу процесіне және әлеуметтік бейімделуіне әсерін көрсету. Мақалада буллингтің алдын алу шараларын ұсыну және жасөспірімдер арасында құрметке негізделген қарым-қатынасты дамыту жолдары қарастырылады.

Жасөспірімдер арасындағы буллинг қазіргі қоғамды алаңдататын өткір мәселелердің бірі.Буллнг,немесе зорлық зомбылық,көбінесе балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік ортада өзара әрекеттесуінен көрініс табады.Бұл құбылыс физикалық зорлықпен шектелмей, эмоционалдық, психологиялық және кей кезде кибербуллинг түріндеде байқалады.Буллинг себептері әртүрлі болуы мүмкін.

Н.А. Ларченко буллингтің пайда болуының келесі себептерін көрсетеді:

– өзін-өзі бағалаудың жеткіліксіздігі;
– импульсивтіліктің жоғарылауы;
– бала тәрбиесінің төмен деңгейі;
– ата-ана тарапынан немқұрайлылық немесе шектен тыс қорғану;
– отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмендігі;
– отбасындағы жанжалдар;
– оқушының шығу тегі мен келбеті туралы теріс пікірлер;
– есірткіні, ішімдікті, компьютерлік ойындарды теріс пайдалану;
– мектепте үлгермеген/оқыған оқушыны мазақтау;
– мазохизмге немесе садизмге бейімділік;–отбасылық және жыныстық зорлық [1].

Одан бөлек буллингтің пайда болуына төмендегідей факторларды келтіреді:

Буллингтің пайда болуына мектеп ортасы да әсер етеді.

Біріншіден, мұғалімдердің буллингке қатысты позициясы белгілі екіжақтылықпен сипатталады. Осылайша, мұғалімдер буллингті өз мінез-құлқымен және мектептегі атмосферамен байланыстырмай, жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктерінен іздеуге бейім. Сонымен қатар, кейде мұғалімдерге сыныпта жасөспірімдерге буллингті тәртіп құралы ретінде пайдалану ыңғайлы болып келеді.

Екіншіден, мұғалімдер буллингтің нақты себептерін де, көлемін де білмейді.Буллингтің ең кең тараған физикалық түрін қарастыра отырып, жала жабу, өсек тарату, мәжбүрлеу, мүлікке зиян келтіру сияқты нысандарға аз көңіл бөле отырып, олар құбылыстың қайнар көзін жәбірленушінің сыртқы түрінен, кикілжіңінен немесе әлеуметтік жағдайынан көреді, араласпауды жөн көреді. Сыныптың ішкі істерінде көбінесе мектеп елемеу позициясын ұстанады, бұл ақыр соңында құқық бұзушылардың агрессивті мінез-құлқының күшеюіне әкеледі.

Үшіншіден, жасөспірімдерде мұғалімдермен ресми қарым-қатынастар буллинг факторы ретінде әрекет етеді [2].

Дегенмен буллинг көрсетушілер арасында девиантты мінез құлық сипатын көреміз. Яғни жасөспірімдің шақтың бөлінбейтін бөлшегі ретінде қарастырамыз.Жасөспірімдің жаста балалар девиантты мінез-құлыққа,әсіресе сыныптастарын,құрдастарын,тіпті мектептегі кез келген балаға қоқан лоққы,құрметсіздік,кей кезде тіпті физкалық күш көрсетуге дейін барады.

Буллинг кез келген жаста пайда болуы мүмкін, алайда, буллингтің пайда болуының ең ықтимал кезеңдері де бар. Мұндай жас кезеңі – жасөспірімдік жас болып табылады. А.В. Петровский пікірі бойынша жасөспірімдік шақ «өзінің даралығын (жеке тұлғалығын) белгілеу үшін құралдар мен тәсілдерді іздеумен сипатталады. Осылайша, жасөспірім өзінің құрдастары арасында мінсіз өкілдік ету қабілетін барынша жүзеге асыра отырып, өзінің жеке даралығын іс-әрекет арқылы трансляциялау үшін барлық ішкі ресурстарын жұмылдырады ... » [3].

Буллинг мәселесі қазіргі уақытта өзекті болып табылады, оны білім беру ортасындағы психологиялық климат мәселесімен өзара байланысты түрде зерттеу қажет. Мектептегі зорлық-зомбылық фактілері ұзақ уақыт бойы байқалып келе жатса да, қазіргі уақытта ғылыми білім жүйесінде нақты, жалпы қабылданған профилактикалық, реттейтін және түзететін бағдарламалар әлі жоқ. Д.А. Лэйн буллинг мәселесін шешудің қиыншылығы туралы жазады, өйткені бұл күрделі құбылыс және балалардың бір-бірімен қарым-қатынасының көптеген аспектілерін қамтиды [4].

Сондықтан буллингті шешу кезінде осы процестің қатысушыларының психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет, сонымен қатар агрессияның басқа адамдармен қарым-қатынасындағы рөлін түсіну және агрессивті мінез-құлықты әлеуметтік реттегіштерді ескеру маңызды.

Д.Н. Гриненко булли (агрессор) агрессивті мінез-құлықтың қалыптасуына әсер ететін әлеуметтік жағдайларды, атап айтқанда зорлық-зомбылыққа жауап ретінде жазаның болуын немесе болмауын және осы фактордың тұлғаның қалыптасуына қалай әсер ететінін қарастырады [5, 27б].

Тұтастай алғанда, Д. Олвеус типтік буллилердің мінез-құлқының әртүрлі аспектілерін сипаттап қана қоймайды, сондай-ақ оларды қалыптастыратын әлеуметтік және отбасылық факторларды да назарға алады. Бұл дегеніміз, буллилердің агрессивті мінез-құлқы тек жеке қасиеттерімен ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортасының өзара әрекет ету динамикасымен де байланысты.

Д. Олвеус сипаттаған типтік «буллилердің» ерекшеліктері:

Д. Олвеус типтік «булли» (қудалауышы) балалардың келесі қасиеттері байқалатынын айтады:

- Билікті үстемдік етуге және басқа оқушыларды бағып алуға деген күшті қажеттілік:* Булли өз-өзін басқаларға үстем деп сезініп, оларды бағындыруды мақсат етеді.

- Импульсивтілік пен жоғары тітіркендіргіштік: Буллилердің әрекеттері көбінесе алдын ала ойланбастан, импульсивті түрде жүзеге асады.

- Эмпатия деңгейінің төмендеуі:Олар құрбандарына деген жанашырлық пен түсіністік сезімін көрсетуден бас тартады немесе мүлде сезбейді.

- Физикалық артықшылық:Егер булли – жігіт болса, әдетте ол басқа оқушылардан физикалық тұрғыда күшті болады, бұл оған үстемдік сезімін береді.

- Агрессивті және провокациялық мінез-құлық: Буллилер өз құрбандарымен ғана емес, ересектермен – ата-аналармен және мұғалімдермен де агрессивті қарым-қатынас орнатуға бейім.

Буллингке ұшыраған балалардың ерекшеліктері:

Д. Олвеус буллиге ұшыраған балалардың қасиеттерін буллилердің сипаттамаларына қарама-қарсы қылып сипаттайды:

- Физикалық әлсіздік: Физикалық күш жағынан буллиге ұшыраған балалар көбінесе басқа оқушыларға қарағанда әлсіз болады, бұл олардың өзін-өзі бағалауына әсер етеді.

- Өзіне сенімсіздік пен төмен өзін-өзі бағалау:Бұл қасиеттер олардың буллилерге қарсы тұру мүмкіндігін азайтады.

- Мазасыздық: Буллиге ұшыраған балалар жиі мазасыздық сезімін бастан кешіреді.

- Эмоционалды күйзелістер: Мұндай балалар депрессивтік жағдайға түсуге және кейде өзін-өзі өлтіру ойларына бейім болуы мүмкін.

- Әлеуметтік оқшаулану: Өз жастағы топ арасында жақын достарының болмауы олардың қолдау жүйесінің жоқтығын көрсетеді.

- Қорқақтық, сезімталдық, жабықтық және ұялшақтық: Бұл қасиеттер оларды тек қудалаушыларға қарсы әлсіретіп қоймай, сондай-ақ, туындаған қиыншылықтар туралы ересектерге айту мүмкіндігін де шектейді.

Бұл сипаттамалар буллилер мен олардың құрбандарына тән мінез-құлықтың психологиялық ерекшеліктерін түсінуге бағытталған және мектеп ортадағы қарым-қатынастарды жақсарту үшін маңызды болып табылады. [6].

Қорытынды:

Буллинг жасөспірімдер арасында психологиялық және әлеуметтік мәселелердің негізінде пайда болып, олардың өміріне теріс әсер етуі мүмкін. Бұл құбылыс әртүрлі себептермен туындап, оның ішінде ата-аналар тарапынан қамқорлықтың болмауы, баланың өзін-өзі бағалауының төмендігі, әлеуметтік жағдайлардың қиындығы және мектептегі тәртіп мәселелері негізгі рөл атқарады. Мектеп ортада буллингтің алдын алу үшін мұғалімдер мен білім беру ұйымдары бұл мәселені терең түсініп, оқушылардың психоэмоционалды күйін бағалау маңызды. Сонымен қатар, мектептің ішкі мәдениеті мен қарым-қатынас жағдайлары да буллингтің пайда болуына ықпал етеді, сондықтан педагогикалық ұжымдардың бұл мәселеге бейжай қарамауы қажет.Буллингтің алдын алу үшін құрметке негізделген қарым-қатынасты қалыптастыру, агрессия мен зорлық-зомбылық әрекеттеріне төзбеушілік принципін енгізу қажет. Мектептерде арнайы бағдарламалар мен шаралар ұйымдастыру, ата-аналарды осы мәселеге қатысты ақпараттандыру, сондай-ақ балаларға өзін-өзі қорғау дағдыларын үйрету маңызды. Сонымен қатар, буллингке ұшыраған балаларды психологиялық тұрғыдан қолдау, оларға қауіпсіз орта қалыптастыру олардың әлеуметтік бейімделуін

жақсартуға ықпал етеді.Жасөспірімдер арасындағы буллинг мәселесін шешу тек мектептердің ғана емес, қоғамның да бірлескен күш-жігерін талап етеді. Осылайша, ата-аналар, мұғалімдер және қоғам болып жұмыс атқару арқылы буллингтің алдын алып, жасөспірімдердің психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге мүмкіндік бар.

Әдебиеттер

1. Ларченко, Н.А. Буллинг -причины, формы, профилактика: методический материал [Электронный ресурс]. – Волгоград, 2015. – 23 с. – Режим доступа:http: // docplayer.ru/27581035-Bulling-prichinyformy-profilaktika.html(дата обращения: 8.01.2017)
2. Achıtaeva I.B. Dectpýktıvnye vzaımootnoshenıiav ýchebnyh gpýppah obpazovatelnyh ýchpejdenıı. Avtopefepat dıcceptatsıı na coıckanıe ýchenoı ctepenı kandıdata pcıhologıcheckıh naýk. Mockva, 2010. 25 c
3. Селиванова О.А., Шевцова Т.С. Профилактика агрессивности и жестокости в образовательном учреждении: монография. – Тюмень: Издательство Тюменского государственного университета, 2011. – 232с.
4. Лэйн, Д.А. Школьная травля (буллинг) [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://www.psyoffice.ru/3548-ljejjn-djevid-a.-shkolnaja-travlja-bulling..html
5. Гриненко, Д.Н. Взаимосвязь условно допустимой агрессии и развитие личности участников буллинга //Психология и педагогика: Методика и проблемы практического применения.– 2014. - № 41. – 70 с
6. Кон И.С. Что такое буллинг и как с ним бороться // Семья и школа. 2006. No 11. С. 15-18.

ЦИФРЛІК ДӘУІРДЕГІ ЖАС ОТБАСЫЛАР: ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИАНЫҢ НЕКЕ КОНФЛИКТІЛЕРІНЕ ӘСЕРІ

Садыкова Н. М.[1], Мухамбетжан А.С. [1], Турақұл А.Е. [2]

[1] Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

[2] Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Бұл мақалада жас отбасылардың қарым-қатынасына әлеуметтік медианың әсері қарастырылады. Қазіргі уақытта цифрлық технологиялар адамдар арасындағы байланыс сипатын түбегейлі өзгертті, бұл некелік қарым-қатынастарға да ықпал етеді. Әлеуметтік желілер отбасылық өмірді жақсартуға көмектескенімен, кейде сенімсіздік пен түсініспеушіліктерге әкелуі мүмкін. Мақалада әлеуметтік медианың жұбайлар арасындағы сенімге, қарым-қатынас мәдениетіне және қақтығыстардың пайда болуына ықпалы зерттеледі. Авторлар қазіргі заманғы тенденцияларды талдай отырып, жас отбасыларға әлеуметтік желілерді саналы түрде пайдаланудың маңыздылығын атап өтеді және мүмкін болатын шешімдерді ұсынады.

Түйін сөздер: *әлеуметтік медиа, жас отбасылар, неке дағдарысы, цифрлық технологиялар, қарым-қатынас.*

В статье рассматривается влияние социальных медиа на отношения в молодых семьях. Цифровые технологии кардинально изменили способы общения между людьми, что не могло не затронуть семейные взаимоотношения. Социальные сети могут как укреплять отношения, так и становиться причиной недоверия и разногласий. В работе анализируется влияние социальных медиа на доверие между супругами, культуру общения и возможные причины возникновения конфликтов. Авторы изучают современные тенденции и подчеркивают важность осознанного использования цифровых платформ для поддержания гармонии в семье.

Ключевые слова: *социальные медиа, молодые семьи, семейные разногласия, цифровые технологии, коммуникация.*

This article explores the impact of social media on young families' relationships. Digital technologies have significantly altered human communication, inevitably influencing marital dynamics. While social networks can enhance relationships, they can also lead to misunderstandings and trust issues. The study examines the effects of social media on spousal trust, communication habits, and conflict emergence. The authors analyze current trends and emphasize the importance of mindful social media use in maintaining family harmony, offering practical recommendations for young couples.

Keywords: *social media, young families, marital disputes, digital technologies, communication*.

Кіріспе

Қазіргі цифрлық заманда әлеуметтік медиа жас отбасылардың өмірінде маңызды орын алады. Олар байланыс орнату, жаңалықтармен бөлісу және қолдау көрсету үшін қолданылады. Дегенмен, әлеуметтік медианың ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасқа әсері әртүрлі болуы мүмкін. Кейде әлеуметтік желілерде көп уақыт өткізу немесе басқа адамдармен белсенді араласу жұбайлар арасында түсініспеушілік пен қызғанышқа әкелуі мүмкін. Сонымен қатар,

әлеуметтік медиадағы мінсіз өмір көріністері шынайы өмірмен сәйкес келмей, жұбайлардың бір-біріне деген күтілімдеріне әсер етуі мүмкін.Қазақстанда әлеуметтік медианың отбасылық қатынастарға ықпалы ерекше назар аударуды талап етеді. Әлеуметтік желілердегі гендерлік стереотиптер мен рөлдер отбасындағы қарым-қатынасқа әсер етуі мүмкін. Бұл әсіресе жас отбасылар үшін маңызды, себебі олар отбасылық өмірдің бастапқы кезеңдерінде әлеуметтік медианың ықпалына көбірек ұшырайды.Сондықтан, әлеуметтік медианың жас отбасылардың неке қақтығыстарына әсерін зерттеу қазіргі қоғам үшін өзекті мәселе болып табылады. Бұл зерттеу әлеуметтік медианың отбасылық қатынастарға оң және теріс әсерлерін анықтауға, сондай-ақ неке қақтығыстарын болдырмау немесе шешу үшін тиімді тәсілдерді әзірлеуге бағытталған.

Гипотеза: Әлеуметтік желілер жас отбасылардың қарым-қатынасына екі жақты әсер етеді: бір жағынан, олар жақындықты сақтауға және эмоциялық қолдауды арттыруға мүмкіндік береді, ал екінші жағынан, уақыт өте келе тәуелділікке, сенім мәселелеріне және түсініспеушіліктерге әкелуі мүмкін. Әлеуметтік медианы саналы түрде қолдану отбасылық тұрақтылықты сақтауға ықпал етеді, ал шектен тыс пайдалануы қарым-қатынастың әлсіреуіне себеп болуы мүмкін.

Негізгі сұрақ: Әлеуметтік медианың жас отбасылардың қарым-қатынасына ықпалы қандай және оның позитивті немесе негативті әсері қандай факторларға байланысты?

Негізгі бөлім

Бүгінгі таңда, цифрлық заманда әлеуметтік медиа адамдар арасындағы қарым-қатынастың ажырамас бөлігіне айналды. Жас отбасылар үшін бұл байланыс орнатудың, эмоциялық қолдаудың және ақпарат алмасудың негізгі құралдарының бірі. Дегенмен, әлеуметтік медианың белсенді қолданылуы кейде ерлі-зайыптылар арасында түсініспеушіліктер мен жанжалдардың көбеюіне алып келеді. Бұл әсіресе сенімсіздік, қызғаныш және виртуалды қарым-қатынастар шынайы өмірдегі қарым-қатынастарға ықпал еткен кезде байқалады [1, б. 45].


Неке қақтығыстарының негізгі себептері

Әлеуметтік медианың некелік тұрақтылыққа кері әсер етуінің бірнеше себептері бар. Біріншіден, уақыттың көп бөлігін әлеуметтік желілерде өткізу ерлі-зайыптылар арасындағы тікелей қарым-қатынастың әлсіреуіне әкеледі. Зерттеулер көрсеткендей, әлеуметтік желілерді шамадан тыс пайдалану қарым-қатынас сапасына кері әсер етуі мүмкін, өйткені адамдар шынайы қарым-қатынасқа қарағанда виртуалды кеңістікте көбірек уақыт өткізеді [2, б. 38].

Екіншіден, әлеуметтік медиадағы мінсіз бейнелер мен шынайы өмірдегі айырмашылықтар жұбайлардың өзара күтілімдеріне әсер етеді. Мысалы, көптеген қолданушылар өздерінің өмірін жағымды жақтан көрсетеді, бұл басқа адамдарда өмірлерінің жетілмегендігі туралы ой қалыптастырады. Мұндай салыстырулар кейде неке қатынастарында қанағаттанбаушылық пен көңілсіздік тудыруы мүмкін [3, б. 67].

Үшіншіден, әлеуметтік желілердегі анонимділік пен еркіндік ерлі-зайыптылар арасында сенімсіздік туғызуы мүмкін. Белгілі бір жағдайларда жұбайлардың бірінің әлеуметтік желілерде басқа адамдармен белсенді қарым-қатынас жасауы қызғаныш пен сенімсіздікке әкеліп, неке қақтығыстарының басталуына себеп болуы мүмкін [4, б. 94].

Диаграммада (сурет) қоғамның гендерлік теңдік мәселелеріне деген көзқарасын көрсетеді. Әйелдер, ерлер және балалар арасындағы айырмашылықтар олардың бұл тақырыпқа деген түсінігінің әртүрлі екенін айқындайды.Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, әйелдер гендерлік теңдік пен әйелдердің құқықтары туралы көбірек хабардар, ал ерлердің бұл мәселеге деген қызығушылығы салыстырмалы түрде төмен. Балалар арасында бұл тақырыптағы білім мен түсінік әлі де қалыптасу кезеңінде.Бұл деректер қоғамда ақпараттандыру жұмыстарын күшейту қажеттігін көрсетеді. Гендерлік теңдікке қатысты түсінікті кеңейту үшін білім беру жүйесінде және отбасылық тәрбиеде осы тақырыпқа ерекше назар аудару маңызды.



Сурет – Гендерлік теңдік тіралы хабардарлық деңгейі

Менің ойымша, әлеуметтік медианың жас отбасыларға әсері екіжақты. Ол қарым-қатынасты жеңілдетіп, ерлі-зайыптылардың арасындағы байланысты нығайтуға мүмкіндік береді. Дегенмен, оның шектен тыс пайдаланылуы түсініспеушіліктердің көбеюіне және некелік тұрақсыздыққа әкелуі мүмкін. Сондықтан, отбасылық қарым-қатынасты нығайту үшін әлеуметтік медианы саналы түрде қолдану маңызды. Жұбайлар арасында сенім мен ашық диалог орнату арқылы, әлеуметтік желілердің жағымсыз әсерін азайтуға болады [4, б. 112].

Қорытынды

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар демекші, , әлеуметтік медиа жас отбасылардың қарым-қатынасына айтарлықтай әсер етеді. Оның оң және теріс жақтары бар. Егер әлеуметтік желілер дұрыс пайдаланылса, олар отбасы мүшелерінің қарым-қатынасын жақсартып, бір-біріне қолдау көрсетуге көмектеседі. Бірақ шектен тыс пайдаланылған жағдайда, ол некелік қақтығыстардың негізгі себептерінің біріне айналуы мүмкін. Сондықтан, жас отбасылар үшін әлеуметтік медианы саналы түрде қолдану және шынайы қарым-қатынасқа көбірек көңіл бөлу маңызды.

Әдебиеттер

1. Фридрих Эберт Қоры. (2022). Гендер және Қазақстан қоғамы. Алматы: Фридрих Эберт Қоры. Сілтеме: https://www.nlrk.kz/index.php?Itemid=491&catid=131&id=6248%3Agender-zh-ne-aza-stan-o-amy&lang=en&option=com_content&view=article

2. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. (2023). Білім алушыларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар. Астана Сілтеме: https://uba.edu.kz/storage/app/media/TARBIE%20%20KZ%20%2011111111111111111111.pdf

3. Бринкерхоф, Д. Б., Уайт, Л. К., Ортега, С. Т., Вечио, С. Дж. (2012). Әлеуметтану негіздері. Алматы: «Сырдария» университеті. Сілтеме: https://rmebrk.kz/bilim/syrdariya/brinkerhof.aleumettanu.pdf

4. Қазақстан жастары – 2019. (2019). Ұлттық баяндама. Нұр-Сұлтан: Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі. Сілтеме: https://eljastary.kz/upload/iblock/573/fm12twjo5hh0hjjn5n1fe9oz5l9i0ep7.pdf

ВЛИЯНИЕ ПОРЯДКА РОЖДЕНИЯ В СЕМЬЕ НА ФОРМИРОВАНИЕ САМООЦЕНКИ У ПОДРОСТКОВ

Минашева А.Ж.
Научный руководитель: Касен Г.А.
Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан

Мақалада отбасындағы туу тәртібінің өзін-өзі бағалаудың қалыптасуына әсері қарастырылған. Зерттеулер талдауы көрсеткендей, үлкен, орта, кіші және жалғыз балаларда өзін-өзі бағалау, өзін-өзі бағалау және тұлғалық дамуда айырмашылықтар бар.
Түйін сөздер: *туу тәртібі, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі қарым-қатынас, бауырлар, жеке даму.*

В статье рассматривается влияние порядка рождения в семье на формирование самооценки ребенка. Анализ исследований показывает, что старшие, средние, младшие и единственные дети имеют различия в самоотношении, уровне самоуважения и личностном развитии.
Ключевые слова: *порядок рождения, самооценка, самоотношение, сиблинги, личностное развитие.*

The article examines the influence of birth order in the family on the formation of self-esteem. Research analysis shows that eldest, middle, youngest and only children have differences in self-esteem, level of self-respect and personal development.
Keywords: *birth order, self-esteem, self-relationship, siblings, personal development.*

Введение. Семья играет центральную роль в жизни и развитии детей, подростков и юношей. Именно в ней формируются базовые ценности, влияющие на стиль жизни, уровень притязаний, понимание успеха и способы его достижения. Семья остаётся главным институтом воспитания, определяющим не только процесс социализации, но и формирование представлений об успешности. А. Адлер подчёркивал, что для понимания личности важно учитывать семейный контекст, в котором человек рос [1].

Основная часть. Одним из ключевых факторов этого контекста является положение ребёнка в структуре семьи, связанное с порядком рождения. По мере её развития потребности меняются, а их удовлетворение распределяется между детьми в зависимости от их сиблинговой позиции. При этом адаптация к изменениям семейной системы у каждого ребёнка проходит по-разному, и их стратегии преодоления трудностей никогда не бывают полностью идентичны. Индивидуальное восприятие порядка рождения оказывает значительное влияние на стиль жизни и личностное развитие.

Исследование Гладких Ю.П. и Ямашевой Т.В. посвящено анализу психологических особенностей детей в зависимости от их порядка рождения в семье. Авторы рассматривают взаимосвязь между порядком рождения и самооценкой среди старших, средних, младших и единственных детей.

Результаты исследования подтверждают, что самооценка ребенка напрямую связана с его порядком рождения. Старшие дети чаще обладают более низкой самооценкой, поскольку на них возлагается ответственность, также они первыми сталкиваются с родительскими ожиданиями. Единственные и младшие дети, напротив, чаще обладают завышенной самооценкой, так как получают больше внимания и эмоциональной поддержки. Родители, как правило, проявляют к ним больше терпимости, создавая комфортные условия [2].

В исследовании Караваевой Д.О. рассматриваются различия в Я-концепции младших подростков в зависимости от конфигурации семьи (с одним ребёнком или двумя). Автор подчеркивает, что самоотношение подростков во многом определяется тем, есть ли у них братья и сестры, а также их очередностью рождения. В частности, установлено, что дети, воспитывающиеся в двудетных семьях, чаще проявляют повышенную тревожность, обусловленную конкуренцией и соперничеством между сиблингами. Старшие дети могут испытывать стресс, связанный с необходимостью соответствовать ожиданиям родителей, чувством ответственности за младшего брата или сестру, а также возможным снижением

внимания со стороны взрослых. Младшие дети, в свою очередь, нередко сталкиваются с проблемами самооценки, поскольку старший сиблинг становится для них ролевой моделью, с которой трудно сравниться [3].

В исследовании И.А. Нальгиевой рассматриваются особенности самоотношения подростков в зависимости от порядка рождения в семье. Автор подчеркивает, что самоотношение представляет собой сложное личностное образование, включающее когнитивные, эмоциональные и поведенческие компоненты, формирующееся в процессе взаимодействия с окружающим миром. В ходе эмпирического исследования, проведенного среди 194 подростков, было выявлено, что порядок рождения оказывает значительное влияние на самоотношение, формируя различные аспекты восприятия себя и своих возможностей.

Результаты показали, что наиболее высокий уровень аутосимпатии (позитивного отношения к себе) характерен для старших и единственных детей, в то время как средние дети в семье демонстрируют более низкие показатели самопринятия и уверенности в себе. Младшие дети, напротив, обладают высокой степенью самоинтереса, что может свидетельствовать о стремлении к самопознанию и поиску своей роли в семейной системе. У вторых детей в семье чаще встречается склонность к самоуничижению и самообвинению.

Интересным результатом стало различие в осознании личностных качеств у подростков разных групп. Подростки, воспитывающиеся в семьях с одним ребенком или являющиеся первыми детьми, чаще оценивают себя в превосходных формах, подчеркивая свою успешность и привлекательность. Те, кто занимают среднюю позицию в семье, проявляют большую самокритичность, а младшие дети склонны к позитивному восприятию себя, но при этом менее осознано формулируют свои достоинства и недостатки [4].

Исследование Перегудиной В.А. и Клевакиной М.Г. посвящено изучению особенностей формирования Я-концепции дошкольников в зависимости от порядка рождения в семье. Авторы рассматривают когнитивный и аффективно-оценочный компоненты Я-концепции, анализируя влияние наличия братьев и сестер на самооценку, самоотношение и представления о себе.

Результаты исследования подтверждают, что порядок рождения оказывает значительное влияние на структуру Я-концепции ребенка. Дети, имеющие сиблингов, обладают более развитой самооценкой и дифференцированным восприятием себя, поскольку они получают обратную связь не только от родителей, но и от братьев и сестер. Младшие дети чаще ориентируются на старших как на референтные фигуры, что способствует их когнитивному и личностному развитию. Старшие дети, напротив, демонстрируют наибольшую согласованность Я-образов, так как их личность становится референтной для младших.

У единственных детей наблюдается меньшая наполненность и структурированность Я-концепции, так как в их окружении нет других детей для сравнения и подражания. Их самооценка часто поляризована — либо излишне завышенная, либо, наоборот, заниженная [5].

Заключение.Таким образом, порядок рождения в семье оказывает значительное влияние на формирование самооценки. Старшие дети демонстрируют более низкую самооценку, средние – повышенную самокритичность, младшие – склонность к самоинтересу, а единственные – поляризованную самооценку.

Литература

1. Русс, С. А. Особенности системы жизненных ценностей и образа "успешного я" старшеклассников с разным порядком рождения // Вестник ТГГПУ. – 2010. – № 19.
2. Гладких, Ю. П., Ямашева, Т. В. Психологические особенности детей в зависимости от порядка рождения // Проблемы внедрения результатов инновационных разработок. – 2018. – С. 143.
3. Караваева, Д. О. Особенности Я-концепции личности младших подростков в зависимости от конфигурации семьи (с одним и с двумя детьми) / Д. О. Караваева // В. С. Мерлин и современная психология: наука, образование, практика: материалы Всероссийской научно-практической конференции, Пермь, 15–16 мая 2015 года / Ф. В. Дериш (отв. ред.); Пермский государственный гуманитарно-педагогический университет. – Пермь: ПГГПУ, 2015. – С. 56-58.
4. Нальгиева, И. А. Эмпирическое исследование психологических особенностей развития самоотношения подростка в зависимости от порядка рождения в семье // Высшее образование сегодня. – 2013. – № 1.
5. Перегудина, В. А., Клевакина, М. Г. Опыт исследования Я-концепции детей дошкольного возраста в зависимости от порядка их рождения в семье // Мир науки. Педагогика и психология. – 2023. – Т. 11. – № 4.

INTERNET ADDICTION, STRESS AND ASSERTIVENESS AMONG STUDENTS: PSYCHOLOGICAL ASPECTS AND CORRECTION STRATEGIES

Ibrayemova E.B., Kassymova M.D.
Al-Farabi Kazakh National University
Almaty, Kazakhstan

Бұл мақалада интернетке тәуелділік, стресс деңгейі және ассертивтілік арасындағы байланыс студенттер арасында қарастырылады. Зерттеулер интернетке тәуелділіктің когнитивті және эмоционалды функцияларға теріс әсер ететінін, стресс деңгейін арттыратынын және өзін-өзі реттеу қабілетін төмендететінін көрсетеді. Сонымен қатар, ассертивтілік қорғаныш факторы ретінде әрекет етіп, стрессті азайтуға және сандық әдеттерді бақылауды жақсартуға көмектеседі. Мақалада осы байланыстардың механизмдері қарастырылып, интернетке тәуелділікті түзету үшін ассертивтілік дағдыларын дамыту стратегиялары ұсынылады.

Түйін сөздер: *интернетке тәуелділік, стресс, ассертивтілік, студенттер, психологиялық төзімділік.*

В статье рассматривается взаимосвязь между интернет-зависимостью, уровнем стресса и ассертивностью у студентов. Исследования показывают, что интернет-зависимость негативно влияет на когнитивные и эмоциональные функции, повышая уровень стресса и снижая способность к саморегуляции. В то же время ассертивность выступает как защитный фактор, способствующий снижению стресса и улучшению контроля над цифровыми привычками. В статье обсуждаются механизмы этих взаимосвязей, а также предлагаются стратегии коррекции интернет-зависимости через развитие ассертивных навыков.

Ключевые слова: *интернет-зависимость, стресс, ассертивность, студенты, психологическая устойчивость.*

This article explores the relationship between internet addiction, stress levels, and assertiveness among students. Research indicates that internet addiction negatively affects cognitive and emotional functions, increasing stress and reducing self-regulation abilities. At the same time, assertiveness acts as a protective factor, helping to lower stress and improve control over digital habits. The paper discusses the mechanisms behind these relationships and proposes strategies for mitigating internet addiction through assertiveness training.

Keywords: *internet addiction, stress, assertiveness, students, psychological resilience.*

Introduction

Modern students face a wide range of psychological challenges related to the development of digital technologies. In recent years, growing concerns have emerged regarding internet addiction, which, according to various studies, negatively affects cognitive functions, emotional well-being, and social skills among young people (Young, 1998; Kuss & Griffiths, 2015).[1. 237p]

At the same time, stress levels among students remain high due to academic pressure, uncertainty about the future, and social adaptation difficulties (Lazarus & Folkman, 1984). In this context, one of the key factors contributing to psychological resilience is assertiveness—the ability to express one's thoughts and emotions constructively without violating others' boundaries (Rathus, 1973).

This article explores the relationships between internet addiction, stress levels, and assertiveness in students, as well as possible strategies to mitigate the negative effects of internet addiction by fostering assertive behavior.

1. Internet Addiction Among Students: The Scope of the Problem

Internet addiction (or pathological internet use) is defined as excessive and uncontrolled engagement with digital technologies, leading to maladaptive consequences such as academic decline, reduced social activity, and increased anxiety (Young, 1998; Kwon et al., 2013).

Research indicates that students demonstrate significantly higher levels of internet addiction than other age groups (Anderson et al., 2017). This is because students use the internet for both academic and recreational purposes, including entertainment, social interactions, and emotional regulation.

Key signs of internet addiction include:

• A compulsive desire to use the internet despite negative consequences.

• Neglect of academic, professional, and personal responsibilities.

• Anxiety and irritability when internet access is restricted.

Kuss and Griffiths (2015) found that excessive social media use decreases self-control and increases vulnerability to stress. This makes internet addiction a particularly pressing issue for students' psychological well-being.[2. 125p]

2. Stress Among Students: Causes and Consequences

Stress is an emotional state that arises in response to significant life changes or external demands that exceed an individual's coping resources (Lazarus & Folkman, 1984).[4. 78p]

Main stress factors among students:

• High academic workload.
• Poor time management.
• Interpersonal conflicts and social adaptation challenges.
• Anxiety about future employment.

Studies show that internet addiction often serves as a coping mechanism for stress but ultimately exacerbates the problem (Caplan, 2010). For instance, students may use the internet to procrastinate, which temporarily alleviates stress but ultimately leads to increased academic pressure and heightened anxiety.[6. 1089p]

Physiologically, chronic stress is associated with heightened activity in the hypothalamic-pituitary-adrenal (HPA) axis, leading to cortisol imbalances and potentially contributing to depression (McEwen, 1998). Among students facing high psychological demands, low assertiveness can worsen their condition, as they struggle to set boundaries, say "no," and manage external pressures effectively.[5.33p]

3. Assertiveness as a Factor of Psychological Resilience

Assertiveness is the ability to express one's thoughts, feelings, and desires openly and confidently without resorting to aggression or passive behavior (Rathus, 1973). It plays a crucial role in stress management and preventing the negative effects of internet addiction.

The relationship between assertiveness and psychological resilience is an important area of study in psychology, particularly in understanding how individuals cope with stress, adversity, and interpersonal challenges. Assertiveness, defined as the ability to express one's thoughts, feelings, and needs openly and respectfully, plays a crucial role in emotional regulation, boundary-setting, and conflict resolution—all of which contribute to psychological resilience.

Key Aspects of the Relationship Between Assertiveness and Resilience

1. Emotional Regulation – Assertive individuals are more likely to express their emotions in a balanced way, reducing emotional suppression or aggression, both of which can hinder resilience.

2. Self-Efficacy and Confidence – Assertiveness strengthens a person's belief in their ability to handle challenges effectively, which is a core component of psychological resilience.

3. Healthy Interpersonal Relationships – Assertive communication helps establish clear boundaries and mutual respect, reducing interpersonal stress and fostering social support, a major protective factor in resilience.

4. Problem-Solving and Coping Strategies – Resilient individuals often use active coping mechanisms rather than avoidance or aggression, and assertiveness enables problem-solving by facilitating open discussions and negotiations.

5. Reduction in Psychological Distress – Research has shown that assertiveness training can reduce anxiety, depression, and stress by improving an individual's ability to communicate their needs and manage difficult situations.

How Does Assertiveness Help Students?

1. Reduces stress levels: Assertive students handle conflicts better, set personal boundaries, and express emotions without fear of judgment, leading to lower anxiety and more positive social interactions.

2. Enhances control over internet use: Individuals with higher assertiveness can set clear time limits for internet use and resist social media pressures.

3. Improves adaptation skills: Assertiveness enables students to manage their time effectively, take responsibility for their studies, and build healthy interpersonal relationships.

Linehan (1993) found that developing assertiveness skills reduces distress reactions and enhances self-efficacy. This is particularly important in educational environments where students frequently encounter various challenges.

4. The Relationship Between Internet Addiction, Stress, and Assertiveness

Empirical data suggests a complex relationship between internet addiction, stress, and assertiveness.

1. Students with high levels of internet addiction tend to experience more stress due to disrupted sleep patterns, reduced social interactions, and procrastination (Kuss & Griffiths, 2015).

2. Assertiveness acts as a protective factor, reducing the likelihood of internet addiction by enhancing self-regulation and conscious digital consumption (Caplan, 2010).

3. Low assertiveness correlates with high stress levels and dependent internet behavior: students who struggle to say “no” are more susceptible to social media influences and digital distractions at the expense of their responsibilities (Anderson et al., 2017).

5. Correcting Internet Addiction Through Assertiveness Development

One promising psychological intervention for internet addiction is fostering assertive skills among students.

Key Strategies:

• Assertiveness Training Programs: Cognitive-behavioral therapy (CBT) techniques help students recognize and modify maladaptive behavioral patterns (Linehan, 1993).[8.85p]

• Time Management Development: Structured time planning reduces the need for internet-dependent stress relief.

• Psychological Counseling: Both individual and group therapy can assist students in managing anxiety and developing healthy communication strategies.

• Digital Hygiene Practices: Conscious content consumption, disabling constant notifications, and setting limits on social media use can improve self-regulation.

Conclusion

The interrelationship between internet addiction, stress, and assertiveness in students is a complex and multifaceted issue. High levels of internet addiction contribute to increased stress, reduced self-regulation, and lower academic performance. However, developing assertive skills can serve as an effective method for mitigating the negative effects of internet addiction, ultimately improving students’ psychological well-being.

Future research could focus on experimental studies assessing assertiveness training programs and their impact on reducing internet addiction and stress levels among students.

References

1.Young, K. S. (1998). Internet addiction: The emergence of a new clinical disorder. CyberPsychology & Behavior, 1(3), 237-244.

2.Kuss, D. J., & Griffiths, M. D. (2015). Social networking sites and addiction: Ten lessons learned. International Journal of Environmental Research and Public Health, 12(3), 1250-1306.

3. Kwon, M., Kim, D. J., Cho, H., & Yang, S. (2013). The Internet Addiction Scale (IAS): Reliability and validity testing in university students. Computers in Human Behavior, 29(3), 1245-1253.

4. Lazarus, R. S., & Folkman, S. (1984). Stress, appraisal, and coping. Springer.

5. McEwen, B. S. (1998). Stress, adaptation, and disease: Allostasis and allostatic load. Annals of the New York Academy of Sciences, 840(1), 33-44.

6. Caplan, S. E. (2010). Theory and measurement of generalized problematic Internet use: A two-step approach. Computers in Human Behavior, 26(5), 1089-1097.

7. Rathus, S. A. (1973). A 30-item schedule for assessing assertive behavior. Behavior Therapy, 4(3), 398-406.

8. Linehan, M. M. (1993). Cognitive-behavioral treatment of borderline personality disorder. Guilford Press.

АНАЛИЗ РАЗВИТИЯ ОБРАЗОВАНИЯ В ОБЛАСТИ ПСИХИЧЕСКОГО ЗДОРОВЬЯ ДЛЯ СТУДЕНТОВ КИТАЙСКИХ УНИВЕРСИТЕТОВ В КОНТЕКСТЕ ПОЗИТИВНОЙ ПСИХОЛОГИИ

Дун Цзихуа, Баймолдина Л.О.
Казахского национального университета им. аль-Фараби
Алматы, Казахстан

Студенттік кезең – бұл үнемі стресстік әсерлерге бейім әлеуметтік категория. Студенттер үшін ерекше стрессогенді жағдайлар оларды бағалау сәттері болып табылады, өйткені олар адамның психикасына ерекше әсер етеді. Жоғары оқу орындарында ең көп таралған стресстік жағдайлар интеллектуалдық сынақтар болып табылады, олар емтихан, практика, қоғамдық сөйлеу, өз бетімен жұмыс, тікелей сұраққа жауап беру, топтық жарыстар, компьютерлік тестілеу сияқты формаларда өтеді. Стресс мәселесіне қатысты әдебиеттің талдауы осындай жағдайларда ең стрессогенді екі факторды көрсетеді: әлеуметтік бағалау жағдайы және уақыттың тапшылығы. Төмен стресске төзімділік жағдайында бұл факторлар студенттерде дистресс дамуына әкелуі мүмкін, ол өз кезегінде олардың психологиялық денсаулығына, оқу мотивациясына, өзін-өзі жүзеге асыру деңгейіне және, ақырында, оқу үлгеріміне теріс әсер етеді.

Психологиялық тұрғыдан студенттердегі стресс көбінесе эмоциялық және когнитивтік деңгейде көрініс табады. Эмоционалды жағынан, студенттер жиі мазасыздық, көңілсіздік, ашуланшақтық сезімдерін бастан өткереді. Когнитивті деңгейде бұл стресс оқу тапсырмаларын дұрыс қабылдау, шешім қабылдау және ойлау процестерінің бұзылуына әкелуі мүмкін.

Студенттерде стресс ұзақ уақыт бойы жалғасқан жағдайда, ол физикалық және психикалық денсаулыққа кері әсерін тигізуі мүмкін. Ұзаққа созылған стресс күйі депрессия, ұйқысыздық, тамақтану тәртібінің бұзылуы, иммундық жүйенің әлсіреуі сияқты ауруларға себеп болуы ықтимал. Сондықтан студенттердің стрессті басқару қабілетін дамыту, психоэмоционалдық қолдау көрсету және психологиялық көмек алу өте маңызды.

Жоғарыда айтылғанға сәйкес стресске төзімділіктің бұл түріне келесі анықтаманы беруге болады: интеллектуалдық тестілер контекстіндегі студенттің стресске төзімділігі – оның интеллектуалдық сынақтар жағдайында конструктивті мінез-құлқының негізі болып табылатын, және тестілеу жағдайына когнитивті және эмоционалдық реакцияны, мінез-құлық

аспектісін, антистресс әдістерін қолдануды қамтитын интегративті психологиялық қалыптасу. Бұл процесс студенттің стресстік жағдайларда өз жеке қасиеттерін, мықты жақтарын пайдалануға, күйзелістен шығуға мүмкіндік беретін құралдарды қамтиды.

Әдеби деректерді талдау нәтижесінде тұлғаның қасиеттері, тестілеу жағдайларына деген ойлау мен эмоционалдық реакциялары, сондай-ақ стрессе қарсы стратегияларында ,тұлғаның табысқа жету немесе сәтсіздіктерден аулақ болу мотивациясы, эмоционалдық тұрақтылық пен өзін-өзі бағалау сияқты факторлар маңызды рөл атқаратыны анықталды. Бұл факторлар стресс жағдайларында тиімді әрекет етуге және адамның өз күшін дұрыс бағалауға көмектеседі.

Зерттеу нәтижесінде студенттердің стрессқа төзімділігіне әсер ететін бес негізгі фактор анықталды [4]:

1. Дистресс сезімі — оқуды тастау, ұзақ уақыт бойы сәтсіздіктер туралы ойлану, ұйқысыздық сияқты белгілер.
2. Сәтсіздіктерді болжау — аудиторияға кіргенде қорқыныш, жауапқа қанағаттанбау, тапсырманың қиын болуы.
3. Денсаулық мәселелері — бас ауруы, дәрі-дәрмек қолдану, төзімділіктің төмендеуі.
4. Өзін-өзі бағалаудың төмендеуі — оқудағы сәтсіздіктерге қатысты негізсіз пікірлер, өз білімін басқалармен салыстыру.
5. Уақыттың жетіспеушілігі — уақыт тапшылығы, нәтижелердің төмендеуі,

Осы факторларға негізделіп, стрессті жеңу үшін психологиялық жағдайлар анықталды: оптимистік болжам жасау, сәтсіздікті алдын алу, гипохондриялық симптомдарды жою, өзін-өзі дұрыс бағалау және қызметті меңгеру деңгейін арттыру.

Психологиялық зерттеулер студенттерде стрессті жеңу үшін өзін-өзі басқару дағдыларын дамыту, уақытты дұрыс ұйымдастыру, демалысқа көңіл бөлу және әлеуметтік қолдау жүйесін құрудың маңыздылығын көрсетеді. Сонымен қатар, стресстің алдын алу үшін оқу орындарында психологиялық кеңес беру қызметтері мен стресс-менеджмент бойынша бағдарламалар да ұйымдастырылуы қажет.

Студенттерге стресс деңгейін төмендету және одан шығу үшін бірнеше тиімді әдістер бар. Әр адамның стресске реакциясы әртүрлі болғанымен, мынадай жалпы тәсілдер көмек көрсетуі мүмкін:

1. Уақытты дұрыс басқару

Жоспарлау: Күнделікті немесе апта сайынғы жұмыс жоспарын құрып, тапсырмаларды приоритет бойынша бөлу. Оқу жүктемесін бөлшектеу және уақытты тиімді пайдалану стресстің деңгейін азайтуға көмектеседі.

Демалыс кезеңдерін ұйымдастыру: Тұрақты түрде үзіліс жасау, ұзақ оқу сессияларын кішкене уақыт аралықтарымен бөлшектеу.

2. Физикалық белсенділік

Жаттығулар: Спортпен айналысу, жүгіру, йога немесе жеңіл дене шынықтыру стрессті жеңілдетуге және эндорфиндерді шығарып, көңіл-күйді жақсартуға көмектеседі.

Жаяу серуендер: Табиғатқа шығу немесе жай ғана таза ауада серуендеу психикалық жүктемені жеңілдетіп, стрессті төмендетеді.

3. Әлеуметтік қолдау

Достармен және туыстармен қарым-қатынас: Қиын сәттерде жақындарымен сөйлесу, көмек немесе жай ғана моральдық қолдау алу стресстің деңгейін азайтуға көмектеседі.

Топтық жұмыс: Оқу кезінде қиындықтарды бірге бөлісу, топпен жұмыс істеу әлдеқайда жеңіл болуы мүмкін.

4. Тамақтану және ұйқы тәртібі

Дұрыс тамақтану: Теңгерімді тамақтану, витаминдер мен минералдар алуға көңіл бөлу физикалық және психологиялық жағдайды жақсартады.

Ұйқы: Дұрыс ұйықтау маңызды. Ұйқының жетіспеушілігі стрессті күшейтеді, ал жақсы ұйқы адамның жалпы психикалық жағдайын жақсартады.

5. Креативті және хобби әрекеттері

Қолөнер, сурет салу, музыка тыңдау немесе ойнау: Креативті әрекеттер адамды стресстен алшақтатып, тыныштық пен қуаныш сыйлайды.

Жазу: Күнделік жазу немесе өз ойларыңызды қағазға түсіру стрессті жеңуге көмектесетін терапевтік әдіс болып табылады.

Қорытынды:

Зерттеу нәтижелері студенттердің стреске төзімділігіне әсер ететін бірнеше негізгі факторларды анықтады. Студенттердің психоэмоционалдық жағдайына теріс әсер ететін факторлар арасында дистресс сезімі, сәтсіздіктерді болжау, денсаулық мәселелері, өзін-өзі бағалаудың төмендеуі және уақыт тапшылығы бар. Бұл факторлар студенттердің оқу процесіне деген мотивациясын, психологиялық жағдайын және жалпы оқу үлгерімін айтарлықтай әсер етеді.

Студенттердің стреске төзімділігін арттыру үшін психологиялық жағдайды дұрыс басқару маңызды болып табылады. Осы факторларға сүйене отырып, стрессті жеңу үшін оптимистік болжамдар жасау, сәтсіздіктерді алдын ала болжау, гипохондриялық симптомдарды жою, өзін-өзі дұрыс бағалау және қызметті меңгеру деңгейін арттыру маңызды. Бұл шаралар студенттердің оқу кезінде стрессті тиімді жеңіп, психологиялық денсаулығын сақтауға ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Селье Г. Стресс без дистресса. - М.: Книга по требованию, 2012. – 320 с.
2. Лазарус Р.С. Индивидуальная чувствительность и устойчивость к психологическому стрессу // Психологические факторы на работе и охрана здоровья. М.: Женева, 1989. – С. 155-160.
3. Щербатых Ю.В. Психология стресса и методы коррекции. — СПб.: Питер, 2006. — 256 с.: ил. — (Серия «Учебное пособие»)
4. Хуторная, М.Л. Развитие стрессоустойчивости студентов экзаменационный период // Человек в изменяющемся мире. – Тамбов, 2007 – С 182-186.

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГТІҢ ГЕНДЕРЛІК ЕРЕКЕШЕЛІКТЕРІ

Жұбаназарова Н.С., Шерехан А.Б.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Бұл мақалада жасөспірімдер арасындағы буллинг мәселесі және оның гендерлік ерекшеліктері қарастырылды.Буллинг ұғымына анықтама беріліп,оның факторларына, құрылымына, сондай-ақ жасөспірімдер ортасында оның көрініс ерекшеліктері және буллингтің әлеуметтік және психологиялық салдары, гендерлік стереотиптердің оның дамуындағы рөлі талданды.

Сондай-ақ жасөспірімдер арасындағы агрессия мен күш көрсету түрлерінің ер балалар мен қыз балалар арасында қалай ерекшеленетіндігі қарастырылды.Бұл мақала жасөспірімдердің гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып буллингтің себебін түсінуге және алын алуға мүмкіндік береді..

Түйін сөздер: *буллинг, жасөспірім, гендерлік ерекшеліктер, физикалық агрессия, психологиялық агрессия, гендерлік стереотиптер, мектеп.*

В статье рассматриваются проблемы буллинга среди подростков и его гендерные особенности. Дано определение понятию буллинг, проанализированы его факторы, структура, а также особенности проявления буллинга в подростковой среде, его социальные и психологические последствия, роль гендерных стереотипов в его развитии.Также рассматривается, как различаются виды агрессии и насилия среди мальчиков и девочек. Статья позволяет понять причины буллинга, учитывая гендерные особенности подростков, а также способы его предотвращения.

Ключевые слова: *буллинг, подросток, гендерные особенности, физическая агрессия, психологическая агрессия, гендерные стереотипы, школа.*

This article examines the issue of bullying among adolescents and its gender characteristics. A definition of bullying is provided, along with an analysis of its factors, structure, as well as the specific features of its manifestation in the adolescent environment, its social and psychological consequences, and the role of gender stereotypesin its development.

The article also explores how aggression and violence differ between boys and girls. It offers an understanding of the causes of bullying, taking into account the gender characteristics of adolescents, and ways to prevent it.

Keywords: *bullying, adolescent, gender characteristics, physical aggression, psychological aggression, gender stereotypes, school.*

Кіріспе. Жасөспірімдік кезең жеке тұлға болуға алғашқы жасалатын қадамдардың бірі.Жасөспірім кезеңде қазіргі уақыттағы мәселенің бірі буллинг болып табылады. Буллинг әлеуметтік құбылыс ретінде әрқашан болған, бірақ соңғы уақытта бұл туралы жиі айтылып жүр, себебі интернетте жасөспірімдердің құрдастарына қарсы жасалған соққы мен әлімжеттік туралы бейнемазмұндар пайда бола бастады. Мектептегі жоғарыдағы аталған себептер негізінде жасөспірімдер арасындағы қақтығыстар жиі кездесетіндігі буллинг құбылысының кеңінен таралуын көрсетеді. Бұрын бұл құбылысқа көп мән берілмейтін, өйткені «айтылмайтын еді», «әркімде болады», «мұғалім көп араласса, мәселе одан сайын қиындап кетеді», «мәселені елемесең, өзі өтеді», «жасөспірімдер өздері араласуды үйрену керек» деген сияқты түсініктер орын алған. Буллинг «қалыпты» есеюдің бір бөлігі және тәрбие процесінің өзіндік элементі ретінде қарастырылған болатын. Алайда соңғы 40 жылда бұл құбылысқа көзқарас өзгерді [1,б.153]. Буллинг әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде әрқашан болғанымен, қазіргі жасөспірімдердің қатыгездігі айтарлықтай артып отыр, өйткені интернет кеңістігінде мұндай мінез-құлықтар қалыпты, әдеттегі, тіпті кейде әзіл ретінде қабылданады. Осыған байланысты В.С. Гарбузова мен В.А. Сковородко өз жұмыстарында «қатыгездік күнделікті нәрсеге айналуда» деп атап өтеді [2,б. 54].

Негізгі бөлім. Буллинг — бұл басқа адамды бағындыру мен қорлау мақсатында жүйелі түрде жасалатын агрессивті мінез-құлық. Ол әртүрлі формада көрінуі мүмкін, соның ішінде физикалық зорлық-зомбылық, вербальды қорлау және әлеуметтік оқшаулау. Буллинг мәселесі әсіресе жасөспірімдер кезеңінде өзекті, себебі бұл уақытта әлеуметтік сәйкестілікпен пен адамаралық қатынастардың негізгі аспектілері қалыптасады.

Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы әлеуметтік бейімделу процесінен басталып, тұлғаның өмір бойы жалғасатын процесі болып табылады. Традициялық түрде тұлғаның қалыптасуына көмектесетін әлеуметтік институттарға мәдени дәстүрлер, қарым-қатынастарды нормативтік реттеу, оның ішінде заң актілері, отбасы және басқалары жатады. Ерекше назарды білім беру ұйымдарының ортасына аударуға болады: мекеменің ішкі ережесі, педагогикалық және оқушылар құрамы, нысаны және т.б. Сонымен қатар, әлеуметтік институттарда гендерлік ерекшеліктерді де айқындау қажет.

Буллинг мәселесі жасөспірімдер ортасында көп жылдар бойы өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Түрлі зерттеулердің нәтижелері бойынша мектептерде зорлық-зомбылыққа үш оқушының бірі тұрақты немесе эпизодтық түрде ұшырайды. Практика көрсетіп отырғандай, зорлықтың бұл түрлері көбінесе вербалды сипатта болады: айқайлар, қорлаушы ескертпелер, мазақтау, келемеждер, ар-намысқа тиетін «жаман» әзілдер. Сонымен бірге қазіргі балалардың төрттен бірі физикалық зорлық-зомбылыққа, физикалық жазалау қаупіне тап болады. Мектептегі әлімжеттік мәселесімен айналысатын ресейлік мамандар (Л.С. Алексеева, А.А. Бочавер, И.С. Бердышев, О.Л. Глазман, С.В. Кривцова, Д.А. Кутузова, В.Р. Петросянц және басқалар) көрсетілген статистиканың айтарлықтай төмен екенін атап өтеді. Бұл мәселе біржақты емес. Бір жағынан, зорлық-зомбылық тақырыбы, әсіресе балалар арасында, әрқашан маңызды болып келген және болып қала береді. Зорлық-зомбылық ертеден бері ең примитивті және жылдам мәселе шешу тәсілі, «жедел» қажетті нәтижеге жетудің жолы болып есептеледі.«Буллинг» термині ғылыми әдебиетте 20 ғасырдың 90-жылдары ғана пайда болды. Алғашында бір адамға топтың тарапынан жүйелі түрде жасалатын травляны сипаттау үшін «моббинг» термині қолданылды , оны алғаш рет Швеция дәрігері П.П. Хайнеманн қолданған, ол оқушылар арасындағы топтық мінез-құлықты зерттеген, бұл мінез-құлық көбінесе дөрекі және қатал түрінде көрінетін.

Гендер — тұлғаның әлеуметтік сипаттамасы, ал жынысы оның биологиялық анықтамасы. Қазіргі зерттеуші И. Малкина-Пых гендерлік стереотиптерді былай сипаттайды:

«Гендерлік стереотиптер — бұл қазіргі қоғамда қалыптасқан, мәдени және әлеуметтік тұрғыдан негізделген, ерлер мен әйелдердің мінез-құлық нормалары мен қасиеттері туралы көзқарастар» [3, 68 б.]. Осыған орай, гендер мен жыныс өз сипаттамаларында ұқсас болып келеді, яғни ерлер мен әйелдерге тән мінез-құлық ерекшеліктері. Стереотипизация механизмдері жеке тұлғаның ерекшеліктерін ғана емес, сонымен қатар белгілі бір жыныстың өкілдерінің сипаттамаларын да көрсетеді, олар қабылданған немесе қабылданбаған деп анықталады.

Білім беру ортасындағы бұзушылықтардың немесе дисфункциялардың бірі ретінде буллинг феноменін атауға болады. Бұл жұмыста буллингке И.С. Кона берген анықтама қолданылатын болады: буллинг — қорқыту, физикалық немесе психологиялық террор, басқадағы қорқынышты туғызу және осылайша оны өзіне бағындыру мақсатында жасалатын әрекеттер [4, 15–18 б.].

Біз С.В. Кривцованың пікірімен келісеміз, оның айтуынша, буллинг деп «балалардың бір-біріне қарсы агрессиясын, егер агрессордың құрбанына қарағанда үстемдігі болса, зорлық актілерінің қайталануы тенденциясы байқалса және құрбанның жауабы оның қандай дәрежеде жарақат алғанын көрсетсе» [5, б. 3] деп есептеледі.Буллингтің себептері арасында кек алу, бәсекелестік, бақталастық және тек қана жеке жеккөрушілік болуы мүмкін. Травляның себебі ретінде билікке ие болу, үстемдік ету, басқаларға зиян келтіріп, азап шегуден қанағат алу қажеттілігі болуы мүмкін. Д.А. Кутузованың пікірінше, буллингтің бір себебі «баланың ерекшелігі», оның «топтағы қабылданған стандарттардан айырмашылығы» [6,б. 9]. Автордың айтуынша, травля жағдайының пайда болуы үшін мектепте бір ғана оқушының басқа балаларды қорлау арқылы өз-өзін дәлелдеуге тырысуы жеткілікті. Травляның куәгерлері ортада қауіпсіздіктің болмауын сезінеді, қорқыныш, дәрменсіздік, өздерінің бейтараптыққа түскеніне ұялу және бір мезгілде агрессорға қосылуға деген ниет, кейде «бұл менің басымнан өтпегені жақсы» деген ойдан қанағат алу сезімін де бастан кешіреді. Егер травля тоқтамаса, куәгерлердің эмпатияға деген қабілеті әлсірейді. Буллерлерде басқаларға деген эмпатияны дамытуға қиындықтар туындайды, олар жәбірленушіге қарағанда билік пен жоғары статусқа ие болудан ләззат алады. Агрессорлардың қылмыстық болашаққа ие болу ықтималдығы жоғары. Бұл ерекшеліктер травляның нәтижесі болуы мүмкін, сонымен қатар оның алғышарттары, басқа балаларға «бала жәбірленуші болуға оңай» деген ерекше «сигналдар» ретінде көрінуі мүмкін Шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулерін талдау буллингтің екі түрін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді: тікелей физикалық және жанама, ол әлеуметтік агрессия деп те аталады. Тікелей физикалық буллинг ұлдар үшін тән болса, ал жанама және әлеуметтік кемсітушілік қыздар үшін тән. Ұлдар буллингке қыздарға қарағанда әлдеқайда жиі қатысады. Ұлдар үшін травля көбінесе билік үшін күреспен байланысты әлеуметтік өзара әрекеттесудің бөлігі болса, қыздар үшін агрессивті әрекеттердің көзі көбінесе байланыс қарым-қатынастары болады.

Д. Олвеус зерттеулерінде буллинг мәселесі ұлдар контингентінде зерттелген («жұдырықпен ұратын және хулиган» ұлдар), себебі сол уақыттағы тұрақты көзқарас бойынша ерлер арасындағы қарым-қатынастар агрессивті сипатта болады деп саналған [7, 261-321 б]. Ресейде буллингтің көріністері қыздар мен ұлдар арасында да кездеседі. Он жылдар өткен соң буллинг феномены британдық зерттеуші Д. Лэйнидің жұмысында жеткілікті түрде қарастырылды. Автор бұл процесстің құрылымына және оның көрінуіне ықпал ететін факторларға ерекше назар аударды. Өзінің бір зерттеуінде Д. Лэйн буллингке классикалық анықтама берген: «Буллинг — бұл күрделі процесс, онда құрбандар, қудалаушылар, олардың арасындағы өзара әрекеттесу, сондай-ақ ересектер мен мектептің осы оқиғаға қатысты көзқарасы бар» [8240-274 б].

Е.А. Иванова, жоғары агрессивті жасөспірім қыздарды зерттей отырып, теріс тұлғалық өзгерістерді анықтайды:

 Мінез-құлық саласында: айналадағы адамдармен қарым-қатынастардың тұрақсыздығы, негізінен фрустрацияға және қиындықтарға біркелкі агрессивті реакция

көрсету, айыптауларға бейімділік, эгоцентризм, мәселелерді дербес шешуден қашу. Отбасымен қарым-қатынаста ата-ананың қаталдықтарын дұшпандық ретінде түсіну тән.

 Аффективтік салада: фрустрациялық толеранттылықтың төмендігі және теріс эмоциялардың тез пайда болуы, қатты ашуланшақтық, тұрақсыз өзін-өзі бағалау, болып жатқан оқиғалардың теріс салдарын асыра бағалау.

 Мотивациялық-қажеттілік саласында: әйелдік рөлдер мен оларға тағайындалған гендерлік рөлге қарсы «қарсылық» көрсету, бірлескен жетістіктерге емес, тек өз жетістіктеріне бағытталу (мамандардың пікірінше, бұл маскулинді сипаттаманың көрінісі) [7,181б.].

Буллингтің әлеуметтік мәртебесіне қатысты екі көзқарас бар. Бірінші көзқарас бойынша, кейбір зерттеушілер [8, 159-165 б.] буллидің топта төмен әлеуметтік мәртебеге ие екенін айтады. Ал екінші көзқарасқа сәйкес [9,210 б.], буллидің әлеуметтік мәртебесі жоғары деп бағаланады. Бұл екі көзқарастың айырмашылығы, мүмкін, зерттелген буллинг құрылымдары мен топ мүшелерінің жеке ерекшеліктері және топ ішіндегі мінез-құлық түрлеріне байланысты болуы мүмкін. Буллинг сипатталады авторитарлық мінез-құлықпен, импульсивтілікпен, ашуланшақтықпен, жоғары өзін-өзі бағалаумен және жоғары талап деңгейімен. Оларда үстемдік ету қажеттілігі, сынға сезімталдық, басқалардың сезімдеріне немқұрайдылық, эмпатия қабілетінің болмауы байқалады. Ұлдарда буллинг болуының әртүрлі себептері бар, олар агрессивті мінез-құлыққа итермелейді, әлсіз мүшеге қарсы әрекет етеді. Мұндай себептердің бірі – өз-өзіне деген сенімсіздік комплексы, ол мойындау тілегімен бірге туындайды және қоршағандарды басып тастау арқылы белгіленген мақсатқа жету қажеттілігін қалыптастыруы мүмкін.Ұлдарда -буллинг физикалық агрессияға, «құрбандарды» физикалық жазалауға бейім, ал лақап аттар мен мазақтау тек қана қорлаудың қосалқы элементтері болып табылады. Зерттеушілердің ұлдар-буллилерінің тұлғалық ерекшеліктері туралы пікірлері әртүрлі. Бірқатар зерттеушілер [10, 183-193 б.] ұлдар-буллилерінің мінез-құлықтарына тән ерекшеліктер ретінде қорқыныш, алаңдаушылық пен уайымдарды, стандартты және баналды шешімдер қабылдау кезінде конформизмді, ішкі әлемнің жабықтығын, өзіне көңілі толмауды, өздерінің дұрыстығына күмәндануды, жасаған немесе айтқан әрекеттері үшін өкінуді және өзін-өзі көрсетуге ұмтылуды атап өтеді.

Қорытынды. Жасөспірімдер арасындағы буллингтің гендерлік ерекшеліктері туралы жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, буллинг құбылысы әртүрлі әлеуметтік және психологиялық факторлардың әсерінен туындайды және оның көріністері ұлдар мен қыздардың мінез-құлқына байланысты ерекшеленеді. Шетелдік және отандық зерттеулердің теориялық шолуының нәтижесінде мектептегі буллинг феноменін түсіну және оның себептерін анықтау үшін түрлі факторларды ескерудің маңызы зор екені анықталды, бірінші кезекте қатысушылардың гендерлік ерекшеліктерін, бұл буллингтің типі мен формаларын сипаттайды. Біз жүргізген зерттеу «тәуекел топтарын» анықтауға мүмкіндік берді, олар потенциалды жәбірленушілер мен буллингті бастайтындар тұрғысынан қарастырылды.

Зерттеу нәтижесінде қыздар мен ұлдардың эмпатия деңгейлері арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ екені, алайда толеранттылық деңгейінде айырмашылық байқалатыны белгілі болды: қыздардың толеранттылық деңгейі ұлдармен салыстырғанда айтарлықтай жоғары. Ал агрессивтілік деңгейі керісінше, ұлдарда қыздарға қарағанда әлдеқайда жоғары. Сонымен қатар, қыздар көбіне жанама және вербалды агрессияны таңдай отырып, бәсекеге бағытталған, ал ұлдар физикалық агрессияға жүгініп, келісімге келуге бейім.Осылайша, жасөспірімдер арасындағы буллингке қатысты ұлдар мен қыздар бірдей бейімділік танытады, айырмашылық тек осы мінез-құлықтың мазмұнды сипаттамаларында көрінеді, яғни буллингтің қалай көрінетіні (жанама немесе тікелей), қандай агрессия түрі қолданылатыны (физикалық немесе психологиялық). Ұлдар арасында физикалық агрессия басым болса, қыздар арасында көбінесе психологиялық және вербальды агрессия байқалады, олар көбінесе қулық-сұмдық және жанама түрде көрінеді.

Буллингтің гендерлік аспектілерін зерттеу буллингке қарсы тиімді алдын алу шараларын әзірлеуге ықпал етеді. Гендерлік айырмашылықтарды ескере отырып, профилактикалық жұмыстарда жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері мен әлеуметтік рөлдерін ескеру

маңызды. Бұл жасөспірімдердің өзара қатынасын түсінуге, олардың мінез-құлықтарын алдын ала болжауға және буллингтің алдын алуға көмектеседі.

Әдебиеттер

1. Бочавер А.А., Хломов К.Д. Буллинг как объект исследований и культурный феномен // Психология. Журнал Высшей школы экономики. 2013. - Т. 10. - № 3. – С. 149-159.
2. Гарбузова В.С., Сковородко В.А. Буллинг в современной школе // Интерактивная наука. 2021. - № 5 (60). – С.53- 54.
3. Малкина-Пых, И.Г. Гендерная терапия. – М: ЭКСМО, 2007. 68 б.
4. Кон, И. Что такое буллинг и как с ним бороться // Семья и школа. – 2006. – № 11. 15–18 б.
5. Кривцова С.В. Буллинг в школе VS сплоченность неравнодушных.Организационная культура ОУ для решения проблем дисциплини противостояния насилию. М.: Норма, 2011. - 95 б.
6. Бочавер А.А., Хломов К.Д. Буллинг как объект исследований и культурный феномен // Психология.Журнал Высшей школы экономики. - 2013. - Т. 10. - № 3. - С. 149-159.
7. Olweus D. Personality and aggression // Nebraska symposium on motivation/ J.K. Cole, D.D. Jensen (Eds.). 1973. vol. 20. -Б. 261–321.
8. Лэйн Д. Школьная травля (буллинг). Детская и подростковая психотерапия / Подред. Дэвида Лейна и Эндрю Миллера. СПб.: Питер, 2001. - С. 240-274.
9. Иванова Е.А. Гендерные различия в проявлении агрессивности у детей подросткового возраста: дис. … канд. психол. наук. Иркутск, 2002.- 181 б.
10. Глазман О.Л. Психологические особенности участников буллинга // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. 2009. - № 105. – С. 159-165.

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТАН ЗАРДАП ШЕККЕН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Садреймова А.Ж., Ерік Е.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

Мақала тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдердің психологиялық әл-ауқатының ерекшеліктеріне арналған. Себебі әйелдердің әл-ауқаты ерлі-зайыптылардың нақты мақсаттарына, отбасылық жоспарларды сәтті жүзеге асыруға, өзара ниет деңгейіне, сондай-ақ отбасылық өмірдің мақсаттарына жету үшін ресурстар мен жағдайларға байланысты. Тұрмыстық зорлық-зомбылық психологиялық әл-ауқаттың деструктивті факторы ретінде әрекет етеді. Отбасында, атап айтқанда, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының арасында әйелдер басым.

Түйін сөздер: *әл-ауқат, зорлық зомбылық,субъективті әл-ауқат санаттарына сипаттама берілген, психологиялық әл-ауқат және талдау*

Статья посвящена особенностям психологического благополучия женщин, пострадавших от домашнего насилия. Это связано с тем, что благополучие женщин зависит от конкретных целей пары, успешной реализации семейных планов, уровня взаимных намерений, а также ресурсов и условий для достижения целей семейной жизни. Домашнее насилие выступает деструктивным фактором психологического благополучия. В семье, в частности, среди жертв домашнего насилия преобладают женщины.

Ключевые слова*: насилие, благополучие, психологическое благополучие и анализ*

The article is devoted to the peculiarities of the psychological well-being of women affected by domestic violence. This is due to the fact that the well-being of women depends on the specific goals of the couple, the successful implementation of family plans, the level of mutual intentions, as well as the resources and conditions for achieving the goals of family life. Domestic violence is a destructive factor of psychological well-being. In the family, in particular, women predominate among victims of domestic violence.

Keywords: *violence, well-being, psychological well-being and analysis*

Ерлі-зайыптылардың тұлғааралық қарым-қатынасы оның барлық мүшелерінің отбасылық әл-ауқаты мен психологиялық жайлылығының негізін құрайды. Отбасылық-ерлі-зайыптылық қатынастардың сапасы көбінесе ерлі-зайыптылардың үйлесімділігіне, рухани және физиологиялық ерекшелігіне және олардың неке туралы идеяларының бірегейлігіне

байланысты. Отбасылық әл-ауқат ерлі-зайыптылардың ерлі-зайыптыларға субъективті қанағаттану сезімімен көрінеді

Отбасылық және неке қатынастарында психологиялық тұрғыдан жетілген, яғни ақылға қонымды шешім қабылдауға, бейімделуге, конструктивті қарым-қатынас пен өзара түсіністікті қалыптастыруға қабілетті адамның бейнесі маңызды.Кейінгі кездерде пайда болған "психологиялық денсаулық" категориясы объектіге айналды. Дегенмен, әл-ауқаттың құрылымын, сапасын және мәнін нақты түсіну үшін адамның позитивті қызметін сипаттайтын әртүрлі ұғымдардың өзара байланысын зерттеу, олармен қабаттасатын аймақтарды бөліп көрсету және айырмашылықтарды анықтау әлі де қажет.Сонымен қатар, психологиялық практикада тұлғаның саулығының мазмұндық теориясын және психологиялық дискомфорт жағдайларымен жұмыс істеу әдістерін меңгеру қажеттілігі туындайды. Психикалық денсаулық үшін әл-ауқат сезімі өте маңызды.Адамның денсаулығы бірінші кезекте субъективті. Субъективті әл-ауқаттың құрамдас бөлігі ретінде Л.В. Куликов өзара байланысты құрылымды көрсетеді: әлеуметтік әл-ауқат, рухани әл-ауқат, физикалық әл-ауқат, материалдық әл-ауқат, психологикалық әл-ауқат [1,б.7]. Субъективті әл-ауқаттың осы берілген құрылымында психологиялық әл-ауқат ең маңызды болып табылады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық көптеген елдер үшін, соның ішінде Қазақстан үшін үлкен проблема. Статистикаға сәйкес, әлемдегі әрбір үшінші әйел серіктесінің физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылығына тап болады. Қазақстандағы тұрмыстық зорлық-зомбылық соңғы 2 жарым жылда 300 әйелдің өліміне себеп болды. Тақырыпты, мақсат пен міндеттерді таңдауды негіздеу. Әйелдердің тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болуы олардың психологиялық денсаулығының төмендеуіне әкелуі мүмкін. Бұл әйелдердің өмірдің мәнін жоғалтатынын, өзін бақытсыз, жалғыз сезінетінін, қызығушылығын жоғалтатынын және табысқа ұмтылмайтынын білдіреді.Қалыпты отбасымен бірге тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдердің психологиялық әл-ауқатының ерекшеліктерін анықтау қазіргі өзекті мәселе болып табылады. Өйткені әйелдердің отбасылық өмірде зорлық-зомбылыққа ұшырауы олардың жалпы психологиялық әл-ауқатының төмендеуіне әкелуі мүмкін. Әйелдердің отбасында тұрмыстық зорлық-зомбылық көруі олардың жалпы психологиялық әл-ауқатының төмендеуіне әкеледі. Ол келесі көрсеткіштерден көрінуі мүмкін:

-денсаулық, субъективті денсаулық және психологиялық денсаулық

-әйелдердің психологиялық денсаулығы

-тұрмыстық зорлық-зомбылықты бастан өткерген әйелдердің психологикалық денсаулығының ерекшеліктерінен.

Психологиялық денсаулық (рухани жайлылық) - бұл психикалық процестер мен функциялардың үйлесімділігі, тұтастық сезімі, ішкі тепе-теңдік болып табылады. Психологиялық денсаулық индивидуалды үйлесімділікпен, тұрақты және нақты мақсаттарды, іс-әрекеттер мен мінез-құлық жоспарларын жүзеге асырудың сәттілігімен, мақсаттарға жету үшін ресурстар мен жағдайлардың болуымен байланысты. Психологиялық әл-ауқаттың қарама-қарсы сезімі ыңғайсыздық, көңілсіздік, атқарушы мінез-құлықтың монотондылығы және басқа да осыған ұқсас жағдайларда пайда болады. Денсаулық тұлғааралық қарым-қатынасқа қанағаттануға, онымен қарым-қатынас жасауға және одан жағымды эмоциялар алуға, эмоционалды жылулық қажеттілігін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Денсаулықты бұзатын факторлардың бірі-әлеуметтік оқшаулану, маңызды тұлғааралық қатынастардағы шиеленіс және зорлық-зомбылық [2,б.27]. Психологиялық әл-ауқатқа бағытталған көптеген зерттеулер бар. Әдетте, оларды әртүрлі топтарға жіктеуге болады.Бондаренко М.В. айтуынша, психикалық денсаулықтың нақты негізі, оның пікірінше, жағымды және жағымсыз эмоциялар арасындағы өзара әрекеттесу нәтижесінде пайда болатын тепе-теңдік.

Күнделікті оқиғалар негізінде туындаған бақыт немесе қайғы және т.б.жағдайлар адамның санасында белгілі бір күй ретінде жинақталуы мүмкін. Реніш пен қайғы жағымсыз әсерлерді күшейтеді, ал адамдарды қуаныш пен бақытқа бөлейтін жағдайлар жағымды әсерлерді арттырады [3,б.55]. Осы эмоционалды күйлер арасындағы айырмашылық психикалық әл-

ауқаттың өлшемі ретінде қызмет етеді, адамның жалпы қанағаттанушылығын немесе өмірге қанағаттанушылығын қайта көрсетеді."Субъективті әл-ауқат" деп аталатын ұқсас тұжырымдаманы Э.Динер жасаған. Ол субъективті әл-ауқат индивидтің субъективті әл-ауқатын ұжымдық түрде анықтайтын қанағаттану, жағымды эмоциялар және жағымсыз эмоциялар сияқты үш негізгі элементті қамтитынын мәлімдеді. Автордың пікірінше," субъективті әл-ауқат адамның қаншалықты мазасыз екенін ғана емес, сонымен бірге бір адамның екіншісінен қаншалықты бақытты екенін де көрсетеді", бұл субъективті әл-ауқаттың бақытпен синоним екенін білдіреді.Әйелдердің үйде зорлық-зомбылық көруі олардың интеллектуалды деңгейінің төмендеуіне, эмоционалды тұрақсыздықтың пайда болуына себеп болады және өмірдің қиын ситуацияларында мінез-құлықтың қалыпты күйде болуына кедергі келтіреді.-жанжалды шеше алмау.

Отбасында зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдердің бірқатар қасиеттері:

- өзін-өзі бағалаудың төмендігі.Агрессор жәбірленушінің оның қабілетсіздігі мен шектелуі туралы пікірін шабыттандырады және қолдайды. Осылайша, ол өзінің дөрекі мінез-құлқын ақтайды және шығын үшін жауапкершілікті жәбірленушіге жүктейді

-тәуелділік. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдер ашумен қалай күресуге болатынын білмейді, жеке қажеттіліктерді және жанжалдарды қалай шешуге болатынын білмейді

-оқшаулау. Агрессор жәбірленушінің өмірін толығымен бақылайды, оны достарымен қарым-қатынасынан айырады. Қоршаған әлем туралы ақпарат болмаса, әйел серіктеске тәуелді болады. Зорлық-зомбылықтан кейін ол өзін оқшаулайды, өйткені ол біреудің не болғанын білетініне қорқыныш пен ұят сезінеді

-дәрменсіздік.Авторитаризм, байланыстарды қатаң бақылау және қатыгез манипуляциялар жәбірленушіні өзінің дәрменсіз екеніне сендіреді. Іс жүзінде бұл өз бетінше шешім қабылдай алмау, жоспар құру және өзіне қамқорлық жасау арқылы көрінеді. Ұзақ жанжал кезінде дәрменсіздік сезімі депрессияға және обсессивті суицидтік ойлардың пайда болуына әкеледі

-зорлық-зомбылық фактісін жоққа шығару. Бұл фактіні мойындағысы келмеу-бұл зорлық-зомбылықтан аман қалуға мүмкіндік беретін психологиялық қорғаныс механизмі. Кейіннен зорлық-зомбылықтың мағынасын төмендету немесе тіпті болған оқиғаның фактісін жоққа шығару психикалық және физикалық денсаулыққа зиянды салдарға әкеледі.

Зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйел үнемі өз өмірінен қорқады. Тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайындағы әйелдердің жәбірленуші мінез-құлқы олар қолданатын қорғаныс психологиялық механизмдеріне байланысты. Төменде тұрмыстық күштің құрбаны болған әйелдердегі негізгі қорғаныс механизмдерінің көріну ерекшеліктерін талдау келтірілген.Бас тарту. Тұрақты күйзелісте өмір сүретін әйелдерге тән белгілердің бірі-мәселені ашық талқылай алмау, онымен айналысудан бас тарту және шындықты жоққа шығару. Мұндай әйелдер өздерінің психикасын қорғау үшін алаңдаушылық тудыратын шындықты сезінуден бас тартады [4,б.31].

Жоғары айтылғандарды қорыта келе, зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдердің психологиялық денсаулығын толық түсіну үшін әлі де терең және жан-жақты жүйелі зерттеулер қажет. Олардың ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдердің өмірлік маңызы бар құндылықтарын, олардың бақытсыздық құбылысына қатынасын ескеру маңызды, сонымен қатар психологиялық түзету мен кеңес беруді жүргізу қажет.

Әдебиеттер

1. Куликов Л.В. (2000) Детерминанты удовлетворенности жизнью. Общество и политика. СПб: Изд-во С.-Петербургского университета, 7-с.

2. Григоренко, Е.Ю. Проблемы развития территории. Том 2, 27-с.

3. Бондаренко М.В. Молодежь и наука: материалы VI Всерос.научно-технич.конф. студентов, аспирантов и молодых ученых. - Красноярск – 2009. 55-с.

4. Головей Л.А. и др. (2018) Роль психологического благополучия и удовлетворенности жизнью в восприятии ежедневных стрессоров. Консультационная психология и психотерапия, том 26, № 4, 31-с.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ КӨҢІЛ -КҮЙІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘНІ

Жетенова Ж.Т.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Мақалада "эмпатия" ұғымының әлеуметтік мәнін және жасөспірім шақта эмоционалдық көңіл-күйінің психологиялық жағдайларын түсінуге мүмкіндік береді. Эмпатия әлеуметтік (моральдық) сезімдердің бір түрі ретінде және жасөспірімдердің қарым-қатынас тәжірибесіне эмоционалды жауаптылығы жайында баяндалады.
***Түйін сөздер**: эмпатия, эмоционалдық көңіл-күй, жасөсіпірім.*

Статья позволит понять социальную сущность понятия "эмпатия" и психологические условия эмоционального настроя в подростковом возрасте. Описаны эмпатия как форма социальных (нравственных) чувств и эмоциональная отзывчивость подростков на опыт общения.
***Ключевые слова:** эмпатия, эмоциональный настроение, юношество.*

The article will allow you to understand the social essence of the concept of" empathy " and the psychological conditions of emotional mood in adolescence. Empathy as a form of social (moral) feelings and emotional responsiveness of adolescents to the experience of communication are described.
***Keywords**: empathy, emotional mood, youth.*

Жасөспірімдердің эмоционалдық көңіл-күйін зерттеу және тұлғалық қасиет сапаларын дамыту, яғни тұлғааралық өзара әрекеттесу үдерісін сәтті жүзеге асыру үшін қажетті шарт ретінде қарастырылуымен, тұлғаның психикалық қалыптасуы, жыныстық жетілуі, әлеуметтік мінез-құлықпен альтруизмнің стимуляторы болып саналады.

Тұлғаның эмпатиялық жеке қасиеттері жасөспірімдік шақта нақты пайда бола бастайды. Адамның өзара қарым-қатынасында эмпатиясыз (әңгімелесушіні бірқарағанда түсіну қабілеті) ортақ сезімдер мен эмоцияларда, үйлестірілген ұжымдық әрекетте, ұйымшыл қауымдастықта елестете алмаймыз. Яғни, альтруистік әрекеттер де, ұлы сезімдер де, оның ішінде достық пен махаббат та болмайды.

Жасөспірім кезеңінде достық қарым-қатынасқа қажеттілік басым, олар басқа адамды абсолютті қабылдауға және түсінуге ұмтылады, осылайша құрдастарымен, кейінірек маңызды ересектермен қарым-қатынастың интимді және жеке сипатын анықтайды.

Эмпатия мәселесін, атап айтқанда жасөспірімдердің эмпатиясын зерттеуге деген қызығушылық бұл механизмнің тұлғалық, қарым-қатынас пен адамның моральдық эмоцияларын дамытудағы үлкен маңыздылығымен байланысты.

Жасөспірімдік кезеңде эмпатияның қалыптасуы, адамгершілік құндылықтар, өмірлік перспективалар, өмірге жаңа көзқарастар және адамдар арасындағы қарым-қатынас белсенді дамып келе жатқан кезде өте маңызды. Себебі, жасөспірімдік шақ эмпатияның дамуы үшін сезімтал кезең болып саналады, бірақ жасөспірімдер эмоционалдық тұрақсыздықпен сипатталады, бұл бұл процестің тиімділігін қиындатады.

Н. Айзенберг, Г. Крайг, Т. Липпс, Л. Мерфи,К.Рождерс,В.Штерн сияқты шетелдік зерттеушілер және ресейлік мамандар А.А.Бодалев, В.В. Бойко, А.П. Василькова, Т.П. Гаврилова және т. б. жасөспірімдердің эмпатиялық сезімі жайлы зерттеулер жүргізді.

Эмпатия жеке тұлғаның рухани жеке даралығы ретінде анықталады, яғни бір адам басқа біреудің тәжірибесіне соншалықты қанықканда, ол онымен уақытша сәйкестендіріледі. Эмпатия адамдардың қарым-қатынасында, олардың бір-бірін қабылдауында және олардың арасында өзара түсіністік орнатуда маңызды орын алады.

Эмпатияны ерекше психологиялық феномен ретінде анықтау ұзақ және күрделі екенін және оны түсіну бүгінгі күнге дейін әртүрлі зерттеушілер арасында өзара түрлі пікірлер бар екенін байқауға болады. Алғашында мұндай құбылыс философия, атап айтқанда этика және эстетика

аясында қарастырылды. Сондықтан олар оны “сезімді” эстетикалық ұғымымен немесе “жанашырлық” этикалық ұғымымен анықтады [1].

Ғалым А. Шопенгауэр эмпатияны барлық тіршілік иелеріне жанашырлықпен қарау, себебі, шығу тегі мен олардың табиғаты туралы қоғамдастық туралы түсінік ретінде анықтады. Ол үшін жанашырлық өмірдің мәні болып саналады. Жанашырлық процесінде адам басқалар мен өзі арасындағы айырмашылықтарды ұмытады - деп қарастырады [2].

Психолог Т.Липпс зерттеулерінде: эмпатияны объектінің немесе субъектінің мәнін танудың ерекше түрі ретінде сипаттайды. Субъект объектінің немесе субъектінің мазмұны арқылы өзін және өзінің тәжірибесін түсінеді және оған өзінің «менін» жобалайды деп жазады.

Сезім субъектінің өзі болған тәжірибені басқа адамнан табуға деген ұмтылысқа негізделеді. Біреудің мимикасына қарағанда кезде субъект санасыз түрде оларға еліктейді, бұл осы мимикаға сәйкес эмоцияны тудырады. Бұдан эмпатия еліктеу (басқа адамның сөзіне еліктеу) арқылы пайда болады.

З.Фрейд басқаның эмоционалдық күйін сезіну екі механизмнің көмегімен жүзеге асады, яғни еліктеу және жұқтыру дейді [3].

Ал ғалым М.Шелер эмпатияны таным механизмі ретінде зерттейді. Ол оны басқа біреудің сезімімен бөлісу (қатысу) ретінде ғана емес, басқаның жеке басын ең жоғары құндылық ретінде түсінуге бағытталған әрекет ретінде анықтады. Ол эмпатия деңгейлерін сипаттады, төменнен жоғарыға дейін, оның ауқымында ол ұғымды симпатия объектісімен біріктіру, оның тәжірибесімен сәйкестендіру күйі ретінде белгіледі, басқа жағдайларда - өз тәжірибесінің тәуелсіздігін сақтай отырып, басқа адамның тәжірибесіндегі рөлі деп көрсетеді [4].

Э. Титченер алғаш рет психологияға "эмпатия" ұғымын енгізді.Еуропалық ғылыми тілдерге еніп, бұл термин көптеген психологиялық және лексикалық мағыналарға ие болды, көбінесе өзінің ерекшелігін жоғалтты.

Сонымен, шетелдік зерттеулердің едәуір бөлігі эмпатияны танымдық процесті түсіну, басқа адамның ішкі әлемін қабылдау және сезіну, сондай-ақ өнер туындысының, табиғаттың эмоционалды мазмұны ретінде ашады.

Эмпатия жағдайында болу, яғни адамның ішкі әлемін сол күйінде қабылдау - деп жазады ғалым К. Роджерс. Демек, кез-келген уақытта өзінің ішкі әлеміне оралу мүмкіндігі сақталады [5]. В.В. Бойко эмпатияны рефлексияның рационалды-эмоционалды-интуитивті формасы ретінде түсінеді, атап айтқанда, басқа адамның психоэнергетикалық кеңістігіне «кіру» тәсілі деп көрсетеді. Қарым-қатынас барысында “эмпатия” байланыс серіктесінің қорғаныс энергетикалық экраны ретінде қызмет етіп, адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен жанашырлығын байқатады.

Ойымызды пайымдай келе, адамдар арасындағы қарым-қатынас кезінде, эмоционалдық көңіл-күй, жанашырлық сезім, адамның жеке қабілетін түсіну, әсер етуі мақсатқа жетудің жолы деп білеміз.

Демек, эмпатия ұғымының астарында - басқа адамның психологиялық қорғанысын жеңуге және өзін-өзі көрсетудің салдары мен алғышарттарын түсінуге көмектесетін ұтымды – эмоционалды-интуитивті көріністің бір түрі, оның мінез-құлқына барабар әсер ету мақсатында реакциялар, эмоциялық-күй, қасиет сапа. Жеке тұлғаға және оның субъективті шындығына деген қызығушылық терең эмпатияның негізгі алғышарты болып табылады.

Көбінесе эмпатия басқа адамның ішкі әлемінің дұрыс емес бейнесін көруге мүмкіндік береді, өйткені эмпатия жасаушы оған өзінің қасиеттерін – әдеттерін, кемшіліктерін, ескірген көзқарастарын, эмоционалды тәжірибесін, біржақты пікірлерін негізсіз жобалайды.

Жасөспірім балада эмпатияның дамуы сезімтал қозғыштықпен, оның темпераментінің жасқа байланысты өзгеруімен, сондай-ақ ол тәрбиеленетін әлеуметтік топтардың әсерімен байланысты. А. А. Бодалев пен Т. Р. Каштановаңың пікірінше, достар арасындағы қарым-қатынас жанашырлық, бір-бірін түсінушілік қабілетімен байланыстылығын айтады [6].

Сондықтан көптеген ғалымдардың еңбектерінде “эмпатия” ұғымының мәнін былай деп айқындайды: әлеуметтік сезімталдық, сүйіспеншілік, ізгі ниет, эмоционалды сәйкестендіру, жанашырлық сезім, адамгершілік қатынастар деп жазады.

С. Л. Рубинштейн эмпатияны айналадағыларға сезімтал делдалдық қатынас, адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырды. Ол “өзімшілдіктің” кең құбылысын нақты эмпатикалық қатынастармен салыстырады [7].

Жалпы, эмпатия жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық қасиеті болып саналады, бұл жеке тұлғаның әлеуметтік - психологиялық қабілеттерінің жиынтығы, олардың көмегімен бұл қасиет субъектіге де, жанашырлық объектісіне де ашылады. Мұндай қабілеттердің қатарына мыналар жатады:

1) Басқаның эмоционалдық күйлерін тану және өзіңізді басқаның ойларына, әрекеттеріне және сезімдеріне ойша жеткізу қабілеті;

2) Басқа адамның қайғы-қасіретін жеңілдететін өзара әрекеттесу әдістерін қолдану мүмкіндігі;

3) Басқаның тәжірибесіне эмоционалды түрде жауап беру қабілеті.

Осы тұрғыдан, жасөспірімдердің қарым-қатынас жүйесі шынайы қызығушылыққа ие, басқа құрдасының жеке басының мәні мен мағынасы нтүсінуге және оның тәжірибесіне немқұрайлылықпен қарамай, сезімталдықпен жауап беру. Достық қарым-қатынасқа деген қажеттілік әсіресе жасөспірім кезеңінде маңызды. Мұндай қатынастар басқаны толық қабылдауға және түсінуге деген ұмтылысты білдіреді және құрдастарымен, кейінірек маңызды ересектермен қарым-қатынастың жеке-жеке сипатын анықтайды. Жасөспірімнің жеке басының қалыптасуына қарым-қатынас үлкен әсер ететінін атап өткен жөн. Қарым-қатынас тек ақпарат алмасу ғана емес, сонымен қатар өзара әсер ету, өзара әрекеттесу. Жасөспірім қарым-қатынасты эмоционалды деңгейде ғана емес, интеллектуалды және физиологиялық деңгейде де “сезінеді” деп ойымызды тұжырымдаймыз.

Әдебиеттер

1. Долгова, В.И. Эмпатия [Текст] / В.И. Долгова, Е.В. Мельник. – М.: Издательство «Перо», 2014. – 185 с.

2. Андреева, Г.М.Социальная психология. Учебник для вузов.– М: Аспект Пресс, 2008. – 345 с.

3. Жданова, Л.Г. Эмпатия как нравственное качество личности. – Казань: Издательство «Отечество» . – 2011. – С.150-153

4. Жукова, М.Эмпатия:пережитьздругого[Текст]/ М.Жукова.// Смена. – 2007. – №6. – С. 56-59.

5. Психокоррекционное занятие для развития эмпатии [Электронный ресурс] – http:// www. maam.ru /detskijsad/ psihokorekcionoe-zanjatie-na-razvitie-yempati.html

6. Бодалев, А. А. Восприятие и понимание человека человеком. – М.: Изд-во МГУ, 2007. – 200 с.

Рубинштейн, С.Л. Основы общей психологии [Текст]/С.Л. Рубинштейн. – СПб.: Питер Ком., 1998. – 720 с.

БІЛІМ БЕРУ СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘЛ-АУҚАТЫН ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ТАЛДАНУЫ

Ж.Ж.Бейсенова[1], Г.Ж. Идиятова[1], А.Т.Садырова[2],
[1]Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
[2]Каспий қоғамдық университеті
Алматы, Қазақстан

Мақалада қазіргі ғылыми әдебиеттердегі шетел, Ресей, отандық авторлардың зерттеулері қарастырылып, білім беру мекемелерінде психологиялық қолдауды ұйымдастырумен байланысты психологиялық әл-ауқат мәселесі тұжырымдамалары теориялық-әдістемелік деңгейде талданды. Білім беру субъектілерінің әл ауқатын дамытудың теориясы мен тәжірибесі қарастырылды.

Түйін сөздер: *психологиялық қолдау, психологиялық сүйемелдеу, психологиялық әл- ауқат.*

В статье проанализированы исследований зарубежных, российских и отечественных авторов в современной научной литературе, обобщены концепции проблем психологического благополучия, связанные с организацией психологического сопровождения в образовательных учреждениях на теоретико-методологическом уровне. Рассмотрены теория и практика развития благополучия субъектов образования.

Ключевые слова: *психологическая поддержка, психологическая поддержка, психологическое благополучие.*

The article analyzes the research of foreign, Russian and domestic authors in modern scientific literature, summarizes the concepts of problems of psychological well-being related to the organization of psychological support in educational institutions at the theoretical and methodological level. The theory and practice of developing the well-being of educational subjects are considered.

Keywords: *psychological support, psychological support, psychological well-being.*

Кіріспе. Білім алушыларға қойылатын заманауи талаптар әртүрлі стресстік жағдайларға тікелей байланысты өмірлік іс-әрекетке кәсіби және әлеуметтік қоғамда қабылданған нормалар мен құндылықтарға бейімделген, оларды сындарлы түрде жеңу қабілетін көрсете алатын бастамашыл, мақсатқа бағытталған жеке әл - ауқаты жан жақты дамыған тұлғаны дайындау міндетін тудырады.

Елімізде оқу-ағарту министрінің бұйрығымен 2022 жылы 25 тамызда «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары» бекітілген. Осы құжатта білім беру мекемелеріндегі психологиялық қызметтің негізгі Ережелері мен талаптары берілген. Психологиялық қолдау көрсетудің принциптері мен қағидаттары ұсынылған[1].

Заманауи білім беру жүйесіндегі психологиялық қолдаудың мақсаты білім беру үдерісіне барлық қатысушылардың жеке тұлғасының оң дамуы үшін жағдай жасауға ықпал ету болып табылады.

Сондай-ақ психологиялық қолдаудың мақсаты білім беру үдерісі субъектілерінің тұлғалық ерекшеліктерін дамыту үшін қолайлы жағдай жасау. Бұл жеке тұлғаның тұтастығы, оның психикалық денсаулығы және эмоционалдық, когнитивті әл-ауқатын дамыту болып табылады.

Алынып отырған мәселенің мақсатына орай, мынандай міндеттер алынды: білім алушылардың психикалық және психологиялық денсаулығын сақтау; барлық жас кезеңдерінде тұлғалық, психикалық және психофизикалық дамуға көмек көрсету; қабілеттерді, қызығушылықтарды, жалпы тұлғаны оңтайлы дамытудың жеке жолдарын, сонымен қатар өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі ұйымдастыру мүмкіндіктерін іздеу.

Негізгі бөлім. Тұлғаның когнитивті әл-ауқатын дамытуды дәйекті түрде жүзеге асырылатын стратегиясында субъектінің әлеуметтік белсенділігіне, оның сана-сезімін дамытуға, өзін-өзі бақылау және іс-әрекетті ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруға мән беріледі. Е.Н.Шиянов пен И.Б.Котованың пікірінше, «білім беру мазмұнының мәнін анықтауға тұлғалық-бағдарлы көзқараспен абсолютті құндылық жеке тұлғадан алшақталған білім емес, адамның өзі болып табылады» [2].

Білім алушылардың әл-ауқатын, соның ішінде когнтивті әл-ауқатын дамытуда психологиялық қолдау көрсетуде көптеген мәселелік, тұлғалық-бағдарлы, мәдени-шығармашылық процесті педагогикалық, психологиялық өзара әрекеттесу жүйесіне терең зерттеу қажеттілігін тудырады. Қолданыстағы ғылыми-әдіснамалық нұсқаулықтарды мұқият өңдеуді және дәстүрлі тәсілдермен, атап айтқанда, тәжірибелік, жүйеленген модельмен байланыстыруды талап етеді. Бүгінгі күні елімізде психологиялық қолдауда, психологиялық сүйемелдеуде ғылыми әдістемелік оқытудың жаңа нұсқауларын енгізу қандай құралдармен және қандай тиімділікпен жүзеге асады деген мәселені талқылауда[3].

Білім берудегі гуманистік көзқарасқа негізделген іргелі әдістемелік еңбектер мамандардың, соның ішінде білім беру бағытындағы педагог-психолог қызметіндегі кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға негіз болатынын айта кеткен жөн. Анықталған мәселелер бойынша айтарлықтай ілгерілеушіліктің болмауы білім беру компонентінің тиімділігіне сөзсіз әсер етеді.

Тұлға дамуының бейімделген стратегиясы кәсіби қызметтің нұсқауларын, талаптарын, нормаларын, ережелерін және алгоритмдерін орындау түріндегі сыртқы жағдайларға бағыну тенденциясымен сипатталады[4]. Бірақ елімізде болып жатқан қайта құрулар күнделікті тәжірибенің сипатын терең аша алатын, табыс пен жеке өзін-өзі жетілдіру, жүргізіліп жатқан іс-әрекеттің тиімділігін бағалай алатын және өзінің болашақ кәсіби тұлғасын, әл - ауқатын құра алатын жеке тұлға сұранысқа ие.

Білім беру мекемелерінде субъектілердің психологиялық әл-ауқатын дамыту мәселесі

бойынша ғылыми ұстанымдары талдау оның ерекше түрлері мен қызмет сипатын анықтауға мүмкіндік береді[5].

Бұл зерттеу аспектісінде психологиялық қолдау мыналарды қамтиды:

– білім беру үдерісін қолдау және оның субъектілерінің (білім алушылар, педагогтар) дамуының стратегиясын қалыптастыру;

– жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруы үшін ақпараттық құрылымдарды ашуға бағытталған әл ауқатын дамыту кәсіби бағдарды қолдау;

– физикалық әл ауқат (психогигиеналық бағыт);

– әлеуметтік әл ауқат (әлеуметтік-психологиялық бағыт);

– когнитивті бағыт;

– эмоционалды әл ауқат (кеңес беру бағыты).

Оқу процесін психологиялық қамтамасыз ету мыналарды қамтиды:

– физикалық әл ауқат: тұлғалық-бағдарлы білім беру принциптерін дәйекті жүзеге асыру: оң өмір салтын қалыптастыру және құндылық бағдарларды; танымдық және шығармашылық мотивацияны дамыту; субъектінің кәсіби маңызды қасиеттерін, психикалық және шығармашылық негіздерін, іргелі білімдерді, дағдылар мен дағдыларды игеруге қабілеттері мен жеке ұмтылыстарын түсіну және өзін-өзі жетілдіру.

әлеуметтік әл ауқат: кәсіби қызмет саласындағы оқу жетістіктері мен одан әрі ұтқырлық көзі;

– мұғалімдерге психологиялық мәдениетті күшейтуге, кәсіби маңызды қасиеттерін өзін-өзі жетілдіруге көмектесу;

– когнитивті әл ауқат: оқытудың белгілі бір кезеңінде қойылған талаптарға субъектілердің психологиялық дайындығын саралау;

Кейде оқушы, класқа кіріп келе жатып, есікті тарс еткізіп жабады. Ондай оқушыдан кластан қайта шығып, есікті жай ғана жауып кіруді өтінуге болады. Мінез-құлық ережесін қалай орындау керектігін үнемі көрсетіп, жаттықтырып отыру тұрақты дағды мен әдеттерді қалыптастыруға жәрдемдеседі. Бұған әсіресе оқу жылының басында көп күш, қуат жұмсап отыруға тура келеді. Каникул кездерінде көптеген ережелер ұмытылады да, кейбір қалыптасқан дағдылар ұмытылады. Оны үстіне класқа басқа мектептерден жаңа оқушылар келіп отырады, олар ерекше көңіл бөліп, қосымша жұмыс істеуді қажет етеді.

Мәселен, оқу жылының басында IX кластың класс жетекшісі өзінің оқушыларының бірі өз сезімдерін білдіруде әрдайым ұстамсыздық көрсететінін байқап қалады: сабақта себепсіз қатты күледі, үзіліс кезінде коридорда тарс-тұрс жүгіріп жүреді, көп жағдайда төбелесіп жатады. Айтқан сөз, иландырудың көмегі болмады. Сонда класс жетекшісі әдейі оған белгілі ұстамдылықты талап ететін тапсырма беретін болды: оны класта немесе үзіліс кезінде коридорда кезекші етіп тағайындап, тәртіпке келтіру мен тыныштық сақтауды талап етті.

Тәртіпті күшейтуге оқу процесін дұрыс ұйымдастыру, сабақта оқушылардың қолы бос болмауы және белсенділігі, танымдық ықылас, оқу жұмысына әуестік айтарлықтай әсер етеді. Кейбір мұғалімдер сабақ үстіндегі тәртіптің нашарлығы туралы шағым айтып, ол жөнінде мектеп басшыларының немесе класс жетекшісінің алдына мәселе қояды. Ал шын мәнісінде тәртіпсіздіктің себебі- сабақты жаман ұйымдастырғандық. Егер сабақ жаман ұйымдастырылса, жеткілікті ойланып істелінбесе, онда орнату қиын немесе мүмкін емес деуге де болады. Мұндай сабақта оқушылар пайдалы іспен шұғылданбағандықтан, өзінің күш- қуатын бейбастақтыққа жұмсайды.

Саналы тәртіпке үйретуде қоғамдық пайдалы еңбектің мүмкіндігі зор. Мектеп жанындағы учаске немесе колхоз даласында бірлесіп жұмыс істей отырып, оқушылар ұйымшылдыққа, келісіп әрекет жасауға әдеттенеді. Қоғамдық еңбек процесінде оқушылар ыждағаттылыққа, тапсырылған іске жауапкершілікпен қарауға, еңбекті сүюге, өмір жолындағы қиындықтар мен бөгеттерді жеңуге деген табандылық пен шеберлікке тәрбиеленеді. Мәселен, мектеп ауласын көгалдандыруға қатыса отырып, олар ұйымшылдық, орындағыштық тәжірибесін алады. Өз қолдарымен отырғызған ағаштар мен бұталарды күтіп, баптап, сақтайтын болады. Кейбір мектептерде әрбір класқа мектеп бағының белгілі учаскесі бекітіліп беріледі. Оқушылардың

өздері оларды кутіп-баптауды ұйымдастырады. Соның нәтижесінде оларда тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімі тәрбиеленеді.

Әрине, оқушылардың барлығы бірдей қоғамдық пайдалы істі ықыласпен орындап, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезім байқата бермейді. Олардың кейбірі әр түрлі сылтау айтып, тапсырмадан бас тартуға немесе жұмысты асығыс, қалай болса, солай орындай салып, оны тезірек тапсырып құтылуға тырысады. Көбіне олар белгіленген тәртіпті бұзып, басқалардың жұмысына кедергі жасайды. Бұл сияқты кемшіліктерді жоюға социалистік жарыс ұйымдастыру, жұмыс нәтижесін бағалағанда жоғары талап қою, жұмысты бақылауға және оны бағалауға оқушылардың өзін тарту (соның ішінде тәртіп бұзушыларды да) және мадақтаудың әр түрлі формаларын қолдану (сыйлық беру, мектеп басшылары мен қоғамдық ұйымдардын алғыс жариялауы) жәрдемдеседі.

Жақсы ұйымдастырылған еңбекте мектеп оқушылары дұрыс мінез-құлық, педагогтар мен оқушылар коллективі органдарының жарлықтарын дәл орындау дағдыларына ие болады әрі нығайтады, өзара жауапкершілікке, тыңғылықтылыққа үйренеді.

Қарым- қатынаста түсетін серіктестіктердің , алап тілетері ұмтылушылқтары ұстанымдары , мінезлері , қарым- қатынас жасау мәнері, тіпті көңіл - күйлері көбінесе қарам- қайшы болып келеді. Осы факторлардың бәрі бір – бірін түсіну жолына кедергі болуы, екі жақтың бір-біріне наразылық тудыруы мүмкін, ал ол кезегінде кәсіби жетістіктерді кедергі болады. Коммуникативті кедергіге жататындар мінез кедергілерді, теріс эмоция, қабылдай, білмеушілік кедергілері. Іс жүзінде мінездің көпшілік кедергілерді этикет нормалары ен ережелерді орнылдау проблемаларына байланысты. Қарастырылған сұрақтарды қортындылай келе, мынадай тұжырымға келуге болады:

-тәртіби құраушы;

- анықтаушы когнетивті;

- мотивациялық.

Эмоциялық өзіндік мазмұнға қарағанда, көбінесе тікелей болсын және жанама болсын, этикеттік ережелерге байланысты.

«Этикет» сөзінің түсінігі француздың сөзімен байланысты «ярлык», «церемониал», «этикетка» т.б. ұғымды білдіреді. Сөздіктердегі этикеттің мәні - тәртіп ережелерінің жиынтығы « тәртіптің қабылдаған рет», «қарым-қатынас» мәдениетінің жалпы талаптарының көрінісі. Ұғымдарын білдіреді. Яғни барлық жерде оның қарым-қатынас жүйесіндегі практикалық- реттеушілік табиғаты , сондай- ақ формалды – тәртіби ернкше мәні ескеріледі. Этикет теориясында арналған әдебиеттерде оеың рәсімдік сипатына тарихылығына , ұлттық және әлеуметтік – топтық реңіне назар аударылады.

Сынып жетекшісі оқушылардың оқу және еңбек жұмыстарын ғана ұйымдастырып қоймай, сонымен қатар көбінесе коллективтік саяхаттар, экскурсиялар, кластан тыс жұмыстың басқа да түрлерін ұйымдастырады. Мектептен тыс жерде оқушылар, әдетте, өздерін емін-еркін ұстайды. Мектептегі сияқты, бұл жерде де олар тәртіпті мінез-құлық тәжірибесін жинақтау үшін әр қилы өмір жағдайларындағы тәртіптің талаптарын сақтау үшін нысаналы түрде жағдай жасап отыру керек.

Оқушының мінез-құлқын бағалау**.** Саналы тәртіпке тәрбиелеуде мінез-құлықты дұрыс бағалаудың үлкен маңызы бар. Жалпы білім беретін орта мектептің Уставында мінез-құлықтың үш түрлі бағасы белгіленген: «үлгілі», «қанағаттанарлық», «қанағаттанғысыз».

«Мінез-құлықты бағалаудың басты критерийі,- деп көрсетілген «Класс жетекшісінің жұмысы туралы» методикалық хатта, шәкірттердің оқушыларға арналған Ережеде тұжырымдалған өзінің негізгі міндеттерін орындауы болып табылады. Класс жетекшісі мінез-құлық бағасын пионер және комсомол ұйымдары мен оқушылардың өзін-өзі басқару органының пікірімен санаса отырып қояды. Жылдық қанағаттанғысыз баға қоятын жағдайда, класс жетекшісі, нұсқауларға сәйкес педагогикалық жиналыста дәлелді ұсыныс жасайды. Бұл мінез-құлықты бағалаудағы

субъективизм мен бір жақтылыққа жол бермеуге көмектеседі. Мінез-құлықты бағалағанда оқушыларға арналған ережені білу қаншалық ескерілсе, оны орындау шеберлігі де соншалық ескеріледі.

Мінез-құлықтың бағасы әдетте ата-аналарға хабарланып отырылады. Қажеттілігіне қарай класс жетекшісі мінез-құлық жөніндегі өзінің пікірін аптаның аяғында күнделік дәптерге қысқаша жазып кояды. Ата-аналар ол жазулармен танысып, күнделік дәптерге өзінің қолын қояды. Мінез-құлық жөніндегі бір жылдық қанағаттанғысыз баға мектептің педагогикалық советінің шешімінен кейін ғана қойылады. Класс жетекшісі оқушының мінез-құлқы жөнінде педагогикалық советке дәлелді қорытынды түсіреді. Бұл қорытындыда пионер және комсомол ұйымдарының, оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының пікірлері еске алынады. Мектеп оқушыларының мінез-құлқын бағалағанда класс коллективінің де пікірін ескеру қажет.

Тәртіпті нығайтуда балалар коллективінің атқаратын рөлі**.** Класс жетекшісінің жеке басынынң оқушыларға ықпалын коллективтің әсерімен ұштастырып отырудың үлкен маңызы бар. Ол үшін тәртіп жөніндегі мәселелер оқушылар жиналыстарында, пионер және комсомол ұйымдарында талқыланады. Класс жетекшісіне қабырға және ауызша газеттер, мектеп радиосы да көмекке келеді. Олар қоғамдық пікірді тәртіпсіздікпен күреске жұмылдырады. Осы жағдайда түсіндірме жұмыстары неғұрлым өнімді моральдық негізге ие болып, жақсы нәтижелер береді.

Тәртіп үшін күресте пионер және комсомол ұйымдары айтарлықтай көмек көрсетеді. Олар өз ұйымдарының мүшелеріне неғұрлым қатаң талап қойса, тәртіп пен реттілік үшін күрес соғұрлым жеңіл болады. Тәртіпсіз оқушыларға коллектив зор әсер жасайды. Коллективтің мақұлдамағанын, өз жолдастарының кінәлаған көзқарасын сезіп, тәртіпсіз оқушы өзін жақсы ұстауға тырысады.

Саналы тәртіпке тәрбиелеу мәдениетті мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастырумен тығыз байланысты. Тәртіпті оқушы әдетте адамға сезімталдықпен және қамқорлықпен қарайды, қоғамдағы қабылданған моральдық нормаларды сақтайды, сондықтан да оны жоғары мінез-құлық мәдениетіне үйрету оңай. Ерке де салдыр-салақ балаға оны үйрету өте қиын.

Сынып жетекшісі мектеп оқушыларын қабылданған мәдениетті мінез-құлық ережелерін сақтауға күнделікті қамқорлық жасап отыруға тиіс. Ол үшін оқушыларды әдептілікке, сыпайыгерлікке шыдамдылықпен үйретіп; еңбек мәдениетін арттырып, сөйлеу мәдениеті мен жақсы талғамын дамытып, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстай білуге үйрету жөн. Балаларды, жеткіншектерді жігіттер мен қыздарды коллективте жұмыс істей білуге, жақсы дос, жолдас болуға, өзіне де, басқаларға да талап қоя білуге және принципшіл болуға үйрету қажет. Балаларды жас кезінен-ақ жақсы әдет-қылыққа дағдыландыру, оларды адамдарға жақсылық жасауға үйрету, үй тұрмысындағы жоғары мәдениетке деген сүйіспеншілік дарыту өте маңызды.

Көмекке зәру адамдарға - қарттарға, мүгедектерге және жас балаларға қатысты сезімтал, инабатты болу дағдысын дамытуға ерекше назар аударған жөн. Мінез-құлық мәдениеті — бұл өзін қоғамдық ортада ұстай білу және әдептілік ережелерін сақтай білу ғана емес. Ол адамдарды, үлкендерді шынайы сыйлаудан, жоғары адамгершіліктен, коллективте өмір сүріп, еңбек ете білуден көрінеді. -

Кейде ұнамды қылықтар көрер көз үшін ғана жасалады, сондықтан олар ішкі мәдениеттің жоқтығын жасырып қала алмайды. Егер сыртқы мәдениетке мінез-құлық түрлері, сыртқы сипат жатса, ішкі мәдениет адамның білімінен, нанымынан, жеке бастың мүддесін қоғам мүддесімен ұштастыра білуден тұрады. Сондықтан мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу адамның моральдық бейнесін қалыптастырумен, оны мәдениетіне байланысты.

Әдебиеттер

1. Мырзахметов М. Абайдың адамгершілік мұраты. - Алматы, «Рауан», 1993.

2. Қазақстандық мектеп журналы «Жақсы тәртіп және мінез-құлық мәдениеті», №5, 2001.
3. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәрбиесі. Алматы: «Санат», А., 1995.
4. Танцоров С.Т. Групповая работа в развивающем обучении. Рига.: “Эксперимент”, 2008.
5. Қалимұқашева Б. Сөйлеу мәдениеті және шешендік өнер. – Астана, 2010.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Шайкыбекова Б.К.
Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы, Бәйтелі ауылы, Қазақстан

Бұл мақалада, білім беру процесінде бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттыруда лингвистикалық дағдыларды үйрену және олардың кейбір анықтамалары, оқу-тәрбие барасында мұғалімдердің сөйлеу қарым-қатынас құралы, когнитивтік лингвистиканы зерттеу нақты процестер арасындағы себеп-салдар байланысы және балалардың мәдени ойлауын дамытуға негізделген лингвистикалық дағдылардың маңызы туралы пайымдалады.

Түйін сөздер: *лингвистика, когнитивтік, мәдениет, ойлау, дағды*

В статье раскрыты вопросы обучения детей языковым умениям, а также необходимость повышения познавательной активности учащихся начальных классов в учебном процессе средствами речевого общения. Для учителей важно изучение когнитивной лингвистики, определения причинно-следственной связи между развитии культурного мышления и языковыми навыками.

Ключевые слова: *лингвистика, когнитивность, культура, мышление, навыки*

In this article, the mastery of language skills and some of their definitions in increasing the cognitive activity of primary school students in the educational process, the means of verbal communication of teachers in education, the study of cognitive linguistics, the cause-and-effect relationship between specific processes and the importance of language skills based on the development of cultural thinking of children.

Key words: *linguistics, cognition, culture, thinking, skills*

Бастауыш сынып оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуға, олардың лингвистикалық (лексикалық, фонетикалық, грамматикалық) дағдыларын дамытуға және осы дағдыларды ауызша сөйлеуде дұрыс қолдануға үйрету керек. Жазбаша тілді меңгеру және бастауыш сынып оқушылардың әлеуметтік және таным дағдыларын дамыту арқылы ана тіліне деген сүйіспеншілігін және балалардың қарым-қатынас құралы ретінде пайдалануды қамтамасыз ету.

Бастауыш мектептегі лингвистикалық білім – тіл бағытының мазмұнында сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша іске асырылады:

-коммуникативтік әдіс, ойын арқылы қызығушылығын дамыту;

- танымдық бағытын дамыту;
- жиі ақпарат алмасу;
- таным дағдыларын жүйелі қалыптастыру мен бақылау.

Бастауыш сынып балалары уақыт өте келе, бір-бірлерімен араласа келе және әртүрлі жаста жаңа таным, дағдыларды меңгереді. Бастауыш сынып балалардың көпшілігі таным дағдыларды бір реттілікпен дамытады. Бастауыш сынып балаларында әрбір қалыптасқан жаңа таным дағды алдыңғысына негізделеді. Балалардың таным дағдыларын дамыту кезіндегі кездесетін айырмашылықтар, бастауыш баланың дамуына кері әсерін тигізбейді.

Бұл қарым-қатынас дағдыларына мыналар жатады:

1) тыңдау, үлкендердің, құрдастарының т.б. қарсыласын тыңдау;
2) сөйлеу, екеуара сөйлесу кезінде, диалог үзіліп қалмауы керек;
3) оқу, бастауыш сынып баллары тіл байлығын үздіксіз дамытып отыруда оқу міндеттеледі;

4) хат, жазбаша сөйлеуді де дамытып отыру шарт, ол балалардың сауаттылығын арттырады.

Қазақстанның бастауыш мектептерінде коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру және дамыту қазіргі білім берудің өзекті міндеттерінің қатарына жатады.

Тілдік қарым-қатынас дағдылары да лингвистикалық білім мен таным дағдысы, тіл дамыту негізінде қалыптасады.

Бастауыш мектеп оқушыларының кез-келген дағдысын қалыптастыруда алған білімдерін іс жүзінде іске асырудың нәтижесі болып табылады.

Бастауыш сынып оқушылардың лингвистикалық құзыреттілігін дамытудағы және олардың тілдік тұлғаны қалыптастыруда шетел тіл білімі, орыс тіл білімі, қазақ тіл білімі зерттеушілер қарастырған. Ол ғалымдар лингвистиканың мәні мен оның ұстанымдарына тоқталып, тілдік құзіреттілікті дамыту арқылы бастауыш сынып балалардың танымдық құзыреттілігін дамытуға болатыныны және олардың тілдік тұлғасын қалыптастыру үшін оқу-тәрбие үрдісінде қолдану мәселелеріне тоқталды. Орыс тіл білімінің ғалымы С.И. Ожегов: «Әрекет – қандай да бір жұмысты орындауда, бір нәрсені жүзеге асыруда қолданылатын әрекет немесе әрекеттер жүйесі» деп атып көрсетіп яғни бастауыш сынып балалары бір-бірімен қарым қатынаста ғана таным дағдылары ашылады [1,б.5]. Оның пікірінше, әрекет ету арқылы лингвистиканы дамытып, оқу-тәрбие процесінде пайдалану мәселесі практикалық тәжірибеге негіздеу болатынын ұсынған.

Зерттеуші С.Л. Рубеинштейн,: «Сөйлеу тіл арқылы қарым-қатынас жасау әрекеті, ол әрекеттегі тіл» деп сөйлеуді зерттеудегі практикалық мәнін атап көрсетеді. Оның пікірінше, сөйлеудің әдістерін балалардың оқу процесіне енгізу мұғалімге балалармен коммуникация жағдайында ғылыми пікір білдірген[2,б.25].

Л.С. Выготский: «7 жастағы баланы интегралды динамикалық құрылым ретінде сипаттау керек...». Яни баланың 7 жасында толық сөйлеу қызметі дамиды [3,б.25].

Когнитивтік тіл білімінің қазіргі уақытта лингвистикалық зерттеулердің өзекті бағыттарының бірі екендігіне сенімді.

Когнитивті лингвистика әлеуметтік құбылыс ретінде тілдің әлеуметтік, мәдени және тарихи контекстен тыс өмір сүре алмайтындығымен түсіндіреді. Демек, тіл мен ойлаудың арақатынасы туралы мәселе өзекті әрі өзекті мәселе. Когнитивтік лингвистиканы зерттеу нақты процестер арасындағы себеп-салдар байланысын жан-жақты түсінуге және адам санасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Осылайша, қолда бар дереккөзді зерттеу бұл тақырыптың әлі жеткілікті зерттелмегенін көрсетеді. Атап айтқанда, когнитивтік лингвистиканың оқушылардың оқу үрдісіндегі таным дағдысын дамытуда лингвистиканың практикалық маңызы мәселесі ашық күйінде қалып отыр.

Таным адамның барлық танымдық әрекетін қамтитын психикалық құрылымдар мен процестердің жиынтығын болып саналады. Оның зерттеу пәні дүниетанымдар және оларды сұрақ-жауап әдістері сияқты қоршаған әлем туралы таным үлгілері мен адамның идеялары болып табылады.

Лингвистика тіл мен адам құрылымдарының арасындағы тәуелділікті сипаттауға тырысады.

Осы тәуелділіктің ерекшеліктеріне сүйене отырып, тіл білімін зерттеуші ғалымдар адамдар қалай қарым-қатынас жасайтынын, белгілі бір физикалық, физиологиялық және психологиялық құбылыстар мен процестердің себебі неде және олардың салдары қандай екенін түсіндіруге тырысады.

Лингвисти төмендегі мынадай кезеңдерге негізделеді:

–Адамның тілге қатысты танымдық және рухани аспектілерін зерттеу;

–Адам миындағы тілдік танымның нақты бірліктері мен процестерін зерттеуге бағытталған;

–Лингвистика саласындағы ішкі мамандану, сонымен бірге басқалармен тығыз нәтижеге ықпал ету.

–ғылымдар, оның ішінде лингвистикалық зерттеулерде мәдени контекстті есепке алу;

– түсіндірмелі: тілдік құбылыстарды жай сипаттаудан гөрі түсіндіруге баса назар аударылады.

Когнитивтік лингвистиканың нақты анықталған принциптерге негізделгенін көрсетеді. Сондықтан бұл саланың жұмыс істеуі үшін ғылыми дәлелденген негізі бар. Демек, лингвистика теориялық тұрғыдан ғана емес, практикалық тұрғыдан да қолданылады.

Лингвистика бастауыш сынып балаларының коммуникативтік құзыреттілігімен тікелей байланысты. Бұл осыған байланысты

Коммуникативтік құзыреттілікке мыналар жатады:

– тілдік бірліктер мен жүйелерді тәжірибеде жиі қолдана білу;

– әртүрлі тілдік бірліктерді біріктіру дағдыларын қалыптастыру;

– орынды жағдайларда тілді қолдана білу.

Басқаша айтқанда, бұл әртүрлі контексттерде тиімді қарым-қатынас жасау мүмкіндігін білдіреді. Бұл құзыреттілік ана тілін үйрену кезінде өте маңызды, өйткені ол белгілі бір жағдайда белгілі бір тілдік жүйені қолданудың принциптері мен негіздерін іс жүзінде ұстануды қамтиды. Ғалым Д.Б. Эльконин: «Ауызша сөйлеумен салыстырғанда жазбаша сөйлеудің бірнеше спецификалық ерекшеліктері бар» деген өз еңбегінде. Жазбаша сөйлеуге қарағанда ауызша сөйлеу ұарқынды дамиды[4,б.25].

Коммуникативтік құзіреттілікке тоқталатын болсақ, лингвистика бастауыш сынып балаларында мынадай ойлау түрлерін дамытуды көздейді.

Бірінші түрі – бастауыш сынып балалардың білімдерін практикалық жағдайларда қолдана білу қабілетін болжайтын кәсіби ойлау. Егер тапсырма олардың тәжірибесінен тыс болса, олар әртүрлі құбылыстарды салыстыра білуі және олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтары негізінде байланыс орнатуы керек, осылайша мәселені шешуді жеңілдетеді. Бұл өте маңызды, өйткені қазіргі бастауыш сынып балалары көбіне көптеген жаңа сөздер мен метафораларды қамтитын әңгімелік мәтіндермен жұмыс істейді.

Сондықтан байланыстардың немесе сөз тіркестерінің қалыптасуын түсіне отырып, ұғымдар арасындағы ұқсастықтарды анықтап, нақты мәтіннің мәнін түсіре білуі керек.

Екінші түрі – абстрактылы ойлау, онда оқушылар байланыстарды анықтап, қарым-қатынастарды анықтауы керек. Мұндай мәтіндер саяси айтыста немесе жарнамада жиі кездеседі. Бұл өрнектердің шығу тегін түсіну нақты механизмдердің қалыптасуын нақты түсінуге мүмкіндік береді.

Үшінші түрі – жүйелік ойлау, ол жүйелі және логикалық ойлауды, арасындағы қатынастарды ұйымдастыруды қамтиды. Ғылыми-техникалық мәтіндермен жұмыс істегенде жүйелі ойлауды дамытудың маңызы зор. Маман мақсатты аудиторияға белгілі бір құбылыстың жаһандық түсінігін ұсынуы керек, себеп-салдар байланысын жаңғырту, оқиғалардың одан әрі дамуын болжау, бір бағыттың екіншісіне ықпалын жаңғырту.

Төртінші түрі – құбылыстар мен олардың өзара байланыстарын объективті бағалау қабілетімен сипатталатын сыни тұрғыдан ойлау, басқа процестермен, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарымен салыстыра зерттеу жүргізіледі[5, 67. б].

Лингвистика қысқа мерзім ішінде ақпаратты дер кезінде және тиімді қабылдау, өңдеу және беру дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Мысалы, егер бастауыш сынып балалары ана тілінде тапсырмалар жиі орындап, олар ақпаратты жылдам өңдеп, оны тиімді жеткізуі немесе мақсатты аудиторияға жеткізуі керек. Тиісінше, ақпаратты жылдам игеру қабілеті өте маңызды және оның құндылығы адамның кәсібилігіне әсер етеді.

Жалпы алғанда, концепт адамның тілдік сферасындағы белгілі бір нәрсеге сәйкес келетін психикалық қалыптасуын білдіреді. Құрылымы және жеке адам алған білім мен ақпараттың шарықтау шегін, қоғамның белгілі бір құбылысты қабылдауын қамтиды. Осыған сәйкес оқушылар біртұтас дүниетанымға ие болып, практикалық қарым-қатынас дағдыларын дамыта

отырып, өзіндік сөйлеу тілін қалыптастырады. Нәтижесінде келесі тұжырымдама құрылымын ұсынуға болады.

Бұл схемаға сәйкес ұғым күрделі иерархиялық құрылымға ие. Оның құрамдас бөліктерімен танысу оқушыларға тілдік компоненттер туралы ақпаратты тез және оңай қабылдауға және белгілі бір сөздердің жасалу негіздерін түсінуге мүмкіндік береді.

Елестету аспектілерді (бір нәрсені түрту немесе есту арқылы көрген немесе естігеннен кейін пайда болатын бейнелер) және когнитивтік аспектілерді (белгілі бір мәдениетте жиі қолданылатын нәрсенің аойша түрлендіруі) қамтиды. Мұндай бейнелер оқушыларға жиі кездеседі және таныс. Олар көбінесе жеке тәжірибеге негізделген.

Екінші компонент. Ақпараттық ұғымның айырмашылықтарды көрсететін сипаттамаларын болжайды. Ақпараттық нақты құбылыс туралы фактілерді ұсынуды қамтиды, лексика немесе сөздік арқылы іске асады.

Үшінші компонент. Түсіндіру саласы бір құбылыстың мағынасын екінші құбылысқа айналдыруды қамтиды. Басқаша айтқанда, белгілі бір компонент туралы алған білімдерін қорытындылайды. Оның негізгі элементтеріне төмендегілер жатады:

– бағалау ұғым жалпы әсер аймағы;
– қоғамның белгілі бір нәрсеге қатынасы пайдалылық;
– белгілі бір құбылыстың энциклопедиялық сипаттамаларын жалпылау аймақ;
– нақты құбылысқа қатысты рұқсаттар мен тыйымдар реттеу аймағы;
– құбылыстың халықтың салт-дәстүрімен әлеуметтік-мәдени байланыс аймағы;
– анықталатын құбылысқа байланысты мақал-мәтелдер көп мағыналық [6, б. 18].

Әрбір компонентті екінші деңгейге жататын қосалқы құрамдас бөліктерге бөлу ақпаратты неғұрлым мұқият және оңтайлы игеруге мүмкіндік береді. Сонымен бірге оқушылар ұғымдармен және олардың құрылымымен таныса отырып, адамдардың ойлау ерекшеліктерін меңгереді және белгілі бір процестің жетекші көрсеткіштерін анықтайды.

Балалардың мәдени ойлауын дамытуға негізделген лингвистиканың адамдардың осы құбылысқа байланысты терминдерді білуіне оң әсерін тигізетінін де дәлелдеуге болады. Осылайша, оқушылардың сөйлеуінің дұрыстығын көрсететін ұғымдардың келесі түрлерін ажыратуға болады .

Олай болса, лингвистиканың бастауыш сынып балаларының коммуникативтік құзіреттілігін дамытуда және олардың тілдік тұлғасын қалыптастырудағы рөлі күрделі және көптеген пікірталас тудыратыны туралы пікір айтуға болады. Атап айтқанда, көптеген дереккөздер бұл бағытты филологияны зерттеуде қолдануға арналған. Керісінше, тек кейбір отандық дереккөздер лингвистиканы қазақ тілі сабақтарында бастауыш сынып балалардың тілдік бейнесін қалыптастырудағы құнды орын деп санайды. Автор лингвистика қазақ тіл білімін зерттеуге де көмектесе алады деп есептейді, өйткені ол ұғымдармен, тілмен және санамен жұмыс істеудің әмбебап принциптерінде жұмыс істейді.

Бастауыш сынып оқу бағдарламасындағы кейбір оқу нәтижелері, мазмұндық тақырыптары бастауыш сынып балаларды мәтін түрлері арасындағы айырмашылықтарды анықтауға мол мүмкіндік береді. Сондай-ақ, танымдық мәтіндер жазуға ынталандырады.

Бұл бастауыш сынып оқу бағдарламасы сонымен қатар оқулықтарға ақпараттық мәтіндердің әртүрлі түрлерін енгізуді ұсынады.

Дегенмен, Қазақстанда ақпараттық мәтін жазу дағдыларын дамыту бойынша зерттеулердің көлемі өте шектеулі екені баршамызға мәлім. Бастауыш сынып оқушылардың ақпараттық мәтіндер жазу қабілетін қолдауға көмектесетін зерттеулердің жоқтығы рас, сондықтан қажеттілігі анықдеп анық айтуға болады.

Сондықтан қазіргі кезде бастауыш сынып оқушыларын тізбектей ақпараттық мәтіндерді орындауда танымдық қызығушылығын дамыту мен тілдік дағдылардың тиімділігін тиімділігін анықтау мақсатында жүргізілді. Бастауыш сынып баласының эмоционалды дағдыларын ылғи

қолпаштау, сыныптағы құрдастарымен қақтығысты болдырмау, жағдаяттың алдын алу, диалог құру арқылы өз ойын ашық айтқызу, өтірік сөздерге бой бергізбеу әрбір бастауыш сынып мұғалімінің парызы деп білеміз.

Тіл мен сауаттылықты жиі дамыту бастауыш сыныптарында оқытудың басты бағыты болып табылатыны сөзсіз. Бастауыш сынып мұғалімдерінің қолданатын әдіс-тәсілдері тиімді және нәтижелі болуы керек.

Бастауыш сынып балаларын табандылық пен шеберлікке насихаттап, жауапкершілігін арттырып, ашық сұрақтарға шақырып, топта жағымды жағдай құру керек деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

1.Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии / С.Л. Рубинштейн. – СПб., 2022.
2.Выготский Л.С. Мышление и речь. Собрание сочинений: В 2-х т. / Л.С. Выготский. – М., 2019.
3.С.А. Жиренов, «Когнитивті лингвистика». Оқу құралы. Алматы, 2022
4. Серққалиұлы З. Дүниетану даналығы // Ғылыми және көркемдік таным ерекшеліктері. –Алматы.: Білім, 2023
5.Жарықбаев Қ.Б. Психология. Педучилищелерге арналған. Алматы,2022
6. Мухина С., «Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы». Алматы, 1986

ОРТА МЕКТЕПТЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Асилбаева Ф.Б.[1], Абильбаев А.С.[2]
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Ерекше назар аударуды қажет ететін адамның балалық шағы, оны оңалту және қоғамға бейімдеу оның жеке басының қалыптасуының кілті болып табылады. Мұндай баланы әлеуметтендірудің маңызды факторларының бірі – отбасы және оның сапалы білім алуы. Бұл мақала инклюзивті білім беру жағдайында ерекшелігі бар балаларды оқытудың тәсілдері мен технологияларын қарастырады. Отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне теориялық шолу жасалды.

Түйін сөздер: *мүмкіндігі шектеулі бала, инклюзивті білім беру, баламен жұмыс, стратегия, зерттеу.*

Отношение к детям и благоприятная среда для развития, реабилитация и адаптация ребенка с ограниченными возможностями в обществе являются ключевыми факторами к формированию его личности. Одним из важнейших факторов социализации такого ребенка становится его семья и получение им качественного образования. В статье обсуждаются подходы и технологии обучения детей с особыми образовательными потребностями в инклюзивной образовательной среде. Проведен теоретический обзор работ отечественных и зарубежных ученых.

Ключевые слова: *ребенок с ограниченными возможностями, инклюзивное образование, работа с ребенком, стратегия, исследование.*

Childhood, rehabilitation and adaptation of a child with disabilities in society are the key to the formation of his personality. One of the most important factors in the socialization of such a child is the family and getting them a quality education. This article discusses approaches and technologies for teaching children with special educational needs in an inclusive educational environment. A theoretical review of the works of domestic and foreign scientists is carried out.

Keywords: *child with disabilities, inclusive education, work with a child, strategy, research.*

Президентіміз Қ.Тоқаев отандық білім беру жүйесінің үздік үрдісін сақтай отырып, бір орында тұрып қалмай, әрдайым даму жолында болу керектігін атап өткен. Мемлекет басшысының айтуынша, бәсекеге қабілетті балаларды қалыптастыруда басты үміт оқытушыларға артылады. Педагогтардың, әлбетте ата-аналардың да міндеті – еліміз үшін лайықты азаматтарды тәрбиелеу.

Қазіргі Қазақстан жағдайында мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының қатарына барлық адамдардың білім алу құқықтарының теңдігі жатады. Білімнің қолжетімді болуын қамтамасыз ететін алғышарт – инклюзивті орта. Инклюзивті білім берудің заманауи міндеті интеллектуалды

дамуды, психофизиологиялық және жеке-дара ерекшеліктерді ескере отырып, халықтың барлық деңгейі үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуді қарастырады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «ҚР инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасы» сынды құқықтық-нормативті құжаттар арқылы міндеттелген инклюзивті білім беру үрдісі педагогтардың кәсіби іс-әрекетіне қойылар талаптарды күшейтеді.

Білім берудегі инклюзия – бұл ерекше қажеттіліктері бар балалар мен студенттерді жалпы оқу процесіне қосу. Әлемдік тәжірибе оқытудың инклюзивті форматы ерекше қажеттіліктері бар балалар мен басқа білім алушылар арасындағы қабылдау, түсіну және өзара көмекке негізделген серіктес ортаны құрудың ең тиімді жолы екенін көрсетеді.

Мүмкіндігі шектеулі бала – біздің қоғамның бір бөлігі. Оларға деген көзқарас мәдениет пен әлеуметтік даму деңгейін анықтайды. Ерекше балалармен жұмыс істеудің ең маңызды бағыты – әр баланың психикасы мен денсаулығының даму ерекшеліктерін ескеріп, жеке көзқарас жасау.

Қазіргі уақытта елімізде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда үш тәсіл қолданылады :

- I -VIII типтегі арнайы мекемелерде дене және ақыл-ой дамуы бұзылған балаларды сараланған оқыту;
- балаларды жалпы білім беретін мекемелердегі арнайы топтарда интеграцияланған оқыту;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар қарапайым балалармен бірге бір топта оқитын инклюзивті оқыту.

Инклюзия жалпы білім беретін мекемелерде мүмкіндігі шектеулі баланың физикалық болуы ғана емес екенін түсіну керек. Бұл мекемелердің өзін, мәдениетін және білім беру процесіне қатысушылардың қарым-қатынас жүйесін өзгерту, оқытушылар мен мамандардың тығыз байланыстыру, ата-аналарды баламен жұмыс істеуге тарту.

Білім берудегі инклюзия оқу орындарына мыналар үшін енгізіледі:

- ✓ ерекше қажеттіліктері бар балалардың білімге кедергісіз қол жеткізуін және қабілеттерінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету;
- ✓ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сараланған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету;
- ✓ ерекше балаларда табиғи әлеуметтік бейімделу үшін кеңістік жасау;
- ✓ гуманитарлық педагогика принциптерді іске асыру;
- ✓ жалпы білім беретін оқу орындарында жағымды микроклимат құру және ерекше қажеттіліктері бар балалар мен басқа білім алушылар арасындағы белсенді тұлғааралық қарым-қатынасқа ықпал ету;
- ✓ осындай балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға консультациялық көмек көрсету.

Ерекше балаларға білім беру туралы көптеген зерттеулер мен тәжірибелер жүргізілген. Оның ішінде отандық Д.Ш.Жұмағалиева заманауи жаңартылған жүйе шетелдік әріптестердің тәжірибесін ескере отырып құрылған, яғни оқыту "белсенді оқыту стратегияларын қолдана отырып, бірлескен оқытуды ұйымдастыру әдістерін, педагогикалық рефлексияны және кері байланыстың тиімді нысандарын пайдалана отырып, білім алушылардың әртүрлі білім деңгейлерін қанағаттандыру үшін сараланған тәсілді жүзеге асыра отырып құрылады" деп тұжырымдаған [1].

Шетелдік ғалымдар П.Дэвис және Л.Флориан ерекшелігі бар балалармен жұмыс істеу үшін белгілі бір тәсілдерді ұстану керек деп тұжырым жасаған, олардың арасында:

- мінез-құлық: нақты тапсырмалар немесе дағдылар үшін имитацияны, қалыптастыруды, қайталауды және күшейтуді қамтиды.
- когнитивті: мұнда ақпаратты сақтау, өңдеу, ұйымдастыру және іздеу дағдыларын жақсарту үшін негізгі когнитивті процестерді қолдануға және дамытуға баса назар аударылады. Бұл фонологиялық өңдеу деңгейі, сөз деңгейі (семантика және грамматика немесе синтаксистік деңгей) немесе сөйлем деңгейі болуы мүмкін. Басқа байланысты тәсілдерге есту жадының әртүрлі үлгілері және қажет болған жағдайда тілдің әртүрлі аспектілері қалай сақталатынын және шақырылатынын зерттейтін

тәсілдер жатады.

- дамытушы: бала болашақта өтетін даму кезеңдерін талдау. Бұл шеңберге натуралистік тәсілдер енгізілуі мүмкін.

- өзара әрекеттесу немесе интерактивті: бұл тәсіл әртүрлі атаулармен, соның ішінде эксперименттік оқытумен белгілі. Ол оқшауланған дағдыларды оқытудан гөрі, баланың қоршаған ортасымен мағыналы қарым-қатынастың дамуына баса назар аударады. Балаға жағымды қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу тәжірибесінен пайда табуға, мәселелерді шешуге, көптеген күрделі коммуникативті ойлар мен стратегияларды әзірлеуге және қолдануға кеңес береді.

Сонымен қатар, С.Краукле коммуникативті тәсіл ең қолайлы стратегияның бірі екенін жазған. Оның ойынша «қарым-қатынас проблемалары ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеудің коммуникативті тәсілінің моделін құру қажет. Ерекше қажеттіліктері бар балалар мекемелерге баратындықтан, оқытушы жауапкершілікті өз мойнына алып, инклюзивті білім беру принциптерін қолдануға келісуі керек» [2].

Зерттеушілер, Д.З.Ахметова, Т.А.Челнокова, Г.В.Мигранова және В.А.Корвяков, Д.Г.Мұхамбетов экономика, басқару және құқық институтының (Қазан қ., РФ) және Алматы экономика және статистика академиясының (Алматы, ҚР) бірлескен монографиясы аясында ерекшеліктері бар балалармен жұмыс кезінде қолдану керек технологиялар мен әдістерге ерекше назар аударылған.

Оқу ісін бірлесіп жүргізу үшін инклюзивті сыныптарда төмендегі жіктеме бойынша жүзеге асырылады.: 1) **Ынтымақтастық түрлері** (педагогтер, тәрбиешілер-ата-аналар, тәрбиешілер-басқалар мамандар), 2) **Кедергілер** (коммуникациялық, мәдени айырмашылықтар және т. б.). 3) **Шешімдер** (қағидаттарға негізделген инклюзивті білім беру).



Сурет 1 - Инклюзивті білім беруде мұғалім кездестіретін кедергілер және проблемалар

Оқу процесінде аулақ болу керек жағдайлар:

- жастардың пассивті тыңдаушылар ретіндегі рөлін алдын-ала анықтайтын оқытушының материалды ұзақ түсіндіруіне бағытталған оқытудың формалары (дәріс, әңгіме);

- білім алушылардың репродуктивті іс-әрекетінің пассивті түрлерімен толтырылған сабақтардағы тәртіп пен тыныштыққа қойылатын қажетсіз талаптар (тақтадан қайта жазу, оқулықтардан мәтіндерді қайта жазу, оқулық оқу және т. б.);

- тақырыптың жалпы тармақшаларын ғана емес, сонымен қатар жекелеген фактілерді, бөлшектерді қарастыра отырып, жаңа материалды бір блокта және бір қабылдауда беру;

- стресстік жағдай туғыза отырып, білім алушылардың іс-әрекетінің нәтижелері мен сапасын бағалау [4].

Бұл ретте авторлар ойын технологиялары мен жоба әдістерін инклюзивті оқытуда тиімді пайдалануға болатынын көрсете отырып, қолдаудың болуымен дараланған және бейімделген оқыту

технологияларына ерекше назар аударған.

Бақылау негізінде оқыту. Басқа адамның мінез-құлқын бақылау және күшейтетін салдарларды алу арқылы жаңа дағдыларды игеруді қамтиды. Мысалы: ойын, тілдік, әлеуметтік, академиялық дағдылар және т. б.

Артықшылықтары: Тікелей нұсқауларсыз, әлеуметтік оқытусыз және жалпылаусыз жаңа дағдыларды игеруге ықпал етеді.

Тізбекті қалыптастыру. Күрделі мінез-құлықты қалыптастыру үшін дәйекті түрде жүруі керек жеке реакцияларды үйретуді (ынталандыру және күшейту арқылы) қамтиды. Кері тізбекті құру: білім алушы барлық тапсырманы өз бетінше орындай алмайынша, тізбектің соңғы қадамын, содан кейін соңғы қадамды және т. б. бойынша оқытуды қамтиды.

Тура тізбекті құру: тізбектің бірінші қадамын, содан кейін екіншісін және т. б. бойынша оқытуды қамтиды. Жалпы тапсырманы ұсыну: Білім алушыдан әр сабақ барысында тізбектің басынан аяғына дейін барлық қадамдарды орындауды талап етеді.

Артықшылықтары: Бірнеше кезеңдерде күрделі дағдыларды үйренудің жүйелі әдісі.

Педагогтың жетекшілігімен оқыту, онда педагог сабақты құрылымдауда жетекші рөл атқарады. Сабақтар қатаң құрылымдалған, берілген игеру критерийіне жеткенше оқу эпизодтарын дәлдікпен және табандылықпен жүйелі және қайталанатын қолдануды талап етеді.

Дағдыларды игеру деңгейлеріне жаппай сынамалар (бұл дағды оқшауланған түрде оқытылады).

Кездейсоқ айналу: дағды игерілгеннен кейін, нұсқаушы жаңа дағдыға сұраныстарды кездейсоқ тәртіпте басқа белгілі дағдыларға сұраныстармен біріктіреді.

Жалпылау: Дағды кешенде игерілгеннен кейін, нұсқаушы шеберлікті әмбебаптандыруға назар аударады.

Қорытындылап айтқанда, инклюзивті оқыту жағдайында балаларды оқытудың тәсілдерін, стратегиялары мен технологияларын талдау еуропалық және отандық ғалымдардың зерттеулерінің сабақтастығын көрсетті. Осылайша, әрбір зерттеуші жеке тәжірибеге сүйене отырып, өзінің тиімді әдісін немесе тәсілін анықтайды.

Ерекше назар аударуды қажет ететін балалардың білім беру жүйесінің сапасы әр білім алушыға жеке көзқараспен анықталады, өйткені әрбір "ерекше" бала өзінің толыққанды өмір сүруіне кедергі келтіретін жеке мәселесінің болуымен сипатталады. Көбінесе бұл мәселені толығымен шешілмесе де шешуге болады. Ерекше балаларды оқытудың негізгі мақсаты қоғамға бұрын оқшауланған адамдарды енгізу, сондай- ақ осы санатқа жатқызылған әрбір баланың білім мен дамудың максималды деңгейіне жетуі, оның қоршаған әлемді тануға деген ұмтылысын белсендіру болып табылады. Олардан жаңа қоғамның ажырамас бөлігі болатын толыққанды тұлғаларды қалыптастыру және дамыту өте маңызды.

Әдебиеттер

1. Жұмағалиева Д.Ш. Қазақстан Республикасының жаңартылған орта білім беру бағдарламаларында инклюзивті білім беруді есепке алу //Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Ұлттық білім академиясы. Астана: КЕАҚ. И.Алтынсарин, 2017. С. 96- 100

2. Краукле С. Мектепке дейінгі инклюзивті білім берудің коммуникативті тәсілі // 2015, 4(1). – Б.50-56. https://doi.org/10.2478/dcse-2013-0004 (өтініш берген күні 9.03.2021).

3. Л.Е.Бродельщикова «Инклюзивті білім беру оқушыларының әлеуметтік – коммуникативтік дағдыларын дамыту»//"Ерекше бала: зерттеу және көмек көрсету тәжірибесі": респ.ғылыми.- тәжірибе.конф./құрамы. А.Д.Кинибаева, А.К.Абдигалиева -Қостанай, 2020. 176-180 ББ

4. Мүмкіндігі шектеулі жандарды оқыту үшін қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану /Д.З.Ахметова, Т.А.Челнокова, Г.В.Мигранова, В.А.Корвяков, Д.Г.Мұхамбетов – Алматы: АЭСА2014.-173 Б.

5. Дарбаева Э.Б. Отандық және шетелдік ғалымдардың жұмыстарында инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытудың тәсілдері мен стратегиялары // Жас ғалым. – 2021. – № 18 (360). – 317-319 ББ.

6. Айтуарова А. М. Проблемы социализации детей с особыми образовательными потребностями //ББК 1 А28. – 2022. – С. 125.

ЕРЕСЕК АДАМДАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әлқожаева Н.С.[1], Мадиева Ж.М.[2]
[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
[2]Бауыржан Момышұлы атындағы № 35 мектеп
Алматы, Қазақстан

Бұл мақалада ересектерді тәрбиелеу мәселесі сөз болады. Андрагогика педагогика ғылымының бір саласы ретінде даму үстінде, осыған байланысты нақты зерттеулерге талдау жасалып, тұжырым жасалды. Андрагогика ұғымының мәнін ашатын жекелеген ұғымдар талданды және де қысқаша тарихы баяндалды.
Түйін сөздер: *андрогогика, геронтогогика, тәрбиелеу, білім беру, ересек, ересектік жас, қарттар т.б.*

В этой статье речь идет о проблеме воспитания взрослых. Андрагогика развивается как один из отраслей педагогической науки, в связи с чем был сделан анализ и вывод конкретных исследований. Были проанализированы отдельные понятия, раскрывающие сущность андрагогики, а также кратко излагается история развития.
Ключевые слова. *андрогогика, геронтогика, воспитание, образование, взрослый, взрослый возраст, старики и др.*

In this article we are talking about the problem of education of adults. Andragogy is developing as one of the branches of pedagogical science, in connection with which the analysis and conclusion of specific studies was made. Some concepts that reveal the essence of andragogy were analyzed, and the history of development is summarized.
Keyword. *andragogic, gerontogene, upbringing, education, adult, adult age, elderly people etc.*

Елімізде ересектерді тәрбиелеу оларға білім беру арқылы жүзеге асырылады. Негізінен тәрбие – үздіксіз процесс. Қазақ даналығы тәрбие ана құрсағынан басталып, өмір бойы жүретін процесс екенін айтып өткен.

«Андрагогика» ұғымын неміс ағартушысы және тарихшы А.Капптың есімімен байланыстырамыз, ол 1883 жылы бұл ұғымды ғылыми айналымға ендірген. Ресей ғалымдарының ішінде, С.И. Змеевтің зерттеулері осы мәселеге тікелей қатысты, ол өзінің «Андрагогика: основы теории, истории и технологии обучения взрослых» тақырыбындағы ересектер жасын жіктеген, айталық 20-35 жас аралығын – ювенагогика, 35-65 аралығындағылар-андрагогикаға, ал 65-жастан жоғары ересек адамдарды геронтологияға жатқызған [1].

Ювенагогика – (латын тіл ауд –«junior»- кіші және «agoge»- жетектеу, тәрбиелеу) жастарды теориялық және практикалық тұрғыда оқыту, тәрбиелеумен айналысатын болса, андрагогика – (латын тіл ауд. «aner» жынысы, «andros» - ересек адам, «agoge»- тәрбиелеу, жетектеу деген мағынаны білдіреді), яғни ересек адамдарды оқыту, тәрбиелеу, дамытумен айналысатын педагогиканың жекелеген салалары.

Ал, геронтогогика – (грек тілінен ауд. –«gerontos»- қария және «agoge»- тәрбиелеу, жетектеу деген мағынада) жасы ұлғайған адамдармен теориялық және практикалық өзара әрекеттесіп оқыту жағдайларын қарастыратын, педагогика ғылымының бір саласы [1]. Ересектер мәселесі, «өмір бойы білім алу» қағидасына сай қашанда өзектілігін жоймайды. Педагогика ғылымында тәрбие процесін үздіксіз, үзіліссіз процесс ретінде қарастырамыз. Яғни, мен жеткілікті білім алдым немесе тәрбиелендім деп тұжырым жасай алмаймыз. Олай болса, ересектерді тәрбелеу, оқыту мәселесі күн тәртібінен алынып тасталатын мәселе емес.

Бұл мәселені зерттеуші ғалымдардың бірі, П. Фюрте, андрагогика – адамды өмір бойы қалыптастыру туралы ғылым деген болса, [2]. Л. Турос ол - ересек адамдарды мақсатты, ұйымдастырылған білім беруі, тәрбиелеуі, сонымен қатар өзіндік білім алуы, тәрбиеленуінің шығу тарихы, шарттары, нәтижелері туралы ғылым, деп айқындаған [3]. Ал, М.Ш. Ноулз андрагогика - ересектердің оқуына көмек көрсететін ғылым және өнер, ересек білім алушылардың жағдайға байланысты деңгейлік білім беруінің «ереже жүйесі» [4], деген анықтама берген. Сонымен қатар, М.Ш. Ноулз ересектерді тиімді оқытуды жүзеге асырудың

жеті практикалық шартын айқындаған: ересектерді оқытуда жағымды ахуал қалыптастыру; білім алушылармен оқу үдерісін жоспарлаудың ұйымдастырушылық құрылымын құрастыру; ересектердің білім алудағы қажеттіліктерін анықтау; оқытудың мақсаты мен негізгі өзегін қалыптастыру; оқу жоспарын құрастыру және дамыту; оқытудың барабар технологияларын тікелей жүзеге асыру; оқытудағы жаңа қажеттіліктерін анықтау мен қол жеткізген нәтижелерді бағалау [4].

Ноттингем университетінің бір топ зерттеушілері андаргогиканы ересектердің өз ойлары мен сезімдерін туындатушы ретінде «ересектерді оқытудың теориялық тұғыры», деп қарастырады.

Негізінен алғанда андрагогика бірнеше функция атқарады, айталық:

- түсіндірмелі-зерттеушілік, яғни ересектерді тәрбиелеудің кең ауқымдағы талдау, сипаттау, түсіндіру, процесстерді, заңдылықтарды және жағдаятты жобалауды жүзеге асыу;
- практикалық қызметі, оған педагогикалық теориялар мен тұжырымдамаларды андрагогикалық тұрғыдан құрастыру;
- болжамдық функция- ересектерді оқыту мен тәрбиелеудің теориясы мен тәжірибесінің дамуын ғылыми негізде болжау.

Аталған мәселеге қатысты бірқатар ғалымдардың еңбектері жарық көрген, . С.И. Змеев [1], П. Фюрте [2], М.Ш. Turos[3], L. Ноулз[4], Громкова М.Т. [5], Knowles M.S. [6,7,8], Dylak B., Maziarza Cz. [9], Godbey G.C [10], Elias J.L. [11], MacKenzie V.E. [12], Вершловский С.Г.[13], Е.И.Огарев[14], Кулюткин Ю.Н.[15], Джоди Спиро[16], Браже Т.Г.[17], Канатов А.И.[18], Колесникова И.А.[19], В.А.Горохов, Онушкин В.Г.[20]т.б.

Қазақстандық зерттеуші-ғалымдардан Бургумбаева Ж.А.[21], Қабекенов Ғ.У.[22], Макатова Ж.А. [23], Қараманова А.А.[24], Тұрғынбаева Б.А.[25], Калиева А.А[26], және т.б. айта аламыз.

Ересектерге білім беруде теориялық оқытудың бастапқы кезеңінде психологиялық аспект ажыратылды – ол ересектерге білім беру сана-сезімнің өзгерістерімен байланысты, бұл тұрғыда алғашқылар қатарында, маңызды жұмыстардың бірі, американдық ғалым Э.Торндайктың «Ересектерге білім беру психологиясының»[27], алатын орны ерекше. Әлеуметтану саласы бойынша ересектердің білім алуы туралы Э. Эриксон, Р.Гоулд, О. Бримм т.б. еңбектері арналған [16].

Андрагогиканың жүйеленуі XX ғасырдың екінші жартысы, яғни ғылыми-технонологиялық революция кезеңімен сәйкес, бұл уақытта ересектердің ресми және бейресми білім беру саласы едәуір жетілдіріліп, оқу процесінің қарқындылығын арттыру, үздіксіз білім алу идеялары тұрғысынан дәстүрлі педагогикалық мәселелерді айқындау мақсатында арнайы зерттеулердің қажеттілігі туындады. Осы тұрғыда, андрагогика бойынша Германияда, Швейцарияда, Венгрияда және басқа да елдерде ауқымды зерттеулер жүргізіледі. Зерттеуші теоретик ғалымдардың тұжырымдауынша, андрагогика ілімі 25-жастан жоғары адамдардың білім алуы арқылы оларды тәрбиелеудің нақты жолдарын, механизмдерін айқындау тиіс.

Көптеген психолог, физиолог, әлеуметтанушы, философ, педагог ғалымдар тұтас адам өмірінің хронологиясын 3 негізгі нақты кезеңдерге бөліп қарастырады, алғашқы кезең - жас өспірімдік шақ, бұл кезең әр түрлі эксперимент нәтижелеріне байланысты алынған 18-22 жас аралығындағы адамдар, келесі кезең – ересектік шақ, ол 20-дан 65 жасқа дейінгі (кейде 18-22-ден 60-75 жас) аралығындағы адамдар болып анықталған, демек ерте ересектік (35 жас) және кеш ересектік (50 жас) деп бөлінген. Ал, 65 жастан жоғары кәрілік, қарттық жастағы адамдар қатарына жатқызылған [5].

М.Ш. Ноулздың пікірі бойынша, ересек адам дегеніміз, өзін ересек адам ретінде ұстай алатын, жұбай, ата-ана және азамат рөлін атқара алатын жауапкершілікті адам [4]. Ресей ғалымы Ю.Н. Клюткин, «Ересек адам-ең бірінші қоғам талабына сай, өз алдына мақсат қою және дұрыс шешім қабылдай алатын әлеуметтік толық жетілген адам» деген анықтама берген [15], өзіміз көріп отырғандай ересек адамдар өз істеріне жауапкершілікпен қарайтын тұлғалар.

Белгілі француз ғалымы McLagan P.A. ересектерді оқыту тұрғысында тәжірибелік жұмыстар жүргізген, ол «ересек адамдар деп 23 жастан асқан, кәсіби өмірге толықтай енген, белсенді әлеуметтік рөлге және жеткілікті деңгейде мағлұматтарға ие болған адам», [28] деп анықтаған.

Зерттеулерді талдау барысында, ересек шаққа әртүрлі жас кезеңдерін көрсеткендігін көре алдық. Мысалы: Дж. Биррен – 17-75 жас десе, Е.И. Степанова – 18-40 жас, Ю.Н. Клюткин – 16-70 жасты берген, ағылшын зерттеушілері, Д.М. Бромлей және Б.Г. Ананьев - 21-65 жас деген болса, Д.И.Фельдштейн – 21-75 жас кезеңіндегілерді ересек адамдардың жас мөлшерлері деп қарастырған. Американдық белгілі психолог Э.Эриксон болса, 20-жастан асқан адамдардың бәрі ересектер деп пайымдайды. Ересектер педагогикасын зерттеуші ғалым, М.Т. Громкова «Андрагогика теория и практика образования взрослых»- деген еңбегінде ағылшын зерттеушілерін қолдайтынын көрсетеді [5].

Ғалымдардың зерттеулеріне сай, әртүрлі жас кезеңіндегі тұрмыстық-өмірлік әрекеттерді төмендегі кесте арқылы көре аламыз (кесте 1).

Кесте 1 - Әртүрлі жас кезеңіндегі тұрмыстық-өмірлік іс- әрекеттер

Жас кезеңдері	**Табиғи алғы шарт**	**Білім алу бастамасы**	**Іс- әрекет бастамасы**
Балалық шақ	Өсу, даму негіздері	Орта білім, қоршаған ортаны тану	Ойын, сабақ, өз қажеттілігін өтеу, үй шаруасы
Жастық шақ	Физикалық және рухани жағдайының өзіндік жетілуі	Білім алу (орта, жоғары), дүниеге көзқарастың дамуы	Сабақ, жұмыс, отбасын құру
Ересектік шақ	Өз денсаулығын күту	Жоғары біліктілік, өзіндік білім алу	Кәсіби қызмет ету, жанұяны қамтамасыз ету

Қазіргі кезде ересектерге білім беру маңыздылығы ересектерге білім беру мәселелері бойынша халықаралық және ұлттық орталықтарының құрылуымен анықталуда:
- ЮНЕСКО- ның білім беру Институты (Гамбург);
- Білім беру жоспарлауының халықаралық институты (Париж);
- Халықаралық білім беру институты (АҚШ);
- Ересектерге білім берудің Швейцариялық ұйымы;
- Халықаралық педагогикалық орталық (Франция)
- Ересектерге білім берудің ұлттық институты (Ұлыбритания)
- Педагогикалық зерттеулердің халықаралық институты (Германия) т.б.

Ересектерге білім беру Біріккен Ұлттар Ұйымы– ЮНЕСКО құрылғаннан бастап, әлеуметтік маңыздылыққа ие болды. 1976 жылы БҰҰ Басты конференциясының білім беру, ғылым және мәдениет сұрақтары бойынша Найробидегі 19 сессиясында ересектерге білім беру дамуының Ұсынысы құрастырылып, бүгінгі күні ересектерге білім беру мәселелері бойынша өтілетін халықаралық конференцияларда талдануда [29].

Негізгі маңыздылыққа 14-18 шілде 1997жылы Германияның Гамбург қаласында өткен Бесінші Халықаралық конференция ие болды, онда «Ересектерге білім беру туралы Гамбург декларациясы» және «Болашаққа күн тәртібі» құжаттарын қабылданды [17].

Одан кейін орын алған конференциялар София қаласы (2002), Банкок (2003), Ташкенттегі аумақтық (2003), Гамбург конференциясы рухында ересектерге білім беру мәселелерін талдап, дамуы, нақтылануы, оның концепцияларын анықтаумен айналысты.

Жоғарыда айтып өткендей, 1970 жылдары американдық ғалымдар М.Ш.Ноулз, Р.М.Смит, ағылшындық ғалым П.Джарвистің ересектерге білім беу саласы бойынша ғылыми зерттеулері басылып шықты. 1970 жылы Малколм Шепперд Ноулздың «Ересектерге білім берудің қазіргі практикасы» деп аталатын іргелі еңбегі жарыққа шықты. Андрогогика ғылымның негізін қалыптастыруда ғалымдар ересек тәрбиеленушілер мен жас тәрбиеленушілер арсындағы айырмашылықты негзгі факт ретінде басшылыққа алған болатын. Жоғарыда аталған ғалымдар анықтаған ерекшеліктер:

- ересек білім алушы өзінің білім алу үдерісінде жетекші рөл атқарады;
- ол өзін іс жүзінде көрсетуге, жекелікке, өзін-өзі басқаруға ұмтылады;
- ересек адамның өмірлік (тұрмыстық, әлеуметтік, кәбіби) тәжірибесі бар, оны өзінің ғана емес, әріптестерінің де білім алуының бастауы ретінде қолдануға болады;
- ересек адам көздеген нақты мақсаттарына жету үшін және өзі үшін өмірлік маңызы бар мәселені шешу үшін білім алады;
- ересек адам алған білім, білік, дағдыларын кейінге қалдырмай бірден қолданамын деп болжам жасайды;
- ересек білім алушының іс-әрекеті уақытпен, кеңістікпен, сонымен қатар тұрмыстық, кәсіби, әлеуметтік факторлармен тығыз байланысты, олар тәрбиелеу барысында түрлі қарама-қайшылықтар арқылы оқу үдерісіне кедергі жасауы немесе білім алу үдерісінде белсенділігін арттыруы мүмкін;
- ересектердің білім алу үдерісі оның диагностика, жоспарлау, жүзеге асыру, бағалау т.б. кезеңдерінде оқытушы мен ересек білім алушының бірлескен іс-әрекеті түрінде ұйымдастырылады.

Қазақстанда ересектерді тәрбиелеу жағдайын анықтау, тұрғындардың осы мәселе жөнінде пікірін білу үшін әлеуметтену, психология ғылымында сонымен қатар, педагогикада жиі қолданылатын сауалнама жүргізу сияқты зерттеу әдістерін пайдалану негізгі шарттардың бірі болып табылады. Осыған орай алдымен жүргізілетін сауалнаманың мақсаты мен міндеттерін анықтау қажет болды.

Әдебиеттер

1.Змеев С.И. Андрагогика: Основы теории, истории и технологии обучения взрослых. – Москва: ПЕРСЭ, 2007-272с. 80-87.

2. Furter P. Grandeur et mesure de la pedagogie. Neuchatel, 1971.- 324 p. ISSN 1019-3391.

3. Turos L. Andragogika. Zarys teorii oswiaty i wychowania doroslych.- Wid. П. Warszawa, PWN, 1978.

4. Ноулз, М. Ш. Современная практика образования взрослых. Андрагогика против педагогики / М. Ш. Ноулз. - М., 1980.

5. Громкова М.Т. Андрагогика: теория и практика образования взрослых. Учеб. пособие для система доп. проф. образавание.- Москва: Юнити-Дана, 2005.-495с.

6. Knowles M.S. The Modern Practice of Adult Education. Andragogy versus Pedagogy. N.Y., 1970.

7. Knowles M.S. The Modem Practice of Adult Education. From Pedagogy to Andragogy. - Chicago, 1980.

8. Knowles M.S. Andragogy in Action: Applying modern principles of adult learning. San Francisco, 1984.
183.

9. Dylak B., Maziarza Cz. Andragogika w sluzbie praktyki oswiaty doroslich. Warszawa, 1986.

10. Godbey G.C. Applied Andragogy: A Practical Manual for the Continuing education of Adults. Pennsylvania, 1978.

11. Elias J.L. Andragogy Revised. // Adult Education. Washington, 1979.-V. XXIX, N4.

12. MacKenzie V.E. Andragogy: Model, Theory, or Assumption? San Francisco, 1997.

13. Вершловский С.Г. Рабочая книга андрагога.- М., 1997-205с. 27-30.

14. Огарев Е.И. Непрерывное образавание как фактор поступательного развития личности. Автореф. Дисс. канд. пед.наук. - Л., 1986. -17с.

15. Кулюткин Ю.Н. Психология обучения взрослых. – М.:Просвещение, 1985. – 128 с.

16. Джоди Спиро. Принципы обучения в образования взрослых// Гуманистические тенденций в развитии непрерывного образавания взрослых в России и США // Под ред. М.В.Кларина, И.Н. Семенова. –М.: ИТПиМИО РАО, 1994. -189с.

17. Браже Т.Г. Принципы оценки деятельности андрагога // Педагогика. 2000. -№6,-с.27-31.

18. Канатов А.И. Обучаемость взрослых в зависимости от развития их мышления. – Л.: ЛГУ, 1986. – 208 с.
19. Колесникова И.А. Основы андрагогика: Учеб. пособие для студ./ Под ред. Колесникова И.А.- М.: Академия, 2003-209с. - С.168-1697
20. Онушкин В.Г. Социльно –экономические проблемы непрерывного образования взрослых в СССР и за рубежом. – Л.: НИИ СОВ. 1981.-91с.
21. Бургумбаева Ж.А. Қосымша білім беру жүйесінде ересектер арсындағы педагогикалық қарым –қатынасты жетілдіру (ересектерге қазақ тілін оқытып – үйрету материалдары негізінде): пед. ғылымд. канд. дисс.13.00.01.- Алматы, 2009. -250 б.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ АТА-АНАЛАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Садыкова Н.М.[1], Маханбетжан Ә.С.[1], Тұрақұл А.Е.[2]
[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Бұл мақалада жасөспірімдер мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктері қарастырылады. Жасөспірімдік кезеңдегі өзгерістер, тәуелсіздікке ұмтылу, түсініспеушілік пен конфликтілердің негізгі себептері талданады. Сонымен қатар, ата-аналар мен балалар арасындағы байланысты нығайту жолдары ұсынылады. Эмоционалды қолдау көрсету, ашық диалог орнату, тәуелсіздікке мүмкіндік беру және ортақ іс-шаралар ұйымдастыру қарым-қатынасты жақсартудың тиімді тәсілдері ретінде сипатталады. Мақала жасөспірімдер психологиясын зерттеушілерге, ата-аналарға және педагогтарға арналған.
Кілт сөздер: *жасөспірімдер психологиясы, ата-ана қарым-қатынасы, эмоционалды қолдау, жасөспірімдер тәрбиесі, отбасы динамикасы.*

В статье рассматриваются психологические особенности взаимоотношений между подростками и их родителями. Проанализированы изменения, происходящие в подростковом возрасте, стремление к независимости, причины недопонимания и конфликтов. Также предложены способы укрепления связи между родителями и детьми. Описываны эффективные методы улучшения взаимоотношений, такие как эмоциональная поддержка, установление открытого диалога, предоставление подросткам возможности для самостоятельности и организация совместных мероприятий. Статья предназначена для исследователей подростковой психологии, родителей и педагогов.
Ключевые слова: *психология подростков, взаимоотношения с родителями, эмоциональная поддержка, воспитание подростков, семейная динамика.*

This article examines the psychological characteristics of relationships between adolescents and their parents. It analyzes the changes occurring during adolescence, the desire for independence, and the main causes of misunderstandings and conflicts. Additionally, it suggests ways to strengthen the bond between parents and children. Effective methods for improving relationships, such as emotional support, establishing open dialogue, providing opportunities for independence, and organizing joint activities, are described. The article is intended for researchers in adolescent psychology, parents, and educators.
Keywords: *adolescent psychology, parent-child relationships, emotional support, adolescent upbringing, family dynamics.*

Кіріспе. Жасөспірімдік кезең – адамның физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік дамуының аса маңызды сатысы. Бұл кезеңде тұлғаның когнитивті, эмоционалдық және әлеуметтік дағдылары қарқынды дамып, өзіндік көзқарастар жүйесі қалыптасады. Сонымен қатар, жасөспірімнің өзін-өзі тану үдерісі мен әлеуметтену деңгейі артып, сыртқы ортамен қарым-қатынасы жаңа мазмұнға ие болады. Ата-аналар мен жасөспірім арасындағы қарым-қатынаста өзгерістер байқалып, олардың өзара түсіністігі мен сенімділік деңгейі ерекше мәнге ие болады. Дегенмен, ата-аналар бала мінезіндегі өзгерістерді түсіну және реттеу барысында қиындықтарға тап болып, кейде жанжалдық жағдайлардың туындауына себепші болуы мүмкін.

Осыған байланысты жасөспірімдердің ата-аналарымен қарым-қатынас ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан талдау өзекті мәселе болып табылады.

Белгілі американдық психолог Эрик Эриксонның психоәлеуметтік даму теориясына сәйкес, жасөспірімдер осы кезеңде «құндылықтар дағдарысын» бастан кешіреді, бұл олардың өз орнын іздеуге және жеке тұлғалық сәйкестігін қалыптастыруға әсер етеді. Ол: «Жасөспірімдер өздерінің кім екенін және болашақта кім болғысы келетінін анықтау үшін өзіндік зерттеулер мен эксперименттерден өтеді» [1] деп атап көрсеткен. Бұл пікір жасөспірімдік кезеңдегі жеке тұлғалық ізденістің маңыздылығын көрсетеді. Осы кезеңде жасөспірімдер әлеуметтік рөлдерін, құндылықтар жүйесін және болашақтағы өмірлік ұстанымдарын қалыптастырады. Э.Эриксонның теориясы бойынша, осы процесте ата-аналардың, құрдастардың және қоғамның ықпалы шешуші рөл атқарады, себебі сыртқы орта жасөспірімнің өзіндік «Мен» концепциясын айқындауға көмектеседі.

Ал ресейлік психолог Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи теориясы бойынша, жасөспірімдердің танымдық және эмоциялық дамуы олардың қоршаған ортасымен және әлеуметтік қарым-қатынасымен тығыз байланысты. Ғалым: «Баланың дамуы ең алдымен оның әлеуметтік ортасымен анықталады. Жасөспірімдер үшін құрдастары мен отбасының ықпалы шешуші рөл атқарады» [2] деп тұжырымдайды. Осыған байланысты, ата-аналармен қарым-қатынастың сапасы жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауына, мінез-құлқына және болашақтағы әлеуметтік бейімделуіне айтарлықтай әсер ететіндігін көреміз. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, ата-аналармен сенімді және қолдау көрсететін қарым-қатынаста болған жасөспірімдер эмоционалдық тұрақтылыққа ие болып, стресстік жағдайларды жеңіл еңсереді. Ал керісінше, ата-аналар тарапынан бақылаудың артуы немесе немқұрайлылық олардың өзін-өзі бағалау деңгейіне және қарым-қатынас дағдыларына кері әсер етуі мүмкін.

Жасөспірімдердің танымдық және эмоциялық дамуы олардың ата-аналарымен, достарымен және мұғалімдерімен қарым-қатынасына байланысты. Бұл кезеңде ата-аналар тарапынан сенім мен қолдау көрсету аса маңызды. Жасөспірімдер ересектердің сөзінен гөрі, олардың әрекеттеріне көбірек назар аударады, сондықтан ата-аналар олардың өмірінде үлгі болуы керек.

Сонымен қатар, цифрлық технологиялар ата-ана мен бала арасындағы байланысты өзгертуге әсер етті. Кейбір жасөспірімдер әлеуметтік желілерде көп уақыт өткізіп, ата-анасымен қарым-қатынасы әлсіреп жатады. Мұндай жағдайларда ата-аналар балаларымен ортақ қызығушылықтарды табуға және ашық диалог орнатуға тырысуы қажет.

Жасөспірімдік кезеңдегі ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас өзара сенім мен қолдауға негізделуі тиіс. Балалар ата-аналарынан өздеріне деген сенімділік пен түсіністік күтеді. Ата-аналар жасөспірімдердің жеке шекараларын құрметтеп, олармен ашық әрі шынайы диалог жүргізуі қажет.

Негізгі бөлім. Жасөспірімдер мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас динамикалық процесс болып табылады. Бұл кезеңде жасөспірімдердің жеке тұлғалық ерекшеліктері айқындалып, олардың қоғамдағы орны анықтала бастайды. Олар өз көзқарастарын қалыптастырып, дербестікке ұмтылады, сонымен қатар сыртқы орта мен ата-аналарының қолдауын қажет етеді. Жасөспірімдік кезеңде мінез-құлықтың өзгеруі ата-аналардың тәрбие беру стиліне және отбасындағы қарым-қатынас сипатына тікелей байланысты болады. Егер ата-аналар баласының эмоционалды қажеттіліктерін ескеріп, түсіністік танытса, олардың арасындағы сенімді қарым-қатынас сақталады. Ал, керісінше, бақылаудың шамадан тыс күшеюі немесе эмоциялық суықтық жасөспірімнің қарым-қатынастан алшақтауына және конфликт жағдайларының туындауына себепші болуы мүмкін. Жасөспірімдік кезеңдегі қарым-қатынас келесі ерекшеліктерімен сипатталады:

- Тәуелсіздікке ұмтылу – жасөспірімдер ата-аналарының бақылауынан шығуға және жеке шешімдер қабылдауға тырысады;

- Эмоционалды тұрақсыздық – гормоналды өзгерістердің әсерінен көңіл-күйдің жиі ауысуы байқалады;
- Конфликт жағдайларының жиілеуі – ата-аналар мен жасөспірімдер арасындағы пікір қайшылығы қарым-қатынасты қиындатуы мүмкін;
- Қарым-қатынастағы ашықтықтың маңыздылығы – жасөспірімдер өздерінің ойлары мен сезімдерін ата-аналарына ашық білдірген жағдайда, өзара түсіністік деңгейі жоғарылайды.

Жасөспірімдік кезеңде ата-аналар мен балалар арасында бірқатар қиындықтар туындауы мүмкін. Бұл қиындықтар көбінесе жасөспірімдердің дербестікке деген ұмтылысы мен ата-аналардың бақылау қажеттілігі арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуымен байланысты. Сондай-ақ, жасөспірімдердің эмоциялық тұрақсыздығы мен қарым-қатынастағы күрделі өзгерістер өзара түсіспеушілікті күшейтуі мүмкін. Ата-аналар көбіне өз балаларын кішкентай ретінде қабылдап, олардың жеке пікірін елемеуге бейім болады, ал жасөспірімдер мұны шектеу ретінде көреді, нәтижесінде жанжалдар туындайды. Бұл қиындықтар көбінесе төмендегі факторларға байланысты:

- Ата-аналардың шамадан тыс бақылауы – жасөспірімдер өз бостандығын шектеу ретінде қабылдайды;
- Эмоционалдық суықтық – ата-аналар мен балалар арасындағы эмоционалдық байланыстың әлсіреуі өзара сенімнің төмендеуіне әкеледі;
- Қарым-қатынастағы сенімнің төмендеуі – ата-аналардың тым талапшыл немесе тым салғырт болуы балалардың ашықтығын азайтады;
- Заманауи технологиялардың әсері – смартфондар мен әлеуметтік желілер жасөспірімдер мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасқа кері әсерін тигізуі мүмкін.

Жасөспірімдер мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты нығайту үшін өзара түсіністік пен эмоционалды қолдауды арттыру қажет. Қарым-қатынасты жақсарту үшін ата-аналар жасөспірімдердің пікірін ескеріп, олардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін қабылдауға мән беруі тиіс. Сонымен қатар, сенімді диалог орнату және бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру жасөспірімдердің отбасы мүшелерімен жақын байланыс орнатуына көмектеседі. Жасөспірімдер мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты нығайту үшін төмендегі әдістер ұсынылады:

- Ашық және шынайы диалог құру – жасөспірімдердің пікірін ескеру, оларды тыңдау қарым-қатынасты жақсартуға көмектеседі;
- Эмоционалды қолдау көрсету – ата-аналар балаларының эмоционалды қажеттіліктеріне назар аударуы керек;
- Тәуелсіздікке мүмкіндік беру – жасөспірімдерге өз бетімен шешім қабылдауға және өз іс-әрекеттеріне жауапкершілік алуға жағдай жасау;
- Ортақ іс-шаралар ұйымдастыру – отбасылық демалыстар, мәдени шаралар, спорттық іс-шаралар арқылы қарым-қатынасты нығайту;
- Қақтығыстарды басқару дағдыларын дамыту – мәселені ашық талқылау, компромисс табу және өзара құрмет көрсету маңызды.

Жасөспірімдер мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты тиімді ету үшін екі жақтан да өзара түсіністік пен қолдау көрсету маңызды. Американдық психолог Д.Баумриндтің зерттеулеріне сәйкес, ата-аналардың тәрбиелік стилі жасөспірімдердің эмоционалды дамуына және мінез-құлқына тікелей әсер етеді [3]. Ол демократиялық ата-ана стилін ең тиімді деп атап көрсетіп, бұл тәсіл жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауына және тәуелсіз шешім қабылдау қабілетіне оң ықпал ететінін дәлелдеген. Сонымен қатар, американдық психолог У.Бронфенбреннердің экологиялық жүйелер теориясы бойынша, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас баланың дамуына әсер ететін негізгі әлеуметтік факторлардың бірі болып табылады. Ол өз зерттеулерінде отбасының, мектептің және қоршаған ортаның өзара байланысы баланың мінез-құлқына және тұлғалық қалыптасуына ықпал ететінін көрсеткен [4]. Ата-аналардың тәрбиелік әдістерін бейімдеу және балаларымен ашық қарым-қатынас жасау

жасөспірімдердің әлеуметтік бейімделуіне, эмоционалдық тұрақтылығына және жауапкершілікті сезіну қабілеттеріне оң әсерін тигізеді.

Қорытынды. Жасөспірімдер мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынастың тиімді болуы жасөспірімдердің тұлғалық дамуына, өзін-өзі бағалауына және болашақтағы әлеуметтік қатынастарға үлкен әсер етеді. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, ата-аналар тарапынан жеткілікті қолдау көрген жасөспірімдер эмоционалды тұрақтылыққа ие болып, өзара сенімді қарым-қатынастар орнатуға бейім болады. Ал ата-аналармен қарым-қатынаста қиындықтар туындаған жағдайда, жасөспірімдерде оқшаулану, өзіне деген сенімсіздік және қоғаммен өзара әрекеттесуде кедергілер байқалуы мүмкін. Сондықтан ата-аналар жасөспірімдерді түсіну, олармен ашық байланыс орнату және қолдау көрсету арқылы олардың дұрыс қалыптасуына ықпал етуі тиіс. Бұл өз кезегінде, жасөспірімдердің психологиялық әл-ауқатын жақсартып, олардың болашақта табысты әлеуметтік бейімделуіне негіз болады.

Әдебиеттер

1. Эриксон Э. Х. Детство и общество. – Санкт-Петербург: Летний сад, 1996. – 416 б.
2. Выготский Л.С. Психология развития ребенка. – Москва: Эксмо, 2004. – 512 б.
3. Baumrind, D. The Development of Instrumental Competence through Socialization // Minnesota Symposium on Child Psychology. – 1973. – Vol. 7. – P. 3–46.
4. Bronfenbrenner, U. The Ecology of Human Development: Experiments by Nature and Design. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 1979. – 330 p.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Жумабаева М.Д.
Кеңқияқ жалпы орта білім беру мектебі
Ақтөбе, Қазақстан

Бұл мақалада мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігі баяндалған.
***Түйін сөздер**: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, интерактивті тақта, мектепке дейінгі ұйым.*

В статье описана эффективность использования информационных технологий в дошкольных образовательных организациях.
***Ключевые слова:** информационно-коммуникационные технологии, интерактивная доска, дошкольная организация.*

This article describes the effectiveness of using information technology in preschool educational organizations.
***Key words**: information and communication technologies, interactive whiteboard, preschool organization.*

Педагогикалық технологиядағы түбегейлі маңызды аспект – бұл баланың оқу-тәрбие процесіндегі ұстанымы, ересектердің балаға деген көзқарасы. Әр түрлі жастағы балалардың бір-бірімен үйлесімде әрекеттік бірлестікті ұйымдастыра алуы ескеріліп отыр. Негізгі мақсат – баланың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету. Осы жағдайда мектепке дейінгі мекеме мұғалімдерінің негізгі міндеті – балалармен жұмысты ұйымдастырудың әдістері мен формаларын, жеке тұлғаны дамыту мақсатына оңтайлы, сәйкес келетін инновациялық педагогикалық технологияларды дұрыс таңдау.

Қазіргі кезеңде еліміздің білім беру ұйымдарында оқыту процесін ізгілендіру мақсатында көптеген жұмыстар жасалуда. Оларды ғылыми тілмен айтқанда «инновациялық процесс» немесе «педагогикалық жаңалықтардыенгізу» деп аталады. Инноватика ұғымының мәні латынның «in-novus» деген сөзінен шыққан, «жаңарту, өзгерту, жаңашылдық» деген мағынаны

білдіреді. Яғни, педагогика ғылымында жаңа әдістерді, тәсілдерді, құралдарды, бағдарламаларды пайдалану.

Инновациялық білім беру құралдарына: аудио-видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, компьютер – мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Сондықтан да қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі – мультимедиялық оқулықтарды балабақшада кеңінен пайдалану оқу іс-әрекеттерін жоғары дәрежеде жүзеге асыруға мүмкіндік туғызары анық. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс-әрекеттерін өткізер алдында жиі-жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланары айқын

АКТ – бұл ақпаратты жасау, беру және тарату үшін пайдаланылатын сандық және коммуникативтік технологиялар жиынтығы (компьютерлік құрал-жабдық, мультимедиялық құралдар, аудио және бейнетехника, әр түрлі коммуникациялық технологиялар).

Менің пікірімше, ең өзекті ақпараттық және коммуникациялық технологиялар бұл: аудио, бейне күйтабақ ойнатқыштар, мультимедиялық құралдар, сондай-ақ әр түрлі ойындар, онда балалар бірнеше тілді қатар алып жүруге үйренеді. Оқу іс-әрекетінде АКТ-ын пайдалану екі түрлі мотивацияны дамытады: өзіндік мотивация, онда беріліп отырған материал өз бетінше қызық және мектепке дейінгі жастағы балаға үйреніп жатқан тілді түсіне алатынын көрсету арқылы қол жеткізілетін мотивация. Бұл қуаныш сезімін және өзін-өзі одан әрі жетілдіруге күшіне сенімділік пен ниет тудырады.

Балаларға оқыту бағдарламасын қарағаннан гөрі ертегі, әңгіме немесе танымдық фильм көрген немесе тыңдаған әлдеқайда қызығырақ. Олар тілдің семантикалық негізін жылдам ұғып алады және өздері сөйлей бастайды. Әсіресе, оқыту кезінде толық ену әдісі пайдаланылса, әсері көп болады. Бұл баланың қазақ тілімен тұрақты және терең байланыс жасауын білдіреді. Бала санасының астары өте алғыр және айқын нәтиже дәл қазір көрінбесе де, бір-екі жылдан кейін баланың өте дамыған лингвистикалық қабілеттерін әбден байқауға болады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тікелей білім беру қызметінде қолданылатын барлық ақпараттық құралдарды төмендегідей бөлуге болады:

- аудио;
- бейне;
- мультимедиялық құралдар.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы — оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық — құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Ал, осы оқыту жүйесіндегі ең тиімді технологияның бірі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) білім беру саласының барлық деңгейлерінде, соның ішінде мектепке дейінгі білім беруде де кеңінен қолданылуда. Балалардың танымдық, шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын дамытуда АКТ-ның орны ерекше.

АКТ қолданудың негізгі бағыттары

1. *Интерактивті оқу процесі*: Интерактивті тақталар мен мультимедиялық құрылғыларды қолдану. Электронды оқулықтар, анимациялық ертегілер мен мультфильмдер арқылы балалардың ой-өрісін дамыту. Білім беру ойындарын пайдалану арқылы балалардың логикалық ойлауын және есте сақтау қабілетін жетілдіру.
2. *Тілдік дағдыларды дамыту:* Электронды ертегілер мен аудио жазбаларды тыңдау арқылы сөздік қорын байыту. Интерактивті жаттығулар мен ойындар арқылы сөйлеу мәдениетін

дамыту.

3. *Қол моторикасын және шығармашылық қабілеттерді дамыту:* Сенсорлық экранды құрылғыларды пайдалану (планшеттер, смарт-панельдер). Графикалық редакторлармен сурет салу, пішіндерді сәйкестендіру ойындары. Мозаика, пазл, конструкторлық ойындар арқылы шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастыру.

4. Әлемді тануға көмектесу: Виртуалды экскурсиялар арқылы табиғат пен қоршаған орта туралы білім беру. Ғарыш, жануарлар әлемі, экология тақырыптарында интерактивті сабақтар өткізу.

5. Ата-аналармен байланыс орнату: Балабақшаның веб-сайты мен мобильді қосымшалары арқылы ата-аналарға балалардың жетістіктері туралы ақпарат беру. Онлайн жиналыстар, вебинарлар, бейне сабақтар өткізу.

Ақпараттық технологиялардың алдыңғы ақпарат беру жүйелерінен бірқатар артықшылықтарын атап өтсек:

1. *Оқу үдерісінің сапасын арттыру:* АКТ құралдары (интерактивті тақталар, мультимедиалық бағдарламалар, мобильді қосымшалар) балаларға қызықты әрі қолжетімді білім алуға мүмкіндік береді. Көрнекілік арқылы ақпаратты тез қабылдап, меңгеру процесін жеңілдетеді.

2. *Балалардың қызығушылығын ояту:* Түрлі анимациялар, ойын түріндегі тапсырмалар мен интерактивті жаттығулар балалардың оқуға деген ынтасын арттырады.

3. *Жеке тұлғаға бағытталған оқыту*: Әр баланың даму деңгейіне сәйкес тапсырмаларды таңдап, жеке білім беру траекториясын жасауға мүмкіндік береді.

4. *Тілдік дағдыларды дамыту*: Электронды ертегілер, аудиокітаптар, мультимедиялық жаттығулар арқылы балалардың сөйлеу мәдениеті, сөздік қоры байып, дұрыс дыбыстау қабілеті жетілдіріледі.

5. *Қол моторикасы мен логикалық ойлауды дамыту*: Интерактивті ойындар мен қосымшалар баланың қол моторикасын жақсартып, логикалық ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі.

6. *Тәрбиешілер мен ата-аналарға көмек:* АКТ тәрбиешілер мен ата-аналарға баланың даму деңгейін бақылауға, білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыруға қолдау көрсетеді.

Тақтаны пайдалану күнделікті өмірде көрінбейтін өмірлік жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді. Біздің балабақшада әр жас тобы үшін медиатека құрылды және ол оқу-тәрбие процесінің барлық салаларында қолданылады. Баланың бірлескен және тәуелсіз іс-әрекетінде ID-ді қолдану оқуды ынталандыру мен дараландырудың, шығармашылық қабілеттерін дамытудың және жағымды эмоционалды фон құрудың тиімді әдістерінің бірі болды. Мектепке дейінгі білім беру іс-әрекетіндегі ақпараттық компьютерлік технологиялар Оқу ақпаратының мүмкіндіктерін кеңейтеді, қоршаған ортадан әртүрлі жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді және балалардың қызығушылығын тудырады, яғни олардың танымдық белсенділігін арттырады, бұл мектеп жасына дейінгі балалардың білім сапасын арттырудың кепілі болып табылады

Мектепке дейінгі білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану балалардың оқу-танымдық қабілеттерін дамытып, оларды жаңа білімге қызықтырады. Дегенмен, АКТ-ны дәстүрлі әдістермен ұштастыра отырып, баланың денсаулығына зиян келтірмеу үшін уақытты шектеу маңызды.

Мектепке дейінгі білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану балалардың оқу үдерісін қызықты әрі нәтижелі етіп, олардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Дегенмен, АКТ-ны шамадан тыс қолданудан сақтанып, дәстүрлі әдістермен ұштастыра отырып пайдалану маңызды

Әдебиеттер

1. Коган И. Д., Леонас В.В. Бұл балаларға арналған компьютерлік кітап. М., Педагогика, 1999.
2. Белоусов И.Д. Оқыту процесіне ақпараттық технологияларды енгізу: монография, Магнитогорск, 2009.

3. Мовчан Н.И. Информатиканы оқытудағы инновациялық тәсілдер: Қазіргі ғылыми зерттеулер мен инновациялар. 2014. Электрондық ресурс:http://web.snauka.ru/issues/2014/05/34180.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕГІ ЭМПАТИЯЛЫҚ ҚАБІЛЕТТІ ДАМЫТУ: ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕР МЕН ШАРТТАР

Лимашева Л.А., Көшербай Д.К.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

Мақалада жасөспірімдердің эмпатиясын дамытуға әсер ететін психологиялық факторлар мен тиімді жолдар қарастырылады. Жасөспірімдік шақ – тұлғаның әлеуметтік және эмоционалдық дамуы қарқынды жүретін маңызды кезең. Эмпатияны қалыптастыру жасөспірімдердің әлеуметтік қарым-қатынастарын жақсартуға, жанашырлық пен түсіністік қабілеттерін арттыруға ықпал етеді. Зерттеу барысында эмпатияны дамытуға бағытталған психологиялық әдістер мен тәсілдер талданды.

Түйін сөздер: *Жасөспірім, эмпатия, психологиялық факторлар, эмоционалдық даму, әлеуметтік қарым-қатынас, тиімді әдістер.*

В статье рассматриваются психологические факторы и эффективные пути развития эмпатии у подростков. Подростковый возраст является важным периодом, когда происходит активное социальное и эмоциональное развитие личности. Формирование эмпатии способствует улучшению социальных взаимоотношений, повышению способности к сопереживанию и пониманию. В ходе исследования проанализированы психологические методы и подходы, направленные на развитие эмпатии.

Ключевые слова. *Подросток, эмпатия, психологические факторы, эмоциональное развитие, социальное взаимодействие, эффективные методы.*

This article examines the psychological factors and effective ways to develop empathy in adolescents. Adolescence is a crucial period marked by intense social and emotional development. Developing empathy helps improve adolescents' social relationships, fostering compassion and understanding. The study analyzes psychological methods and approaches aimed at enhancing empathy.

Keywords. *Adolescent, empathy, psychological factors, emotional development, social interaction, effective methods.*

Ғылыми «эмпатия» ұғымы психологияға өткен ғасырдың басында енді. Бұл мәселенің тарихы қызықты. Ол, ең алдымен, ежелгі гректердің «симпатия» терминіне негізделеді. Олар бұл ұғымды адамдардың бір-біріне жанашырлық танытуын білдіретін барлық нәрселердің мәнін анықтау үшін қолданған. Эмпатия ұғымының пайда болуына негіз болған екінші теория – Т. Липпстың «сезіну» теориясы.

Т. Липпс үшін «сезіну» – объектінің немесе нәрсенің мәнін танудың бір түрі. «Объект маған апперцептивтік әрекет арқылы көрінеді. Бұл әрекет сезілгенде, объект өздігінен пайда болатын сияқты, ол өзін-өзі шақырады, мұндай әрекет арқылы іске асады». Липпстың пікірінше, объектіні тану өзін-өзі тануға алып келеді. Тек осы арқылы альтруизм мүмкін болады, өйткені өзгелерге жанашырлық жеке тәжірибелерден алынған сезімдер арқылы қалыптасады [1].

Бұл екі теорияны Э. Б. Титченер біріктіріп, грек тілінен «сезіну» деп аударылатын жаңа ұғым – «эмпатияны» ұсынды.Зерттеушілердің көпшілігі эмпатия бір ғана емес, бірнеше механизмдер арқылы жүзеге асады деп есептейді. Психологиялық сөздікте атап көрсетілгендей, эмоционалды эмпатия басқа адамның моторлық және аффективті реакцияларына проекция және еліктеу механизмдері арқылы әрекет етеді, ал когнитивті эмпатия интеллектуалды процестерге негізделеді. Біз А. П. Сопиковтың эмпатия механизмін субъекттің объектіні модельдеу тәсілі ретінде қарастырған пікіріне қосыламыз [3]. Алдымен субъект эмпатия объектісінің «ашық айнымалыларын» (яғни, оның позасын, қимылдарын, мимикасын, интонациясын, эмоционалды күйін) қабылдайды, содан кейін олардың негізінде объектінің психологиялық қызмет моделі

құрылады және осы модельден оның күйі туралы ақпарат алынады. Осыдан кейін субъект сөйлеу, мимика және әрекеттер арқылы объектіге қосылып, оның жасырын жақтарын ашуға түрткі болады.

Эмпатия ұғымының қалыптасуына байланысты жүргізілген зерттеулерде Эфроимсонның еңбегі ерекше орын алады, ол альтруизмнің әлеуметтік әрі эволюциялық табиғатын зерттейді [4]. Экспрессивті қозғалыстар теориясының дамуында С. Л. Рубинштейннің концепциясы ерекшеленеді, ол экспрессияны түсінудің маңыздылығын – адамның өміріндегі нақты сәтті толтыратын барлық жағдайларды ескеруді дәлелдейді. Ғалымның пікірінше, экспрессивті қозғалыстар біздің эмоционалды жағдайымызды ғана көрсетіп қоймай, оны қалыптастырады. Мұндай көзқарас эмпатияға тікелей бақылау арқылы жету қиын екенін көрсетеді, өйткені экспрессия мен психикалық жағдай арасындағы байланыс бірмәнді болмауы мүмкін. Мимиканы түсіндіру көбінесе гипотеза тудырады, ал оны растау немесе жоққа шығару түсінудің келесі кезеңдерінде орын алады.Көптеген зерттеушілер эмпатия механизмі туралы айтқанда, идентификация процесін меңзейді. Қазіргі психологияда бұл ұғым субъекттің өзін басқа субъектпен бейсаналы эмоционалды-танымдық теңестіру процесі ретінде анықталады. Идентификация субъекттің өзін басқа адамның орнына қою механизмі болып табылады. Бұл процесте индивид өзін басқа адамның өрісі, кеңістігі және жағдайларына енгізіп, оның тұлғалық мағыналарын меңгереді. Идентификация қарым-қатынас серіктесінің мағыналық өрісін модельдеуге, өзара түсіністікті қамтамасыз етуге және қолдау көрсету мінез-құлқын ынталандыруға мүмкіндік береді [2].

Жасөспірімдік кезең – адамның жеке тұлғалық және әлеуметтік-эмоционалдық қасиеттерінің қарқынды дамитын уақыты. Бұл кезеңде эмпатияның дамуы жасөспірімдерге басқаларды түсіну, қарым-қатынас орнату, жанашырлық таныту және өзара әрекеттесуді жетілдіру қабілеттерін қалыптастыруға көмектеседі. Мақалада жасөспірімдердің эмпатиясын дамытуға ықпал ететін негізгі психологиялық факторлар мен тиімді әдістер қарастырылады.

Эмпатия механизмін нақтылау негізінде А.П. Сопиковтың көзқарасы алынған. Оның пікірінше, эмпатияға қабілетті субъект алдымен эмпатия объектісінің “ашық айнымалыларын” қабылдайды, содан кейін осы айнымалылардан объектінің жағдайы туралы ақпаратты оқиды және соңында оған қосылады, осылайша жасырын қырларын ашуға ынталандырады. Біздің ойымызша, эмпатиялық үдерістің осы үш кезеңі эмпатияның тек бір түрін — сезімнің бірлесуі (сопереживание) түрін қамтиды [3].

Сондықтан біз бұл үдеріске “декентрация” механизмін төртінші кезең ретінде қостық, ол адамның эгоцентризмін жеңуге және өзінің позициясын басқа субъектінің позициясымен салыстыруға мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, осы кезеңде эмпатияның тағы бір түрі — жанашырлық (сочувствие) пайда болуы мүмкін. Ал эмпатияның ең жетілген түрі — жәрдемдесу (содействие) екі қосымша кезеңнен кейін ғана пайда болады: жәрдемдесуді модельдеу және оны жүзеге асыру. [5]

Эмпатиялық үдерістің толық механизмі келесі кезеңдерден тұрады:

1. Эмпатия объектісінің “ашық айнымалыларын” қабылдау.
2. Сыртқы сигналдарды талдау және түсіну.
3. Эмпатия объектісіне қосылу және “жасырын айнымалыларды” оқу.
4. Эмпатия субъектісінің декентрациясы (өзін басқа адамның орнына қою).
5. Эмпатия объектісіне жәрдемдесуді модельдеу.
6. Жәрдемдесуді жүзеге асыру.

Айта кету керек, эмпатия механизміндегі кезеңдердің бөлінуі шартты сипатқа ие. Шынайы өмірде жеке кезеңдер өзара тығыз байланыста және үдеріс барысында бірігеді. Көп жағдайда эмпатиялық үдеріс толық болмайды және үшінші немесе төртінші кезеңде тоқтап қалады. Мұндай жағдайда эмпатияның тек сезімнің бірлесуі немесе жанашырлық сияқты түрлері көрініс табады.

Эмпатиялық қабілеттер құрылымында біз 11 тәуелсіз компонентті анықтадық:

1. Альтруистік бағыттылық.
2. Эмоционалдық белсенділік.
3. Эмоционалдық репертуардың кеңдігі.
4. Эмоциялардың бейімделгіш икемділігі.
5. Коммуникативтік толеранттылық.
6. Экспрессияның дамуы.
7. Синтонияға қабілеттілік (эмоциялық үндесу).
8. Байқағыштық.
9. Қиял.
10. Интуиция.
11. Өзін басқа адамның орнына қою қабілеті (идентификация).

Эмпатия механизмінің әртүрлі сатыларындағы жеке компоненттердің маңыздылығын сипаттайық. Алғашқы саты эмпатия объектісінің «ашық айнымалыларын» қабылдауды қамтиды. Қабылдау – бұл заттар, жағдайлар және оқиғалар туралы тұтас бейнені, сезім мүшелеріне физикалық қоздырғыштардың тікелей әсері арқылы туындайтын процесс, сондықтан базалық компонент ретінде ең алдымен синтонияға қабілеттілік қарастырылады [6].

Алайда қабылдау – бұл жай ғана сәттік әсерді пассивті түрде көшіру емес, ол танымның шығармашылық процессі болып табылады, сондықтан базалық компоненттер ретінде эмоциялық белсенділік, эмоциялық репертуардың кеңдігі және эмоциялардың адаптивті икемділігі де аталады, себебі олар тұлғаның шығармашылық әрекетін орындауына мүмкіндік береді. Қабылдау процестері тұлғаның алдына қойған мақсаттарына байланысты бақыланатындықтан, доминантты компонент болып альтруистік бағыттылық табылады. Бақылағыштық және идентификацияға қабілеттілік біз оларды қосымша функцияларды орындаушы компоненттер ретінде қарастырамыз. Қиял, коммуникативті төзімділік, экспрессияның дамуы және интуиция потенциалды компоненттер ретінде алынады [7].

Екінші сатыда эмпатия объектісінің «ашық айнымалыларын» дешифрлеу жүзеге асады. Бұл процесс кезінде маңызды рөлді адамның «қабылдаушыны оқи білуі» атқарады, сондықтан негізгі компоненттер болып бақылағыштық және эмоциялардың адаптивті икемділігі қарастырылады. Объектінің күйі туралы ақпаратты дешифрлеу үшін субъект объектінің әрекетінің психологиялық моделін өз санасында құруы керек, сондықтан қиялдың маңызы артады, және біз оны да негізгі компонент ретінде қосамыз. Алдыңғы сатыдан эмоционалдық белсенділік, эмоциялық репертуардың кеңдігі және синтонияға қабілеттілік сақталып, бұл сатыны терең деңгейде өтуге мүмкіндік береді. Альтруистік бағыттылық өз орнын сақтап, доминантты компонент ретінде қалады, өйткені субъектінің мақсат қоюы осы механизмге елеулі түрде әсер етеді. Идентификацияға қабілеттілікті біз қосымша компонент ретінде қарастырамыз, өйткені ол эмпатия процесін жетілдіруге көмектеседі. Коммуникативті төзімділік, экспрессияның дамуы және интуиция потенциалды компоненттер ретінде қалады.

Үшінші сатыда субъект эмпатия объектісіне қосылады, ол объектіні өзінің жабық қасиеттерін көрсетуге мәжбүр етеді. Бұл ақпаратты алу механизмі эмпатия объектісінің «ашық айнымалылары» арқылы эмоционалдық реакциямен байланысты, ол ерекше психикалық акт болып табылады, онда субъект өз эмоциясын объектіге проекциялап, оны түсінеді. Бұл механизмнің сипатына байланысты, осы сатыда негізгі компоненттер ретінде идентификацияға қабілеттілік, оны басқа адамның орнына қойып сезіну, және экспрессияның дамуы, ол сырттай көрсетеді деген компоненттер шығарылады. Сондай-ақ қиял, бақылағыштық, синтонияға қабілеттілік, эмоциялардың адаптивті икемділігі, эмоциялық репертуардың кеңдігі және эмоциялық белсенділік базалық болып қалады, бірақ олар тағы да үлкен мәнге ие болады. Доминантты компонент ретінде альтруистік бағыттылық, ал интуиция алдын ала жағдайларды

болжау үшін маңызды болады. Коммуникативті төзімділікті қосымша компонент ретінде қарастырамыз.

Төртінші сатыда декентрация процесі жүреді — тұлғаның эгоцентризмді жеңу механизмі, ол субъектінің өз ұстанымын басқа адамның ұстанымымен салыстырып, оған интеграциялау арқылы өзгертуді қамтиды. Осыған байланысты, басты орынға альтруистік бағыттылық пен коммуникативті төзімділік шығады. Осы кезеңде субъект өз «менін» жоғалтпай, серіктесінің жағдайына терең ене алады, сондықтан ең маңызды компонент болып эмоциялардың адаптивті икемділігі табылады. Идентификацияға қабілеттілік сақталады, себебі декентрация да басқа адамды өз орнына қою дағдысын дамытуға негізделген. Эмоционалдық белсенділік, эмоциялық репертуардың кеңдігі, синтонияға қабілеттілік және қиял базалық компоненттер болып қала береді. Экспрессияның дамуы, бақылағыштық және интуиция субдоминантты компоненттерге айналады.

Бесінші сатыда эмпатия объектісіне қолдау көрсету моделін құру жүзеге асады. Моделдеу — психикалық процестер мен жағдайларды нақты немесе идеалды модельдер арқылы зерттеу, сондықтан бұл процеске интуиция, қиял, эмоциялық белсенділік, эмоциялық репертуардың кеңдігі және эмоциялардың адаптивті икемділігі басты компоненттер ретінде енеді. Қолдау көрсету моделін құру кезінде доминантты компоненттер ретінде альтруистік бағыттылық, коммуникативті төзімділік және идентификацияға қабілеттілік болады. Синтония мен бақылағыштық осы процесс үшін қосымша компоненттер ретінде қызмет етеді. Экспрессияның дамуы потенциалды компонентке айналады.

Ал соңғы сатыда — эмпатия объектісіне қолдау көрсету — барлық компоненттер базалық болып табылады, сондықтан эмпатия процесінің аяқталмауы жиі кездеседі. Осы сатыдағы альтруистік бағыттылық маңызды, себебі тек шынайы қызығушылық басқаның әл-ауқатына қолдау көрсетуге итермелейді. Синтонияға қабілеттілік, экспрессияның дамуы және коммуникативті төзімділік эмпатия объектісі үшін ашықтық пен сенімділік атмосферасын қалыптастырады. Эмоциялық белсенділік, эмоциялық репертуардың кеңдігі, эмоциялардың адаптивті икемділігі және қиял жауап берудің мүмкіндігін кеңейтеді. Идентификацияға қабілеттілік пен бақылағыштық барлық байланыс барысында қолдау көрсететін кері байланысты қамтамасыз етеді, ал интуиция жағдайды болжауға және серіктесті дұрыс таңдау жасауға итермелейді.

Әр компоненттің маңыздылығы субъектінің және эмпатия объектісінің жеке ерекшеліктеріне байланысты, сондықтан біз әр компоненттің рөлін эмпатия процесінің әр сатысында шартты түрде анықтадық.

Тәжірбиелік бөлім

Жасөспірімдер кезеңі жеке тұлғаның дамуы үшін маңызды болып табылады. Бұл кезеңде қарым-қатынас жасау дағдылары мен эмоциялық интеллекттің дамуы айрықша рөл атқарады. Эмпатия – бұл басқа адамның эмоциясын, сезімін түсіну және онымен эмоционалды байланыс орнату қабілеті. Эмпатияның дамуы жасөспірімдердің тұлғааралық қатынасын жақсартуға, достық қарым-қатынас орнатуға және конфликтілерді азайтуға көмектеседі. Зерттеу үшін 10 жасөспірім (14-17 жас аралығы) іріктелді. Эмпатия деңгейін бағалау және оны дамыту үшін төмендегідей әдістемелер қолданылды:

Дэвис эмпатия шкаласы: когнитивті және эмоционалды эмпатия деңгейін анықтау [8].

Дэвис эмпатия шкаласы (Interpersonal Reactivity Index, IRI) – бұл адамның эмпатиялық қабілетін бағалайтын психологиялық құрал. Әдістеме Марк Дэвис (Mark H. Davis) жасаған және ол эмпатияны бірнеше компонент арқылы қарастырады.

Дэвис шкаласы 28 сұрақтан тұрады, олар төрт субшкаланы қамтиды:

1.Перспективаны қабылдау (Perspective Taking):

•Басқа адамның көзқарасын түсіну және қабылдау қабілеті.

2.Қиялға берілу (Fantasy):

•Қиялдағы кейіпкерлердің эмоцияларын өзіне қабылдай алу (әдебиет, фильм, т.б.).

3.Эмпатиялық алаңдаушылық (Empathic Concern):

•Басқалардың сезімдеріне жанашырлық пен қамқорлық көрсету қабілеті.

4.Жеке мазасыздық (Personal Distress):

•Басқаның эмоциялық күйзелісін сезініп, соған байланысты өзіндік мазасыздықты бастан кешіру.

Әр сұраққа жауаптар 5 балдық шкала бойынша бағаланады:

1 – Мүлдем келіспеймін

2 – Аздап келіспеймін

3 – Белгісіз (немесе бейтарап)

4 – Келісемін

5 – Толық келісемін

Зерттеу нәтижелері (10 қатысушының нәтижесі бойынша): Дэвис эмпатия шкаласының әр компоненті бойынша 10 қатысушының орташа ұпайларын көрсетті (сурет):



1 сурет - Дэвис эмпатия шкаласы бойынша қатысушылардың көрсеткіші

1.Перспективаны қабылдау (Perspective Taking): Орташа ұпай – 19.0.

Бұл көрсеткіш қатысушылардың басқа адамдардың көзқарасын түсіне алатынын, бірақ кейбірінде бұл қабілеттің орташа деңгейде екенін көрсетеді.

2.Қиялға берілу (Fantasy): Орташа ұпай – 23.0.

Қатысушылардың көпшілігі кітаптар мен фильмдердегі кейіпкерлердің эмоцияларын елестетіп, олардың орнын басып сезіне алатынын білдіреді.

3.Эмпатиялық алаңдаушылық (Empathic Concern): Орташа ұпай – 25.0.

Бұл көрсеткіш олардың басқаларға жанашырлық білдіру және қамқорлық көрсету қабілетінің өте жоғары деңгейде екенін көрсетеді.

4.Жеке мазасыздық (Personal Distress): Орташа ұпай – 15.0.

Қатысушылардың көбісі басқалардың қиындықтарын сезінсе де, олардан туындаған мазасыздықты қатты сезінбейтінін көрсетеді.

Қорытынды.

- Қатысушылар эмпатиялық алаңдаушылық пен қиялға берілу қабілеттерінде жоғары нәтижелер көрсетті, бұл олардың эмоциялық сезімталдықтарының жоғары екенін көрсетеді.
- Перспективаны қабылдау қабілеті орташа деңгейде, бұл бағытта қосымша жаттығулар қажет болуы мүмкін.
- Жеке мазасыздық көрсеткіші салыстырмалы түрде төмен, бұл жасөспірімдер үшін эмоционалды тұрақтылықтың белгісі болуы мүмкін.

Әдебиеттер

1. Липпс Т. Руководство к психологии. СПб.: Тип. Попова, 1907. 398 с.
2. Рубинштейн С. Л. Основы общей психологии. М.: Учпедгиз, 1946. 704 с.
3. Сопиков А. П. Механизм эмпатии // Вопросы психологии познания людьми друг друга и самопознания. Краснодар: Изд-во Кубан. ун-та, 1977. С. 89–95.
4. Эфроимсон В. Родословная альтруизма // Новый мир. 1971. No 10. С. 193–213.
5. Юсупов И. М. Психология эмпатии (теоретические и прикладные аспекты): Автореф. дис. ... д-ра психол. наук.
6. Гаврилова Т. П. Понятие эмпатии в зарубежной психологии // Вопросы психологии. 1975. No 2. С. 147–158.
7. Гаврилова Т. П. Анализ эмпатичных переживаний младших школьников и младших подростков // Психология межличностного познания. М.: Педагогика, 1981. С. 122–139.
8. Davis, M. H. (1980). A multidimensional approach to individual differences in empathy. JSAS Catalog of Selected Documents in Psychology, 10, 85-103.

ЖЕКЕ ДАМУ МЕН КӘСІБИ ӨСУДЕГІ ЭМПАТИЯНЫҢ РӨЛІ

Книсарина М.М., Хайырғалиева А.А., Сартова А.А.
М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті
Ақтөбе, Қазақстан

Мақалада эмпатияның рөлін анықтау, адамның басқа адамдардың эмоциялары мен сезімдерін түсіну және олармен эмоционалды байланыс орнату қабілеті, қазіргі университет білім алушыларының жеке дамуы мен кәсіби өсуінде қарастырылады. Құндылық тұжырымдамасы тұрғысынан эмпатия жеке тұлғаның құндылықтарын дамытуды білдіреді, онсыз оны толығымен жүзеге асыру мүмкін емес, өйткені эмпатияның негізгі идеясы – адам-бұл ең жоғары құндылық. Марат Оспанов атындағы БҚМУ білім алушылары арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерімен тұлғааралық қарым-қатынастардың сапасын жақсартуға және тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін дамытуға байланысты жеке даму мен кәсіби өсу процесінде эмпатияның маңызды рөлі туралы болжам расталды.

Түйін сөздер: *эмпатия, эмоционалды байланыс, жеке даму, кәсіби өсу, құндылық тұжырымдамасы*

В статье рассматривается вопрос об определении роли эмпатии, как способность человека понимать эмоции и чувства других людей и устанавливать с ними эмоциональную связь, в личном развитии и профессиональном росте обучающихся современного университета. С точки зрения ценностной концепции эмпатия относится к развитию ценностей личности, без которых ее невозможно полностью реализовать, поскольку основная идея эмпатии заключается в том, что человек – это высшая ценность. Предположение о важной роли эмпатии в процессе личного развития и профессионального роста в связи с улучшением качества межличностных отношений и развития лидерских качеств личности была подтверждана результатами опроса среди обучающихся ЗКМУ имени Марата Оспанова.

Ключевые слова: *эмпатия, эмоциональную связь, личном развитии, профессиональном росте, ценностной концепции*

The article discusses the question of defining the role of empathy as a person's ability to understand the emotions and feelings of other people and establish an emotional connection with them in the personal development and professional growth of students at a modern university. From the point of view of the value concept, empathy refers to the development of personal values, without which it cannot be fully realized, since the main idea of empathy is that a person is the highest value. The assumption of the important role of empathy in the process of personal development and professional growth in connection with the improvement of the quality of interpersonal relationships and the development of personal leadership qualities was confirmed by the results of a survey among students of the WSMU named after Marat Ospanov.

Keywords: *empathy, emotional connection, personal development, professional growth, value concept*

Кіріспе. Жеке даму мен кәсіби өсу – тұлғалық дамудың маңызды алғышарттары. Осы қасиеттер адам бойында қатар дамыса, тұлғаның қоғамда орта арасынан оза шауып, өз қоғамы және ортасының интеллегенті атанады. Жеке даму мен кәсіби өсуде эмпатияның да қосатын үлесі де зор. Жеке даму мен кәсіби өсудегі эмпатияның рөлін осы түсініктермен түсіндіруге болады. Эмпатия – адам бойындағы ең таңғажайып, құнды қасиеттердің бірі. Бұл бізге естіп

қана қоймай, басқаларды сезінуге, сөздердің артына үңіліп, олардың ішкі әлемін көруге көмектесетін қабілет. Эмпатия - басқа адамдардың эмоцияларын тану және бөлісу, оларды өз эмоциялары ретінде сезіну. Бұл бізді басқалардың тәжірибесіне сезімтал етеді, терең және шынайы байланыстар орнатуға көмектеседі. Эмпатия жақын қарым-қатынас пен сенім орнату үшін маңызды. Бұл түсініспеушіліктерді болдырмауға көмектеседі, сындарлы қарым-қатынасты дамытады және бізді серіктестер, достар және әріптестер етеді. Эмпатияға ие адамдар басқалардың ниеттері мен қажеттіліктерін түсінуді жеңілдетеді, бұл оларды қарым-қатынаста және жанжалдарды шешуде табысты етеді.

Әдебиеттерге шолу жасасақ, Адель Линнің даму теориясы бойынша, эмпатия – жағдайды басқа адамның көзқарасымен көре білу, ал тыңдау – эмпатия арқылы қалыптасқан дағды. Эмпатия – бұл басқалардың жағдайды қалай қабылдайтынын түсіну, басқа адамның сезімдеріне, мүмкін әртүрлі сенімдер мен құндылықтарға толықтай ену, сонымен бірге өзіңізді қалдыру [1]. Эмпатия – жеке тұлғаның адамгершілік деңгейін көрсете білу. Эмпатикалық қатынастың әртүрлі деңгейлері бар. Бірінші (төменгі) деңгей – эмпатия объектісінің тәжірибесін қабылдау кезінде туындайтын немқұрайлылық, елемеу, төзімсіздік, тітіркену, дұшпандықпен бейнеленеді. Екінші деңгей – басқаның сезіміне пассивті-теріс қатынас. Үшінші деңгейге басқаға деген жанашырлық немесе пассивті-позитивті қатынас жатады. Эмпатикалық қатынастың төртінші деңгейін сипаттау үшін Л.П. Выговская өзінің тәжірибесінде осы адамға ішкі көмекті қамтитын «басқаға деген ситуациялық оң көзқарас» ұғымын қолданады. Эмпатикалық қатынастың бесінші (жоғары) деңгейі басқа адамға тұрақты оң көзқарасты, проблемалық жағдайларда оған нақты көмек көрсетуді білдіреді. Эмпатикалық қатынастың ең жоғары деңгейі адамгершілігі жоғары адамды сипаттайды[2]. В.Дильтей эмпатияның мәніне сәл басқаша мағына берді. Автор эмпатияны адамды қоршаған шындықты түсінудің негізгі факторы деп санаған. Ол эмпатияны адамның басқа адамдардың күйіне ену және өз сезімдері арқылы олардың тәжірибесін қайта құру қабілеті деп түсінді [3].

Эмпатияның жоғары формасы - тиімді, ол адамның моральдық мәнін сипаттайды, тек жанашырлық пен аяушылық сезімі ғана емес, сонымен бірге сұхбаттасушымен бірге қазіргі жағдайдан шығудың жолдары мен жолдарын іздеуге мүмкіндік береді. Ғалымдар қызықты фактіні анықтады: басқа адамның жағымсыз эмоционалдық тәжірибесі (қайғы, мұң) жағымды (мысалы, қуаныш немесе ләззат) қарағанда эмпатияны оңай тудырады [4].

Зерттеу әдістері. Осы зерттеу аясында Марат Оспанов Батыс Қазақстан медицина университеті білім алушыларына «Жеке даму мен кәсіби өсудегі эмпатияның рөлі» тақырыбында сауалнама жүргізілді. Бұл сауалнама мақсаты білім алушылардың эмпатияның рөлі туралы, эмпатия туралы білімдері туралы түсініктерін білу, эмпатия маңызы, эмпатия туралы қай жерден ақпарат алғаны туралы білу. Осы зерттеу аясында «Клиникалық тәжірибедегі коммуникациялық дағдылар» пәнінде білім алушылар эмпатияны бір біріне білдіріп, эмпатия туралы ақпарат алып, оны іс жүзінде ағайын туыстарына қолдана алды.

Зерттеу қорытындысы және талқылау. Осы сауалнама әдісіне Марат Оспанов Батыс Қазақстан медицина университетінің 1 курс 7 курс аралығындағы білім алушылар қатысты. WhatsApp желісі арқылы, Google форма сілтемесін жіберіп, жауап алынды (сілтеме: https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdHjRr0D4H6aSJPkXpo9H3HcAVW8Im4KmkZiaGDfLlCmIlyig/viewform?usp=dialog). Сауалнамаға қатысқан білім алушылар саны-106 адам, 60%(64) әйел адам 40%(42) ер адам жауап берді.

Сауалнамаға қатысқан білім алушылардың курс бойынша жиілігі: 1 курс - 9 адам, 2 курс - 16 адам, 3 курс - 11 адам, 4 курс - 15 адам, 5 курс - 37 адам, 6 курс - 13 адам, 7 курс - 5 адам қатысты.

Сауалнама бойынша білім алушылардан алынған жауаптарға сараптама жүргізілді. Мысалы, 1 сұраққа сауалнамаға қатысушылар осы сұрақ бойынша жоғары пайызы 76,4% (81 адам) «Иә, әрқашан, мен басқа адамдардың сезімдерін жиі түсініп, олардың жағдайларын түсінуге

тырысамын» жауап берді. Бұл білім алушылар өздерің эмпатиялы адаммын деп санайды деп тұжырымға келуге болады. «Кейде, бірақ менің эмпатиям әрқашан бірдей емес» білім алушылардың 22,6% (24 адам) осы жауап нұсқасын таңдады, бұл олардың эмпатия жиі қолданатынын білдірмейді. «Жоқ, мен өзіме ғана назар аударамын» білім алушылардың 0,9% (1 адам) жауап нұсқасын таңдады, бұл білім алушылар эмпатияны білдіре алмайтынын көрсетеді.

2 сұраққа келетін болсақ сауалнамаға қатысушылар «Сіз эмпатияны қалай түсінесіз?» осы екінші сұрақ бойынша жоғары пайызы «Ішкі әлемді және басқа адамның жағдайын саналы түрде түсіну, жанашырлық қабілеті» жауап берді, бұл білім алушылардың 86,7% (91 адам) эмпатия туралы толық түсініктері бар екенін білдіреді. «Тыныштандыру, басқа адамдардың эмоцияларын басу» білім алушылардың 13,3% (14 адам), бұл олардың эмпатия туралы жанама түсінік қалыптасқанын көрсетеді. «Өзгелердің сезімдеріне бей-жай қарау» таңдаған 0%.

Білім алушылар 3 - сұрақ бойынша жоғары пайызы «Иә,эмпатия бізге қажет» жауап берді, бұл білім алушылардың 85,8% (91 адам) эмпатия өмірге қажет екенін білдіреді. «Бұл сұрақ туралы жауабын нақты білмеймін» білім алушылардың 13,2% (14 адам) эмпатияның өмірде қалай қолданылуын нақты білмейтінін көрсетеді. «Жоқ, эмпатия бізге қажет емес» білім алушылардың 0,9% (1 адам) эмпатияны қажет етпейтінін көрсетеді.

Сауалнамаға қатысушылар «Сіздің айналаңыздағы адамдар эмпатияны қаншалықты көрсетеді деп ойлайсыз?» осы 4 сұрақ бойынша жоғары пайызы «Иә, көпшілігі эмпатиялы» жауап берді, білім алушылардың 61,3% (65 адам) жанындағы адамдар эмпатия білдіре алады деп санайды. «Кейбір адамдар ғана эмпатияны көрсетеді» білім алушылардың 34,9% (37 адам) жанындағы адамдар кейбір кезде ғана эмпатия білдіре алады деп санайды. «Жоқ, олар эмпатияны көрсетпейді» білім алушылардың 3,8% (4 адам) жанындағы адамдар эмпатия білдіре алмайтынын көрсетеді.

Сауалнамаға қатысушылар 5 сұрақ бойынша жоғары пайызы «NURSE арқылы көрсетемін» жауап берді, білім алушылардың 69,8% (74 адам), осы әдіс туралы ақпарат алғаны және іс жүзінде қолдана алатынын көрсетеді. «Жай ғана тыңдаймын, тыныштандырамын, «уайымдама» деп айтамын» білім алушылардың 25,5% (27 адам), эмпатия көрсету үшін дұрыс емес қолдау тәсілін қолданатынын көрсетеді. «Мен эмпатия көрсету үшін ештеңе жасамаймын» білім алушылардың 4,7% (5 адам), эмпатияны мүлде қолданбайтынын көрсетеді.

Сауалнамаға қатысушылар келесі «Сіз эмпатияның көрінісі туралы сенімді ақпаратты қайдан алдыңыз?» 6 сұрақ бойынша жоғары пайызы «Университеттің білім беру процесінде, атап айтқанда "Медициналық практикадағы коммуникативтік дағдылар" циклі бойынша» жауап берді, білім алушылардың 83%(88 адам), эмпатия туралы ақпаратты университет білім беру процесінен алғанын көрсетеді. «Айналадағы адамдардан естіп, білдім» білім алушылардың 7,5% (8 адам) эмпатия туралы қоғамнан естіп , білгенін көрсетеді. «Кітаптан, ғаламтордағы арнайы хаттамалардан оқып, білдім» білім алушылардың 9,4% (10 адам) эмпатия туралы ақпаратты басқа білім беру дерек көздерінен алғанын көрсетеді.

Сауалнамаға қатысушылар 7 сұрақ бойынша жоғары пайызы «Иә, NURSE әдісін қолданған практикада өте тиімді» жауап берді, білім алушылардың 82,1% (87 адам) осы әдісті медициналық практикада тиімді деп санайды. «Мен NURSE әдісін шынайы өмірде қолданылмайды деп ойлаймын» білім алушылардың 16% (17 адам) осы әдісті шынайы өмірде қолданбайды деп санайды. «Жоқ, NURSE әдісі тиімді әдіс деп ойламаймын» білім алушылардың 1,9% (2 адам) осы әдісті тиімді деп санамайды.

8 сұрақ бойынша жоғары пайызы «Дәрігердің эмпатиясының көрінісі досының эмпатиясына қарағанда қатаң түрде хаттамаға сәйкес, қысқа және түсінікті түрде жүреді / Выражение эмпатии врачом более строго по протоколу, кратко и ясно излагается, чем эмпатия друга» жауап берді, білім алушылардың 69,8% (74 адам) дәрігер эмпатиясының досының эмпатиясына қарағанда хаттамаға сәйкес және кәсіби түрде жүреді деп санайды. «Айырмашылығы жоқ деп ойлаймын» білім алушылардың 28,3% (30 адам) дәрігер және достың эмпатия білдіруін бірдей


деңгейде деп санайды. «Дәрігерлер достарға қарағанда немқұрайлы» білім алушылардың 1,9% (2 адам) дәрігерлер достарына қарағанда эмпатияны білдіре алмағандығын көрсетеді.

Сауалнамаға қатысушылар келесі 9 сұрақ бойынша жоғары пайызы «Иә, қоғамдық бірлікте кедергілер пайда болып, қарым қатынас бұзылады» жауап берді, білім алушылардың 87,7% (93 адам) эмпатияның қоғамда маңызды екенін көрсетеді. «Мен бұл сұрақ туралы нақты білмеймін» білім алушылардың 10,4% (11 адам) эмпатияның қоғамға әсер етуіне сенімді емес екенін көрсетеді. «Жоқ, ешқандай зияны жоқ деп ойлаймын» білім алушылардың 1,9% (2 адам) эмпатияны қоғамға мүлде әсер етпейді деп санайды.

Сауалнамаға қатысушылар келесі «Сіз эмпатияның жетіспеушілігін өз өміріңізде сезіндіңіз бе?» 10 сұрақ бойынша жоғары пайызы «Иә, жиі сезіндім / Да, я частоэто чувствовал» жауап берді, білім алушылардың 65,1% (69 адам) эмпатияның өз өмірінде маңызды екенін көрсетеді. «Кейде ғана» білім алушылардың 25,5% (27 адам) эмпатияны өмірінде жетіспеушілігін кей кезде ғана сезінетінін көрсетеді. «Жоқ, мен сезінген жоқпын» білім алушылардың 9,4% (10 адам) эмпатияның өз өмірінде жетіспеушілігін сезінбегендігін көрсетеді.

Кері байланыс орнату, тапсырма

Психология кафедрасында өткен «Клиникалық тәжірибедегі коммуникативті дағдылар» циклы кезінде, білім алушыларға экспиремент мақсатында тапсырма берілді. Білім алушылар N.U.R.S.E әдісін қолдану арқылы отбасына, достарына, таныстарына WhatsAPP желісімен эмпатия білдіріп, кері байланыс жүргізген болатын (сурет 1)



Сурет 1 – білім алушылар N.U.R.S.E әдісін қолдану арқылы WhatsAPP желісімен эмпатия білдіріп, кері байланыс ретінде жасалынған суреттер.

Қорытынды. Эмпатия жеке қасиет ретінде әртүрлі психологиялық бағыттарда жұмыс істейтін зерттеушілердің назарын аударады. Оны зерттеу барысында айтарлықтай материалдар жинақталды, бірқатар қызықты нәтижелер алынды. Сонымен қатар, эмпатия проблемасының кейбір маңызды аспектілері жеткілікті түрде зерттелмегендігін көрсетеді. Олардың бірі – оның кәсіби қызметті ұйымдастыруға қатысты атқаратын рөліне байланысты аспект. Демек, эмпатияны кәсіби өсу сала функциясында зерттеудің объективті қажеттілігі туындайды.

Осы сауалнама арқылы білім алушылардың эмпатияның жеке даму мен кәсіби өсуге жоғары әсер ететіндігі туралы ойларын біліп, іс жүзінде қолдана алатындығы, қоғамда маңызды екені

анықталып, зерттеу жасалынды. Сонымен қатар, білім алушыларға эмпатия туралы түсінік қалыптастырылды.

Білім алушыларға эксперимент жүргізу мақсатында тапсырма берілді. Білім алушылар отбасына, достарына, таныстарына «уайымдамаңыз» деп айтудын орынына N.U.R.S.E әдісін қолдану арқылы профессионалды түрде көмек берді. Таныстары өздерінің басынан өткізіп жатырған қиындықтарын білім алушылармен бөлісіп, қарым қатынастары жақсара түсті. Білім алушыларға жүргізілген тәжірибе ұнады. N.U.R.S.E арқылы эмпатия білдіруді тәжірибе жүзінде көрсетуді үйренді және қолдануда. Келешекте медициналық практикада осы әдісті ары қарай дамыту туралы ой қалыптасты. Бұл әдіс эффективті түрде пайдаға асады. Алынған кері байланыстың барлығы позитивті болды. Білім алушылардың жақындары шексіз алғыстарын білдіріп, сыйластықтары арта түсті. Осы зерттеу бойынша эмпатияның маңыздылығы жоғары екені анықталды. Эмпатия дәрігердің имиджіне, профессионалды өсуіне әсерін тигізеді . Әдемі әрі нақты сөйлеу арқылы коммуникативті құзыреттілік дамиды. «Клиникалық тәжірибедегі коммуникативті дағдылар» циклында эмпатия тақырыбына арнап арнайы лекциялар мен практикалық тақырыптар берілген болатын. Білім алушылар циклда алған білмдерін тәжірибе жүзінде орындай алды.

Сонымен осы зерттеу бойынша эмпатия білдіру бұл адамға күш жігер берумен қатар, ол адамның сенімі арта түседі. Кейбір жағдайда жақындарымыздың өмірінде қандай жағдай болып жатырғанынан беймәлімбіз. Осы берілген тәжірибеден білім алушылар жақындарымен қарым-қатынасы жақсарды. Бұл әдісті қарапайым адамдар арасында қолданумен қатар медициналық мақсатта жетілдіру қажет. Өйткені, науқас ол біреудің көмегіне, қолдауына мұқтаж болған кезде, дәрігерлер эмпатия білдіру арқылы науқасқа бейжай қарамайтындығын білдіреді. Бірақ қазіргі таңда эмпатияны қолданбайтын дәрігерлер жетерлік. Дәрігерлер эмпатияны дұрыс қолдана білсе,науқастың уайымын немесе қорқынышын жоя алатын еді. Эмпатияны қоғамда қолдану үшін, білім алушылар білімдерін арттырып, тәжірибе жүзінде іске асыруды дәріптеу талап етіледі. Білім алушылар кәсіби білімін тәжірибе жүзінде жоғарлату үшін тренингтік шаралар қолданылу ұсынылады.

Алғыс. Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (IRN AP19678139 "Батыс Қазақстанда білім алушы жастардың әл-ауқатының қарқынды өсуі үшін әлеуметтік-психологиялық мүмкіндіктерді бағалау").

Әдебиеттер

1. Сила эмоционального интеллекта. Как его развить для работы и жизни / Адель Линн ; пер. с англ. Э. Каировой, Е. Кротовой. – М. : Манн, Иванов и Фербер, 2019. – 230 – 231 с.
2. Шнайдер.М.И. Эмпатия как форма отражения другого человека. – 63 – 64 с.
3. Колтаков, Г. С. Роль эмпатии в науке и обществе / Г. С. Колтаков. – Текст : непосредственный // Психология: традиции и инновации : материалы II Междунар. науч. конф. (г. Самара, март 2016 г.). – Самара : ООО "Издательство АСГАРД", 2016. – 1 – 3 с.
4. Легкая У.А. К вопросу определения феномена эмпатии // В сборнике: Современный взгляд на науку и образование. Сборник научных статей. Москва, 2020. С. 125-128.

ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ НАВЫКОВ ПЕДАГОГОВ ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ

Сухачева А.
Казахский национальный университет имени ал-Фараби
Алматы, Казахстан

Мақалада цифрлық білім беру ортасында білім алушылардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мұғалімдердің негізгі кәсіби дағдылары қарастырылады. Цифрландыруға байланысты қазіргі заманғы сын-қатерлер және олардың студенттердің эмоционалды және когнитивті жағдайына әсері талданады. Мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын, эмоционалды интеллектісін және білім алушылар үшін қолдау көрсететін орта қалыптастыру қабілетін дамытуға ерекше назар аударылады. Мақалада цифрлық өзара әрекеттесу қаупін ескере отырып, педагогтарды даярлауды жетілдіру бойынша ұсыныстар беріледі.

Түйін сөздер: *білім беруді цифрландыру, психологиялық қауіпсіздік, педагогикалық шеберлік, цифрлық сауаттылық, эмоционалдық интеллект.*

В статье рассматриваются ключевые профессиональные навыки педагогов, необходимые для обеспечения психологической безопасности обучающихся в цифровой образовательной среде. Анализируются современные вызовы, связанные с цифровизацией, и их влияние на эмоциональное и когнитивное состояние студентов. Особое внимание уделяется развитию цифровой грамотности преподавателей, эмоционального интеллекта и способности формировать поддерживающую среду для учащихся. В статье представлены рекомендации по совершенствованию подготовки педагогов с учетом рисков цифрового взаимодействия.

Ключевые слова*: цифровизация образования, психологическая безопасность, педагогические навыки, цифровая грамотность, эмоциональный интеллект.*

The article examines the key professional skills of teachers necessary to ensure the psychological safety of students in the digital educational environment. It analyzes modern challenges related to digitalization and their impact on the emotional and cognitive state of students. Special attention is paid to the development of teachers' digital literacy, emotional intelligence, and the ability to create a supportive environment for learners. The article provides recommendations for improving teacher training considering the risks of digital interaction.

Keywords: *digitalization of education, psychological safety, pedagogical skills, digital literacy, emotional intelligence.*

Современная цифровизация образования привела к кардинальным изменениям в педагогическом процессе, требующим адаптации методов обучения и педагогического взаимодействия. Наряду с широкими возможностями, такими как гибкость образовательных программ, доступность знаний и персонализация учебного процесса, цифровизация несет значительные риски, влияющие на психологическое благополучие обучающихся [1, с. 5].

Цифровая среда как фактор риска

Внедрение цифровых технологий в образовательный процесс привело к ряду сложностей, которые могут негативно сказываться на обучающихся. Прежде всего, это перегрузка информацией, приводящая к ухудшению концентрации внимания и когнитивным нарушениям. Студенты вынуждены одновременно обрабатывать большой объем информации из различных источников, что приводит к поверхностному усвоению знаний и снижению критического мышления. Помимо этого, цифровое взаимодействие постепенно вытесняет живое общение, что сказывается на развитии социальных навыков и эмоциональной регуляции.

Проблема социальной изоляции в цифровой среде особенно актуальна для студентов, вынужденных проходить обучение в дистанционном формате. Недостаток личного общения с преподавателями и сверстниками может вызывать чувство одиночества, повышать тревожность и снижать мотивацию к обучению. Согласно исследованиям, длительное нахождение в виртуальной среде может способствовать развитию эмоционального выгорания, особенно если отсутствует четкая организация учебного процесса и поддержка со стороны педагогов [1, с. 9].

Еще одним значимым аспектом является наличие киберугроз, таких как кибербуллинг, манипуляции в интернете и распространение дезинформации [4, с. 11]. Молодые люди часто сталкиваются с негативным влиянием онлайн-коммуникации, что может подрывать их психологическое благополучие и вызывать стрессовые реакции. Поэтому педагоги должны не только владеть цифровыми технологиями, но и уметь обеспечивать безопасное цифровое взаимодействие.

Развитие профессиональных навыков педагогов

Психологическая безопасность обучающихся напрямую зависит от уровня подготовки педагогов. В условиях цифровизации образовательного процесса перед учителями стоят новые вызовы, требующие дополнительных компетенций.

Одной из ключевых компетенций является цифровая грамотность. Педагог должен уметь не только работать с образовательными платформами, но и понимать механизмы защиты данных, предотвращения цифровых угроз и защиты обучающихся от негативных последствий цифровизации. Владение этими навыками помогает преподавателю эффективно организовывать учебный процесс в виртуальной среде и минимизировать киберриски [2, с. 17].

Не менее важен эмоциональный интеллект педагога. Способность распознавать эмоциональное состояние обучающихся и своевременно реагировать на их трудности играет ключевую роль в создании психологически безопасной образовательной среды. Педагог, обладающий высоким уровнем эмоционального интеллекта, может выстраивать доверительные отношения со студентами и поддерживать их в условиях цифрового обучения, что снижает уровень тревожности и способствует комфортному восприятию учебного материала [1, с. 19].

Следующей важной компетенцией является коммуникативная гибкость. В условиях онлайн-обучения педагогу необходимо уметь адаптировать способы взаимодействия с обучающимися, обеспечивая их вовлеченность в образовательный процесс. Эффективное применение цифровых инструментов, организация интерактивных дискуссий, использование техник активного слушания позволяют поддерживать высокий уровень мотивации и интереса студентов [8, с. 21].

Развитие критического мышления также играет важную роль в подготовке педагогов. В условиях цифрового пространства, насыщенного большим объемом информации, необходимо уметь анализировать ее достоверность, выявлять манипулятивные приемы и обучать этому студентов. Формирование у учащихся навыков критического мышления позволяет им осознанно подходить к обработке цифрового контента, что снижает риски воздействия дезинформации [2, с. 2].

Кроме того, важно уделять внимание формированию стрессоустойчивости у педагогов. Постоянный переход между онлайн- и офлайн-форматами, необходимость быстро адаптироваться к изменениям, высокий уровень ответственности за образовательный процесс – все это может приводить к эмоциональному истощению. Освоение техник саморегуляции, методов управления стрессом и стратегий сохранения психологического баланса помогает педагогам сохранять эффективность и поддерживать позитивный настрой в работе [4, с. 25].

Эти профессиональные навыки не только улучшают качество преподавания, но и способствуют созданию благоприятной образовательной среды, в которой обучающиеся чувствуют себя уверенно и защищено.

Психологическая безопасность обучающихся напрямую зависит от уровня подготовки педагогов. В условиях цифровизации образовательного процесса перед учителями стоят новые вызовы, требующие дополнительных компетенций. Прежде всего, педагоги должны обладать цифровой грамотностью, включающей не только умение работать с образовательными платформами, но и понимание механизмов защиты данных и предотвращения цифровых угроз. Эмоциональный интеллект становится не менее важным навыком, так как преподаватели должны уметь распознавать эмоциональное состояние обучающихся и создавать комфортную

образовательную среду. Способность к эффективному онлайн-общению также является ключевым фактором, обеспечивающим продуктивное взаимодействие в цифровой среде.

Кроме того, педагогам необходимо развивать критическое мышление, чтобы анализировать и фильтровать информацию, а также помогать учащимся избегать манипуляций и дезинформации. Освоение техник стрессоустойчивости позволяет преподавателям не только поддерживать собственное психологическое состояние, но и помогать студентам справляться с тревожностью и эмоциональной перегрузкой. Эти навыки являются основой для формирования безопасной образовательной среды, в которой обучающиеся чувствуют себя уверенно и защищено.

Рекомендации по подготовке педагогов

Для минимизации негативных последствий цифровизации необходимо внедрение системного подхода к подготовке педагогов. В первую очередь, образовательные учреждения должны организовать регулярные курсы повышения квалификации, направленные на развитие цифровой грамотности и управление цифровыми рисками [2, с. 27]. Это поможет педагогам осваивать современные технологии и обеспечивать защиту информации в учебном процессе, что особенно важно в условиях дистанционного обучения и расширенного использования цифровых инструментов.

Важной мерой является внедрение тренингов по развитию эмоционального интеллекта, позволяющих педагогам лучше понимать своих студентов, оказывать им поддержку и формировать благоприятную образовательную среду [2, с. 30]. Исследования показывают, что эмоциональная отзывчивость преподавателя способствует снижению тревожности среди обучающихся и повышает их вовлеченность в образовательный процесс.

Специальные программы, направленные на развитие критического мышления и умение работать с информацией, также должны быть включены в систему подготовки педагогов [3, с. 33]. В эпоху цифровых технологий учащиеся сталкиваются с большим объемом информации, значительная часть которой может быть недостоверной. Поэтому педагоги должны уметь обучать студентов методам анализа и оценки информации, а также формированию навыков осознанного потребления цифрового контента.

Дополнительно следует интегрировать в образовательные программы дисциплины, посвященные кибербезопасности и цифровой этике [3, с. 36]. Это позволит педагогам осознанно подходить к вопросам цифрового взаимодействия и обучать этому своих студентов. Важно также усилить взаимодействие между педагогами, психологами и родителями, создавая единую систему поддержки обучающихся в условиях цифровой среды [10, с. 39]. Привлечение школьных и вузовских психологов к консультированию преподавателей и студентов поможет своевременно выявлять и устранять риски, связанные с цифровым обучением, а также снижать уровень эмоционального выгорания среди педагогов и учащихся.

Литература

1. Пазухина С.В. Обеспечение психологической безопасности современных детей в процессе организации педагогического взаимодействия с ними [Электронный ресурс]. – URL: https://edujournal.tspu.ru/files/edujournal/PDF/articles/pazukhina_svetlana_vyacheslavovna_36_47_1_9_2025.pdf (01.02.2025).

2. Kassymova G. K. Socio-Psychological Problems of Digital Education in Subject's Development [Электронный ресурс]. – URL: https://www.researchgate.net/publication/372262614 (27.01.2025).

3. Anastasia Bashkireva et al. The psychological safety of students in the context of digitalization as a factor of social health [Электронный ресурс]. – URL: https://www.e3s-conferences.org/articles/e3sconf/abs/2021/71/e3sconf_wfsdi2021_05001/e3sconf_wfsdi2021_05001.html (25.01.2025).

4. Online safety: what young people really think about social media, big tech regulation and adults ‘overreacting’ [Электронный ресурс]. – URL: https://theconversation.com/online-safety-what-young-people-really-think-about-social-media-big-tech-regulation-and-adults-overreacting-196003 (04.02.2025).

5. Гаспарович Е.О., Донгаузер Е.В. Цифровизация образования как способ повышения качества профессиональной подготовки студента. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/119533/1/978-5-8331-0454-5_2023_196-207.pdf. (02.02.2024)
6. Герасимов Г.И. Парадигмальный плюрализм как проявление кризиса образования. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://cyberleninka.ru/article/n/paradigmalnyy-plyuralizm-kak-proyavlenie-krizisa-obrazovaniya. (02.02.2024)
7. Сапарова Д.Р. Культурное пространство цифрового поколения [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder17928/%D0%94%D0%B8%D1%81%D1%81%D0%B5%D1%80%D1%82%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F%20%D0%A1%D0%B0%D0%BF%D0%B0%D1%80%D0%BE%D0%B2%D0%B0%20%D0%94.%D0%A0..pdf (28.01.2024).
8. Стариченко Б.Е. Цифровизация образования: иллюзии и ожидания. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://cyberleninka.ru/article/n/tsifrovizatsiya-obrazovaniya-illyuzii-i-ozhidaniya. (02.02.2024)
9. Liudmila Baeva, Alexandr Grigorev. Safety of Digitalization of Educational and Social Space [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1302062.pdf (27.12.2024).
10. Nuraini Jamil, Abdelkader Nasreddine Belkacem & Abderrahmane Lakas. On enhancing students' cognitive abilities in online learning using brain activity and eye movements [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://link.springer.com/article/10.1007/s10639-022-11372-2 (03.02.2025).

ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢДЕГІ ДЕЛИНКВЕНТТІЛІК ПЕН МІНЕЗ АКЦЕНТУАЦИЯСЫНЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Болтаева А.М. , Суранша Ж.Б.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Бұл мақалада жасөспірімдік кезеңдегі делинквенттілік пен мінез акцентуациясының өзара байланысы қарастырылады. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың психологиялық себептерін талдау арқылы мінез акцентуациясының ықпал ету дәрежесі анықталады. Делинквентті мінез-құлықтың пайда болуында жеке тұлғалық ерекшеліктер мен әлеуметтік ортаның әсері қарастырылады. Сонымен қатар, мінез акцентуациясының белгілі бір типтері мен олардың құқықбұзушылыққа бейімділігі арасындағы қатынастар зерттеледі.
Түйін сөздер: *жасөспірімдік кезең, делинквенттілік, мінез акцентуациясы, құқықбұзушылық, тұлғалық ерекшеліктер, әлеуметтік орта, психологиялық факторлар, тәрбие, девиантты мінез-құлық.*

В статье рассматривается взаимосвязь делинквентности и акцентуации характера в подростковом возрасте. Анализ психологических причин правонарушений среди подростков позволяет определить степень влияния акцентуации характера. Исследуется влияние личностных особенностей и социальной среды на формирование делинквентного поведения. Кроме того, рассматриваются определённые типы акцентуации характера и их предрасположенность к правонарушениям.
Ключевые слова: *подростковый возраст, делинквентность, акцентуация характера, правонарушение, личностные особенности, социальная среда, психологические факторы, воспитание, девиантное поведение.*

This article examines the relationship between delinquency and character accentuation in adolescence. Analyzing the psychological causes of juvenile offenses helps determine the degree of influence of character accentuation. The impact of personality traits and social environment on the formation of delinquent behavior is explored. Additionally, specific types of character accentuation and their predisposition to offenses are considered.
Keywords: *adolescence, delinquency, character accentuation, offense, personality traits, social environment, psychological factors, upbringing, deviant behavior.*

Кіріспе. Жасөспірімдік кезең – адамның тұлғалық дамуы мен әлеуметтік бейімделуінің маңызды кезеңдерінің бірі. Бұл уақытта мінез-құлықтағы ауытқулар, девиантты әрекеттер мен делинквенттілік мәселелері жиі кездеседі. Делинквентті мінез-құлық – қоғамда қалыптасқан құқықтық және әлеуметтік нормаларды бұзуға бейімділік, ал мінез акцентуациясы – жеке тұлғаның белгілі бір мінез ерекшеліктерінің тым айқын көрінуі. Осы екі құбылыстың арасындағы байланысты зерттеу жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының алдын алу және

түзету шараларын тиімді жүргізу үшін маңызды. Жасөспірімдік кезеңде мінез ерекшеліктерінің күшеюі эмоционалдық тұрақсыздық пен әлеуметтік ортаға бейімделу қиындықтарына алып келуі мүмкін. Бұл әсіресе, қарқынды психологиялық және физиологиялық өзгерістерге ұшырайтын жасөспірімдер үшін өзекті мәселе болып табылады. Делинквентті мінез-құлықтың қалыптасуына отбасылық тәрбие, құрдастар ортасы және мектептегі әлеуметтік жағдайлар тікелей әсер етеді. Сондықтан, жасөспірімдердің девиантты әрекеттерінің алдын алу үшін олардың тұлғалық ерекшеліктерін ескеріп, кешенді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қажет.

Психология ғылымында мінез акцентуациясы мәселесін алғаш рет неміс психологы К.Леонгард зерттеген. Ол: «Акцентуация – бұл тұлғаның қалыпты жағдайдағы мінез ерекшеліктерінің шектен тыс айқын көрінуі, бірақ ол патологиялық деңгейге жетпейді» [1] деп анықтама берген.

Ғалымның акцентуация теориясы тұлғаның мінез ерекшеліктерінің шектен тыс айқын көрініс беруін сипаттайды. Оның пікірінше, акцентуация психикалық патологияға жатпайды, бірақ белгілі бір жағдайларда адамның қоршаған ортаға бейімделуіне әсер етуі мүмкін. Яғни, мұндай ерекшеліктер кейбір жағдайларда тұлғаның күшті жағы ретінде көрініп, табысты әлеуметтенуге ықпал етсе, басқа жағдайда эмоционалдық тұрақсыздық пен мінез-құлықтағы қиындықтарға әкелуі мүмкін. Сондықтан К.Леонгардтың теориясы жасөспірімдер мен ересектердің мінез ерекшеліктерін зерттеуде және психологиялық көмек көрсету әдістерін анықтауда маңызды рөл атқарады.

Кейіннен А.Е.Личко жасөспірімдердің мінез акцентуациясын жіктеп, оның әртүрлі типтерін анықтады. Ғалымның пікірінше, «Жасөспірімдік кезеңде мінез акцентуациясының белгілі бір типтері делинквенттілікке бейім болуы мүмкін, өйткені осы кезеңде тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқы қалыптасады» [2]. А.Е.Личко мінез акцентуациясын жасөспірімдерге тән психологиялық ерекшелік ретінде қарастырып, оның әртүрлі типтерін анықтады. Оның жіктемесі К.Леонгардтың теориясын негізге ала отырып, жасөспірімдердің мінез құрылымына бейімделген. Оның тұжырымдауынша, жасөспірімдік кезеңде тұлғаның мінез-құлқы қарқынды дамып, әлеуметтену үрдісі жүретіндіктен, кейбір акцентуация типтері девиантты және делинквентті мінез-құлыққа бейім болуы мүмкін. Әсіресе, гипертимді, эпилептоидты, истероидты және тұрақсыз типтер сыртқы ортаның ықпалымен қоғамға қарсы әрекеттерге бейімделуі ықтимал. Сондықтан ғалымның теориясы жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу және олардың әлеуметтік бейімделуін жақсарту тұрғысынан маңызды болып табылады.

- Гипертимді тип: мұндай жасөспірімдер белсенді, импульсивті, тәуекелшіл, әлеуметтік нормаларды бұзуға бейім. Олар топтағы беделін арттыру мақсатында құқықбұзушылық әрекеттерге бара алады.
- Эпилептоидты тип: шамадан тыс ыза, ашушаңдық, кекшілдік байқалады. Мұндай жасөспірімдер агрессияға бейім, өз эмоцияларын бақылауда қиындық көреді.
- Истероидты тип: өзін көрсетуге құмар, назар аудартуды жақсы көреді. Бұл типтегі жасөспірімдер кейде құқықбұзушылықты өздерінің маңыздылығын арттыру үшін жасайды.
- Тұрақсыз тип: немқұрайлылық, жауапсыздық, жалқаулық байқалады. Мұндай жасөспірімдер әдетте криминалды ортаға оңай бейімделеді.

Зерттеуші Ю.А.Клейберг акцентуацияның кейбір түрлері жасөспірімдердің әлеуметтік ортаға бейімделуін қиындататынын атап көрсетеді: «Мінездің акцентуациясы жасөспірімдерді әлеуметтік нормалардан ауытқуға бейімдеуі мүмкін, бұл делинквенттілікке әкелетін маңызды факторлардың бірі» [3].

Зерттеулер көрсеткендей, мінез акцентуациясы мен делинквентті мінез-құлықтың өзара байланысы әлеуметтік ортаның ықпалымен күшейе түседі. Яғни, отбасылық қарым-қатынастардың бұзылуы, ата-ананың бақылауының жетіспеушілігі немесе керісінше, шамадан

тыс қатал тәрбие, құрдастарымен конфликтілер – жасөспірімдердің девиантты әрекеттерге баруына ықпал ететін маңызды факторлар.

Негізгі бөлім. Жасөспірімдік кезең – тұлғаның әлеуметтік және психологиялық дамуының шешуші кезеңі. Бұл кезеңде жасөспірімдер түрлі өмірлік қиындықтарға тап болып, кейде оларды шешудің әлеуметтік тұрғыдан қолайсыз жолдарын таңдайды. Делинквенттілік – жасөспірімдердің қылмыстық әрекеттерге немесе заң бұзушылыққа бейім мінез-құлқы, ол көбінесе ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен қалыптасады. Делинквентті мінез-құлықтың негізгі себептерін бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады:

- Жеке тұлғалық факторлар: агрессия, эмоцияны бақылаудағы әлсіздік, импульсивтілік, төмен өзін-өзі бағалау.
- Отбасылық факторлар: ата-ананың бақылауының жеткіліксіздігі немесе тым қатал болуы, эмоционалдық қолдаудың болмауы, ата-ананың өзара қақтығыстары.
- Әлеуметтік факторлар: құрдастардың теріс ықпалы, девиантты ортада тәрбиелену, мектептегі сәтсіздіктер.
- Экономикалық факторлар: материалдық жағдайдың нашарлығы, әлеуметтік теңсіздік.

Криминология саласындағы зерттеулер көрсеткендей, жасөспірімдердің делинквентті мінез-құлқы көбінесе олардың әлеуметтік ортасына байланысты дамиды. Мысалы, жасөспірімдер құқықбұзушылықты құрдастарының алдында бедел жинау немесе агрессия арқылы өздерін қорғау мақсатында жасайды. Сонымен қатар, эмоционалды тұрақсыздық, мазасыздық және импульсивтілік сияқты психологиялық ерекшеліктер де олардың мінез-құлқына әсер етеді. Криминологиялық зерттеулерге сәйкес, құқықбұзушылыққа бейім жасөспірімдердің мінез ерекшеліктері көбінесе төмендегідей сипатталады:

- Импульсивтілік және ұстамсыздық: олар өз әрекеттерінің салдарын ойламай, тез шешім қабылдайды.
- Агрессия және қақтығысқа бейімділік: мұндай жасөспірімдер жиі жанжалға түседі, өз эмоцияларын бақылауда қиындық көреді.
- Тәуекелге бейімділік: олар экстрималды әрекеттерге құмар болып, заң бұзуға немесе қауіпті әрекеттер жасауға оңай барады.
- Қоғамдық нормаларға немқұрайдылық: кейбір жасөспірімдер ережелер мен заңдарды саналы түрде елемейді.

Делинквенттілікке бейім жасөспірімдердің көпшілігі мектепте тәртіп бұзуға, сабақтан қашуға, заңға қайшы әрекеттер жасауға бейім келеді. Осындай мінез ерекшеліктері олардың қоршаған ортасына байланысты күшейіп, тұрақты мінез-құлық моделіне айналуы мүмкін.

Делинквентті мінез-құлықтың психологиялық аспектілерін зерттеген З.Фрейд бұл мәселені тұлғаның бейсаналық конфликтілерімен байланыстырған. Оның көзқарасы бойынша, «Балалық шақта пайда болған шешілмеген психологиялық шиеленістер мен әлеуметтік ортаға бейімделу қиындықтары делинквентті әрекеттердің негізін қалайды» [4]. Осы тұрғыдан қарағанда, жасөспірімдердің делинквентті мінез-құлқы мінез акцентуациясымен қатар, олардың отбасылық және әлеуметтік жағдайына да байланысты.

Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу кешенді түрде жүзеге асырылуы керек. Ол үшін отбасы, мектеп және қоғам бірлесіп әрекет етуі қажет.

- Отбасылық тәрбиенің рөлі: ата-аналар балаларымен ашық қарым-қатынас орнатып, олардың психологиялық қажеттіліктерін түсініп, қолдау көрсетуі қажет.
- Мектеп пен мұғалімдердің ықпалы: оқушыларды әлеуметтік дағдыларға үйрету, олардың өзін-өзі бағалау деңгейін арттыру, қызығушылықтары мен қабілеттерін дамыту арқылы оларды құқықбұзушылықтан сақтауға болады.
- Құрдастар ортасының маңызы: жасөспірімдерді оң әлеуметтік топтарға бағыттау, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру өте маңызды.

- Психологиялық қолдау: мінез ерекшеліктері мен эмоционалдық қиындықтарға байланысты арнайы психологиялық тренингтер, кеңес беру жұмыстары жүргізілуі керек.
- Мемлекеттік бағдарламалар: жасөспірімдердің құқықбұзушылығының алдын алу мақсатында әлеуметтік саясатты күшейту, арнайы түзету бағдарламаларын жүзеге асыру қажет.

Көптеген зерттеулер көрсеткендей, жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқы көбінесе қоғамның оларды түсінбеуімен және қолдамауымен байланысты. Сондықтан оларды әлеуметтендіру, дұрыс құндылықтарды қалыптастыру және психологиялық қолдау көрсету – құқықбұзушылықтың алдын алудың негізгі жолдары болып табылады.

Қорытынды. Жасөспірімдер арасында делинквентті мінез-құлықтың алдын алу үшін психологиялық, әлеуметтік және педагогикалық шаралар кешенін жүзеге асыру қажет. Бұл кешенді шараларға жасөспірімдердің тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, олармен психологиялық түзету жұмыстарын жүргізу, эмоционалдық тұрақтылықты дамыту, құқықтық сауаттылықты арттыру, әлеуметтік бейімделуге көмектесу жатады. Сонымен қатар, жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оларды спорттық және шығармашылық үйірмелерге тарту – девиантты мінез-құлықтың алдын алудың маңызды жолдарының бірі.

Бұл мәселені шешу үшін мектеп, отбасы және қоғам бірлесе әрекет етуі тиіс. Отбасы деңгейінде ата-аналарға психологиялық кеңес беру, олардың бала тәрбиесіндегі рөлін күшейту қажет. Мектепте тәрбие жұмыстары күшейтіліп, мұғалімдер мен психологтардың ынтымақтастығы нығайтылуы керек. Қоғамдық деңгейде мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдар арқылы жасөспірімдерге қолдау көрсететін әлеуметтік бағдарламалар жүзеге асырылғаны жөн. Осындай кешенді шаралар ғана жасөспірімдердің дұрыс әлеуметтенуіне ықпал етіп, олардың делинквентті мінез-құлыққа бейімделуінің алдын алуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Леонгард К. Акцентуированные личности. – Киев: Высшая школа, 1981. – 256 с.
2. Личко А.Е. Психопатии и акцентуации характера у подростков. – Санкт-Петербург: Речь, 1999. – 320 с.
3. Клейберг Ю.А. Психология девиантного поведения. – Москва: Академический проект, 2001. – 304 с.
4. Фрейд З. Психология бессознательного. – Москва: АСТ, 2019. – 416 с.

МІНЕЗ АКЦЕНТУАЦИЯСЫНЫҢ ӘРТҮРЛІ ТИПТЕРІ БАР КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Адилова Э.Т., Қалаш А.О.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Мақала мінез акцентуациясының әртүрлі типтері бар колледж студенттерінің әлеуметтік бейімделуін зерттеуге арналған. Акцентуациялардың тұлғааралық байланыстарды орнатуға, оқу процесіне интеграциялануына және ұжымдағы бейімделуіне әсері қарастырылады. Акцентуациялардың сипаттамасы студенттердің әлеуметтену процесіне жеке қасиеттердің қалай әсер ететінін түсінуге көмектеседі. Мақалада әлеуметтік дағдылар мен эмоциялық реттеуді дамыту үшін психологиялық қолдау мен бейімделуді жақсарту бойынша ұсыныстар көрсетіледі.

Түйін сөздер: *әлеуметтік бейімделу, колледж студенттері, мінез акцентуациясы, психологиялық қолдау.*

Статья посвящена исследованию социальной адаптации студентов колледжа с различными типами акцентуации. Рассматривается влияние акцентуаций на установление межличностных контактов, интеграцию в учебный процесс и адаптацию в коллективе. Описание акцентуаций помогает понять, как личностные особенности влияют на процесс социализации студентов. В статье предложены рекомендации по улучшению адаптации, включая психологическую поддержку для развития социальных навыков и эмоциональной регуляции.

Ключевые слова: *социальная адаптация, студенты колледжа, акцентуация характера, психологическая поддержка.*

The article is devoted to the study of social adaptation of college students with different types of accentuation. The influence of accentuations on the establishment of interpersonal contacts, integration into the educational process and adaptation in a team is considered. The description of accentuations helps to understand how personal characteristics influence the process of socialization of students. The article offers recommendations for improving adaptation, including psychological support for the development of social skills and emotional regulation.

Keywords: *social adaptation, college students, character accentuation, psychological support.*

Кіріспе

Колледж студенттерінің әлеуметтік бейімделуі олардың оқу процесінде және әлеуметтік ортаға ықпалдасуында маңызды аспект болып табылады. Мектептен колледжге көшу жаңа әлеуметтік ортаға, жаңа қарым-қатынас формаларына, оқу стандарттарына және жеке жауапкершілікті қалыптастыру қажеттілігіне байланысты көптеген өзгерістермен сипатталады. Әлеуметтік бейімделу процесінде студенттердің жеке ерекшеліктері, соның ішінде олардың мінездерінің акцентуациясы маңызды рөл атқарады. Акцентуациялар - бұл тұлғаның айқын көрінетін және гипертрофияланған сипаттамалары, олар экстремалды жағдайларда көрінеді және адамның мінез-құлқына және айналасындағы адамдармен қарым-қатынасына әсер етеді. Акцентуациялардың әртүрлі түрлері студенттердің бейімделу процесіне қалай әсер ететінін түсіну әлеуметтік интеграция және жаңа ұжымға ену үшін маңызды.

Осы мақалада колледж студенттерінің әртүрлі акцентуацияланған мінездерімен әлеуметтік бейімделу ерекшеліктері қарастырылып, сондай-ақ әртүрлі тұлғалық ерекшеліктері бар студенттердің бейімделу процесін оңтайландыру бойынша ұсыныстар берілетін болады.

Негізгі бөлім

Акцентуацияланған мінез - бұл тұлғаның айқын және гипертрофияланған қасиеттері, олар норманың шегінде болғанымен, экстремалды жағдайларда көрінеді. Бұл терминді неміс психиатры К. Леонгард енгізді, ол бірнеше акцентуация түрлерін, мысалы, гипертимдік, дистимдік, эмоционалды лабильді және т.б. бөліп көрсетті. Маңыздысы, акцентуациялар тұлға бұзылулары емес, бірақ олар адамның мінез-құлқына және әлеуметтік жағдайларда өзара әрекеттесуіне әсер етуі мүмкін.

Әрбір акцентуацияның өз күшті және әлсіз жақтары бар. Мысалы, гипертимдік тұлғалар белсенділік пен бастамашылдықпен ерекшеленеді, бірақ олардың импульсивтілігі мен жинақылықтың жетіспеушілігі оқу процесінде қиындықтар туындатуы мүмкін, ал қызығушылыққа деген шамадан тыс ұмтылыс басқа студенттер мен оқытушылардың наразылығын тудыруы мүмкін. Керісінше, дистимдік тұлғалар әдетте әлеуметтік жағдайларда сенімсіздік танытып, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға қиналады.

Әлеуметтік бейімделу - бұл индивидтің жаңа әлеуметтік жағдайларға, ортаға, топтарға бейімделу процесі. Студенттер үшін әлеуметтік бейімделу колледжге қабылданған кезде басталады және оқу үрдісі мен жаңа әлеуметтік ортаға ену барысында жалғасады. Бұл процесс жаңа әлеуметтік жағдайлармен танысу, басқа студенттермен және оқытушылармен қарым-қатынас орнату, сондай-ақ жеке міндеттерді қабылдау сияқты маңызды кезеңдерден өтеді. Әлеуметтік бейімделудің қиындықтары әртүрлі акцентуацияланған мінездермен студенттерде жиі кездеседі, өйткені олардың қарым-қатынасы мен әлеуметтік қабылдау ерекшеліктері бейімделуге оң немесе теріс әсер етуі мүмкін.

Әлеуметтік бейімделу және акцентуация тақырыбына көптеген психологтар мен зерттеушілер өз еңбектерін арнаған. Бұл мәселелер жеке тұлға және әлеуметтік орта арасындағы қарым-қатынастарды түсінуге ықпал етеді. Төменде осы тақырыпқа байланысты кейбір авторлар мен олардың зерттеулеріне қысқаша шолу жасасақ, мәселен К. Леонгард - акцентуацияланған мінезді зерттеудің негізін қалаушылардың бірі. Ол акцентуацияның түрлі түрлерін анықтап, тұлғаның типологиясына байланысты мінез-құлық ерекшеліктерін сипаттады. Оның еңбектері студенттер мен жасөспірімдер арасындағы әлеуметтік бейімделудің психологиялық аспектілерін түсінуге көмектеседі [1].

А.Н. Леонтьев - әлеуметтік бейімделу мен тұлғааралық қарым-қатынас мәселелерін зерттеген ғалым. Оның жұмыстары студенттердің әлеуметтік ортаға кірігуін, әлеуметтік психологияның негіздері мен тұлғаның әлеуметтік даму ерекшеліктерін терең зерттейді[2].

Э. Фромм - жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделуі мен акцентуациялары туралы зерттеулерінде әлеуметтік және мәдени әсерлердің маңызына назар аударады. Оның теориялары студенттердің әлеуметтік бейімделуінің негіздерін түсінуде маңызды [3].

Г. Айзенк - тұлғалық ерекшеліктер мен акцентуациялар арасындағы байланыс мәселесін зерттеген ғалым. Ол тұлға типологиясын, оның ішінде акцентуация түрлерін, сондай-ақ олардың әлеуметтік бейімделу мен қарым-қатынасқа әсерін зерттейді [4].

Ю.М. Орлов - еңбегі жасөспірімдер мен студенттердің психологиялық ерекшеліктері мен олардың әлеуметтік орталарға бейімделуіне әсер ететін мінез-құлықтық акцентуациялар туралы терең талдаулар ұсынады [5]. Бұл авторлардың зерттеулері мен еңбектері акцентуацияланған мінездің әлеуметтік бейімделу мен жеке тұлғаның әлеуметтік ортаға енуіне тигізетін әсерін түсінуге көмектеседі.

Гипертимді типтегі студенттер жоғары белсенділікпен, оптимизммен, ашықтықпен және көшбасшылыққа деген ұмтылысымен ерекшеленеді. Олар жаңа ортада оңай достасып, әлеуметтік өмірге белсене араласады. Бірақ олардың импульсивтілігі мен жеткіліксіз назар аударуы оқу процесінде қиындықтар тудыруы мүмкін, ал назарды өздеріне аудару ұмтылысы кейде басқаларға жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Гипертимді типтегі студенттердің әлеуметтік бейімделу ерекшеліктері:

- Жаңа ортада тез достасады, ұжымға оңай кіріседі.
- Көшбасшылыққа бейім, бірақ кейде бұл қасиет басқаларға жағымсыз әсер етуі мүмкін.
- Кейде оқу тапсырмаларына көңіл бөлу қиынға соғады.
- Басқалардың пікіріне назар аудармай, импульсивті әрекеттер жасай алады.

Гипертимді типтегі студенттерге өзін-өзі бақылауды дамыту, оқу тапсырмаларына назар аудару және командалық жұмыс дағдыларын меңгеру пайдалы болады.

Дистимді типтегі студенттер пессимизмге, меланхолияға және әлеуметтік оқшауланууға бейім. Олар әлеуметтік қарым-қатынастарда көбінесе сенімсіздік танытып, жаңа адамдармен танысу мен байланыс орнатуда қиындықтар көреді. Бұл студенттер жиі әлеуметтік ортадан оқшауланғанды сезінеді және басқа студенттермен байланыс орнатуда қиындықтарға тап болады.

Дистимді типтегі студенттердің әлеуметтік бейімделу ерекшеліктері:

- Басқалармен байланыс орнатуда қиындықтар туындайды.
- Өз-өзін оқшаулау, бұл әлеуметтік оқшауланууға алып келеді.
- Эмоционалды қолдауды қажет етеді және әлеуметтік қатынастарда қиындықтарға тап болады.
- Әлеуметтік жағдайлардың өзгеруі мен стресс кезінде бейімделу қиын.

Дистимді типтегі студенттер үшін эмоционалдық қолдау мен қауіпсіз әлеуметтік орта құру, сондай-ақ сенімділікті арттыру маңызды.

Мазасыз типтегі студенттер жиі күмәндану, сенімсіздік және басқалардың бағалауы туралы алаңдаушылық танытады. Бұл студенттер жаңа әлеуметтік жағдайлардан қашып, өздеріне шектеу қоюға бейім, бұл олардың ұжымға кірігуін қиындатады. Сонымен қатар, олар оқуда да қателесуден қорқады, бұл оларға қосымша стресс әкеледі.

Мазасыз типтегі студенттердің әлеуметтік бейімделу ерекшеліктері:

- Жаңа жағдайлардан қашу және әлеуметтік оқшаулану.
- Достармен және оқытушылармен қарым-қатынас орнату қиындықтары.
- Басқалардың бағалауы мен сыншыл көзқарасынан қорқу.
- Белсенді болудан қорқу және шешім қабылдауда қиындықтар.

Мазасыз типтегі студенттер үшін сенімділікті арттыруға бағытталған психотерапевтік тренингтер мен қолдау жүйелері маңызды. Олар өзін-өзі бағалауды арттыруға және әлеуметтік дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Эмоционалды лабильді типтегі студенттер көп жағдайда олардың көңіл-күйі мен эмоцияларында үлкен айырмашылықтар көрсетеді. Бұл жағдайлар олардың қарым-қатынастарында қиындықтар туғызуы мүмкін, себебі олар эмоцияларын тұрақты түрде бақылауға алмайды. Мұндай студенттер әртүрлі әлеуметтік жағдайларда бірдей емес жауап қайтарып, кейде бұл ұжымға бейімделуді қиындатады.

Эмоционалды лабильді типтегі студенттердің әлеуметтік бейімделу ерекшеліктері:

- Тұрақты әлеуметтік байланыстарды сақтауда қиындықтар туғызады.
- Мазасыздық пен күйзеліс олардың қарым-қатынасында үзілістер туғызады.
- Эмоциялық күйзелістерге жоғары сезімталдық.
- Әлеуметтік және оқу тапсырмаларында тұрақсыздық.

Эмоционалды лабильді типтегі студенттерге эмоцияларын басқару, стрессті азайту және тұрақты әлеуметтік қатынастарды сақтау дағдыларын дамыту қажет.

Әр түрлі акцентуацияланған мінездері бар колледж студенттерінің әлеуметтік бейімделуін жақсарту бойынша ұсыныстар:

1. *Психологиялық кеңес беру және тренингтер:* Әлеуметтік бейімделуде қиындықтар туындайтын студенттер үшін өз-өзіне сенімділікті арттыруға, эмоциялық тұрақтылықты дамытуға және коммуникациялық дағдыларды үйретуге бағытталған тренингтер пайдалы болады.
2. *Қолдау көрсету ортасын құру:* Колледжде әр студент өзін қауіпсіз сезінетін, түсіністік пен төзімділік атмосферасын қалыптастыру маңызды. Бұл әр студентке өзіне сенімді болуға мүмкіндік береді.
3. *Менторлық және жетекшілік бағдарламалары:* Студенттерді әлеуметтік бейімделу үшін наставник бағдарламаларын енгізу оларды жаңа ортаға тезірек енгізуге және ұжымға тиімді кірігуге көмектеседі.
4. *Әлеуметтік-психологиялық топтар:* Студенттердің өздерінің тәжірибелері мен қиындықтарын бөлісіп, шешімдер табуға көмектесетін топтарды ұйымдастыру олардың бейімделуін жеңілдетеді.

Қорытынды

Акцентуацияланған мінездер колледж студенттерінің әлеуметтік бейімделу процесіне елеулі әсер етеді. Студенттердің әр түрлі тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, оларды қолдау және бейімделу процесін оңтайландыру үшін жеке тәсілдерді қолдану маңызды. Акцентуациялар олардың әлеуметтік өміріне оң да, теріс те әсер етуі мүмкін, сондықтан студенттердің сәтті интеграциясы үшін бейімделу шарттарын қалыптастыруда олардың ерекшеліктерін ескеру қажет.

Қорыта айтқанда, студенттердің әлеуметтік бейімделуі – бұл тек олардың жаңа оқу ортасына енуі емес, сонымен қатар олардың тұлғалық ерекшеліктері мен мінез-құлықтарын ескере отырып қолдау көрсету процесі. Студенттерге арналған тиімді психологиялық бағдарлама мен әлеуметтік қолдау жүйесі олардың бейімделуін жақсартып, колледж немесе университеттің білім беру сапасын арттырады.

Әдебиеттер

1. Леонгард К. Акцентуации характера и их роль в психической жизни человека. - М.: Эксимо, 2002. – 447 с.
2. Леонтьев А.Н. Лекции по общей психологии. - М.: Смысл, 2001. – 511 с.
3. Фромм Э. Искусство любить. - М.: Прогресс. – 1994. - 151 с.
4. Айзенк Г. Структура личности. – М.: Ювента. - 1999. – 464 с.
5. Орлов Ю.М. Восхождение к индивидуальности: Кн. для учителя. - М.: Просвещение, 1991. - 287 с.

ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ҰЙЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖҰМЫСЫНА ӘСЕРІ

Алимкулова Ж.Ж., Қасен Г.А.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Эмоционалды интеллект ұйым қызметкерлерінің кәсіби қарым-қатынасын, мотивациясын және өнімділігін айтарлықтай жақсартады. Бұл зерттеу эмоционалды интеллекттің даму жолдары, жұмыс процесіне ықпалы және басқару әдістері арқылы ұйымның тиімділігін арттыру рөлін жан-жақты талдайды.
Түйін сөздер: *Эмоционалды интеллект; ұйым; қызметкерлер; өнімділік; мотивация*

Эмоциональный интеллект существенно улучшает профессиональные отношения, мотивацию и производительность сотрудников организации. Данное исследование анализирует пути развития эмоционального интеллекта, его влияние на рабочие процессы и методы управления для повышения эффективности предприятия.
Ключевые слова: *Эмоциональный интеллект; организация; сотрудники; производительность; мотивация*

Emotional intelligence enhances employee relationships, motivation, and productivity within organizations. This study examines development paths of emotional intelligence, its impact on work processes, and management strategies to improve overall effectiveness.
Keywords: *Emotional intelligence; organization; employees; productivity; motivation*

Кіріспе. Эмоциялар қызметкерлер арасындағы қарым-қатынастың сипаты туралы маңызды ақпарат көзі бола отырып, еңбек ұжымындағы тұлғааралық қарым-қатынаста шешуші рөл атқарады. Оларды дұрыс қабылдау және пайдалану жұмыстың тиімділігі мен байланыс сапасына ықпал етеді. Бұл мақалада эмоционалды сигналдарды неге ескеру қажет, эмоцияларды Елемеу немесе басу кезінде қандай салдарлар туындауы мүмкін, сонымен қатар басшыларда эмоционалды интеллектті дамыту бойынша ұсыныстар қарастырылады.

Әдетте, кез-келген дағдарыстық немесе жанжалды жағдайдан шығу үшін шешім қабылдауға мүмкіндік беретін ұтымдылық пен тыныштықты көрсететін менеджерлер табысты менеджерлер болады. Алайда, ұйымның ішкі процестерінде жұмысшылар арасындағы келіспеушіліктерге әкелетін құбылыстар жиі кездеседі, бұл жұмыс атмосферасына теріс әсер етеді, корпоративті мәдениетті нашарлатады және қызметкерлердің наразылығын тудырады. Мұндай жағдайларда менеджерлерден жанжалды жағдайға талдау жүргізу, жағымсыз эмоциялардың көздерін анықтау, оқиғаларды дамытудың балама нұсқаларын әзірлеу және бұрын жинақталған негативті жою үшін ұжымға жағымды эмоцияларды енгізуге бағытталған түпкілікті шешім қабылдау талап етіледі.

Негізгі бөлім. Бұл мәселенің өзектілігі кәсіпорынның кадрлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және адам ресурстарын іске асыру әлеуетін арттыру құралы ретінде эмоционалды интеллекттің рөлінің артуына байланысты. Көшбасшының эмоционалды интеллектісі кестеде көрсетілген төрт негізгі компоненттен тұрады (1-кесте).

Менеджердің эмоционалды интеллектінің еңбек ұжымының адами әлеуетін пайдалану мен дамытудың тиімділігіне әсерін қарастыратын ғылыми зерттеулер еңбек өнімділігінің төмендеуінің негізгі себептерінің бірі менеджерде жағымсыз эмоциялардың болуы екенін көрсетеді. Бұл эмоциялар қызметтік міндеттерді орындау кезінде еркіндіктің, шығармашылықтың және тәуелсіздіктің көрінуіне кедергі келтіреді.

Менеджердің дамыған эмоционалды интеллектісі командадағы әрбір қызметкердің тұрақты позицияларын қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде ұйым ішінде жанжалды жағдайлардың туындау ықтималдығын азайтады және тиімділік пен еңбек өнімділігінің артуына ықпал етеді.

Менеджердің эмоционалды интеллектінің рөлі команданы құру және дамыту процесінде ерекше байқалады, өйткені қызметкердің болашақ әлеуеті осы процестерге тікелей байланысты.

Егер көшбасшының жағымсыз эмоциялары сақталса, бұл қызметкердің кәсіби қасиеттерінің нашарлауына және оның жұмысқа қанағаттануының төмендеуіне әкелуі мүмкін.

The article is aimed at a theoretical analysis of the current challenges facing self-identification and transformations taking place in society, in relation to changes in the perception of gender, as well as the active transformation of gender roles. The article examines the trends taking place in connection with the expansion of gender boundaries, as well as current views in the scientific community. The main focus is on identifying the impact of ongoing changes on the success of a person's self-identification.

Keywords*: self-identification, gender, globalization, identity.*

Введение

Актуальность проблемы заключается в том, что самоидентификацию личности можно рассматривать как системный предмет, раскрывающий огромное поле взаимодействий, итогом которых оказываются конечный вывод и принятие личностью самой себя.

Современные глобальные изменения, затрагивающие разные аспекты жизни нынешних людей, не обошли стороной и проблему самодинетификации. Если раньше, ввиду относительной табуированности темы гендера, особых вопросов с самоидентификацией не возникало, то на данный момент в связи с глобализацией, с нарастающей трансформацией жизненных ориентиров, этот вопрос остро встает на повестке дня. Стремление к равенству, активная борьба за гендерные права, ведут нас к трансформации и переосознанию гендерных ролей и существующих стереотипов. Общество начало поднимать вопросы о комплексности проблемы прав человека и принятия разнообразия. Статья включает в себя литературный анализ современных вызовов и взглядов на проблему гендера и самоидентификации.

Основная часть

Одной из существенных особенностей человека, отличающей его от других живых существ, является способность к обретению им собственной идентичности. Идентификация человеком себя и презентация себя другим являются важнейшими условиями коммуникации и совместной деятельности людей, однако в гуманитарных науках проблема идентичности начинает детально анализироваться только в середине XX века, когда исследователи обнаруживают, что все большее число людей начинают испытывать затруднения процесса самоидентификации, усиливающиеся в настоящее время.

Идентичность начинает формироваться у человека в раннем детстве на основе синтеза фрагментарных переживаний реальности собственного тела (рот, анус, гениталии, которые выполняют наиболее значимые и заметные для него функции) и его собственного образа, который отличается от него самого. Это, прежде всего, образ в зеркале, который ребенок начинает узнавать достаточно рано, причем в данном случае имеет место двойное отличие – от реальности, образ которой воспроизводится, и от образа, который через синтез воспринимается в качестве воспроизведения реальности, т.е. чего-то отличного от образа (не-реальности).

Одним из первых к исследованию идентификации обращается Э. Эриксон, определявший идентичность как способность ощущать себя обладающим непрерывностью и тождественностью, и поступать соответственно [1, С. 74]. К осознанию значимости этой проблемы он пришел после второй мировой войны, оказывая психотерапевтическую помощь ее участникам – американским солдатам. Чувство идентичности, согласно Э. Эриксону, рождается путем постепенной интеграции всех идентификаций, то есть всех социально значимых моделей, привычек, черт характера, занятий, идеалов реальных или вымышленных людей того или другого пола. Появляющаяся идентичность соединяет мостом стадии ранней взрослости, когда множество социальных ролей становятся доступными. Таким образом, идентичность рассматривается Э. Эриксоном как основа целостности личности, ее непрерывности во времени и способности справляться с внутренними конфликтами. Причем, если изначально кризис идентичности рассматривался данным автором и его последователями как патологическое

состояние дезориентации личности, развивающееся в некоторых случаях у людей, длительное время вынужденных находиться в замкнутом изолированном от других коллективе, то уже в 1968 г. статья Э. Эриксона на тему «Идентичность» появляется в энциклопедии по социальным наукам. Это, безусловно, свидетельствует о том, что смысл данного термина выходит за рамки чисто медицинского и попадает в поле внимания социально-гуманитарных наук [2 С. 61].

В настоящее время проблема идентичности стала предметов внимания социологов, психологов, философов, культурологов [1; 3; 4; 5]. В социологии под идентичностью понимается соотнесение себя индивидом с теми группами и общностями, которые он воспринимает как «свои», по отношению к которым он в наибольшей степени способен почувствовать и сказать «мы» (гендер, семья, религия, этнос, профессия и т.п.) [6].

В философии используется понятие «персональная идентичность», означающее:

1) тождество «Я» (сознания, разума), осознавание личностью единства своего сознания в разное время и в разных местах;

2) сохранение постоянного или продолжающегося единства деятельности (персоны, индивидуального характера) в ходе изменения деятельности или поведения. Это предполагает: а) существование памяти; б) способность идентифицировать себя (свою самость); в) способность никогда не утрачивать знание, что случившееся произошло или происходит именно с тобой [7].

Результатом самоидентификации является личностная идентичность, которая также рассмтривается в различных аспектах, с точки зрения разных наук [8].

В психологии идентичность рассматривается как «чувство самотождественности, собственной истинности, сопричастности миру и другим людям; чувство обретения, адекватности и стабильного владения личностью собственным Я независимо от изменений последнего и ситуации; способность личности к полноценному решению задач, встающих перед ней на каждом этапе развития» [9].

Самоидентификация – это комплексный процесс происходящий в психике, заключающейся в представлении себя определенным образом, которая отображает целоспную структуру личности. Обычно это устойчивый, стабильный образ себя, сохраняющийся внезависимости от внешних обстоятельств и позволяющий проходить различные кризисы со стабильной самоидентичностью [10]. Влияние социального фактора в восприятии себя как человека, обладающий определенными поло-ролевыми характеристиками, зависит от семейного уклада, стиля воспитания, вытекающие из этого положения социальных ожидании. Так что, понятие гендера обозначает принимаемые социумом значения мужественности и женственности, а также то, как идентифицирует себя личность в соответствии своим гендером и полом.

Взаимосвязь гендера с самоидентификацией заключается в ощущении принадлежности личности к определенному гендеру, что в дальнейшем влияет на его установки, поведении в обществе, на самоактуализацию и успешную социализацию. На процесс самоидентификации влияет окружающая среда, в которой выросла личность. Культура, разное выражение феминности и маскулинности, политический строй напрямую влияет на то, как личность будет чувствовать и показывать миру свою индивидуальность. В постсоветских странах, где больше лидируют патриархальные устои, женщины часто идентифицируют себя как хранительницу очага, а мужчины как добытчика, соответственно, качества которые они могут демонстрировать миру, значительно отличаются: если женщина в такой модели привыкла быть уступающей покорной, мягкой, услужливой и заботливой по отношению к семье, то мужчина же наоборот, более приемлемо показывает свои агрессивные черты характера, где нет места «слабостям» в виде слез и т.д.

Современное веяние исследований в области гендера, по мнению Малкиной-Пых, охватывает ряд проблем, которые решает задачи, связанные с восприятием различных событии, опыта и в целом мужчин и женщин как обладателей разных типов способа организации поведения. Также

современные взгляды характеризуются с борьбой против андроцентризма, или же восприятием культурных особенностей народа исключительно с точки зрения мужчины [11].

В настоящие дни, женщины активно участвуют в экономических и трудовых процессах, превышая количество мужчин на тех же самых должностях. В таких развитых странах как: США, Финляндия и Швеция, экономически активные женщины составляли выше 80%. Однако несмотря на это, во всех странах все еще есть стереотипизированное деление профессии на женские и мужские, где есть ощутимый разрыв в оплате труда. По данным, в Соединенных Штатах, где заработная плата медицинского работника гораздо выше, работают гораздо больше мужчин, нежели женщин. Обратную тенденцию можно заметить в России, где количество женщин среди мед. персонала превышает мужчин, работа малооплачиваемая [12].

Процесс идентификации нельзя назвать стабильным, ее нужно рассматривать как динамичный процесс, меняющийся в зависимости от прожитого опыта, политических, культурных воздействии, а также от социального взаимодействия. В современном мире изучение идентичности личности рассматривается разносторонне: по Бергеру и Лукману этот процесс рассматривается как социальное явление, которое создается благодаря типичному той культуре обитания социальным и традиционным нормам [13]. Однако глобализация, сводит влияние культуры и традиции на низкий уровень, что дает схожий взгляд на процесс самоидентификации во всех странах мира.

Соответственно, идентификация личности с половым признаком происходит благодаря стереотипизации в привычном для него кругу общества. С целью уменьшения стереотипов касательно гендерных ролей в обществе, ученые как Шон Берн [14 С. 320] предлагает полностью отказаться от понятия маскулинности и феминности. Спенс и Хельмрих [14 С. 320] предложили заменить данные понятия на инструментальность и экспрессивность, которые обозначают личностные характеристики, обычно приписываемые социальному образу мужчин и женщин. К примеру, конкурентоспособность, желание признания и компетентность, в обществе понимаются как исконно маскулинные, в то время как эмоциональность, эмпатия, заботливость воспринимаются феминными. Это приводит к осуждению и порицанию со стороны общества, если в человеке преобладает стереотипизированные качества характера другого пола, что приводит к чувству вины и нарушенному развитию адекватной самооценки, что в дальнейшем отражается на самоидентичности негативным образом. Ведь используя различные способы реализации внутреннего потенциала, личность укрепляет самодостаточность и развивает свой «образ-Я», пополняя копинг-стратегии, помогающие решать разного типа задачи. В противоположном случае, из-за социального давления, личность будет иметь трудности с самоидентификацией.

Заключение

Таким образом, было выявлено, что гендерные роли в современном обществе активно трансформируются, что значительно влияет на самоидентификацию людей. Эмансипация, уменьшение стигматизации касательно активного самовыражения оказывают сильное воздействие на свободу действии, и мнения современных ученных сходятся в том, чтоб адаптировать общественные стереотипы про феминность и маскулинность под более функциональные подходы. То есть, вызовы, которые должны преодолеть люди перед успешной самоидентификацией, заключается в пересмотре традиционно женских и мужских моделей. Приход к социальному равенству, может гармонично сформировать образы-Я, помогая при этом, раскрыть свои индивидуальные качества, реализуя личностный потенциал, не ощущая сильного давления от общества.

Литература

1. Эриксон Э. Детство и общество. СПб.: Ленато, АСТ, Фонд «Университетская книга», 1996. – 592 с.
2. Erikson E.H. Identity, psychosocial // International Encyclopedia of the Social Sciences. N.Y.: The Macmillan

Company & The Free Press, 1968. Vol. 7. P. 61–65.
3. Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис. М.: Издательская группа «Прогресс», 1996. – 344 с.
4. Липчанская И. В. Самоидентификация человека в культуре: личностный и профессиональный аспекты // Гуманитарий Юга России. 2019. Том 8. № 2. С. 78-92. DOI: https://doi.org/10.23683/2227-8656.2019.2.5
5. Neronov A., Neronova M. Особенности и проблемы идентификации личности в современном мире. Современные исследования социальных проблем. № 14 (3), 2022. С.74-91. DOI: https://doi.org/10.12731/2077-1770-2022-14-3-74-91.
6. Полякова Н.Л. “Идентичность” в современной социологической теории. Вестник Московского университета. Серия 18. Социология и политология. 2016; 22(4). С. 22-42. https://doi.org/10.24290/1029-3736-2016-22-4-22-42
7. Елхова О. И. Формирование личностной идентичности: влияние внутренних и внешних факторов// Кризис идентичности в эпоху глобальных трансформаций: материалы Международной научно-практич. конференции (г. Уфа, 18–20 июня 2024 г.) / отв. ред. Р.Р. Крушанова / Уфимск. ун-т науки и технологий. – Уфа: РИЦ УУНиТ, 2024. – 172 с. С. 24 -27.
8. Жаркынбекова, Ш.К., Исенова, Ф.К. Глобализация и идентичность: современные вызовы и научные перспективы // Совершенствование методики обучения языкам: площадка обмена прогрессивной практикой: материалы VII Международного научно-методического онлайн-семинара (Казань, 20 февраля 2023 г.). – Казань: Изд-во Казан. ун-та, 2023. – С.202- 209.
9. Савина, О.О. Психологический анализ трансформации идентичности личности в подростковом и юношеском возрасте // Вестник Московского университета. Серия 14. Психология, (4), 2011. С. 118-128.
10. Кеидия К.З. Философское понимание самоидентификации в бытийной структуре личности // Вестник ОГУ. 2012. №1 (137). С. 50.
11. Абакумова И. А., Свинарева К. А. Статус современных гендерных исследований // Таврический научный обозреватель. 2015. №5-2. С.11.
12. Лебедева Л. Ф. Гендерные вызовы XXI века // Российское предпринимательство. 2005. №3.
13. Чернова И.Б. Концептуальные основания исследования идентичности // Вестник Адыгейского государственного университета. Серия: Регионоведение: философия, история, социология, юриспруденция, политология, культурология. 2015. №4 (167). С. 29-39
14. Shawn M. Burn. The Social Psychology of Gender. Saint Petersburg: Praim – Evroznak. 2001. – 320 p. (Russ ed.)

БАЛАБАҚШАДАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ДАМЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Шатанова А.О.
«Бота» бөбекжай балабақшасы
Жамбыл облысы, Қазақстан

Дамыта оқыту технологиясы баланы дамытуға себепкер болса, ойын-жаттығулар арқылы баланың білік дағдыларын күнделікті оқыту, тәрбиелеу, іс-әрекетінде қолдана білу мүмкіндіктері қарастырылып, ойнай отырып ойлануға бағыт берілген.
Түйін сөздер: *Технология, дамыту, ойын, балабақша, таным.*

В статье рассмотрены пути развития ребенка в дошкольном возрасте, от технологий развивающего обучения до игровых. Участие ребенка в игре позволяет развивать игровое мышление и социальные роли человека.
Ключевые слова: *Технология, развитие, игра, детский сад, познание.*

The article examines the ways of child development in preschool age, from developmental learning technologies to gaming. The child's participation in the game allows developing gaming thinking and social roles of a person.
Keywords: *Technology, development, play, kindergarten, cognition.*

Кіріспе. Қазіргі кезде республикамыздың егемендігі мен бейбітшілігін сақтауда тұлғаның патриоттық құндылықтарын дамыту арқылы Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға үлкен мән беріліп отырғандығы Қазақстан Республикасы Конституциясында, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында, Қазақстан Республикасы Президентінің республика халқына жолдауларында, Қазақстан Республикасы тарихи сананы қалыптастыру, Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамаларында, «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында», «Бала

құқығы туралы декларацияда» және үкіметтің құжаттарында, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ағымдағы басылым беттерінде айқын аңғарылады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында тәрбие жүйесін жетілдіруге байланысты алдына қойған негізгі мақсаты – «Қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпыадамзаттық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретіндегі сапалық қасиетін қалыптастыру» – деп бүгінгі XXI жаһандану ғасырында ұлттық мәдениет пен өркениетті өзара кіріктіре отырып, жеке тұлға қалыптастыру көзделіп отыр.

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, өзіне өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік азамат етіп тәрбиелеуде балабақшаның алатын орны ерекше. Балабақшада – білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Біздің міндетіміз – жеке баланы дамытып, Отанға деген сенімін нығайту, патриоттық сезімін қалыптастыру, оқуға қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру. Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл-парасатты, ой-өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бұл әр тәрбиешінің шығармашылық ізденіспен жаңаша істеуін қажет етеді[1].

Негізгі бөлім. Балабақшада балалардың танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу мен тәрбие процесін жолға қою керектігі саналады. Баланың шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйренетін іс-шараларды дамыта оқыту сабақтары деп білеміз.

Ерте заманда қазақтың тілінде «патриотизм» деген сөз болмаған. Бұл ұғым Қазан төңкерісінен кейін сөз қорымызға енді. Патриотизмнің негізгі мағынасы әр азаматтың ұлтын, Отанын сүюден туындайды. «Патриотизм» - гректің сөзі. Оның қазақшасы - жерлес, отандас дегенді білдіреді, яғни Отанын, ұлтын сүю, оны жаудан қорғау. Қазақтар ежелден басқа халықтардай Отанын, ұлтын сүйген. Батырларымыз бастаған қазақ халқы Отанын, жерін, ұлтын жаудан қорғаған. Қазақтың ұлтжандылығы, отансүйгіштігі ежелден қалыптасқан. Оған қазақтың мақал-мәтелдері дәлел. Мәселен, туған жер-отан туралы мақалдар-мәтелдер: «Туған жерге туың тік», «Ит тойған жеріне, ер туған жеріне», «Туған жердей жар болмас, Туған елдей ел болмас» т.б. болып кете береді. Мақал-мәтелдердің өзі қазақтың елін, жерін, отанын сүюінің негізі болып табылады.

Бүгінгі жас ұрпақты тәрбиелеу бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Мектепке дейінгі балаларды жан-жақты қалыптастыратын алғашқы баспалдақ балабақша. Ойын-тәрбие берудегі ең тиімді тәсілдердің бірі С.Торайғыров «Ойын балалар үшін танымдықтанда қымбат» дегендей балалардың қызығушылығын ой-өрісін кеңейту, белсенділігін арттыру үшін танымдық ойындар дамыту жаттығуларын жүргізудің маңызы зор. Сондай-ақ баланың психикасының дамуына яғни қай нәрсені болмасын жақсы түсініп, есте сақтай алуына, тілінің дамуына жағдай туғызады.

Балабақшаның жасөспірімдерінің патриоттық сезімін қалыптастыру үшін біріншіден, кез келген тапсырманы сыни көзқараспен ойлатып, шығармашылық деңгейлерін ойын арқылы дамыту керек. Ал, ойын арқылы дамыту үшін дамыта оқыту технологиясы мен ойын технологиясымен жұмыс жүргізген жөн[2].

«Дамыта оқыту деп – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері баланың даму заңдылықтарына сәйкестендірілген оқытуды» атайды. Оқыту арқылы баланың психикасында жаңа құрылымдар пайда болуы, яғни жаңа сапалық өзгерістер болуы тиіс деп есептейді. Сондықтан да жаңа сапаға ие, шығармашыл, қабілетті адамдар тәрбиелеу үшін дамыта оқыту жүйесін ең негізгі басшылыққа алар нысана деп білеміз.

Оқыту барысында баланың ақыл-ойын, қиялын т.б. танымдық үрдістерін дамытып қоймай, баланы әртүрлі әрекеттің субъектісі болып қалыптасуын қамтамасыз етуді алдыңғы қатарға шығарды.

Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Дамыта оқыту үрдісінде оқушы оқу әрекетімен шұғылданып, теориялық ойлауға икемделеді, білімді өзі меңгеруге мүмкіндік алады. Дамыта оқыту сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда танымдық іс-әрекетті ұйымдастырып, оқушының шығармашылығын арттырады.

Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Осыған байланысты Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдовтардың жасаған жүйесі 3 негізгі құраушыдан тұрады.

1. Оқу мақсаттарының қойылуы.
2. Оны шешу жолын бірлесе қарастыруы.
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеуі.

Іс-шара барысында алғыр, пысық балалармен ғана белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек ету ойластырылса, әр баланың кез келген нәрсеге қызығушылығы артады.

Дамыта оқыту ұлы неміс педагогы А.Дистербергтің әйгілі «Неміс мұғалімдерінің білім беру ісіне басшылық» атты еңбегінің де негізі болып табылады. Дамыта оқыту деп ол баланың білім алуға әрекет етуін ұйымдастыратын оқытуды атаған. «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді» - деген. Ал ойлауға үйретететін іс-шараны дамыта оқыту сабақтары деп білеміз.

Білім мен тәрбиенің негізі балабақшадан басталатыны белгілі. Балабақшадағы балалар не нәрсені болса да білуге құмар, қолымен ұстап, көзбен көргенді ұнатады. Зейіндері тұрақсыз болғандықтан бір сарынды оқудан тез жалығады. Сондықтан оқу мазмұны мен тәрбие әдістерін жаңарту бағытында балаларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру үшін жан-жақты іздене отырып, шығармашылық тақырыпта жұмыс жүргізуді ұйғардым.

Шығармашылық тақырыбым: «Балалардың танымдық белсенділіктерін арттыра отырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту». Әр сабағымды қызықты, өзгеше өткізу үшін, әр іс-шараларым бойынша көптеген жұмыстар жасауға тура келді[3].

Танымдық белсенділік дегеніміз – оқушының оқуға, білімге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы: тәрбиешінің баяндап тұрған материалын түсіну үшін, баланың оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейтіп толықтыру үшін, өздігінен кітап оқуы, бақылау, тәжірибе жасау, жазу, сызу сияқты жұмыстар істеуі керек. Өйткені өтілген материалды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес. Яғни балалардың белсенділігі ауызша жұмыстарда, бақылау эксперименттер жүргізу жұмыстарында, бір сөзбен айтқанда, оқу үрдісінің барлық кезеңінде қажет.

Ал, «таным – ойдың білмеуден білуге қарай дәл емес, білуден неғұрлым толық дәл білуге қарай ұмтылатын ой-өрісінің күрделі үрдісі». Танымдық белсенділік көп түрлі тұлғалық қатынастардың қалыптасуымен тығыз байланысты. Танымдық әрекеттің белгілі бір ғылым саласымен таңдаулы қатынасы, танымдық әрекеті, оларға қатысу және қатысушылармен танымдық қарым-қатынасы маңызды келеді. Сонымен бірге, адамның барлық жоғарғы таным процестерінің өзінің даму деңгейінен белсендіруде танымдылық белсенділік тұлғаның шындықты қайта құру әрекеті нәтижесінде ұдайы ізденіске жетелейді.

Баланың жеке тұлғасында танымдық белсенділігінің дамуы төрт-алты жас аралығында қарқынды келеді. Бұл әсіресе баланы логикалық тапсырмаларды белсенді орындауы, жауап кілтін табуға ширақ келуі, білуге деген ұмтылысы танымдық ойындар арқылы оқу әрекетінің

міндеттерін шешуде айқын көрінеді. Оқу үрдісінде оқушының белсенділігі, негізінен екі түрлі сипатта болады: сыртқы және ішкі белсенділік[4].

Сондай-ақ, бала ойын баласы болғандықтан бала ойнау кезінде бір нәрсені қабылдайды, не есіне түсіреді, ойлайды, қиялдайды. Балабақшадағы балаларды оқыту мен тәрбиелеуде олардың таным қабілетін дамыту ерекше орын алары сөзсіз. Балалардың білім алуға, еңбекке, қоршаған ортаға бейімі, адамдар мен қарым-қатынасы, сөздік қорының ойлау қабілетерінің дамуы мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Бала ойында да қоғамдық, ұжымдық сипаталады. Мәселен: кез келген бала ешуақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, ойын арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасайды. Ал мұның өзі оның дамуы үшін ерекше маңызы бар фактор екендігі түсінікті.

Ойын баланың түрлері қасиеттерін дамытатын белсенділікті бір сыдырғы қалыптасатын А.С.Макаренко өте жақсы көрсетті. «Үлкендер өмірі үшін жұмыс, қызмет істеу, әрекет ету, қандай орын алатын болса» - деп жазды. Ол балалар өмірінде ойында үлкен маңызды. Ойын балаларды ортақ мақсатқа ұжым намысын қорғауға, оның табысына ортақтасуға тәрбиелейді. Ұжымдық ойындарда бала жолдастың мәні неде екенін түсіне бастайды. Өзінің басындағы мінез-құлықтың кейбір теріс бітістерінен (тартыншақтық, менмендік, өкпешілдік, қыңырлық) ұялып одан арылғысы келеді. Мәселен: бір бала өзінің ұйымдастырғыштығын байқатса екінші бала табанды, жігерлі екендігін аңғартады, баланың моральдық, эстетикалық сезімдерінің қалыптасуына әсер етеді. Мәселен: орман ішінде ойналған ойын туған өлкесінің табиғатын сүйе білуге, өзен-көлдермен, өсімдіктерінің, жан-жануарларының өміріне қызығушылығын қалыптастырады. Балалның алғашқы ойнайтын ойындары заттық ойын. Балалар ойыншықтарға басқа заттарға қарағандай қарайды. Балалар бір жарым жастан бастап үлкендер көрсеткен әрекеттермен қатар өзі бақылаған әрекеттерді де жасай бастайды. Олар жасанады, таранады, қуыршақты құшақтайды, оны сүйеді – бұл рөлдік ойын. Осы рөлдік ойын арқылы бала тамақ жейді, үстелге таяқшалармен жазу жазады, оқиды. Бір жарым жылдан кейін балалар осы аралықта балалар өзін үлкен адамдарша сезініп, нақты үй адамының әрекетін жасайды. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетінің дамуының негізгі кезеңдері. Мен өз тәжірибемде балалардың танымдық қабілеттерін дамытуда танымның алар орыны туралы айтпақпын. Ойын – таным процессін дамытудың негізі болғандықтан әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде үнемі қолданып отырамын. Мәселен: «Айырмашылығын тап» а) мына екі ақ қалаға қара айырмашылығы неде? Үш бөліктен геометриялық пішіннен құралған ақ қала суреті; мұрны қандай пішін? Қол аяғы, көзі, түймелері қандай пішін екенін ажыратады. ә) Сәуле екінші үстелге не қоюды ұмытып кетті? Бір үстелге заттар түгендеп қойылған яғни құмыра, гүл салғыш, тәрелке, қасық, шанышқы қойылған. Екінші үстелде заттар түгел емес, қандай заттар қойылмай қалды? Қуыршақтың екеуіне де мұқият қарап екінші қуыршақта не пайда болғанын айтып бер. Тапсырманы орындауда баладан бірінші қуыршаққа, содан соң екінші қуыршақ қайталап ету керек. Бала екі қуыршақты салыстырады. Педогог баланың белсенді қабылдауын дамытуда да ойын жаттығулар арқылы байқағыштық қасиетін тәрбиелейді. Мысалы: «Заттарды тап» - деген жаттығу көріп абылдауын дамытады. Яғни тығылып қалған заттарды табу арқылы баланың байқағыштық қабілетін дамытады. «Бірдей гүл салғышты тап» суреттен бірдей гүл салғыштарды тап. Ақыл естің жедел дамитын кезеңі мектепке дейінгі жас баланың есте сақтау қабілетін төмендегідей жаттығулар арқылы дамытудың маңызы зор. Суретке мұқият қара салынған заттардың суретін есіңде сақта. Енді суреттерді жапта қандай сурет көргеніңді ата. Есте сақтау қабілетін арттыратын ойын-жаттығу[5].

Қорытынды. Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты. Осыған орай балабақшадағы оқу үдерісінде балалардың танымдық қызығушылықтарын арттыру, дамыту болашақта білімді өз бетінше жинап алу қабілеттерін дамытуда жетекші рөл атқарады. Оқыту барысында көзделетін білімділік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттерді жүзеге асыруда балалардың танымдық

қызығушылығын дамыту және қалыптастыруда сабақта әртүрлі әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолданудың тиімділігіне көз жеткізуге болады.

Әдебиеттер

1. Бастауыш мектеп журналы – №5, 1998.
2. Бастауыш сыныпта оқыту журналы – №1, 2006.
3. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары – Алматы, – 2000.
4. Қалиақпар Д.К. Оқыту технологияларын топтастыру. Қазақ тілі. – №4, 2007.
5. «Балалар бақшасындағы тәрбие программасына арналған ойындар жинағы» – Алматы мектеп, – 1981.

ӨЗІН-ӨЗІ ДАМЫТАТЫН ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТІСІ БАСЫМ ТҰЛҒА ТӘРБИЕЛЕУ

Мұханов А.М., Сулейменова Г.Б.
Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі
Жамбыл облысы, Қазақстан

Білім берудің мақсаты заман талабына сай қажетті жаңартылған өзгерістер мен ізденістерді қарастырып, оқушылардың функционалдық сауаттығын дамыту. Білім берудің сапасын жақсарту мақсатында сыни тұрғысынан ойлау технологиясын қолданып эмоционалды интеллектісін қалыптастыру.
Түйін сөздер: *Эмоция, интеллект, сыни ойлау, педагогика.*

Целью образования является развитие функциональной грамотности учащихся с учетом актуальных современных изменений и поисков. В статье рассмотрено формирование эмоционального интеллекта с использованием технологии критического мышления для дальнейшего улучшения качества образования.
Ключевые слова: *Эмоции, интеллект, критическое мышление, педагогика.*

The purpose of education is to develop functional literacy of students, taking into account current modern changes and searches. Formation of emotional intelligence using critical thinking technology in order to improve the quality of education.
Keywords: *emotions, intelligence, critical thinking, pedagogy.*

Кіріспе. Қоғамның жаңа типін құру барысында, жаңа құндылықтар жүйесіне бағытталған, білім берудің негізгі мақсаты жоғары шығармашылық мүмкіншілігі бар болашақ маман тұлғасын қалыптастыру болып табылады. Бұл сонымен бірге болашақ жастардың мамандық таңдауында оны дайындаудың проблемасын одан әрі өзекті етеді. Біздің қоғамымызда адамдық қатынастардың жалпы гуманизациясының, жаңа ұрпақтың рухани қалыптасуының, білім берудің түбегейлі жаңаруының бағдарламаларының жүзеге асуы көп жағдайда мұғалім тұлғасымен байланысты болатыны баршамызға мәлім. Соның ішінде педагогикалық іс-әрекетте тұлғалық фактор жетекші болады, өйткені «адам-адам» жүйесінде әсер етудің эффектісі әсер етудің өзіндік мүмкіншілігі бар адамды жетілдірудің деңгейімен анықталады. Қазіргі кездегі мектеп табалдырығында оқыту үрдісі барысында онда үнемі өзін-өзі дамыту қажеттілігі қалыптасқан болса алдына қойылған міндеттерді іске асырады. Сондықтан да, классикалық университеттік білім беру жағдайларында болашақ педагогикалық кадрларының кәсіби өзін-өзі дамытуды қалыптастыру проблемасына ерекше назар аударылады.

Әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге бағытталған білім берудің жаңа жүйесінің қалыптасу процесі білім беру парадигмасының ауысуымен сипатталады: дәстүрлі субъект-объектіліктен гуманистікке, тұлғаға бағытталған субъект-субъекттілікке. Осыған байланысты айтатынымыз, XXI ғасырды білім беру жүйесі білім берудің гуманистік парадигмасы дамуда. Онда маңызды құндылығы болып адамның тұлғасы қарастырылады, яғни оның барлық потенциалды мүмкіншілігін дамыту болып табылады. Осы тұрғысынан қазіргі маманның білім беру

сферасында үздіксіз білім алуға, шығармашылық тұрғысынан өзін-өзі жетілдіруге дайындығын айтамыз.

Сондықтан да болашақ жастардың өзін-өзі дамытуын зерттеу жұмысы адам дамуының негізгі философиялық, психологиялық, педагогикалық теорияларын талдауды айқындайды. Зерттеудің екінші маңызды жағы – белгілі бір методологиялық ұстаным мен тұлғаның өзін-өзі дамытудың зерттеу әдістемесін таңдау. Жастарымыздың өз-өздерін дамытудың проблемасы үш тұрғыдан қарастырылуы керек, оларда оның мағынасы ашылуы тиіс: философиялық, психологиялық, педагогикалық. Философиялық зерттеулерде осы проблема адамды дамыту тұрғысынан қарастырады. Психологиялық зерттеулерде тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамыту тұрғысынан зерттеленеді. Педагогикалық зерттеулерде болашақ маманның кәсіби дамуы тұрғысынан қаралады. Философиялық, психологиялық, педагогикалық зерттеулерде қарастырудың келесі бір негізі – болашақ маман адам ретінде, тұлға ретінде, маман ретінде кәсіби өзін-өзі дамытудың субъектісі ретінде болуы.

Негізгі бөлім. Философияда тұлға әлеуметтік және биологиялық сипаттамалары бар адам ретінде анықталады. Әр адам, тұлға бола тұра, бір жағынан, жеке болады, екінші жағынан – әлеуметтенген болады, яғни әлеуметтік маңызы бар қасиеттерімен сипатталады. Әлеуметтік сипаттамалар маңызды болып анықталуы өмірдегі жетістікті анықтайды. Кез келген адамның әлеуметтік түрі болады. Тұлғаның түрі қоғамның түрімен анықталады.

Психологтар үшін тұлға – психиканың сапасы, ол адамның қоғамда дамуының нәтижесі ретінде анықталады. Тұлға психикалық ұйымдастыру түрлері иерархиясының жоғары ерекше деңгейі ретінде, өмір мен іс-әрекет субъектісі ретінде, қоршаған ортаны және өзін-өзі өзгертетін адам ретінде, индивидтің бір әлеуметтік қасиеті ретінде, әлеуметтік байланыстар мен қатынастарды дамытудың және болмысының жеке формасы ретінде қарастырылады.

Педагогиканы тұлғаның өз қасиеттерінің, процестерінің, жағдайларының, өзінің психикалық мүмкіншіліктерінің реттеушісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Одан басқа, «тұлға» ұғымы басқарудың, өзін-өзі басқарудың, өз қабілеттерін, қажеттіліктерін, сезімдерін реттеудің тұлғалық деңгейі туралы көзқарастарды кіріктіреді[1].

Осыған орай әрі қарай қарастыруды талап ететін негіздемелері ретінде келесі тұжырымдамаларды айтамыз: педагогикалық процестің тұтастығы, адам мәдениеті мен адамгершілігінің қайта жаңаруы ретіндегі тәрбиенің тұтастығы, аксиологиялық көзқарас. Оларды тұлғаға-бағдарлаушылық білім берудің ғылыми негіздерін өндіріп, біріктіреді. Оның мәні – оқушы тұлғасының өзін-өзі дамытуына және әлеуметтенуіне бағытталған, индивидтің тұлғалық қызметтерін дамытуға бағытталған педагогикалық жүйенің бағдарлануында. Біздің көзқарасымыз бойынша, тұлғаға-бағдарлаушылық көзқарасы оқыту процесі барысында әр оқушы тұлғасы дамуы үшін ыңғайлы білім беру ортасын жасауға бағытталған.

Өзін тұлға ретінде қабылдайтын болашақ маман қоршаған адамдарды қабылдауға деген өзіндегі мүмкіншілігін ашады оларды өзіндей көреді және олардың жеке ерекшелігін сыйлайды. Педагогикалық білім берудің негізгі міндеті – оқушыларды өздігінен ойлауға, проблемаларын шешуге, яғни жеке тұлға болып өсуіне қамтамасыз ету үшін өз қасиеттерін қолдануға үйретететін бағытта тәрбиелеу[2].

Тәрбие мен білім егіз демекші, тәрбиені біліммен қатар меңгерту барысында оқушылардың біріншіден, сыни ойлау қабілетін арттыруымыз керек. Сыни ойлау – ашық қоғамның негізі. Сыни ойлау деген – әр жеке тұлғаның кез келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп қорытып, өз ойын еркін ортаға жеткізіп, ойын ортаға салу мүмкіндігі. Сыни тұрғыдан ойлау, өзіндік, жеке ойлау болып табылады. Ол – өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге байланысты өз пікірін айту, оны дәлелдеп алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін тыңдап, дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің түйінін табу дегенді білдіреді. Нағыз сабақ – ол әрқашанда диалог, іздене, дайындала, үйрете-үйрене, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжірбиенің бірлігі.

Сыни ойлау әр адамды табиғатындағы менмендіктен және ортаға тәуелділіктен арылтады: адам басқалармен тиімді қарым-қатынасқа түседі, қоғамдағы беделдердің пікірлерін ақиқат ретінде қабылдамай, оларға күмәнмен қарай бастайды, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін сараптай анықтай біледі. Сыни ойлаушы өзін-өзі шектей біледі, басқалардың пікірлерімен санасып, өз көзқарасын олармен салғастырады, қоғамда кеңінен таралып, көпшіліктің қабылдаған көзқарастарды мойындамай, олардың дәлелдері мен тұжырымдауларын іздестіреді. Алайда бұл күмәндану жоққа шығаруды білдірмейді: осындай әрекеттер арқылы сыни ойлау тұрғысының негізі қалыптасады.

Сыни ойлаудың мәнін «байыбына үңілу», «терең бойлау», «зерделеу», «жан-жақты қарастыру», өзіңе сұрақ қойып, соның жауабын сын тұрғысынан ойлай да, ой қозғай да отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін шығармашылық қабілеттерін дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады[3].

Сыни ойлай алатын оқушының эмоционалды интеллектісі жоғары болады. Олар 4 компонет арқылы дамиды. Яғни өзін-өзі тану, өзін-өзі басқаруы, әлеуметтік ортамен санасуы, қарым-қатынасқа түсу. Аталған э**моционалды интеллектінің компоненттері:**

1. Өзін-өзі тану

Өзін-өзі тану – бұл өз эмоцияларыңызға бейімделу қабілеті. Бұл сіздің сезіміңізді және бұл сезімдер сізге қалай көмектесетінін немесе ренжітетінін түсінуге көмектеседі.

Сізде бұл құзырет бар ма?

- ✓ Сіз өзіңіздің күштеріңіз бен шектеулеріңізді түсінесіз.
- ✓ Құзыретіңізге қарай әрекет етіңіз.
- ✓ Командадағы басқа біреуге қашан сенуге болатынын білесіз.
- ✓ Сізде құндылықтар мен мақсаттар туралы нақты түсінік бар, шешімділік танытыңыз.

2. Өзін-өзі басқару

Өзін-өзі бақылау – деструктивті эмоциялар мен импульстарды басқару қабілеті. Бұл күшті басқарушылық дағды, әсіресе дағдарыс кезінде сұранысқа ие. Адамдарға қолдау керек, ал басшының байсалдылығы олардың сабырлылығының негізіне айналады.

Өзін-өзі басқарудың негізгі құзыреттері қандай?

- ✓ Эмоционалды өзін-өзі бақылау: Сіз қысым кезінде сабырлы боласыз және көңілсіздікті тез жеңесіз. Тапсырманы сәтті орындау үшін сезімдеріңізді теңестіруді біліңіз.
- ✓ Тұрақтылық: өзгерістер мен белгісіздік жағдайында икемділік. Сіз проблемаларды шешудің жаңа жолдарын тез табасыз және көп тапсырманы орындау кезінде жақсы тепе-теңдікке ие боласыз.
- ✓ Нәтижеге бағдарлану: Сіз жақсылыққа ұмтыласыз. Пікірлерді шынайы бағалаңыз және жұмысыңызды жақсарту жолдарын үнемі іздеңіз.
- ✓ Позитивті ойлау: Сіз адамдар мен оқиғалардың жақсы жақтарын көресіз. Бұл құнды құзыреттілік сізге төзімділік береді және инновациялар мен жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

3. Әлеуметтік сана

Әлеуметтік хабардарлық басқа адамдардың эмоцияларын оқуға және түсіндіруге көмектеседі, көбінесе вербалды емес белгілер арқылы. Әлеуметтік саналы көшбасшылар жұмыс істей алады, мұқият тыңдайды және әртүрлі типтегі адамдармен тиімді қарым-қатынас жасай алады.

Сізде қоғамдық сана саласындағы қандай негізгі құзыреттер бар?

- ✓ Эмпатия: Сіз басқа адамға толық көңіл бөлесіз және оның не айтып, не сезініп жатқанын түсінуге уақыт бөлесіз. Сіз әрқашан өзіңізді басқалардың орнына қоюға тырысасыз.
- ✓ Ұйымдастырушылық хабардарлық: Сіз топтағы немесе ұйымдағы эмоционалдық ағымдар мен динамикаларды оңай оқи аласыз. Кейде тіпті сіздің командаңыздағы біреудің

белгілі бір жағдайға қалай әрекет ететінін болжай аласыз. Оқиғаларды стратегиялық тұрғыдан талдаңыз.

4. Қарым-қатынасты басқару

Қарым-қатынасты басқару – бұл басқаларды ынталандыруға және шабыттандыруға және әріптестермен үйлесімді қарым-қатынас орнатуға көмектесетін тұлғааралық дағдылар жиынтығы.

Қарым-қатынасты басқарудың негізгі құзыреттері қандай?

✓ Әсер ету: Сіз басқалардан оңай қолдау таба алатын табиғи көшбасшысыз. Сіз белсенді, жұмылдырылған және тапсырмаларды орындауға дайын топты ұйымдастыра аласыз.

✓ Тәлімгерлік: Сіз кері байланыс пен қолдау көрсету арқылы ұзақ мерзімді оқуға ықпал етесіз. Адамдардың ынталы болуын және өз үміттерін анық білдіруін қамтамасыз ете отырып, нанымды және анық сөйлеңіз.

✓ Қақтығыстарды басқару: Сіз келіспеушіліктерді шешесіз, нәтижелі дауды бастайсыз және жеңу-жеңіс шешімдерін табасыз.

✓ Топтық жұмыс: Сіз қызметкерлермен жақсы қарым-қатынастасыз, жұмысқа белсене қатысасыз, жауапкершіліктер мен марапаттарды бөлісесіз, ұжымыңыздың әлеуетін дамытуға үлес қосасыз.

✓ Көшбасшылық: Сіз басқаларды шабыттандырып, ортақ мақсатқа бағыттайсыз, әрқашан өз жұмысыңызды жасайсыз және командадағы ең жақсы нәрсені көрсетесіз[4].

Мансапта жетістікке жету үшін білім, интеллект және болашақты болжай білу жеткіліксіз. Сарапшылардың пікірінше, бизнес көшбасшыларының ерекшелігі дамыған эмоционалдық интеллект болып табылады.

Қорытынды. Эмоционалды интеллект – адамның эмоцияларды тану, басқа адамдардың және өздерінің ниеттерін, мотивациялары мен тілектерін түсіну дағдылары мен қабілеттерінің жиынтығы, сонымен қатар практикалық мәселелерді шешу үшін өз эмоциялары мен басқа адамдардың эмоцияларын басқару қабілеті.

Мектеп табалдырығында отырған оқушылардың бойынша сыни ойлау қабілетін арттырсақ, эмоционалды интеллектісі дамуы сөзсіз. Эмоционалды интеллектісі дамыған тұлғаның болашағы жарқын, жанашыр, еңбекқор, адамгершілігі мол, кішіпейіл, функционалды сауаттылығы басым тұлға қалыптасады.

Әдебиеттер

1. Жинақ «Жасампаз халық жыршысы» атты конференция. – Тараз, 20216 ж.
2. Меңжанова З.А. «Тәлім-тәрбие жұмысын ұйымдастыру» – Алматы, 2003 ж.
3. Қожахметова Қ.Ж. «Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері» – Алматы, 1993 ж.
4. Големан Д. «Психолог» кітап. 2020 ж.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТҰЛҒА БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГТЕРДІҢ РӨЛІ

Әбдрәшім Ә.Б., Бейсенбаева А.Е.
Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі
Жамбыл облысы, Қазақстан

Білім саласында оқушыларға білім мен тәрбие қатар меңгерілсе, психологиялық көмекте үлкен рөл атқарады. Психология – оқушының тұлға болып қалыптасуына септігі мол. Сонымен қатар психологиялық трениенгтер оқушылардың сана-сезімін, ой-өрісін, сыни ойлау қабілетін дамытады.
Түйін сөздер: *Тренинг, психология, формация, философия.*

Психологическая помощь студентам играет важную роль в сфере образования, когда знания и воспитание осваиваются параллельно. Психология – способствует формированию личности студента. Кроме того, психологические тренинги развивают у студентов сознание, мышление и критичность.
Ключевые слова: *Обучение, психология, становление, философия.*

Psychological assistance to students plays an important role in the field of education, when knowledge and upbringing are mastered in parallel. Psychology – қцcontributes to the formation of a student's personality. In addition, psychological trainings develop students' consciousness, thinking, and critical thinking.
Keywords: *Training, psychology, formation, philosophy.*

Кіріспе. Білім беру жүйесі – сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші рөл атқарады, сондай-ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі[1].

Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация педагогы – рефлекцияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құзыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Осындай жаңашыл педагогтан функционалды сауаттылығы басым тұлға қалыптасуда. Жаңашыл педагог тек қана біліммен ғана қаруландырып қоймай, сонымен қатар тәрбиені де ұштастырып келуде. Ал тәрбие оқушының санасын, адамгершілігін, Отанға деген

сүйіспеншілігін, ортаға деген сыйластығын, өзін-өзі тануын және функционалды сауаттылығын қалыптастырады.

Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық-коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық-дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Негізгі бөлім. Білім мен тәрбие егіз болса, сол тәрбие мен білімнің бастар бұлағы – психология. Психология – адамның жандүниесін танитын ғылым. Психология түрлі зерттеулерден (констатациялық зерттеулер) тұрады. Ал сол зерттеулерді оңтайлы нәтижеге әкелетін түрлі тренингтер[2].

Тренинг – білімді дамыту немесе адамды оқытуда жоспарланған жағдайға жүйелі күш салу арқылы орындау. Жұмыс жағдайында тренинг адамның бір немесе бірнеше әрекет түрлерін нәтижелі орындауынан білім мен дағдыны меңгеру мүмкіншілігіне бағытталады. Тренингтік жаттығулар кейбір жағдайларда тұлғалық өзгеруге түрткі қызметін атқарады. Өзіндік сана тұлғаның даму процесін жанама түрде және мазмұндау арқылы қарым-қатынас үйлесімділігін орнатып және қарым-қатынастағы қиындықтардың себебін ұғыну динамикасына ықпал жасайды. Тренинг барысында мынандай жағдайларға да дайын болуы тиіс, олар: ыза, қатты дауыс, дөрекілік, өзімшілдік, қатыспаушылық, қажетсіз күлкі, ынтасыздық, шыдамсыздық немесе «сөзге керісу», қажетсіз сөзге араласу; тыныштық, селсоқтық; қылжақтық және т.б.

Педагог, жаттықтырушы, ұйымдастырушы немесе жүргізуші мына төмендегі мақсаттарды негіз етіп алуы жүктелінеді:

- ✓ жеке тұлғаны дамыту;
- ✓ қатысушылардың әлеуметтік-психологиялық компетентілігін, білімін көтеру;
- ✓ қатысушылардың белсенді әлеуметтік позициясын көтеру, қалыптастыру;
- ✓ өзінің және қоршаған адамдардың өмірінде маңызды өзгерістер жасау мүмкіндіктерін дамыту;
- ✓ өзін-өзі және басқаларды толық тану;
- ✓ жеке тұлға құндылықтарын ашу, білімдерін көтеру, бәсекелестікті жоюға әсер ету. Зерттеу жұмысының нәтижелілігі тренингке қатысқаннан кейін тұлғалардың қарым-қатынас барысында өздерін ұстауы, жүріс-тұрысының өзгергендігін, сөйлеу мәнері мен мәдениетінің жоғарылағандығын аңғартады.

Психологиялық тренингті ұйымдастыру ерекшеліктері туралы тоқталып өтейік. Кез келген практик психолог немесе педагог өз қызмет жолында психологиялық тренингтерді өткізуге міндетті. Бұл тренингтер әр түрлі тақырыптарды қамтиды. Психологиялық тренинг қалай ұйымдастырылады және жүргізілу барысы туралы сөз алдында, «тренинг» ұғымын толық ашып алу қажет. Тренингтің үйрену, білім беру және дамыту ұғымдарына сәйкестігін анықтау.

Үйрену – зерттеу немесе нұсқаушының білім, дағды және тәжірибе жинау үрдісі. Білім беру немесе оқыту тар көлемді әрекеттегі мәселені талдап, кең мағынада шешуде білім және құндылықтарды жүйелі меңгеру үрдісі. Дамыту – жеке адамда саналы және бейсаналы үйрену мүмкіндіктерін кеңейту және икемдіктерінің өсуі.

Психологиялық тренингтің ең маңызды мәселесі – өзінің жек даралық қасиеттері арқылы тұлғаның өзін-өзі ашуына көмек береді. Ал, ол үшін ең бастапқы жағдайда адам өзін жеке тұлға ретінде қабылдап және түсіне білуге үйренуі қажет. Тренингтердің жағымды нәтижелі болуына жаттықтырушыға бірнеше талаптар қойылады:

- ✓ қоршаған жағдай туралы мағлұмат;
- ✓ қатысушылар саны қаншалықты үлкен;

- ✓ бөлме көлемі қандай;
- ✓ бөлме жаңғырығы, акустикасы қатысушыларға түгелдей естіледі ме;
- ✓ жаттығудың негізгі құрылымы қандай;
- ✓ қандай оқу құралдары қолданылмайды;
- ✓ жаттықтырушы бөлменің қай бұрышында тұрады;
- ✓ плакат, тезис, резюмелер қолданылады ма;
- ✓ орындықтар қалай орналасқан;
- ✓ бөлмеде сағат бөлу қажет пе.

Психологтың қолайлы нәтиже алу мен ықпал ету қабілетін орнату үшін жүргізілетін тренингтің жалпы мақсаты төмендегі міндеттерді шешеді:

- ✓ білімдерді толық меңгеру;
- ✓ жаңаны үйрену мен тапсырманы орындау барысында және топтық қарым-қатынас өрісінде ептілік пен дағдыны қалыптастыру;
- ✓ табысты бірлескен іс-әрекет орнатуды дамыту;
- ✓ өзін-өзі және басқа адамдарды танудың толық және тепе-теңдік мүмкіндіктерін дамыту.

Әрбір бөлімнің құрылымында біз материалды зерттейтін ортақ игеру логикасын және тұлғалардың өзіндік бақылауы мен бағалауын қалыптастыруда төменгі аспектілері жүзеге асырылды:

- ✓ Мен қандаймын?
- ✓ Мен не істей аламын және осыны қалай қолдану керек?
- ✓ Менде жоқ қасиеттерді мен қалай дамытуым және икемдеуін керек?

Әрбір сабақтың құрылымында біз жұмыстың негізгі кезеңдерін ерекшелейміз. Яғни, оқушылармен түзетіп-дамытатын формалардың дәстүрлі түрлері:

- ✓ Сәлем беру рәсімі;
- ✓ Жаттығу тапсырмалары;
- ✓ Үй жұмысы, өткен сабақтың рефлекциясы;
- ✓ Тапсырманың негізгі құрылымы
- ✓ Өткен сабақтың рефлекциясы
- ✓ Қоштасу рәсімі

Бұл жастағы тұлғалармен осы тектес жұмыстар аптасына 1-2 рет өтеді. Тренинг ұзақтығы – 1 сағаттан 3 сағатқа дейін.

Оқушылармен жүргізілетін дамыту-түзету жұмыстарының құрылымында келесі бөлімдер ерекшеленеді:

Кіріспе бөлімі. Оның басты мақсаты оқушылардың тапсырмалармен жұмыс түрімен, топтың бірігуіммен, ондағы жағымды атмосферамен, жеке анализдың алғашқы түрін қалыптастыру және өзін-өзі оқу барысында субъект ретінде тануын қалыптастыру.

«Танымдық үрдісі» бөлімі. Оның мақсаты есте сақтау, зейін, ойлау, қабылдау процестерінің ерекшеліктерін дамыту. Сонымен психологиялық тапсырмалар арқылы осы танымдық белсенділіктің дамуына, шығармашылық қабілеттің қалыптасуына ықпал ету түрлерін анықтауға көмектеседі.

«Назар аудару» бөлімі. Бұл бөлімде қатысушылардың назарын ортақ мәселені бірге шешуге, бірін бірі қабылдау мен тыңдау ерекшеліктерін қалыптастыруға бағыттайтын түрді игеру.

«Нейропсихологиялық ерекшеліктер» бөлімі мидың доминанттық бөлімімен тығыз байланыстың танымдық аспектілері қарастырылады.

Білім беру орындарындағы оқыту ісінде теориялық даярлық, қоғамдық, педагогикалық және арнайы ғылымдардағы меңгеру психолог мамандарының қызметімен үйлестіре жүргізіледі, ал оны ұйымдастырудың негізгі формасы – тренинг екені дәлел. Тұлғаның жаңа ортаға енуі, құрбыларымен дұрыс қарым-қатынас жасай алуы дұрыс ұйымдастырылған топтық жұмыстарға байланысты[3].

Тренинг мақсаты – адамды нақты тапсырманы орындауға қажетті білім, шеберлік және бағытпен қамтамасыз ету. Тренингте өзгеріс, нәтиже бірден көрінеді. Осы міндеттерді шешу кезінде ұйымдастырылатын тренинг теңдігі түрлері де ерекшеленеді. Рөлдік тренинг, видеотренинг, қарым-қатынас тренингі, іскерлік қарым-қатынас тренингі, мәдениетаралық өзара әрекет және т.б. Тренингтер белгілі бір ортадағы мәселелер мен қиындықтарды түзету, өзін-өзі шығармашылық тұрғыда дамытуға, тұлғаның әлеуметтік ортада өзіндік реттелуіне мүмкіндік болатын қажетті жағдайды туғызуға көмектеседі. Треиг принципіне жататындар:

1. Белсенділік принципі.
2. Зерттеу және шығармашылық қатынасындағы принцип.
3. Мінез құлық обьективтілік принципі.
4. Қарым-қатынаста субьект, субьектілік принципі.
5. Шындық принципі.
6. Қазір, осы жерде принципі.

Тренинг барысында жеке бастың дамуы туралы мәселелер нәтижелі шешіледі және коммуникативті дағдылар жемісті қалыптастырылады. Сабақ, оқу процесінде ұйымдастырылған әлеуметтік-психологиялық тренингтер оқушылардың қарым-қатынастары жақсарады, өздерін белсенді қатысушы және басқаларға әсер етуші жағдайда сезінеді, топтың толық сеніміне кіреді. Әр бір бастаған іс-әрекеттінің толық аяқталуын қадағалайды. Ең бастысы – басқаларға өзінің ойы мен сезімін, уайымы мен күдіктенуін сенуге қорықпайды. Кейбір тренингтерді арнайы жоспарланған адамдарға ғана емес, отбасы мүшелеріне, достары және жолдастарға да жүргізуге болады. Тренинг арқылы жақын адамдардың адамдық қасиеттерін ашып, бағалауға көмек беріледі, сөйлеу мәдениетін, тұлғаның қоғамда өзін ұстау іскерлігін және әдептілік ережелерін сақтауды енгізеді[4].

Әлеуметтік психологиялық тренинг арнайы ұйымдастырылған қарым-қатынас формасы. Тренингтің бұл түрін тек психология маманының қызметкерлері ғана емес арнайы психологиялық білімі жоқ мұғалімдер де сабақ беру барысында қолдана алады. Оқу және тәрбие жұмысына жағымды өзгерістер енгізуге, оқу процесін белсендіруге тренингтердің ықпалы жоғары. А.С.Прутченков «Мектептегі әлеуметтік – психологиялық тренинг» еңбегінде, дұрыс ұйымдастырылған тренингтің оқушыларға жағымды әсері, ұйымдастырушының шеберлігі, педагогикалық қақтығысты реттеуші құрал екендігін атап көрсеткен.

Кез келген тұлғаның жаңа ортаға бейімделуі, құрбылар арасында үйлесімді қарым-қатынас орнатуы, өзін дұрыс таныстыра білуі және т.б. жағдайлары кейде айналасындағылар тарапынан ұйымдастырылған әрекеттерге да байланысты әсер етеді.

Қорытынды. Осыдан тренинг нәтижесінде бірлескен іс-әрекет қарым-қатынас қабілетін арттырып қана қоймай, сонымен қатар тұлғаның дамуы мен өзгеруіне тікелей ықпал етеді. Сонымен танымдық белсенділік адамның өмірлік іс-әрекетінің, әсіресе білім, ғылым, өнер салаларында бөлінбейтін біртұтас бөлшегі. Топта үйлесімді қарым-қатынас орнауы үшін адамның, оқушының іс-әркетін сапалы ұйымдастыру, ақпаратты жүйелеу, оны қабылдауға жағдай жасай отырып, бағыт, бағдар беру болып табылады. Оның дәлелі ретінде психологиялық тренингтер жүргізу арқылы тұлғаның танымдық белсенділігін дамытуға тиімді қол жеткізуге болады.

Әдебиеттер

1. Айғабылов Н. Бала мінезінің қалыптасуы және оны тәрбиелеу жолдары. – Алматы, 1972.
2. Анциферова Л.Н. Психология формирования и развития личности. – М., 1981.
3. Абрамова Г.С. Практическая психология. – М., 2001.
4. Прутченков А.С. Мектептегі әлеуметтік – психологиялық тренинг – М., 2014.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУ – ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ҚҰРАЛЫ

Абдыманова Г.Ж.
Тұрар Рысқұлов атындағы мектеп-лицейі
Жамбыл облысы, Қазақстан

Шетел тілін үйрету қиын да, қызық та жұмыс. Қазіргі кезде ұстаздарға қойылып отырған талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып сапалы білім беру, оқушылардың сыни ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін жетілдіріп, функционалдық сауаттылығын дамыту.
Түйін сөздер: *ағылшын, сауаттылық,* PIRLS, *PISA, TIMSS, IELTS.*

Изучить иностранный язык - трудная и увлекательная деятельность. В статье раскрыты современные методические требования к учителям иностранного языка: обепечение высокого уровня качественного образования с применением новых технологических методов, совершенствование критического мышления, памяти, зрения учащихся, развитие функциональной грамотности.
Ключевые слова: *английский язык, грамотность, PIRLS, PISA, TIMSS, IELTS.*

Learning a foreign language is a difficult and exciting job. The requirements for teachers at the present time are high-quality education using new technological methods, improving critical thinking, memory, vision of students, and the development of functional literacy.
Keywords. *English, Literacy, PIRLS, PISA, TIMSS, IELTS.*

XXI ғасырдағы әлемдік білім стандарттары адам капиталының маңызды факторға айналғаннан бастап, жүйелі түрде халықаралық ғылыми байқаулардың назарында. Әр секунд сайын өршіген ақпараттар ағымдағы қажетті ақпараттан, қажетті дүниені пайдаға асыру күрделеніп бара жатқаны, білімді тиімді әрі жылдам алуды басты мақсаты ұстап отыр. Күні кеше «Функционалдық сауаттылық» ұғымы еліміздің білім жүйесінде жаңа көкжиектерге жол ашты. Жалпы бүгінгі таңда барлық елдер бірінші орынға білім беру сапасын қояды. Оның өлшемі тек сауаттылық деңгейімен (жазу, оқу, есептеу) өлшенбейді, оның критерийі – функционалдық сауаттылық. Жалпы «Функционалдық сауаттылық» ұғымы өткен ғасырдың 60-жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен қолданысқа енді. Функционалдық сауаттылық – білім берудің жеке тұлғаны қалыптастырудағы әлеуметтік бағдарлануы. Қазіргі тез өзгермелі әлемге функционалдық сауаттылық – оқушының әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор.

Ресми дерек бойынша, мектеп жасындағы балалардың 40 пайызы әдеби мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген. Бұлар мектептен білім алса да, қызмет жасауға келгенде қарапайым жазу үлгісін білмейтіндігін көрсеткен. Тіпті олар әртүрлі жағдайда кездескен бланкіні толтыра алмай, ондағы ақпараттың мәнісін түсіне алмапты. Бір қызығы, олар теледидарда не айтылып жатқанын, жалпы айтқанда, күнделікті өмірдің есебін білмейтін болып шыққан. Соның салдарынан жұмыссыздық, өндірістегі апат, жазатайым оқиғалар, жарақат алулар көбейіп кеткен. Жалпы, барлық зерттеушілердің болжамы бойынша адамдардың сауатсыздық деңгейінің төмендеуі, оларға дұрыс білім беріп, тиянақты оқытпаудан, оқырман болуға үйретпеуден болған көрінеді. Сақтанбау, ұқыпсыздық, байқаусыздық, апаттар: мұның бәрі ережені дұрыс оқымағандықтан, түсінбегендіктен, санаға сіңірмегендіктен орын алып отыр. Ал осындай келеңсіз жағдайлардың салдарынан болашақ ұрпақ әлемдік аренада өз орындарын табуы екіталай[1].

Аталған келеңсіз жағдайлардың орнын толтыру үшін мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау міндеті қойылды. Осы міндетті жүзеге асыру барысында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөнінде ұлттық іс-қимыл жоспардың мақсат, міндеті нақтыланып жасалып, оқу ағарту

саласында да жаңа, тың ақпараттармен бөлісіп, инновациялық технологиялармен білім беру барысында мектеп мұғалімдері келеңсіз жағдайды болдырмау мақсатында көптеген жұмыстар атқарып келеді. Соның бірі оқу сауаттылығы.

«Оқу сауаттылығы» термині кең мағынада қарапайым оқу біліктілігі емес, мәліметтерді айқындай білу қабілетімен анықталуда. Мектеп жасындағы балалардың тек оқу техникасын меңгеруі қазіргі таңда қабілеттілік болып есептелмейді. Оқу сауаттылығы туралы түсінік мектеп бітірушінің әртүрлі форматтарда берілген мәтіндерді түсіне білуі, олардың мәні мен мазмұнын түсініп тұжырымдауы және білім алушылардың мектептен тыс уақыттарда және әртүрлі өмірлік жағдаяттарды шешуде оқығанын қолдана білу іс-әрекеттеріндегі қызметтерін бағалауға негізделген.

Оқушыны ағылшын тілі пәніне қызығушылығын тудырып дамытуды және жемістің нәтижесін көруді мақсат тұтқан әрбір мұғалім аянбай еңбетуі керек. Шетел тілін үйрету қиын да, қызықты жұмыс. Қазіргі кезде ұстаздарға қойылып отырған талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып сапалы терең білім беру, оқушылардың ойлау, есте сақтау көру қабілеттерін жетілдіру. Мектептерде жаңа технологиялар арқылы оқыту шет тілін үйренудің сапасы мен маңызын арттырады. Шет тілін оқыту процесінде тілді дұрыс үйрету ауызша сөйлеу, сауатты жазу, мәнерлеп оқыту өте маңызды. Қазіргі кезеңде мектептерде ағылшын тілін оқыту дұрыс жолға қойылған. Оқушылардың ағылшын тілін біліп ғана қоймай, оның тарихын, ұлттық мәдениетін білуге яғни оқу сауатылығына да көп көңіл бөлінеді. Шетел тілін оқытудағы білімділік мақсаты – шетел тілінде сөйлеуді үйрету, байланыста бола алу мен ортақ тіл табысып, қарым-қатынасты нығайтуға ұмтылу болса, тәрбиелік мақсаты – өзге адамдарды тыңдау мәдениетін қалыптастыру негізінде өз пікірін айта алу және қорғауға үйрету.

Мектеп мұғалімдері оқушылардың оқу сауаттылығының қалыптасуына барынша мүмкіндік туғызу үшін заманауи оқу қызметінің формасын, әдіс-тәсілдерін тауып қолдануда. Оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу шеберлігінің негізін салу яғни, ақпарат дерекнамасын білу, қызықтырған сұрақтарға жауап іздей алу, таңдалып алынған мәліметтерді сауатты көркемдей алуын көздейді. Оқушыларға берілген материалдар білім алу мен әртүрлі ақпарат дерекнамасымен жұмыс істеуін, ақпаратты дұрыс қабылдап, оның сапасын бағалауға және жасырын мағынасын түсініп, үйренуге көмектеседі. Оқушының оқу сауаттылығына байланысты дағдысын қалыптастыру, тәрбиелік іс-шаралар және қосымша білім беру сияқты оқу компоненттерінің тығыз байланысы кезінде жоғары жетістіктерге жету жолдарын көрсетеді.

Қазақстанның халықаралық салыстырмалы зерттеулерге қатысуы оқу сауаттылығының даму деңгейін анықтауға септігін тигізеді. Зерттеуге қолданылатын құралдар әлемнің тәжірибелі сарапшыларымен педагогикалық өлшемдердегі бірегей технологияларды қолдана отырып жасалған. Мәтіндегі қажетті мәліметті табу біліктілігін анықтау үшін оқушы назарын мәліметке сұрақ қою арқылы аудару қажет, ол үшін мәтінге көз жүгіртіп, оның негізгі элементтерін анықтап, қажетті мәліметті табу талап етіледі. Білім алушының оқу сауаттылығының деңгейін анықтау тестілеуде жеткен жетістігіне негізделеді. Қандай түрде мәтінмен берілген материалдармен жұмыс жүргізу оқушыларды дайындауда халықаралық зерттеулер кезінде септігін тиеді[2].

Қазіргі білім беру саласында зерттеулердің түрлері баршылық. Олар: PIRLS, PISA, TIMSS, IELTS.

Ұлттық жоспарда мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін төмендегідей кешенді жоспар жасалды. Олар: мазмұндық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық іс-шаралар кешені. Бұл кешен Қазақстан Республикасындағы білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту барысында жасалатын іс-шаралардың мақсаттылығын, біртұтастығын және жүйелілігін негізге ала отырып дайындалған.

Жылжыған жылдардың қорытынды ұлттық жоспардың алғашқы қарлығаштары бүгінде түрлі ғылыми-зияткерлік олимпиядалардың жүлдегерлері. Ұлттық іс-қимыл жоспарына сәйкес 2015 жылғы Оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ) рәсімі аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығы бағаланып келеді. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын тексеруге арналған тапсырмалар алғаш рет 2014 жылы ОЖСБ-ның тест тапсырмаларына енгізілді. Әйтседе, жоғарыда аталған халықаралық зерттеулерде Қазақстандық мектеп оқушыларының қатысу нәтижесі функционалдық сауаттылықты жеткіліксіз деңгейде қалыптастыру екенін көрсетіп отыр.

Қазақстандықтар әлемдік аренаға шығу үшін оқу сауаттылығымен қатар ағылшын тілін жетік меңгеруі тиіс. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері жүргізіліп келе жатқан мемлекеттік саясаттың ең маңызды бағыттарының бірі – тілдерді дамыту. Тіл проблемаларын оңтайлы шешу, ұлтаралық қатынастар үйлесімділігінің, халықтар бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтудың түпқазығы болып табылады.

Президентіміз Қ.Тоқаев тіл мәселесіне де айырықша көңіл бөліп келеді. «Қазақ тілін оқытуға әрдайым басымдылық беріледі, ағылшын тілінің қажеттілігі бұл әлемдік үрдіс, айқын қажеттілік, ал орыс тілін тамаша білу - бұл байлығымыз, оны жоғалту еш ақылға сыймайды. Егер біз қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік білетін болсақ, өзіміз үшін бұл орасан артықшылық болар еді» - деп, атап көрсеткен болатын[3].

Осыған сәйкес тілдерді оқытуды Тұрар Рысқұлов мектеп-лицейінде де шет тілін ерте жастан оқыту жолға қойылған. Ол үшін «Ағылшын тілі» таңдау пәнінің бағдарламасын жасап, бастауыш сыныптарға 2003-2004 оқу жылынан бастап енгізілді. Осы жылдардан бастап, аталған бағдарлама бойынша оқушыларға бүгінгі күн талабына сай ағылшын тілін үйренудің алғашқы басқыштарынан өткізіп, оқытудың басты негіздерін қалап келемін.

Ерте жастан «Ағылшын тілі» пәнін оқытудың ерекшелігі балалардың өзге тілдерді игеруге қабілетінің басым болатындығын ескере отырып, 3-4 сыныптар арасында бірнеше оқушыларға тілдік материалдарды меңгертудемін. Ол оқушылар қазақ, орыс тілдерімен қатар ағылшын тілінде де сөздерді фонологиялық талдау жасауға машықтанды.

Заман талабына сай, көпшілік сұранысына орай және де оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыру мақсатында мектеп оқушыларына арнап ағылшын тілі пәнінен қосымша білім берудемін. Сонымен қатар, өзім сабақ беретін сыныптарда әр алуан тақырыптарда ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар, конкурстар ұйымдастырып, өткізіп келемін.

«Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын кезеңдеп іске асырудамын. «Қазақстанда бүкіл әлемге халқы үш тілде қолданатын жоғары білімді ел ретінде танылуы тиіс. Олар: қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» - деп атап көрсеткендей, «Үш тілдің тұғырлығын» берік ұстап оқушы санасына меңгертудемін.

«Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасының түпкі негізі, көздеген мақсаты – қазақ тілінің халықаралық қолданыстағы орыс және ағылшын тілдерімен терезесін теңестіру, оны әлемдік деңгейге көрсету, жаһан тілдерімен тең қолданылатын биікке көтеру. Жобаның қолға алынып орындалуы, іс-жүзінде жүзеге асуы біздің қоғам үшін, оның алға қарай серпінді түрде ілгерілеуі үшін маңызы ерекше болып отыр. Ал, оқу сауаттылығы мен қатар ағылшын тілінің грамматикасын да меңгертуіміз керек[4].

Тілді меңгеруде ең маңыздысы – лексика. Басқа білім салаларының ішінде лексиканың бірінші орын алу себебі мынада кейбір сөйлеушінің сөзінде граматикалық қателер кездескенімен адамдар арасында қатынас болуы мүмкін. Айтушының не айтқысы келгенін тыңдаушы түсінеді. Лексиканы меңгеру үшін түрлі әдіс-тәсілдер пайдаланылады. Нақты мағыналы сөздерді суреттер, зат, макет арқылы түсіндірген жөн. Абстрактілі мағыналы сөзді түсіндіру үшін аударманы қолдану және тіл көрнекілігі арқылы түсіндіру қажет. Ал тіл

көрнекілігі дегеніміз – сөздің мағынасын контекст арқылы, синонимдер мен антонимдер, сөздің құрамдас бөліктерін талдау арқылы түсіндіру. Контексттерде грамматикалық құрылым, ондағы жаңа сөзбен басқа сөздердің барлығы оқушыларға бұрыннан таныс болуы қажет. Сонда оқушының назары жаңа сөздерге аударылады.

Яғни граматикалық материалды түсіндіруде қазақша мысал келтіріп, берілген мысалды ағылшынға аударып, екі тілдегі ұқсастық пен айырмашылықтарға тоқталамын. Содан кейін ағылшын тілінде жасалу жолын ерекшелігін түсіндіріп өтетін граматикалық материалды бекіту үшін, практикалық жаттығулар көп жасалу керек, мүмкін болса, көбіне оқушылардың өз өміріне байланысты мысалдар келтірген жөн. Оқушыларды міндетті түрде сұрақ қоюға, сұраққа жауап беруге үйрету керек, бірақ ол жаттанды түрде болмауы тиіс.

Ұстаз шеберлігінің өзегі – тіл байлығымызды дәлірек айтсақ, ойды жүйелеуге қажет сөздік қорының деңгейімен және сөйлеу мәдениетіміз бен сабақтас екендігін байқар едік. Ол үшін ұстаз біріншіден, өзі еркін білетін тілде дәріс беру шарт. Екінші шарт - шәкірт түсінікті тілде сабақ алуы қажет. Демек түсінікті тілде білім беру кәсіби біліктілікті қалыптастырудың қағидалық аксиомасы екендігін әр кез басшылыққа алуға тиістіміз[5].

Оқушылардың ағылшын тілі пәні арқылы оқу сауаттылығын, шығармашылығын, іздемпаздығын қалыптастыруда сыныптан тыс, жеке ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруда шығармашылық жобалар, пәндік үйірмелер мен факультативтік сабақтардың маңызы зор. Барлық жұмыстарда оқушылардың қалауы, таңдауы мен ұсыныстарын ескеру қажет. Оқушылардың танымдық іздемпаздығы мен белсенділігін, шығармашылық бағыттылығына негізделген жұмыс түрлерін пайдалану – олардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандырып функционалды сауаттылығын арттырады. Сондай-ақ мектептегі түрлі іс-шаралар мен шығармашылық кештер оқушылардың ізденіс қабілетін ұштап, дербес оң нәтижеге жетуге ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан мектебі, №3 және №10 2002.
2. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Оқу сауаттылығын бағалау бойынша PIRLS критерийлерін пайдалана отырып тілдік пәндерден білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау» - Астана, 2023.
3. Әбілқасымова, С.Ш. «Функционалдық сауаттылық: Оқушыларды өмірге дайындау» – Астана: Қарасай, 2017.
4. Ағылшын тілі мектепте 2010 ж., №1 және 2009.
5. Сарсенбаева Д. «Оқушылардың ғылыми-шығармашылық, зерттеушілік ізденісін қалыптастыру». «Бастауыш мектеп» №12, 2011.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ АГРЕССИЯЛЫҚ МІНЕЗ – ҚҰЛҚЫН ТҮЗЕТУ

Мырзахан Ж., Борбасова Г.Н.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Казахстан

Бұл мақалада жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын теориялық тұрғыдан талдау мәселесі қарастырылған. Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын диагностикалау, алдын алу және түзету психологияның өзекті мәселелерінің бірі. Сонымен қатар ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған агрессияның психологиялық негіздері, оның жас ерекшеліктеріне байланысты көрініу формалары мен даму факторларына да толығымен тоқталып өттік. Агрессияның биологиялық, әлеуметтік және тұлғалық аспектілері қарастырылып, олардың өзара байланысы теориялық тұрғыдан негізделеді. Агрессияны түзетуге бағытталған теориялық модельдер мен әдіснамалық тәсілдерде толығымен сараптаалып,ұсыныстар берілді.

Түйін сөздер: *агрессия**,** агрессивті мінез-құлық, жасөспірімдер, психологиялық факторлар, әлеуметтік әсер, түзету модельдері.*

В статье рассмотрен вопрос теоретического анализа агрессивного поведения подростков. Диагностика, профилактика и коррекция агрессивного поведения подростков - одна из актуальных проблем психологии. Мы также остановились на психологических основах агрессии, рассматриваемых в исследованиях ученых, формах ее проявления и факторах развития, связанных с возрастом. Рассматриваются биологические, социальные и личностные аспекты агрессии, теоретически обосновывается их взаимосвязь. Полностью проанализированы и даны рекомендации по теоретическим моделям и методологическим подходам,направленным на коррекцию агрессии.

Ключевые слова: *агрессия, агрессивное поведение, подростки, психологические факторы, социальное воздействие, коррекционные модели.*

This article discusses the theoretical analysis of aggressive behavior of adolescents. Diagnosis, prevention and correction of aggressive behavior of adolescents from urgent problems of psychology. We also completely dwelled on the psychological foundations of aggression, considered in the research of scientists, forms of its manifestations and development factors associated with age. . The biological, social and personal aspects of aggression are examined, their relationship is theoretically substantiated. Fulls are analyzed and given recommendations on theoretical models and methodological approaches aimed at correcting aggression.

Key words: *aggression, aggressive behavior, adolescents, psychological factors, social influence, correctional models*

Кіріспе. Агрессия (лат. aggressio-шабуыл) - қоғамдағы адамдардың қатар өмір сүру нормаларына (ережелеріне) қайшы келетін, физикалық немесе психикалық зиян келтіруге немесе тіпті басқа адамды немесе топты жоюға бағытталған жеке немесе ұжымдық мінез-құлық немесе әрекет. Объект ретінде адамдар, жануарлар, жансыз заттар және агрессивті әрекеттердің субъектісі бола алады. Агрессия шабуылға жауап ретінде қорғаныс сипатына ие болуы мүмкін, физикалық және психикалық ыңғайсыздыққа, стресстерге, фрустрацияларға, мазасыздыққа жауап берудің бір түрі болуы мүмкін, белгілі бір маңызды мақсатқа жету құралы ретінде әрекет етуі мүмкін, соның ішінде өзін-өзі растау арқылы өз мәртебесін көтеру [1]. Жасөспірімдердің негізгі психологиялық ерекшелігі-қарама-қарсы қасиеттер, ұмтылыстар мен тенденциялар бірге өмір сүріп, бір-бірімен күресіп, баланың сезімдері мен мінез-құлқының сәйкессіздігін анықтайтын жеке тұрақсыздық. Жасөспірімнің дамуының барлық аспектілерінің негізгі мазмұны-балалық шақтан ересек жасқа өту. Бір жағынан, егер айналасындағы ересектер жасөспірімге бала ретінде бұрынғы көзқарасын сақтаса, онда, ең алдымен, жасөспірімнің өзінің ересек екендігі туралы идеяларымен қайшылықтар тудыратын жағдай туындайды. Жасөспірімдер мен ересектердегі ересектік дәрежесін бағалаудағы сәйкессіздік жанжал тудырады. Сонымен қатар, созылып, созылмалы түрге айнала отырып, ол жеке тұлғаның дамуын тежеуге қабілетті, бұл жауап беретін деструктивті, соның ішінде агрессиялық тенденциялардың пайда болуына әкеледі. Екінші жағынан, жасөспірімдердің агрессиясы - бұл өсіп келе жатқан баланың ересектер әлеміндегі толыққанды сезімдеріне қарамастан, оларға тәуелді болып қалатын шындықты қабылдамауына жауап ретінде пайда болатын жыныстық жетілудің жанама әсері [2].

Негізгі бөлім

Жасөспірім кезіндегі бала физикалық, физиологиялық және психологиялық деңгейде көптеген өзгерістерге ұшырайды. Сыртқы келбеті, қоршаған ортаны қабылдауы өзгереді. Жыныстық жетілу кезінде балаға қандай тәртіптің көбірек әсер ететініне байланысты агрессивті мінез-құлықты қалыптастырудың негізгі факторларын биологиялық, жеке, отбасылық, қоршаған ортаға бөлуге болады [3]. Ғалымдар агрессия деңгейінің жасөспірімдердің белгілі бір сипаттамалық ерекшеліктерімен байланысын анықтады. Жоғары қозғыштық ауызша, стихиялық, жанама агрессиямен, тітіркенумен оң байланысты. Қозғыш балалардың мінез-құлқы логикаға емес, импульске байланысты. Олар өте төмен төзімділікпен сипатталады [4]. Агрессия түрлерінің жасөспірімнің жынысымен байланысы зерттеулері бар. Солардың бірі П.А Ковалевтің зерттеулеріне сүйенсек ер балаларда агрессияның екі шыңы бар: 12 және 14 жаста. Олар тікелей физикалық және тікелей ауызша агрессияға бейімділікке ие. Қыздарда агрессивті

мінез-құлық шыңдары 11 және 13 жаста байқалады және тікелей ауызша және жанама ауызша агрессиямен көрінеді [5].

Л.Н. Семенюк зерттеуі көрсеткендей, 10-11 жастағы жасөспірімдерде агрессияның физикалық көрінісі басым болады, ал олар есейген сайын вербальды көрініс бірінші орынға шығады. 12-13 жасында ұлдар да, қыздар да агрессияның негативизм сияқты формасын айқын көрсетеді. Баланың жыныстық жетілу кезінде гармоналды өзгерістер болады. Гормондар ойыны жасөспірімдерді бақылаусыз етеді. Оларды тек ата-аналар немесе мұғалімдер ғана емес, бақылау қиын. Олар әрқашан өздерінің тартымдылығын тыныштандыруға қабілетті емес. Сондықтан бұл тартымдылық энергиясын уақытында және дұрыс бағыттау маңызды – би немесе спорт [6]. Көптеген қателіктер агрессивті мінез-құлықты дұрыс түсінбеуге байланысты туындайды. Агрессияның ауыр негізі бар, бірақ ата-аналар мен мұғалімдер оны бағаламайды. Агрессияның ауыр түрі ретінде баланың белгілі бір жағдайға қалыпты реакциясы қабылданады. Әрине, бұл реакциялар ересектерге ұнамауы мүмкін, бірақ оларда биологиялық патология жоқ, мұндай балаларды емдеудің қажеті жоқ. Психиатр патологиялық агрессияның белгілерін тануға көмектеседі [7].

Д. Майерс өзін-өзі тану және дараландыру бір монетаның екі жағы екенін атап өтті. Өзін-өзі тануды жоғарылатқандар (ситуациялық) өзін-өзі бақылаудың жоғарылауын көрсетеді және олардың әрекеттері олардың көзқарастарын айқынырақ көрсетеді. Олар сондай-ақ ойластырылған болады, сондықтан өз құндылықтарына қайшы келетін сигналдарды байқауы осал болады [8]. Әдетте агрессия арқылы біз кез-келген деструктивті мінез-құлықты түсінеміз. Бірақ бұл тек физикалық көріністер деп сену қате. Баланың мінез-құлқында жиі көрініс табатын белгілер:

1) физикалық агрессия: агрессия мен қатыгездіктің экстремалды көрінісі, бұл тек біреумен төбелес және физикалық қақтығыстар.
2) тітіркену: дөрекілік және ашуланшақтық.
3) ауызша агрессия: ашулану мен ашуланудың барлық ауызша көріністері. Бала кез-келген өткір жағдайда (немесе тіпті тегіс жерде) айқайлайды, қорқытады, шантажға жүгінеді ("мен үйден кетемін", "терезеден секіремін").
4) объектіге, жәбірленушіге бағытталған жанама агрессия: қатыгез әзілдер, троллинг, өсек.
5) бағытталмаған агрессия: аяғын таптап, көпшілікке айқайлайды [9].

Біз білгеніміздей, агрессияның әртүрлі анықтамаларында басқа адам оған зиян келтіретін деп саналатын жеке тұлғаның мінез-құлқындағы белсенділіктің құрамдас бөлігі болуы керек. Ю. Б. Моггинскийдің пікірінше, Агрессия-бұл" басқа тіршілік иесіне зиян келтіруге, психикалық және физикалық ауырсынуға бағытталған әрекеттер мен мәлімдемелер" [10]. А. А. Реан агрессивтілік дегеніміз-бұл агрессияға дайындықта, сондай-ақ басқа адамның мінез-құлқын дұшпандық деп қабылдауға және түсіндіруге бейімділікте көрінетін салыстырмалы түрде тұрақты жеке қасиет [11]. Жасөспірім адамдар әсіресе олар тәрбиеленетін микроортаға (яғни отбасыларға) тәуелді болғандықтан, оның моральдық атмосферасы, яғни оның мүшелері арасында қалыптасатын отбасындағы қарым-қатынас маңызды. Агрессивті жасөспірімдер, әдетте, ата-аналар мен балалар арасында сүйіспеншілік, сүйіспеншілік, түсіністік аз болатын, олардың дамуына қызығушылық танытпайтын, қамқорлықтың орнына физикалық жазаны, қорлау мен Қоқан-лоққыларды ұнататын отбасыларда өседі [12]. Проблемалық отбасылардан шыққан жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын психологиялық-педагогикалық түзету бағдарламасының негізгі міндеттері:

1) Жасөспірімдердегі бақыланбайтын сезімдерді (ашу, ашу) жою.
2) Өз мінез-құлқыңызды өзін-өзі бақылау дағдыларын игеру және өз наразылығыңызды қолайлы түрде білдіру дағдыларын дамыту.
3) Жасөспірімдерде өзін-өзі бағалауды арттыру.

4) Жасөспірімдердегі эмоционалды жағдайды қалыпқа келтіру және эмпатия сезімін дамыту.

5) Жасөспірімдерде жағымды коммуникативті мінез-құлық моделін бекіту [13].

Соңғы уақытта жасөспірімдердің агрессиясы, оның себептері мен түзету жолдары туралы зерттеулер пайда болды (Е.Е. Копченова, Е. В. Ольшанская, Л. М. Семенюк, и. А. Фурманов және т. б.). Балалардың агрессивтілігі туралы заманауи зерттеулер әр түрлі бағытта жүргізіледі: агрессивті мінез-құлықты қалыптастырудағы отбасы мен отбасылық қатынастардың рөлі (Л. А. Абрамян, А. И. Захаров, М. П. Квадрициус, Н. И. Корытченкова, А. М. Приходян, М.Н. Толстой және т. б.), агрессивтіліктің биологиялық себептерін зерттеу (И. Лалаянц және т. б.), жыныстық қатынас жасөспірім кезіндегі айырмашылықтар (П. А. Ковалев және т. б.), өзін-өзі бағалау және жасөспірімдердің агрессиясын талдау (А. А. Реан, Н. Б. Трофимова және т. б.), фрустрацияның өзін-өзі бағалауға әсері (Ж. К. Дандарова және т. б.), агрессивтілікті диагностикалау әдістері (С. Л. Завражин; Д. В. Лубовский және т. б.), эмоционалды ауытқуларды, мінез-құлықтағы қиындықтарды, соның ішінде агрессивті түзету жолдарын іздеу (В. И. Гарбузов, М. в. Ермолаева, Л. Г. Миланович, А. И. Захаров, С. В. Капранова, И. Э. Кондракова, В. В. Лебединский, И. Л. Ленденева, В.Г. Петров) және басқалар [14].

Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқының проблемасы зерттеушілердің, педагог-психологтардың, көпшіліктің табиғи қызығушылығын тудырады. Алайда, күнделікті санада да, кәсіби ортада да көптеген теориялық тұжырымдамаларда агрессия құбылысы екіұшты, кейде қарама-қайшы түсіндіріледі. Оқушылардың агрессиясын объективті зерттеуге мектепке тек оң әсер ету көзі ретінде қарау кедергі келтіреді. Дегенмен іс жүзінде ол көбінесе тәуекел аймағына, теріс әлеуметтік тәжірибені беру орнына айналады. Жалпы білім беретін мектептегі жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқының әртүрлі формаларын талдау мыналардың арасындағы қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік береді:

А) жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқының көріністерінің алуан түрлілігі және мақсатты түзетуді ұйымдастыру үшін қажет агрессияның типтік көріністерінің нақты жіктелуінің болмауы;

б) жасөспірімді әлеуметтік мақұлданған мінез-құлық үлгілеріне үйрететін түзету жұмысының қолданыстағы дәстүрлі бағыттары және түзету-педагогикалық жұмыста мұндай тәсілдердің болмауы, онда басты назар мектеп ортасындағы агрессивті мінез-құлыққа әсер ететін ситуациялық факторларға қарсы тұра алатын жасөспірімнің толерантты тұлғасын тәрбиелеуге аударылады;

в) білім беру процесі субъектілерінің күш-жігерінің әртараптандырылуы және білім беру процесінің мектеп мұғалімдері мен ата-аналардың жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын түзету жөніндегі бірлескен іс-әрекетінің оңтайлы моделі [15].

Агрессия болуы мүмкін:

1) ашық-ол сыртқы нысандарға бағытталған жәнеках-керісте, басқа адамдарды қорлауда, вандализмде немесе наразылық түрінде болуы мүмкін, өз позициясын көрсету (мысалы, қаңғыбастық, алкогольді тұтыну);

2) жасырын-сыртқы жағынан жасөспірім сабырлы, сабырлы болып көрінуі мүмкін, бірақ сонымен бірге ескертулерге назар аударманыз, өтініштерді елемеңіз. Жасырын агрессия аутоагрессия түрінде болуы мүмкін-жасөспірім барлық негативті, наразылықты, ашуды өзіне бағыттаған кезде. Бұл мінез-құлықтың себебі өзін-өзі бағалаудың төмендігі, кінә сезімі және бірқатар сәтсіздіктер болуы мүмкін. Жек көру, өзін-өзі жек көру мазасыз күйлерді, жүйке бұзылыстарын, фобияларды тудыруы мүмкін, ау [ыр жағдайларда суицид туралы ойлар да мүмкін [16].

Қорытынды. Қорытындылай келе, жасөспірімдермен жұмыста қолдануға болатын мүмкін жағдайларды ескерсек:

- агрессивті мінез-құлыққа не себеп болғанын түсінуге тырысыңыз. Қандай да бір үшкіл зорлық-зомбылық реакциясын туғызса да, жасөспірімнің бұл ақылға сыймайтынына сендіруге болмайды.
- Баланың жалғыз еместігін, ата-анасының өз жағында екенін және бірге кез келген мәселені шеше алатынын түсіну.
- Жасөспіріммен ересек адам ретінде сөйлесу - тең дәрежеде. Сөзіңізді сақтап, егер кенеттен бірдеңе дұрыс болмаса, уәдесін орындаудың неге мүмкін еместігін түсіндіріңіз. Балаға қандай жаман мінез-құлықпен қорқытуға болатынын, әркім үшін қандай жағымсыз салдарлар болуы мүмкін екенін түсіндіріңіз, қуаныш әкелетін және жақындасуға,
- Жиі қарым-қатынас жасауға үлкен себеп болатын бірлескен іс-әрекетті ойластыру, жасөспірімге өз сөзі мен іс-әрекетіне тәуелсіз және жауапты болуға, өз пікірін құрметтеуге мүмкіндік беру,
- Жасөспірімге өз ұнататын нәрсені – спорт секциясын, би мектебін, IT-клубты табуға көмектесіңіздер.
- Егер агрессорға өз бетінше төтеп бере алмасаңыз, психологтан көмек сұрау керек.

Әдебиеттер

1. Сборник информационно-методических материалов для специалистов органов и учреждений системы профилактики безнадзорности и правонарушений несовершеннолетних. «Пути предупреждения и коррекции агрессивного поведения подростков»// Ярославль 2019 – с. 11
2. Артамонова Е.Г., Ефимова О.И., Калинина Н.В., Салахова В.Б. Обеспечение психологической безопасности в детско-подростковой среде. Методические рекомендации для психологов общеобразовательных организаций. М., 2018. С.45-52
3. Бандура А., Уолтерс Р. Подростковая агрессия. М., 2000.с.187
4. Бретт Д. Жила-была девочка, похожая на тебя. М., 2000.с.23-46
5. Шипова Л.В. Методы психологической агрессивности школьников. Учебно-методическое пособие. Саратов, 2016 с.85-98
6. Иванова Н.Л., Луканина М.Ф. Пути предупреждения и коррекции агрессивности подростков. Учебнометодическое пособие. Ярославль, 2003 с.67
7. Можгинский Ю.Б. Агрессивность детей и подростков. Распознавание, лечение, профилактика.М.,2008.с.37
8. Свенцицкий А.Л. Социальная психология. М., 2004.с.80-123
9. https://kakzdorovo.center/blog/detskaya-psihologiya/podrostkovayaagressiya
10. Можгинский Ю. Б. Агрессивность детей и подростков: распознавание, лечение, профилактика. Изд. 2-е, стер. М.: Когито-Центр, 2008. 161 с.
11. Реан А. Психология детства. СПб.: Прайм-Еврознак, 2003. 338 с
12. Городилова М. А., Бочанцева Л. И. Особенности проявления агрессивности у подростков из семей с алкогольной зависимостью // Международный студенческий научный вестник. 2018.№5.URL:http://www.eduherald.ru/ru/article/view?id=18659
13. ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ СРЕДСТВА КОРРЕКЦИИ АГРЕССИВНОГО ПОВЕДЕНИЯ У ПОДРОСТКОВ, ВОСПИТЫВАЮЩИХСЯ В ПРОБЛЕМНЫХ СЕМЬЯХ Бочанцева Людмила Ивановна УДК 159.9 ББК 88.3DOI: 10.31862/2218-8711-2019.5. с. 48-62
14. Соломина, Л. А. Технологическое обеспечение процесса коррекции агрессивного поведения подростков в совместной деятельности педагогов школы и родителей : учебное пособие. – Омск: Изд-во ОмГА, 2018. – 354 с
15. Берковитц Л. Агрессия. Причины, последствия и контроль. – СПб.–М., 2001.
16. https://nadpo.ru/academy/blog/osobennosti-i-prichiny-podrostkovoy-agressii/

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ ДЕФОРМАЦИЯСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мінәсіпова А.Р., Садыкова Н.М.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Бұл мақалада жоғары оқу орны (ЖОО) оқытушыларының кәсіби деформациясының әлеуметтік-психологиялық детерминанттары қарастырылады. Кәсіби деформация оқытушылардың ұзақ мерзімді педагогикалық қызметі барысында пайда болатын психологиялық және мінез-құлықтық өзгерістерден көрініс табады. Зерттеу барысында кәсіби деформацияның негізгі себептері анықталып, оның алдын алу және жеңілдету жолдары ұсынылады.

Түйін сөздер: *кәсіби деформация, жоғары оқу орны, оқытушы, әлеуметтік-психологиялық факторлар, кәсіби стресс.*

В статье рассматриваются социально-психологические детерминанты профессиональной деформации преподавателей вуза. Профессиональная деформация проявляется в психологических и поведенческих изменениях, возникающих в ходе длительной педагогической деятельности преподавателей. В ходе исследования будут выявлены основные причины профессиональной деформации и предложены способы ее предотвращения и облегчения.

Ключевые слова: *профессиональная деформация, вуз, преподаватель, социально-психологические факторы, профессиональный стресс.*

This article examines the socio-psychological determinants of the professional deformation of university teachers. Professional deformation is manifested in psychological and behavioral changes that occur during the long-term teaching activities of teachers. The study will identify the main causes of occupational deformity and suggest ways to prevent and alleviate it.

Keywords: *professional deformation, university, teacher, socio-psychological factors, occupational stress.*

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесі қарқынды даму үстінде. Бұл жүйе білім мен ғылымның жаңаруын талап етеді, және ЖОО оқытушыларының рөлі маңызды болып табылады. Оқытушылар білім беру процесін ғана емес, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, университеттің әлеуметтік, мәдени және ғылыми өміріне белсенді түрде араласады. Олардың қызметі жоғары деңгейде ұйымдастырылып, кәсіби жетістіктері үнемі бағаланып тұруы тиіс. Әлеуметтік орта мен экономикадағы өзгерістер, инновациялар мен жаңа технологиялардың енгізілуі, қоғамда болып жатқан дағдарыстар мен қиыншылықтар оқытушылардың жұмыс жағдайына әсер етеді.

Алайда, осындай қарқынды жұмыс барысында оқытушыларда кәсіби деформацияның дамуы мүмкін. Кәсіби деформация – ұзақ уақыт бойы бір салада жұмыс істегенде адамның психологиясында және әлеуметтік қатынастарында пайда болатын өзгерістердің жиынтығы. Педагогикалық қызметте кәсіби деформация жиі кездеседі. Бұл құбылыс оқытушының тұлғалық және мінез-құлықтық ерекшеліктерінде, сондай-ақ олардың жұмысқа деген көзқарасында өзгерістерге әкеледі. Сондықтан осы мақаланың негізгі мақсаты – жоғары оқу орны оқытушыларының кәсіби деформациясын туындататын әлеуметтік-психологиялық факторларды зерттеу және олардың алдын алу шараларын ұсыну.

Жоғары оқу орны оқытушыларының кәсіби деформациясы түрлі белгілер арқылы көрінеді. Біріншіден, оқытушыларда авторитарлық мінез-құлықтың күшеюі байқалады. Педагогикалық қызмет барысында оқытушы студенттермен қарым-қатынасты қатаңдайтып, оларды басқаруда күш көрсетуі мүмкін. Авторитарлық мінез-құлық оқытушылардың тек қана білім беру қызметімен шектелмей, студенттерді бақылап, олардың мінез-құлқын басқаруға деген ұмтылысын күшейтеді. Бұл жағдай студенттердің оқу мотивациясына кері әсер етеді, өйткені олар тек қана тапсырмалар мен ережелерді орындау үшін оқиды, олардың білім алуға деген

қызығушылығы төмендейді. Студенттердің оқыту процесіне деген қатынасы өзгеріп, тек үстемдік ету қағидатымен қалыптасады. Мұндай жағдай білім беру сапасының төмендеуіне әкеледі, себебі студенттер тек тапсырмаларды орындаумен шектеледі және өздігінен ойлануға уақыт таппайды.

Екіншіден, оқытушыларда эмоционалдық күйіп кету синдромы пайда болуы мүмкін. Бұл синдром – жұмыстың мәнін жоғалту, кәсіби қызығушылықтың азаюы, жұмысқа деген мотивацияның төмендеуі және жалпы өмір сапасының нашарлауына себеп болады. Эмоционалдық күйіп кетудің белгілері ретінде шаршау, жұмысқа деген немқұрайдылық, ұйқысыздық және отбасылық өмірдегі қиындықтар болуы мүмкін. Әрине, бұл оқытушының жұмысқа деген жауапкершілігін азайтады және психоэмоционалдық күйі төмендейді. Мұндай жағдайлар тек оқытушыларға ғана емес, жалпы білім беру жүйесіне де кері әсер етеді. Оқытушылар өздерінің кәсіби міндеттеріне немқұрайлы қарай бастайды, бұл өз кезегінде оқу сапасының төмендеуіне әкеледі.

Кәсіби деформацияның тағы бір көрінісі – оқытушының кәсіби оқшауланuы. Жоғары оқу орны оқытушысы өз мәселелерін басқа әріптестерімен немесе студенттермен бөлісуден бас тартады. Олар өздерінің жағдайына немқұрайлы қарап, топтық жұмысқа қызығушылығы төмендейді. Бұл олардың психоэмоционалдық жағдайын нашарлатып, жұмысқа деген көзқарастарын бұзады. Егер оқытушы өзінің мәселелерін, күйзелісін, қиыншылықтарын бөліспесе, ол оқытушының тұлғалық өзгерістеріне әсер етеді, бұл өз кезегінде білім беру процесіне теріс әсер етеді.

Жоғары оқу орны оқытушыларының кәсіби деформациясына әсер ететін маңызды әлеуметтік факторлардың бірі – жұмыс жүктемесінің жоғары болуы. Оқытушылардың міндеттері тек сабақ жүргізумен шектелмейді. Олар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, конференцияларға қатысып, ғылыми мақалалар жариялайды, сондай-ақ студенттердің ғылыми жұмыстарын жетекшілік етеді. Әр түрлі кеңестер мен комиссияларда жұмыс істеу оқытушылардың психоэмоционалдық жағдайына теріс әсер етіп, олардың стресстік күйін күшейтеді. Бұл күй оқу процесінің сапасына әсер ететін негізгі фактор болып табылады.

Материалдық ынталандырудың жеткіліксіздігі де кәсіби деформацияның себебі болып табылады. Оқытушылардың жалақысының төмендігі және әлеуметтік кепілдіктердің жеткіліксіздігі олардың қосымша жұмыс істеуге мәжбүрлейді. Мұндай жағдай оларды кәсіби қызметтеріне немқұрайлы қарауға мәжбүр етеді. Жалақының төмен болуы және әлеуметтік жағдайдың жеткіліксіздігі оқытушылардың жеке өміріне және психоэмоционалдық жағдайына теріс әсер етеді. Бұл өз кезегінде оқытушылардың жұмысына деген қызығушылығын төмендетеді және олардың кәсіби міндеттерін орындау барысындағы тиімділігін азайтады.

Психологиялық факторлардың ішінде үздіксіз стресс ЖОО оқытушыларының кәсіби деформациясын дамытудың негізгі себептерінің бірі болып табылады. Оқытушылардың жұмысы өте стресстік болуы мүмкін, өйткені олар студенттермен, әріптестермен және университет әкімшілігімен үнемі қарым-қатынаста болады. Стресс әсіресе оқу жылдарының соңғы кезеңдерінде, емтихан кезінде артады. Бұл күй оқытушылардың психоэмоционалдық жағдайын нашарлатып, олардың кәсіби тиімділігін төмендетеді.

Кәсіби деформацияның тағы бір психологиялық аспектісі – мотивацияның төмендеуі. Егер оқытушы өзінің кәсіби өсуі мен еңбегінің бағаланбайтынын сезінсе, оның жұмысқа деген қызығушылығы азаяды. Бұл, өз кезегінде, оқыту сапасының төмендеуіне әкеледі. Мотивацияның төмендеуі ұзақ уақыт бойы созылып, оқытушылардың шығармашылық қабілеттерін тежейді, бұл өз кезегінде білім беру жүйесінің дамуына кедергі келтіреді..

Кәсіби деформацияның салдары тек оқытушылардың өздеріне ғана емес, жалпы білім беру жүйесіне де теріс әсер етеді. Оқытушылардың эмоционалдық күйіп кетуі, жұмысына деген немқұрайдылығы оқыту сапасын төмендетеді. Студенттердің оқу мотивациясы төмендеп, олардың академиялық жетістіктері азаяды. Сонымен қатар, кәсіби деформация академиялық

ортаның жаңашылдыққа деген көзқарасын бұзып, инновациялардың баяу енгізілуіне әкеледі. Оқытушылардың өзгерістерге қарсылық танытуы жаңа әдістер мен технологияларды қолданудың бәсеңдеуіне әсер етеді.

Кәсіби деформация білім беру жүйесіне ұзақ мерзімді әсер етіп, жоғары оқу орындарының халықаралық бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Егер оқытушылар тек белгілі бір әдістер мен тәсілдерге сүйеніп жұмыс істесе, олар жаңа білім мен әдістемелерді енгізуге қызығушылық танытпайды. Бұл өз кезегінде білім сапасының төмендеуіне әкеледі.

Жоғары оқу орны оқытушыларының кәсіби деформациясын болдырмау және жеңілдету үшін бірқатар шаралар қажет. Біріншіден, еңбек жағдайларын жақсарту маңызды. Бұл жұмыс жүктемесін оңтайландыруды, оқытушылардың жұмыс барысын тиімді ұйымдастыруды, студенттермен және әріптестермен қарым-қатынасты жеңілдетуді көздейді. Оқытушылардың психоэмоционалдық жағдайы жақсарған кезде олардың жұмысқа деген қызығушылығы да артады. Сонымен қатар, оқытушыларға психологиялық қолдау көрсету маңызды. Оларға кәсіби даму тренингтері, стресс-менеджмент курстары мен семинарлар ұйымдастыру олардың психоэмоционалдық жағдайын жақсартады.

Екіншіден, оқытушылардың кәсіби мотивациясын арттыру үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарында және педагогикалық жетістіктерінде ынталандыру жүйесін дамыту қажет. Оқытушыларға өз жұмысына деген қызығушылығын арттыруға, жаңа идеялар мен шығармашылық тәсілдерді енгізуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, оқытушылардың жұмысын бағалау жүйесін жетілдіру қажет. Кәсіби даму, жаңа технологиялар мен әдістемелерді енгізу білім беру сапасын арттыруға және оқытушылардың жұмысқа деген көзқарастарын өзгертуге мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орны оқытушыларының кәсіби деформациясы – бұл олардың ұзақ уақыт бойы педагогикалық қызмет атқаруының нәтижесінде пайда болатын психологиялық және мінез-құлықтық өзгерістердің жиынтығы. Бұл құбылыс оқытушылардың кәсіби және жеке өміріне теріс әсер етеді, білім беру сапасын төмендетеді. Кәсіби деформацияның себептері ретінде жоғары жұмыс жүктемесі, материалдық ынталандырудың жеткіліксіздігі, үздіксіз стресстік жағдайлар және мотивацияның төмендеуі қарастырылады. Бұл мәселелердің алдын алу үшін кешенді шаралар қажет. Оқытушыларға психологиялық қолдау көрсету, кәсіби дамуға жағдай жасау және еңбек жағдайларын жақсарту кәсіби деформацияның теріс әсерін азайтуға көмектеседі.

Әдебиеттер

1. Маркова А.К. Психология профессионализма. – М.: Международный гуманитарный фонд «Знание», 1996. – 309 с. 2
2. Гришина И.В. Профессиональная компетентность руководителя школы.– СПб., 2002. – 232 с.
3. Аблязимова Н.М. Болашақ физика мұғалімдерінің инновациялық технологияларды жүзеге асыруға кәсіптік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары / Н.М. Аблязимова. – Шымкент: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, 2010. – 36 б.
4. Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру / Б.Т. Кенжебеков. – Қарағанды: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ҰУ, 2005. – 235 б.
5. Абсатова М.А., Айтенова Э.А. Болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде зерттеліну жайы / М.А. Абсатова, Э.А. Айтенова. – Вестник ЕНУ имени Л.Н.Гумилева. Серия «Гуманитарных наук». – Астана, 2017. - №3(118). – С. 23-28.

ТҰЛҒАНЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТІСІН ДАМЫТУҒА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ

Нұрмұхамедқызы Ж.[1], Жапарқызы М.,[2] Тоқсанбаева Н.Қ. [2]
[1]І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Бұл мақалада тұлғаның эмоционалды интеллектісі және эмоцияларды басқара білу жолдары қарастырылады. Эмоционалды интеллект ұғымына анықтама беріледі. Қоғамдағы эмоционалды интеллектінің маңызы қарастырылған. Эмоционалды интеллект туралы түрлң ғалымдардың көзқарасы туралы жазылған. Әлеуметтік қызметкерлердің эмоционалды интеллектісі қозғалған. Әлеуметтік қызметкерлердің эмоционалды тұрақсызыдының негізігі себептері қарастырылған.

Түйін сөздер: *Эмоция, интеллект, эмоционалдық интеллект, тұлға, қоғам, әлеуметтік жұмыс*

В данной статье рассматриваются эмоциональный интеллект личности и способы управления эмоциями. Дается определение понятию "эмоциональный интеллект". Рассматривается значимость эмоционального интеллекта в обществе. Описаны различные взгляды ученых на эмоциональный интеллект. Поднимается вопрос эмоционального интеллекта социальных работников. Анализируются основные причины эмоциональной нестабильности социальных работников.

Ключевые слова*: эмоции, интеллект, эмоциональный интеллект, личность, общество, социальная работа*

This article examines an individual's emotional intelligence and ways to manage emotions. The concept of "emotional intelligence" is defined. The significance of emotional intelligence in society is considered. Various scholars' perspectives on emotional intelligence are described. The issue of emotional intelligence among social workers is addressed. The main causes of emotional instability among social workers are analyzed.

Key words*: emotion, intelligence, emotional intelligence, personality, society, social work.*

Жалпы тұлғаның эмоционалды интеллект тұрғысынан дамуы бүгінгі күнде басты мәселелердің бірі. Себебі тұлғаның эмоционалды интеллектісін дамыту өз кезегінде мәдениетке, құндылықтар деңгейіне айтарлықтай ықпал етеді. Сәйкесінше тұлғаның эмоционалды ителлектісін көтеру негізінде жасалатын жұмыстардың маңызы зор.

Эмоционалды интеллект ұғымы-тұлғаның өзінің және өзгенің эмоцияларын түсініп әрекет ету. Тұлғаның өміріне әсер ететін қазіргі заманғы тұжырымдама.

Жалпы қоғамда эмоционалды интеллект мәселесі өзекті екенін байқауға болады. Қазіргі өмір салтына байланысты адамдарда өте көп эмоциялар болады. Адамдар әр түрлі эмоцияларды бастан кешіп,болып жатқан ситуацияларға түрліше жауап қайтарады. Жоғары стресс, ашулану, күйзеліс сияқты күйлерді бастар өткеруі мүмкін. Бұл өз кезегінде қарым-қатынасқа кедергі келтіреді.

Тұлғаның жеке өсуіне сонымен қатар кәсіби деңгейінің біліктілігіне және табысына әсер ететін бірден бір фактор эмоционалды интеллект екені сөзсіз.

Эмоциялық интеллект ұғымының қоғамдағы маңызы. Эмоция бұл сезім арқылы ынталандырып, ұйымдастыратын және қабылдауды бағыттайтын, адамның ойлауы мен іс-әрекеті. Эмоция ынталандырады. Ол энергияны жұмылдырады және бұл энергия кейбір жағдайларда субъект әрекет жасау үрдісі ретінде сезіледі. Эмоция индивидтің ойлауы мен физикалық белсенділігін басқарады, оны белгілі бір арнаға бағыттайды. Егер сіз ашуланған болсаңыз, оны ашық көрсете аласыз, ал сіз қорқып тұрсаңыз онда агрессияңыздың көрініс бермейтіні белгілі [1].

"Эмоциялар"ұғымының әр түрлі авторларының көзқарастарын талдайды. У.Джеймс эмоциялар адамның дене өзгерістерінде көрініс тапқан толқушы оқиғаны қабылдауға реакциясы деп санайды. Ғалымның пікірінше, нысан сезім органына әсер еткенде жүйке импульстері тиісті арналар арқылы бірден тарайды және бұлшық ет, тері, қан тамырларының жағдайын өзгертеді. Ми қабығының көптеген ерекше бөліктерінде қабылданатын бұл өзгерістер адам санасына әсер

етіп оны жай ғана қабылданатын объектіден эмоциялық күйзеліске ұшырайтын объектіге айналдырады. [2]

Өзінің алғашқы жұмыстарында З Фрейд "аффект, немесе эмоция – психикалық өмірдің жалғыз мықты күші"деп жазады. Өзінің кейінгі еңбектерінде ол " аффект туралы интрапсихиялық факторлар туралы айтады.» [3].

Эмоционалды интеллект концепциясына байланысты Дж. Мейера, П. Сэловея, Д. Карузо, эмоционалдық интеллект - бұл өз эмоциялары мен басқалардың эмоцияларын сезінуге және түсінуге мүмкіндік беретін ментальдық қабілеттер тобы деген [4].

А.Н. Леонтьевтің пікірінше, эмоциялар ішкі сигналдардың рөлін атқарады. Олар ішкі сигнал болуына сыртқы объектілер туралы ақпаратты өздігінен алуында есем, бұл субъектінің әс-әрекеті ағымында болып жатқан объективті жағдайлар мен оның байланысы. Эмоцияның ерекшелігі ол ынта мен шындықтың арасындағы байланысты көрсетіп мотивациялық іс-әрекетке жауап береді. Бағытталған субъективті сигналдардың рөлін адам эмоциясында туындаған қорқыныш, қанағаттанбау, жайсыздық т.б. жағдайлар атқарады. [5]

Л.С. Выготскийге қарағанда С. Л. Рубинштейн "аффект пен интеллект" бірлігі идеясының жақтаушысы ретінде өзін ғана емес, ол көбінесе ЭИ идеясын алдын ала болжайды: "шын мәнінде эмоциялар мен интеллект жеке өміріндің бірлігі туралы ғана емес, эмоциялық немесе аффективті, және эмоциялардың ішіндегі интеллект мәселесінің біртұтастығы туралы айту керек". А. Н. Леонтьев оқу іс-әрекетінің "жеке" мағынасы туралы айтқан кезде эмоциялар мен интеллект байланысын атап өтті. Мағынасы дәлелдермен анықталады, А. Н. Леонтьев жаңа мағыналарды қалыптастырып, интеллект саласындағы жаңа мүмкіндіктерді де ашатынын көрсетеді [6]

Тұлға қоғамның ажырамас бөлшегі. Яғни сәйкесінше тұлғаның бойындағы сезімдер жалпы тұлғаның өзі қоғам үшін маңызды болып саналады. Жоғарыда айтылған авторлардың сөздері бұған дәлел. Толығырақ тоқталар болсақ қоғамда тұлға өз эмоциялық интелектісін дамытуы стресті басқаруға, конфликті шешуге, командамен жұмыста, шешім қабылдау деген сынды маңызды дүниеерде өз көмегін береді. Эмоциялық интеллект ұғымының қоғамдағы маңызы бірнеше аспектілермен көрініс табады:

1. Жеке тұлғалық даму;
2. Қарым-қатынас мәселесі;
3. Жұмыс орындағы маңызы;
4. Қоғамдағы орны.

Қазіргі қоғамда позитивті адамдардың жоғарғы мансапқа деген мүмкіндігі мол. Оның эмоционалдық интеллект деңгейі әріптестерімен жылдам қарым-қатынас орнатып түсуіне жәрдемдеседі. Бұл қағида жекелеген үлкен мемлекеттер мен халықаралық қарым-қатынастарда да өз жемісін береді. Мемлекетті бірегей корпорация ретінде елестетіп, эмоционалдық интеллекттің ең жоғарғы деңгейі азаматтар арасында әлеуметтік кәсіби соның ішінде әртүрлі салалық ара қатынастар орнатуға көмектеседі. Ментальды және мәдениетімен ерекшеленетін әртүрлі аудиториялармен ортақ тіл табыса білу жаһандану заманында сәттілік кепілі болып табылады. Ұлттың эмоционалдық интелеллектің маңызы және оны тереңінен түсіну Елбасының Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 12 сәуірінде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айтылған. Ұлттың эмоционалдық интеллектісін практика жүзінде халықаралық өзара қатынастарға пайдалану ол ұлттың бірегейлігін сақтай отырып ашықтық пен әріптестер арасында құрметтің болуына әкеледі. Қазақстан халқының өте бай тарихи тәжірибесі жоғарғы білім деңгейінің өсуі ұлттың бәсекеге қабілеттілігі жоғары болуы өзгерістерге дайын тұруы, қазіргі әлемдік процестерге кіру мен әлемдік флагмандар қатарында болу және қазіргі заманғы әлемдік құрылымдар қатарында тұруға мүмкіндік береді.[7]

Әлеуметтік жұмыстағы эмоционалды интеллект. Әлеуметтік қызметкерлер жұмыс барысында көбінесе күйзеліс пен сарқылудың жоғары деңгейіне ие, бірақ олардың көпшілігі

эмоционалды әсерін толық түсінбестен өз жұмысына адал болып қала беруде (Эванс, және т.б., 2006:179; Рух, 2012б: 1329). EQ мамандарға эмоционалды жауапты жұмысты (Биггарт, және т.б., 2016) атқару кезінде әлеуметтік қызметкерлердің өз мазасыздығы мен күйзелісті жеңуге көмек бере алады. Эмоциялар әлеуметтік жұмыста аз зерттелген тақырып болып қала береді (Грант және т.б., 2014:876; Рух, 2012 b:1331; Стэнли және т.б., 2020: 8). Л.А.Хоу (Хоу, 2008:567) «әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік көмек-бұл қарым-қатынасқа негізделген тәжірибе...қызметкер эмоционалды түрде ақылды болса, оны тек шеберлік пен жанашырлықпен жүргізуге болады» деп мәлімдеді. Бұл эмоционалды интеллекттің тұлғааралық және ішкі тұлғалық аспектілері, бұл әлеуметтік жұмыс рөлінің күрделілігін көрсетеді, бұл басқа адамдардың эмоционалды бұзылуларынан басқа, өзіңіздің эмоционалды реакцияларыңызды басқаруды бағалауға мүмкіндік береді. Т.Моррисон (Моррисон, 2007:247) әлеуметтік жұмыстың бес аспектісін анықтады, олар үшін эмоционалды интеллект маңызды: 1. пайдаланушыларды тарту; 2. бағалау және бақылау; 3. шешімдер қабылдау; 4. Ынтымақтастық; 5. күйзеліспен күресу.

Эмоционалды интеллект өзіне және басқаларға эмоцияларды импульсивті емес, рефлексивті түрде дәл қабылдау мүмкіндігін арттырады, содан кейін оны елемей, эмоционалды контекстті ескеретін шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Тәжірибедегі мамандардың қызметтерін пайдаланушылардың пікірлерін зерттеу олардың эмпатияға, тыңдауға, түсінуге және мүмкін болатын шешімдерді зерттеуге уақыт бөлуге қабілетті әлеуметтік қызметкерлерді бағалайтындығын көрсетеді. Дж.Рух (Рух, 2005а: 113) тәжірибенің төрт саласында әлеуметтік жұмысты орындау үшін рефлексивті тәжірибенің маңыздылығын атап көрсетеді:

1) қызметті пайдаланушы;

2) кәсіби «Мен»;

3) ұйымдастырушылық контекст;

4) білім туралы ақпараттандыру тәжірибесі.

Дж.Рухтың жұмысы эмоционалды интеллекттің құзыреттілігі әлеуметтік жұмыс тәжірибесі үшін пайдалы болады деп болжайды.[8]

Жоғарыда айтып өткеніміздей әлеуметтік қызметкерлер көбінесе күйзеліске бейім. Соның салдарынан эмоциялық интеллект төмен болып жатады. Әрине бұған әсер ететін айтарлықтай себептер бар. Ол жоғары эмоционалды жүктеме және стресс, эмоцияларды басқару дағдыларының жетіспеуі және кәсіби күйіп кету болуы мүмкін. Нақтырақ мысалдармен айтар болсақ әлеуметтік қызметкер түрлі жағдайларды бастан кешіреді. Әлеуметтік қызметкерлер көбіне қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдармен жұмыс істейді. Қайғы мен ауыр оқиғаларға жиі куә болады.

Кейбір әлеуметтік қызметкерлер өз эмоцияларын бақылау мен реттеуді үйренбеген. Эмоцияларды дұрыс түсінбегендіктен клиенттермен қарым-қатынас қиындайды. Әлеумттік қызметкердің үнемі психологиялық қысымда жұмыс істеуі эмоциялық шаршауға әкеледі. Бұдан бөлек агрессияға бейім немесе тұрақты қиын жағдайдағы клиенттермен жұмыс істеуде әлеуметтік қызметкерлердің эмоционалды тұрақтылығының әлсіреуі әкелуі мүмкін.

Қорытынды

Тұлғаның эмоциялық интеллектісі өте маңызды. Қоғам үшінде өзі үшінде. Эмоциялық интеллект ұғымының қоғамдағы маңызы 4 негізгі аспектімен көрініс табады. Тұлғаның эмоциялық интеллектісінің жоғары болуы қоғамдағы айқын орнын табуға орасан ықпалын тигізеді. Қоғамдағы салалардың бірі әлеуметтік жұмыс. Яғни әлеуметтік қызметкерлердің өз эмойиялық жағдайының жоғары әрі тұрақты болуына аса мән беріп қарағаны дұрыс. Бұл өз кезегінде сапалы қоғам, сапалы қызметкер болуға әсер етеді.

Әдебиеттер

1. Изард К.Э. Психология эмоций / Перев. с англ. – СПб: Издательство «Питер», 1999 – 464 с.:ил. (Серия

«Мастера психологии»).
2. Педагогика профессионального образования : учеб, пособие для студ. высш. учеб, заведений /Е. П. Белозерцев, А. Д. Гонеев, Г. Пашков; под ред. В. А. Сластенина. - 2-е изд., стер. - М.: Академия, 2006. - 368 с
3. Фрейд, З. Психопатология повседневной жизни /З. Фрейд. - М., 1925.
4. Алексеева Е.Е. Типологические особенности студентов психологических и педагогических специальностей // Вестник Санкт-Петербургского университета МВД России. - 2009, - №4, - С. 207-212.
5. Леонтьев, А. Н. Психология образа [Текст] / А. Н. Леонтьев // Вести. Моек, ун-та. - Сер. 14: Психология. - 1979. - № 2. - С. 3-13.
6. Леонтьев, А.Н. Проблема деятельности в психологии / А. Н. Леонтьев // Вопросы философии. – 1972. – № 9. – С. 95–108
7. Егенисова А.Қ., Серикбаева А.Қ. Студенттердің эмоционалдық интеллектісі және эмоцияларды басқара білуі қабілеті // Абай атындағы ҚазҰПУ-ның Хабаршысы, "Психология" сериясы № 4 (65), 2020 ж, 46-51 б. https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7847.08
8. Аубәкір А.С., Нуркатова М.М. Эмоционалды интеллект пен әлеуметтік қызметкердің кәсіби үйлесімдігі арасындағы байланысты талдау // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университет, Қазақстан, Алматы қ. Психология және социология сериясы. №2 (81). 2022 123-135 б. https://doi.org/10.26577/JPsS.2022.v81.i2.013

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ДИАЛОГТІК ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Айтақын А.Т.
№117 ЖББМ
Алматы, Қазақстан

Бұл мақалада қазіргі кезде сыныптағы оқушылардың қазақ тілі сабақтарында диалогтік сұхбаты өзара қарым-қатынас жасауының сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға және белсенді оқу ортасын құруға көмектесетіндігі баяндалған.
***Түйін сөздер**: Диалог, дебат, сөйлеу мәдениеті, идея, дағды, оқыту*

В статье раскрывается, что диалогическая беседа учащихся на уроках казахского языка способствует формированию речевой культуры и созданию активной среды обучения.
***Ключевые слова:** Диалог, дискуссия, культура речи, идеи, умения, обучение*

This article reports that the dialogical conversation of students in Kazakh language lessons contributes to the formation of speech culture and the creation of an active learning environment
***Key words**: Dialogue, discussion, speech culture, ideas, skills, training*

Диалогтік оқыту – оқушылардың өзара қарым-қатынас жасауына, ойларын еркін жеткізуіне және сыни тұрғыдан ойлауына мүмкіндік беретін әдіс. Бұл тәсіл білім алушылардың тілдік дағдыларын жетілдіруге, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға және белсенді оқу ортасын құруға көмектеседі.

Диалогтік оқытудың тиімді жақтарын атап айтсам:

1.Сөйлеу дағдыларын дамытса

- ✓ Оқушылар еркін сөйлеп, өз ойларын анық жеткізе алады.
- ✓ Диалог барысында сөздік қоры байып, дұрыс сөйлеу машықтары қалыптасады.

2. Сыни ойлау мен шығармашылық қабілеттерді жетілдіру

- ✓ Оқушылар сұрақ қоюға, жауап беруге және пікір алмасуға дағдыланады.
- ✓ Күрделі мәселелерді талқылау арқылы сыни ойлау қабілеттері дамиды.

Диалогтік оқыту – оқушылардың өзара сөйлесу арқылы білім алуына бағытталған әдіс. Қазақ тілі сабақтарында бұл әдісті пайдалану өте тиімді, өйткені ол:

1. Тілдік дағдыларды дамытады – оқушылар сөйлесу барысында сөздік қорын кеңейтеді, дұрыс сөйлеуге, ойын нақты жеткізуге үйренеді.

2. Белсенділік пен қызығушылықты арттырады – оқушылар диалогқа қатысу арқылы сабаққа белсенді араласады, өз пікірін білдіруге үйренеді.

3. Сын тұрғысынан ойлау қабілетін жетілдіреді – сұрақтарға жауап беру, пікірталас жүргізу арқылы оқушылар логикалық ойлауды дамытады.

4. Коммуникативтік дағдыларды қалыптастырады – оқушылар диалог жүргізу барысында бір-бірін тыңдауға, пікір алмасуға, келіссөз жүргізуге үйренеді.

5. Шынайы өмірлік жағдайларда қолдануға көмектеседі – қазақ тілінде еркін сөйлеу дағдысын қалыптастыруға, шынайы қарым-қатынаста қолдануға мүмкіндік береді.

Диалогтік оқытуды жүзеге асыру үшін рөлдік ойындар, пікірталастар, диалог құру тапсырмалары, сұрақ-жауап әдістері сияқты тәсілдерді қолдануға болады. Бұл әдіс қазақ тілін үйренуді жеңілдетіп, оны қарым-қатынаста еркін қолдануға жағдай жасайды.

Бүгінгі күні біздің қоғамға проблемаларды шеше алатын, шешім қабылдайтын, сындарлы ойлайтын, идеялар мен өнімді пікір ұсына алатын және командада, топтарда тиімді жұмыс істейтін икемді, креативті және бастамашылық қабілеті бар жастар қажет. Сондықтан оқушылардың сөйлеу тілін дамыту мақсатында Оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдерді қолдануда «диалогтік оқыту» тәсілін басшылыққа алдым.

Мерсер мен Литлтон (2007) еңбектерінде диалогтік оқытудың маңыздылығын атап көрсетеді. Олардың зерттеуінше, оқушылардың бірлесіп жұмыс істеуі мен әңгімелесуі танымдық дамуына оң әсер етеді. Диалогтік оқыту білім алушылар арасында мағыналы сұхбат орнатуға, ойларын еркін жеткізуге және сын тұрғысынан ойлауды дамытуға көмектеседі.

Диалогтік оқыту түрлері:

1. Кумулятивті әңгіме – оқушылар бір-бірінің пікірін қолдайды, бірақ терең талқылау жүргізбейді.

2. Дебаттық әңгіме – қатысушылар бір-бірінің пікіріне қарсы шығып, дәлелдеуге тырысады.

3. Зерттеушілік әңгіме – оқушылар бірлесіп ой қозғап, дәлелдер келтіріп, ортақ шешімге келеді.

Зерттеушілік әңгіме жүргізілу үстінде:

1) әркім ақылға қонымды мәлімет ұсынады;

2) әркімнің идеясы пайдалы ретінде бағаланғанымен, мұқият бағалау жүргізіледі;

3) қатысушылар бір-біріне сұрақ қояды;

4) қатысушылар сұрақ қояды және айтқандарын дәлелдейді, осылайша әңгімеде дәлелдеме «көрінеді»;

5) топтағы қатысушылар келісімге жетуге тырысады (олар келісімге келуі де, келмеуі де мүмкін, ең бастысы – келісімге ұмтылу)

Әңгіме-дебат барысында:

1) ой-пікірлерде үлкен алшақтық болады және әрқайсысы өз шешімдерінде қалады;

2) ресурстарды біріктіруге бағытталған аздаған талпыныс жасалады;

3) қарым-қатынас көбіне «Иә, бұл солай», «Жоқ, олай емес» деген бағытта жүзеге асады;

4) Орта бірлесуден гөрі, көбіне бәсекелестікке бағытталған.

Кумулятивтік әңгіме (топтық әңгіме) барысында байқалатын жайлар:

1) айтылған пікірлермен тыңдаушылардың әрқайсысы механикалық түрде келісе беруі;

2) әңгіме білім алмасу мақсатында жүргізілгенімен, оған қатысушылардың өзгелер ұсынған қандай да болсын идеяларды төзімділікпен тыңдауы;

3) идея қайталанады және жасалынады, бірақ үнемі мұқият бағалана бермейді.[2]

Мерсердің әр түрге беріп кеткен сипаттамаларына сүйене отырып, өз тәжірибемде зерттеушілік әңгіме орын алғанын байқадым. Топпен не жұппен жұмыс жасау барысында, әр оқушы өз идеясы мен жауабын ұсынады, қалғандар оған сыни көзқараспен қарап, сұрақтар қойған сәтте, жауабын ұсынған оқушы тарапынан дәлелдемелер орын алып жатады.

Оқушылар жұппен не топпен жұмыс жасау барысында, әуелі идеялармен өзара бөліседі, содан соң бір-біріне сұрақ қою, яғни диалог арқылы жұмыстарын жүйеге келтіреді. Жұмыстарын қорғау кезінде, оқушыларға өмірде кездесетін қиындықтарды жеңе алу, кез-келген

іс-әрекеттің белгілі бір жағдайға тигізетін әсері жөнінде ойларымен бөлісуге мүмкіндік беру мақсатын көздеп, қосымша сұрақтар қоямын. Балалардың жауаптарына сүйене отырып, оқушылардың мәселелерді шешудің тиімді жолдарын іздеп таба алатынын, болашаққа болжам жасай және шешім қабылдай алатынын байқадым. Осы сабақтағы оқушыларымның әрекеттестігін зерттей отыра, келесі қорытындыға келдім: «серіктестермен әңгімелесу» әдісі оқушыларды бір-бірінің ұстанымдары мен идеяларын жақсы танып білуге мүмкіндік бере отырып, жауапкершілікті, талапты болуға итермелеп, өз ойын дәлелді жеткізу қабілеттерін дамытып, оқушы бойында іскер адамға тән қасиеттерді оятады.

Диалогтік оқыту әдістері: Рөлдік ойындар,Пікірталас (дебат),"Ойлан – жұптас – бөліс" әдісі, Диалогтік сұхбаттар (мұғалім-оқушы, оқушы-оқушы),"Ыстық орындық" әдістерін қолдануға болады.

Сабақтың тақырыбы бойынша оқушылар өз ойларын ашық түрде білдіре бастайды. Басқа адамдардың да, өздерінің де жаңа бір идея туғызатындығына, оны өз ортасында салып айтуына болатынын түсіне бастайды. Жаңадан туындаған өз идеяларын, пікірлерін дәлелдеуге қызығушылықтары артады. Бүгінгі таңда тіл мәселесі барлық білім ошағында көп мәселе туындатады. «Балалардың сөздік қорларын әрі қарай қалай жетілдіруге болады?» – деген сұрақ жалғыз мені емес, барлық мұғалімдерді де үнемі ойландырады. Сондықтан диалогтік оқыту оқушылардың тілін дамытуда сұрақтардың түрткі болуына, сынақтан өткізу және қайта бағыттау, тиімділігіне оңтайлы жол ашады [3,96].

Диалог бүгінгі таңда білім алуға, заманауи болуда ерекше қызмет атқарады. Диалог шын мәнінде оқушылардың бір-бірімен сұхбаттасуынан немесе оқушы мен мұғалім арасындағы пікір мен ой қорытындысын жүйелеу мен дамытуының көмектесуіне арналған амал. Бұл әдіс оқушының ой өрісін дамытумен қатар жан-жақтылыққа, өз ойын еркін әрі нақты жеткізуіне мүмкіндік жасайды

Қазақ тілі сабақтарында диалогтік оқытуды қолдану – оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін және ынтымақтастығын дамытудың тиімді жолы. Бұл әдіс қазақ тілін меңгеруді жеңілдетіп, оқу үдерісін қызықты әрі нәтижелі етеді.

Әдебиеттер

1. Бітібаева Қ. Бір ғылымнан басқаның..» Оқу құралы. - Семей: «Үш биік» баспасы ЖШС, 2008.- 252 б.

2. Қали А.Т. 7 модуль әдістерін қолдана отырып көшбасшылық қалыптастыру». Әдістемелік көмекші құрал. Семей: «Зияткер» ҚҚ РБО., 2018-75 б.

3. Түгелбаева А.Е. Жаңартылған бағдарлама: жаңа көзқарас, жаңа мүмкіндік. 2021.

СИСТЕМА ОБРАЗОВАНИЯ И ИСКУССТВО: МЕЖДУ СТАНДАРТИЗАЦИЕЙ И ТВОРЧЕСТВОМ

Ким А.М., Оспанов Э.Б.
Казахский Национальный Университет имени Аль-Фараби,
Алматы, Казахстан

Мақалада өнердің шығармашылық ойлаудың дамуына әсері, оның білім беру жүйесіндегі маңыздылығы және білім беруді стандарттаудың салдары қарастырылады. Ерекше назар өнердің тұлғаны қалыптастырудағы, оның өміршеңдігі, креативтілігі мен қоршаған ортаға бейімделу қабілетін дамытудағы рөліне аударылады.

Түйін сөздер: *Өнер, дивергентті ойлау, шығармашылық, өміршеңдік, білім беру.*

В статье рассматривается влияние искусства на развитие творческого мышления, их актуальность в системе образования и последствия стандартизации образовательных процессов. Особое внимание уделяется роли искусства в формировании личности, развитии её жизнестойкости, креативности и способности адаптироваться к окружающему миру.

Ключевые слова: *искусство, дивергентное мышление, творчество, жизнестойкость, образование.*

The article examines the impact of art on the development of creative thinking, its relevance in the education system, and the consequences of educational standardization. Special attention is given to the role of art in shaping personality, fostering resilience, creativity, and the ability to adapt to the surrounding world.

***Key words**: Art, divergent thinking, creativity, hardiness, education.*

Известный ученый-педагог Кен Робинсон посвятил свою жизнь изучению роли творчества в образовании. Он утверждал, что дети по природе открыты творчеству, но стандартизированные образовательные системы постепенно подавляют их креативность, заставляя бояться ошибок. В результате, по мере взросления, способность мыслить нестандартно уменьшается, а стремление к оригинальности уступает место поиску "правильных" ответов [1].

По мнению К.Робинсона, во всем мире существует жесткая иерархия дисциплин, которая сложилась исторически:

1. Естественные науки и языкознание,
2. Гуманитарные науки
3. Искусство.

При этом искусство всегда оказывается на последнем месте, его рассматривают скорее как факультатив или хобби, нежели как полноценный инструмент познания. Однако, широко известно, что и*скусство – это иной, в отличие от науки, путь познания реальности*.

Еще Аристотель дал определение искусства, используя древнегреческое слово techne (искусство, мастерство, умение), определяя его как:

«Творческая привычка, следующая истинному разуму» [2, с. 256].

Искусство играет ключевую роль в развитии креативного мышления, поскольку оно требует от человека не просто запоминания информации, а активного поиска новых идей, нестандартных решений и оригинального самовыражения. В процессе создания художественных произведений – будь то живопись, музыка, театр или танец – человек учится экспериментировать, комбинировать неожиданные элементы, интерпретировать образы и символы, а также находить альтернативные пути решения задач.

Эта идея перекликается с концепцией конвергентного и дивергентного мышления, предложенной американским психологом Дж.П. Гилфордом [3]. Он выделил два типа мышления, которые определяют способы решения задач: конвергентное и дивергентное.

Конвергентное мышление – направлено на поиск единственного верного ответа. Это тип мышления, который поддерживается в традиционных образовательных системах через тесты, экзамены и стандартизированные задания.

Дивергентное мышление – предполагает множество решений одной задачи. Оно требует творческого подхода, способности к нестандартному мышлению, поиска альтернативных вариантов.

В современных школах и университетах акцент делается преимущественно на конвергентное мышление. Стандартизированные тесты, жесткие учебные программы, унифицированные требования – все это формирует систему, в которой креативность не находит достаточной поддержки.

Однако, как показывает практика, люди разные. Унифицированная проверка знаний и способностей не может учитывать индивидуальные особенности каждого ученика. Кто-то мыслит аналитически, кто-то – образно. Кто-то способен быстро находить точные решения, а кто-то – придумывать нестандартные подходы.

В мире есть примеры альтернативного тестирования способностей учащихся, учитывающие их индивидуальные особенности. В следующем отрывке из книги «Школа будущего. Как вырастить талантливого ребенка» за авторством сэра Кена Робинсона и Лу Ароника рассматривается один из таких примеров:

«Learning Record изначально была разработана в Лондоне, родившись на почве потребности в оценивании прогресса и достижений учащихся в тех случаях, когда не работает стандартная оценка.

В школах, расположенных в центре Лондона, где всегда учится много детей разных национальностей, в распоряжении учителей было мало ресурсов. Именно эти учителя заявили, что успехи их учеников нельзя оценивать с помощью стандартизированных тестов, ибо этим детям попутно приходится изучать неродной для них английский язык, и решили найти способ охватить и задокументировать реальный процесс обучения школьников. Работали они в сотрудничестве с Мирой Баррз, Хиллари Хестер и еще несколькими исследователями в области университетского образования, которые всерьез интересовались трудами Льва Выготского, ученого, разработавшего структуру для критериев обучения, используемую сегодня в Learning Record. В фокусе внимания этих ученых находились чтение и письмо; вместе с учителями они попытались определить, что нужно для того, чтобы понять, насколько успешно дети осваивают грамоту. В результате была создана весьма надежная оценочная система под названием Primary Language Record, инструмент из восьми страниц, позволяющий документировать наблюдения педагогов. Учителя опросили родителей детей на их родном языке, в частности о том, чем любит заниматься их ребенок. Затем опрашивали и самих учеников, чтобы получить общее о них представление. Педагоги были в восторге. И родители тоже, потому что учителя старались выяснить, что нравится их детям. Скажем, учитель узнавал, что ребенок любит природу и естественные науки, но не любит читать, и начинал вырабатывать креативные решения, например: «А что, если дать ему почитать научную фантастику?»

Иными словами, педагоги начали искать самые разные способы стимулировать повышение уровня грамотности учащихся на их родном языке. И вскоре убедились, что для этого можно использовать, по сути, эмпирическую модель – модель, которую вы применили бы, решив изучить изменения в любой адаптивной системе. Сначала вы делаете «моментальный снимок» этой системы, далее в течение какого-то времени наблюдаете, собирая образцы работ, а затем проводите анализ. «Именно поэтому рушится большинство систем, основанных на подборках работ, – из-за отсутствия анализа. Любой анализ должен быть научным и базироваться на определенных теоретических принципах.

Л.Выготский обеспечил нас структурой, позволяющей говорить об обучении, по сути, мультивалентным способом» [4, с. 118].

Интересно то, что в отчете Всемирного экономического форума «Future of Jobs 2023», в котором анализируются наиболее востребованные навыки на рынке труда, в десятке важнейших аналитическое мышление занимает первое место среди ключевых навыков, указанных компаниями участницами. На втором месте находится креативное мышление. Ожидается, что спрос на эти навыки вырастет на 72% и 73% соответственно в течение следующих пяти лет [5].

Во Франции готовят огромное число искусствоведов не потому, что стране необходимо такое количество работников в этой сфере, но потому что лучше строить университеты, чем тюрьмы. Человек, хранящий в душе образ Джоконды, не пойдет громить машины на улицах, даже если его первичные потребности не удовлетворены.

В среде музыкантов и искусствоведов обсуждается процент населения, для которого искусство становится жизненной ценностью и который необходим в обществе для сохранения его стабильности (от 1 до 3 процентов). В особенности это необходимо для тех наций, в которых процент молодого населения доминирует.

С точки зрения системного подхода в психологии (человек как единство индивида, личности, субъекта деятельности и индивидуальности) становится ясным, что именно дает искусство человеку. Как субъекту деятельности приобщенность к миру искусства дает креативность, а как личности придает определенную направленность поведения в социуме.

Характерные для современного мира ощутимые изменения в разных сферах существования человека и общества, а также связанный с этим стресс делают особо востребованной способность быть жизнестойким. Это понятие впервые появилось в сфере спорта, но сегодня оно вышло за пределы только спортивной психологии и превратилось в компетенцию личности, способствующую общему успеху и адаптивности в жизни. В современном мире необходима не только способность отвечать высоким профессиональным или социальным требованиям, но и умение вырабатывать нешаблонный подход к решению проблем в сфере труда и общения, а также способность выживать в условиях, при которых рушатся привычные стандарты и шаблоны. В таких ситуациях только выработанные личные принципы и жизненные ценности дают необходимую жизнестойкость и позволяют выжить. Именно в этом невидимая роль искусства в жизни отдельно взятого человека, оно выводит его из узкого мира, ограниченного случайными обстоятельствами его рождения и социализации в определенном социально-историческом контексте, в широкий мир художественных ценностей, далеко за рамки перцептивных ограничений времени и пространства его физического существования. Индивидуальность человека как высший уровень его развития способствует выживанию и тогда, когда физические условиях жизни трудны или почти невозможны, когда не на кого опереться, кроме как на самого себя. Образцы отношения к таким ситуациям, которые дает нам искусство, увеличивают масштаб видения, меняют логику подхода и имеют психотерапевтический эффект.

В крупнейших музеях мира (Эрмитаж, Русский музей в Санкт-Петербурге) работают сотрудники с психологическим образованием. Одной из их задач является исследование художественного восприятия каждым новым поколением лучших образцов классического искусства. То, как по-иному понимают, интерпретируют то или иное произведение представители разных поколений, представляет и научный, и практический интерес.

Методически, если речь идет о литературных произведениях, можно было бы использовать аналог проективной методики завершения предложения. Например, «тьмы низких истин нам дороже…». На примере народных пословиц подобные попытки проводились на нынешних школьниках, было выявлено, что практически в 100 процентах случаев дети не знают и не руководствуются в своей жизни этими образцами, придумывая на ходу завершения пословиц, исходя из реалий современной жизни.

Современному образованию необходимо стремиться к балансу между наукой и искусством, между логическим и творческим подходами к познанию мира.

В конечном счете, необходимость в творческом подходе существует во всех областях – даже в самых точных науках. Великие ученые, такие как Альберт Эйнштейн, Леонардо да Винчи и Никола Тесла, отличались не только глубокими знаниями, но и нестандартным видением мира. Именно сочетание аналитики и воображения привело их к выдающимся открытиям.

Таким образом, задача системы образования – не только передавать знания, но и учить мыслить гибко и креативно.

Литература

1. https://youtu.be/iG9CE55wbtY?si=eFLjA7KAmVrleNWp (07.01.2007 г.)
2. Аристотель. Никомахова этика // Аристотель. Сочинения: в 4 т. М.: Мысль, 1984. Т. 4. С. 15–314.
3. Guilford, J. P. (1967). The Nature of Human Intelligence. McGraw-Hill.
4. Робинсон К., Ароника Л. Школа будущего. Как вырастить талантливого ребенка.- М.: Манн, Иванов и Фербер, 2016.
5. https://www.weforum.org/stories/2023/05/future-of-jobs-2023-skills/ (01.05.2023 г.)

ОРЫС МЕКТЕПТЕРІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС ТӘСІЛДЕРІ

Ажибекова Б.К.
№117 ЖББМ
Алматы, Казахстан

Қазақстан – көпұлтты мемлекет, және мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін меңгеру елдің әрбір азаматы үшін маңызды. Осыған байланысты, орыс тілінде білім беретін мектептерде қазақ тілін оқыту – өзекті мәселе. Бұл мақалада орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың маңыздылығы, кездесетін қиындықтар және тиімді әдістер қарастырылады.

Түйін сөздер**: Тіл, коммуникативтік құзыреттілік, интерактивті оқыту, мультимедиялық технологиялар, компьютерлік презентация бағдарламалары**.

Казахстан – многонациональная страна, и изучение казахского языка как государственного важно для каждого гражданина страны. В связи с этим преподавание казахского языка в русскоязычных школах является актуальным вопросом. В статье рассматривается важность преподавания казахского языка в русских школах, возникающие трудности и эффективные методы.

***Ключевые слова:** Язык, коммуникативная компетентность, интерактивное обучение, мультимедийные технологии, программы компьютерных презентаций.*

Kazakhstan is a multinational country, and learning Kazakh as the state language is important for every citizen of the country. In this regard, teaching the Kazakh language in Russian-language schools is a pressing issue. This article discusses the importance of teaching the Kazakh language in Russian schools, the difficulties encountered and effective methods.

***Keywords**: Language, communicative competence, interactive learning, multimedia technologies, computer presentation programs.*

Көп ұлтты мемлекеттердің ұлттық саясатының діңгегі, тәуелсіздігінің тірегі, барлық ұлтты біріктіруші басты факторы – мемлекеттік тілі болып табылатындығы белгілі. Сондықтан елімізде үнемі қазақ тілін дамытуға, желтілдіруге, тілімізді өзге ұлт өкілдеріне меңгертуге көп көңіл бөлінеді**.**

Қазақ тілін оқытуда коммуникативтік құзыреттілік бірінші кезектегі міндет болғандықтан, тіл үйренушіні тілдік қарым-қатынасқа дайындау мәселесі қазақ тілін оқыту үдерісіндегі негізгі міндеттердің бірі ретінде қарастырылады. Демек, тілдік материалдар, оны оқыту әдістемесі, сонымен қатар тілдік жұмыс тіл үйренушілердің қазақ тілін меңгеруіне, сөздік қорын молайтуына, үйреніп жатқан тілде еркін сөйлеуіне, өз ойын жеткізуіне жағдай туғызуы тиіс. Осыған орай, қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіру, оқытудың тың идеялары мен инновациялық жолдарын іздестіру және оларды әр сабақта жүйелі түрде жүзеге асыру бүгінгі күн талабымен толық үйлесетін өзекті тақырып [1, 26 б.].

Бүгінгі таңда жаңа технологияларды пайдалана отырып, тіл үйренушілерге қазақ тілін тиімді оқытуға, қазақ тілін үйренуге деген ынтасын арттыруға болады. Сабақ сапасы мұғалімнің шеберлігіне тікелей байланысты. Бүгінгі таңда көптеген қызықты технологиялар бар. Қазіргі уақытта тілді коммуникативті оқыту мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Қазақ тілін орыс мектептерінде оқытудың жаңа технологиясы тілдің қатысымдық қызметін ескере отырып, оны қатысымдық-танымдық тұрғыдан меңгеруге

бағытталған. Коммуникативті оқыту технологиясы – пікірталас әдісі. Қазақ тілін оқытуда коммуникативтік мақсатқа жету үшін ауызша сөйлеудің маңызы зор. Сөйлеуді үйретуге қажетті шарттарды келесідей көрсетуге болады:

а) «көз алдыңа елестетіп көр», «қиялдап көр» деген сияқты т.б. тапсырмалар арқылы жағдаяттар құру;

ә) белгілі бір жағдаятты жасайтын сурет немесе ситуацияны дамытатын, күшейтетін суреттер тізбегіне қарап, соның көмегімен сөйлеу;

б) күнделікті өмірдегі болып жатқан жағдайға ұқсас нәрселерді сипаттау.

Сабақ барысында әр түрлі суреттер, жағдаяттық сұрақтар, сайыстар тіл үйренушілердің қызығушылығын оятса, екіншіден өз ойын ашық айтуға жаттықтырады, белсенділігін, ынтасын арттырады. Ал қоршаған ортамен байланысты күнделікті өмірдегі құбылыстар және т. б. сөйлеу тілінің дамуына үлкен әсер етеді. Ал адамдар сөйлем түрінде қолданғанда ғана бірін-бірі түсініп, пікірлесе алады. Тыңдаушыларды белгілі бір сөйлеу деңгейіне жеткізу, өз ойын басқаларға жеткізе білу, біреудің сөзін, жазуын түсіну үшін бірінші сабақтан бастап сөйлем түрінде оқыту керек. Себебі, жалқы есімдер тұлғалы сөздер мен грамматикалық формалар бір - бірімен тіркесіп, сөйлем мүшесі болғанда ғана толық болады.

Интерактивті оқыту – бұл ең алдымен тыңдаушы мен мұғалім арасындағы қарымқатынас тікелей жүзеге асырылатын әңгімелесу арқылы оқыту [2, 53 б.].

Оның үстіне бұл процесс өзара қолдау мен қайырымдылық атмосферасында өтеді. Ол жаңа білім алып қана қоймай, топтастыру мен ынтымақтастықта өзінің танымдық процесін дамытып, оны әлдеқайда жоғары деңгейге көтереді. Әңгімелесу тренингі арқылы тіл үйренушілер сыни тұрғыдан ойлауға, ағымдағы ақпарат пен белгілі жағдайларды талдауға негізделген күрделі мәселелерді шешуге, балама көзқарастарды салыстыруға, дұрыс шешім қабылдауға, талқылауларға қатысуға, басқалармен тиімді қарым-қатынас жасауға үйренеді.

Қазақ тілін оқытуда тақырып мазмұнына сай оқытудың әртүрлі әдістерін қолдану ерекшеліктерін зерделеу маңызды. Ғалымдардың пікірінше, қазақ тілін оқыту әдістемесінің түрлерін топтастыруға болады.

- баяндау әдісі, түсіндіру, әңгіме, сұрақ-жауап;
- кітаппен жұмыс әдісі;
- көрнекілік әдісі;
- техникалық құралдармен жұмыс істеу әдісі;
- жаттығу әдісі.

Қазақ тілі сабағында интерактивті тақтаны пайдалану оқу үрдісінің тиімділігін арттырды. Мультимедиялық технологиялар мен компьютерлік презентация бағдарламалары сабаққа көрнекі материал дайындаудың ең қолайлы тәсілдерінің біріне айналды. Сабақ барысында тіл үйренушілердің білімін бақылауға мүмкіндік беретін кестелер, диаграммалар және бейнелер арқылы сәйкес материалды көрсетуге болады. Компьютерлік нұсқада сабақтарға, викториналарға, тесттерге қосымша материалдар жасалады. Әрине, қазақ тілін үйрету оңай шаруа емес. Дегенмен, сабақта бір тілді әртүрлі формалар арқылы жеткізу ыңғайлы және ұтымды. Көптеген жолдары бар.

Әрине, қазақ тілін орыс мектептеріне оқыту белгілі бір қиындықтар туғызады. Олардың сөйлеу мәнеріне назар аудару, сауаттылығын бақылау және т. б. Тілдік дағдыларды дамыту басты назарда болуы керек. Ол үшін сабақта әр түрлі мәтіндер беріп, сөйлесім сөйлеуді (диалогты) дамыту тиімді. Мұғалім оқулықтағы жаттығулар мен дидактикалық материалдар жинағынан алынған мәтіндерге сүйене отырып, стильмен жұмыс жасау жолдарын көрсетеді

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытудың мақсаты ғылыми мәтіндерді оқуға және түсінуге үйрету ғана емес, сонымен қатар болашақ мамандарға арнайы терминологияны меңгеруге көмектесу, грамматикалық және стилистикалық нормаларды сақтай отырып, қазақ тіліндегі мәтіндердің осы түрін сауатты және дұрыс баяндауға үйрету болып табылады. Бұл мақсаттарға тіл үйренушілердің мамандығына байланысты тақырыптар бойынша оқу мәтіндері, оқу құралдары немесе оқу-әдістемелік кешендер негізінде ғана қол жеткізуге болады[4].

Оқу мәтінін жасау кезінде медиа элементтерін, дыбыстық, бейне дизайнын пайдалану оқу ортасына қосымша көрнекі құндылық беріп, оқу материалының баяндалуын жандандырады.

Орыс мектептеріндегі қазақ тілі пәні тек оқушыларға тілді үйретіп қана қоймай, сонымен қатар олардың мемлекеттік тілге деген құрметін арттыруға, мәдени интеграцияны нығайтуға және қазақстандық бірегейлікті қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, қазақ тілін

меңгеру оқушылардың жоғары оқу орындарына түсуіне, болашақта жұмысқа орналасуына және қоғамда өз орнын табуына оң әсер етеді.

Дегенмен кездесетін қиыншылықтар да бар: тілдік орта тапшылығы – орыс тілді оқушылар күнделікті өмірде қазақ тілін қолданбайды, сондықтан олардың тілдік практикасы шектеулі.

Мұғалімдердің әдістемелік дайындық деңгейі – кейбір ұстаздар дәстүрлі оқыту әдістерімен ғана шектеліп, заманауи тәсілдерді толық қолдана бермейді.

Мотивацияның төмендігі – көптеген оқушылар қазақ тілін тек міндетті пән ретінде қабылдайды және оны болашақта қажет емес деп санайды.

Осындай қиыншылықтар бола тұра, тиімді оқыту әдістерін күнделікті сабақ барысында пайдаланып оқу материалы мен тілді үйренуге деген қызығушылықты арттыруға болады.

Мысалы, коммуникативтік әдіс – оқушыларды тікелей қазақ тілінде сөйлетуге бағытталған. Бұл әдіс арқылы олар күнделікті қарым-қатынасқа қажетті сөздерді, сөйлем құрылымдарын үйренеді.

Ойын технологиялары – сабақ барысында рөлдік ойындар, интерактивті тапсырмалар, викториналар қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Интерактивті оқыту – мультимедиалық құралдар (бейне, аудио, анимация) арқылы оқыту оқушылардың визуалды және есту арқылы қабылдауын жақсартады.

Жобалық әдіс – оқушыларға белгілі бір тақырып бойынша шығармашылық тапсырмалар беру олардың қазақ тілінде ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

CLIL әдісі (пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту) – кейбір пәндерді қазақ тілінде оқыту арқылы оқушылардың тілдік ортаға бейімделуін қамтамасыз ету.

Қорытындылай келе, орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту – күрделі, бірақ маңызды міндет. Оқыту барысында оқушылардың қызығушылығын арттыру, заманауи әдістерді қолдану және қазақ тілін күнделікті өмірде пайдалануға жағдай жасау қажет. Егер қазақ тіліне деген көзқарас өзгеріп, оны үйренуге ынта артса, болашақта қазақстандықтардың барлығы мемлекеттік тілде еркін сөйлейтін болады.

Әдебиеттер

1. Оразбаева Ф. Ш. Тіл әлемі. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: 2019. -368 б.
2. Әлметова Ә. Сұхбаттасу мәдениеті. – Алматы: Толағай, 2017
3. Әмірбекова А. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа бағыттар. – Алматы, 2011
4. Сырбаева Қ.М. «Қазақ тілі-ғылым тілі: дәстүр және инновация» симпозиумы 2024ж

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Ильясова Ж.Ш.
№ 40 ЖББОМ
Ақтөбе, Қазақстан

Бұл мақала ағылшын тілі пәнін оқыту барысында оқушыларға қолданылатын заманауи инновациялық әдіс-тәсілдер туралы жазылған.

***Түйін сөздер**: Ағылшын тілі, әдіс-тәсілдер, мектеп, инновация*

В статье рассмотрены современные инновационные методы, используемые студентами в процессе обучения английскому языку.

***Ключевые слова:** Английский язык, методы, школа, инновации*

This article describes modern innovative methods used by students in the process of learning English.

***Keywords**: English language, methods, school, innovations*

Бүгінгі таңда білім беру саласында инновациялық технологияларды қолдану маңызды орын алады. Ағылшын тілін үйретуде дәстүрлі әдістермен қатар, заманауи технологиялар мен жаңа тәсілдерді енгізу оқушылардың тілді меңгеру деңгейін арттырады. Бұл мақалада ағылшын тілін оқытудағы инновациялық әдістердің түрлері мен олардың тиімділігі қарастырылады.

Инновациялық технологиялар оқыту үрдісінде білім сапасын заман талабына сай етіп, жаңашыл бағытта білім алушыларды толық қамтамасыз етеді, жаңаша оқыту жүйесіне бейімдейді.

Инновациялық әдіс-тәсілдерді жалпы білім беретін мектептерде ағылшын тілі пәнінде қолданудың тиімділігі артуда. Ағылшын тілін үйрету әдістемесі, тілді саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: ағылшын тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек? Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс - тәсілдерді, технологияларды қолданған тиімді болмақ?

Ағылшын тілін оқытудың әртүрлі тәсілдері бар, ең бастысы өзіңізге және сіздің оқушыларыңыздың деңгейіне сәйкес келетін әдістерді таңдай білу керек. Әр мұғалім ағылшын тілін оқытудың өзіндік әдісін таңдайды. Компьютерлік құралдар мен телекоммуникация желілерінің дамуына байланысты жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы білім беру жүйесін дамыту мен жетілдірудің негізі ретінде сапалы жаңа ақпараттық-білім беру ортасын құруға мүмкіндік берді

Ағылшын тілін оқытуда заманауи технологиялар мен креативті тәсілдерді қолдану білім беру сапасын арттыруға және оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді. Инновациялық әдістер және олардың ерекшеліктері

1. Коммуникативтік әдіс (Communicative Approach). Бұл әдіс тіл үйренушілердің сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Сабақ барысында шынайы өмірдегі қарым-қатынас жағдайлары жасалып, оқушылар диалог, пікірталас, рөлдік ойындар арқылы тілдік ортаны қалыптастырады.

2. Жобалық оқыту әдісі (Project-Based Learning). Оқушылар белгілі бір тақырып бойынша зерттеу жүргізіп, оны ағылшын тілінде қорғайды. Бұл әдіс сыни ойлау мен шығармашылық қабілетті дамытады.

3. CLIL (Content and Language Integrated Learning). Бұл әдісте ағылшын тілі басқа пәндермен (география, биология, тарих) интеграцияланып оқытылады. Яғни, оқушылар ағылшын тілін тек тіл ретінде емес, пәндік материалды меңгеру құралы ретінде үйренеді.

4. Геймификация (Gamification). Сабақ барысында түрлі ойын элементтері (онлайн викториналар, пазлдар, тілдік тапсырмалар) қолданылады. Мұндай тәсіл оқушылардың мотивациясын арттырады.

5. Мобильді технологияларды пайдалану. Қазіргі таңда смартфондар мен планшеттерді оқу үдерісіне енгізу тиімді. Duolingo, Quizlet, Kahoot секілді мобильді қосымшалар сөздік қорды арттыруға және грамматиканы меңгеруге көмектеседі.

6. Аудиовизуалды әдіс. Оқушылар фильмдер, подкасттар, әндер арқылы тілді меңгереді. Бұл әдіс тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

7. Флиппед классroom (Flipped Classroom). Бұл әдісте оқушылар сабаққа дейін жаңа материалды өз бетінше оқып, сабақ кезінде мұғаліммен бірге талқылайды. Мұндай тәсіл оқушылардың өздігінен білім алу қабілетін дамытады. Осы әдістің бірін CLIL (Content and Language Integrated Learning) сабағының үлгісі көрсете кетсем

Ағылшын тілінен CLIL (Content and Language Integrated Learning) сабағының үлгісі

Тақырыбы: The Water Cycle (Су айналымы)

Пәндік байланыс: География + Ағылшын тілі

Мақсаты: Оқушыларға су айналымының кезеңдерін түсіндіру.

Ағылшын тілінде пәндік терминдерді меңгеру.

Оқылым, тыңдалым, айтылым және жазылым дағдыларын дамыту.

Сабақ барысы

I. Қызығушылықты ояту (Warm-up, 5 мин)

Белсенділік:Мұғалім оқушыларға жаңбыр, өзен, бұлттың суреттерін көрсетіп, "What do these pictures have in common?" деп сұрақ қояды.

Оқушылар өз ойларын айтады (мысалы, "They are all about water").

Мұғалім тақырыпты таныстырады: "Today, we will learn about the Water Cycle in English!"

II. Жаңа материалды түсіндіру (Presentation, 15 мин)

1. Кілтті терминдермен жұмыс:

Evaporation (булану)

Condensation (конденсация)

Precipitation (жаңбыр/қар жаууы)

Collection (жиналу)

2. Интерактивті видео көру:

Оқушыларға қысқа анимациялық видео көрсетіледі (мысалы, "The Water Cycle Explained").

Тыңдалым тапсырмасы: оқушылар терминдерді тыңдап, олардың қай кезеңге жататынын жазады.

III. Жаттығулар (Practice, 15 мин)

1. Matching activity:

Мұғалім әр кезеңнің анықтамасын береді, оқушылар оларды дұрыс терминдермен сәйкестендіреді.

2. Speaking Task (Жұптық жұмыс):

Оқушылар жұппен су айналымының әр кезеңін сипаттайды.

Біреуі сұрақ қояды ("What happens during evaporation?"), екіншісі жауап береді ("Water turns into vapor because of the sun.").

IV. Жаңа білімді қолдану (Production, 10 мин)

Жазбаша тапсырма:

Оқушылар "A Drop of Water’s Journey" атты қысқа эссе жазады.

Мысалы: "I am a tiny drop in the ocean. One day, the sun warmed me, and I turned into vapor..."

V. Сабақты қорыту (Wrap-up, 5 мин)

Рефлексия:

Мұғалім оқушылардан бүгінгі сабақтан не үйренгенін сұрайды:

"What new words did you learn today?"

"Can you explain the water cycle in English?"

Quizlet немесе Kahoot арқылы шағын тест өткізіледі.

Бағалау:

- ✔ Оқушылардың сөйлеу және жазу тапсырмалары бағаланады.
- ✔ Мұғалім оқушылардың белсенділігіне кері байланыс береді.

Ағылшын тілін оқытуда инновациялық әдістерді қолдану оқушылардың білім сапасын жақсартуға және олардың тілді меңгеруге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Заманауи технологиялар мен креативті тәсілдер оқу үдерісін тиімді әрі қызықты етеді. Сондықтан, мұғалімдер жаңа әдістерді оқу бағдарламасына енгізе отырып, оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдіруге ерекше назар аударуы қажет.

Әдебиеттер

1. Ботағарина, Г. Ағылшын тілін оқытудағы бүгінгі белес // Білім, 70-бет, №3, 2006.
2. Качалова, К.Н., Израилевич Е.Е. Практическая грамматика английского языка. Москва, «Лист Нью» 2003.
3. Сақтағанова, М. С., Н. Қ. Алиева, Н. Қ. Айтбаева «Ағылшын тілін оқытудың әдістері», Білім, 43-бет, №3, 2006.

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ ПӘНІНЕН САРАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Сеитова Ж.К.
№26 ЖББМ
Ақтөбе, Қазақстан

Бұл мақалада әдебиеттік оқу пәнінен саралау тапсырмаларын қолданудың маңыздылығы баяндалған.
***Түйін сөздер**: технология, саралау, тапсырма, деңгейлік*

В статье описывается важность использования дифференцирующих заданий в преподавании литературы.
***Ключевые слова**: технология, дифференциация, задача, уровень*

This article describes the importance of using differentiating tasks from the literary subject.
***Keywords:** technology, Saralau, tapsyrma, dengeylik*

Әдебиеттік оқу мектептегі маңызды пәндердің бірі. Бұл пән оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға, сөздік қорын молайтуға, көркем шығармаларды түсіну мен талдауға үйретеді. Оқу үдерісінде әртүрлі деңгейдегі оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, саралау тапсырмаларын қолдану ерекше маңызға ие.

Саралап оқыту – оқуды саралаудың және баламен жекелей жұмыс жасаудың тәсілі, оқу материалын игерудің жетістігі, яғни оқушыларға дер кезінде көмек беру, қабылдау деңгейіне қарай тапсырма беру. Мұғалім сабақ жоспарлауда саралап оқытудың тәсілдерін қолдана отырып құрастырғаны жөн. Мұғалімнің қазметі оның білімі мен шеберлігіне, жоспарлаған сабақта қолданатын әдіс-тәсілдерді мақсатты, ұтырымды қолдана білуіне байланысты. Мұғалім оқушының жұмысын бақылап қана қоймай, оқушымен жеке жұмыстар жүргізеді.

Саралау тапсырмаларының мәні мен түрлері Саралау тапсырмалары – оқушылардың жеке қабілеттерін, білім деңгейін, қызығушылығын ескере отырып, оқу материалын әртүрлі деңгейде ұсыну тәсілі. Саралау тапсырмалары мынандай түрлерге бөлінеді:

Мазмұндық саралау – Оқушылардың оқу деңгейіне қарай мәтіннің ұзындығын немесе күрделілігін өзгерту.

Үдерістік саралау – Оқушыларға әртүрлі стратегиялар мен әдістерді қолдануға мүмкіндік беру (топтық жұмыс, жұптық жұмыс, жеке жұмыс)

Нәтижеге қарай саралау – Оқушылардың жауап беру тәсілдері мен шығармашылық деңгейлеріне қарай тапсырмаларды түрлендіру.

Қарқындылық саралау – Оқушылардың оқу қарқынын ескере отырып, тапсырмаларды жеңілдету немесе күрделендіру.

Саралау тапсырмаларын қолданудың маңыздылығы Саралау тапсырмаларын қолдану бірнеше маңызды нәтижеге қол жеткізуге көмектеседі:

Жекелендірілген оқыту – Әрбір оқушының қабілетіне сай білім алуға мүмкіндік береді.

Оқушылардың қызығушылығын арттыру – Тапсырмалар оқушылардың өз қызығушылықтарына сай келгенде, олардың оқу мотивациясы жоғарылайды.

Қиындықтарды еңсеруге көмектесу – Саралау арқылы күрделі тапсырмалар жеңілдетіліп, оқушыларға қолайлы оқу ортасы жасалады.

Шығармашылық қабілеттерін дамыту – Әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар оқушылардың ойлау қабілетін арттырып, шығармашылыққа жетелейді.

Бағалау үдерісін жақсарту – Мұғалім оқушылардың білім деңгейін нақты бағалап, әрбір оқушыға жеке қолдау көрсете алады.

Әдебиеттік оқу пәнінен саралау тапсырмаларына мысал келтіріп, тоқтала кетсек:

Жанды табиғат

Оқуға шақыру (А. Байтұрсынұлы)

1. **Саралау тәсілі:**

Барлық оқушылар: «Оқуға шақыру» шығармасындағы негізгі ой қандай?

Көптеген оқушылар: өлеңнің құрылымдық бөліктерін ажыратып, бөліктеріне тақырып қой.

2. **Саралау тәсілі: «Қарқын»** арқылы жүзеге асады

Қарқыны жоғары оқушыға:

-А.Байтұрсынұлының тағы қандай шығармаларын білесің?

3. Саралау тәсілі: «Үй тапсырмасы» арқылы жүзеге асады. Берілген тұлға туралы қосымша мағлұмат жаз.



Күн шыққанда (І. Жансүгіров)

1. **Саралау тәсілі:**

Барлық оқушылар: өлең жолдары бойынша қандай сурет салуға болатыны туралы ой бөліс.

Көптеген оқушылар: қорытынды ой айтылған жолдарды тауып жаз.

Мәтіндегі негізгі тірек сөздерді белгіле «□».

А. шырт, торғай, сәуле, өріс, білім, оқу

В. күн, ұйқы, сабақ, мектеп, білім, кітап

С. кітап, оқу, шырылдау, құрт-құмырсқа

Д. мектеп, сабақ, білім, бол, тұр, сен, мал, оқу

2. **Саралау тәсілі: «Тапсырма»** арқылы жүзеге асады

Кейбір оқушыға:

- Өлеңді басшылыққа алып, өз ойыңнан өлең шумақтарын құрастыр.

Кесте 1 - Есеннің кірпісі. (С.Бегалин)

1. **Саралау тәсілі:**

Барлық оқушылар: Есеннің іс-әрекетіне өз көзқарасыңды білдір.

Көптеген оқушылар: Тірек сөздерді анықта және оны пайдалана отырып,өз ойыңды жеткіз.

2. **Саралау тәсілі: «Ресурс»** арқылы жүзеге асады.

Кейбір оқушыға:

